

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ**

**ЕЛІМІЗДІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ АЯСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ОЙЫНЫҢ
БОЛАШАҒЫ**

**Алматы
2020**

ӘОЖ 17.018
КБЖ 87.73
Е 50

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакция:

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, саяси ғылымдарының докторы,
профессор **А.Қ. Бижанов**

Рецензенттер:

Г.Ж. Нұрышева, философия ғылымдарының докторы, профессор
Д.Ө. Құсайынов, философия ғылымдарының докторы, профессор

Авторлық ұжым:

Г.Ғ. Барлыбаева, философия ғылымдарының докторы (ғылыми жетекші)
– Кіріспе, қорытынды, 2.2, 2.3; **К.М. Қоңырбаева**, философия ғылымдарының
кандидаты – 1.1, 2.1; **Г.Р. Қоянбаева**, философия ғылымдарының кандидаты – 3.3;
А.Д. Мейрманов, гуманитарлық ғылымдар магистрі – 1.2, 2.4; **Д. Дариябек**, PhD
докторы – 2.5, 3.2; **Г.И. Нүсіпова**, гуманитарлық ғылымдар магистрі, PhD док-
торант – 3.1, **Д.Р. Шайдулина**, гуманитарлық ғылымдар магистрі – 3.1.

Е 50 Еліміздің рухани жаңғыруы аясындағы қазақ халқының этикалық
ойының болашағы. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия,
саясаттану және дінтану институты, 2020. – 272 б.

ISBN – 978-601-304-114-8

Ұжымдық монография рухани қайнардың көзі болған түркілердің
этикалық мұрасынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының этикалық
ойының мәселелері мен келешегін қарастыруға арналған. Авторлар Ұлы дала
ойшылдарының: билер, шешендер, ақындар, жыраулар, сондай-ақ Абай мен
Шәкәрімнің этикалық ілімдеріне тарихи-философиялық талдау жүргізеді.

Сонымен қатар, монографияның авторлары бүкіл адамзаттың қоғамдық
санасын жаңғырту жағдайында жаңа ғаламдық этиканы қалыптастыру мен
дамытуға, Шығыс пен Батыстың құндылық негіздері мен тәжірибесін біріктіретін
қазақ этикалық ойының әлеуеті мен болашағын анықтауға тырысады.

Монография қоғамтанушы ғалымдарға, жоғары оқу орындарының
оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен философия және
мәдениеттану мамандықтарының студенттеріне, сондай-ақ қазіргі әлемдегі қазақ
философиясының, этикасы мен моралінің тағдырына қызығушылық танытатын
оқырмандардың кең ауқымына арналған.

ӘОЖ 17.018
КБЖ 87.73

ISBN – 978-601-304-114-8

© ҚР БҒМ ҒК «Философия, саясаттану
және дінтану институты» РМҚК, 2020

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 Түркілердің этикалық мұрасы – қазақ этикасының рухани бастауы	
1.1 Түркі ойшылдарының этикалық философиясы.....	12
1.2 Қожа Ахмет Ясауи этикалық идеялары – ұлттық этиканың қайнары.....	45
2 Ұлы дала ойшылдарының этикалық ұстанымы	
2.1 Қазақ би-шешендері көзқарасының этикалық мәні.....	91
2.2 Ұлы дала ақын-жырауларының этикалық әлемі.....	114
2.3 Абайдың этикалық мұрасының өзектілігі.....	129
2.4 Шәкәрімнің ар ілімі және қазақ этикасының болашағы.....	141
2.5 Шәкәрімнің этикалық іліміндегі «ар-ұждан» ұғымы.....	166
3 Жаңа ғаламдық этиканы қалыптастырудағы қазақтардың дәстүрлі этикасының әлеуеті мен болашағы	
3.1 Жаһандық этиканың дамуындағы қазақ этикалық ойының рөлі.....	177
3.2 Толеранттық принципі және жаһандық этиканың қалыптасуы.....	207
3.3 Әлемдік жаһандану жағдайындағы қазақ халқының этикалық мұрасының ұлттық және мәдени бірегейлігін сақтаудағы рөлі.....	232
Қорытынды.....	268

КІРІСПЕ

Бүгінгі қазақстандықтар ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының озық ойлы ұлдары шын жүректен армандаған қазақ халқының еркін, дамыған, тәуелсіз елі болуы жайлы санғасырлық мұратын жүзеге асырды. Қазіргі таңда біз өзіміздің тәуелсіз мемлекетіміз бар және бұл үлкен бақыт, алайда өмір орнында тұрмайды, жемісті де, лайықты елдің жетістіктері мен құқықтарын үнемі дәлелдеу қажет. Қазақстан өзінің ұлттық идеясын түзіп және өз алдына әлемнің озық 30 елі қатарына кіру мақсатын қойды. Бұл айқын бағдар, өйткені өз елінің нағыз патриоттары болып табылатын қазақстандықтар тарихи үдерістің артқы шебінде қалып қоймауға талпынары сөзсіз.

Мемлекеттің тәуелсіз дамуы жағдайында, қазақ халқының этикалық ойы тарихының өткенін шолумен қатар, оның қазіргі кезеңдегі эволюциясының үрдістері мен болашағын талдау және негіздеу маңызды идеологиялық қадам болып табылады. Мәселені нақ осы қырынан зерттеудің қажеттілігі тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен өзіндік рухани болмысын жаңғыртып, дамуға деген ұмтылысынан туындауда. Бүкіл әлемді қамтып отырған жаһандану дәуірінде, ұлттық бірегейлікті, өзіндік төлтумалықты және ұлттың мәдени кодын сақтау жолындағы күресте, жалпыәлемдік мәнмәтіндермен сұхбатқа түсетін мәдениет ретіндегі қазақтардың этикалық әлемін жаңаша тұрғыдан ашып көрсетуге мұқтаж болып отырған қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайында, қазақ ойшылдарының этикалық мұраларына оралудың маңыздылығы сөзсіз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан дамуының қазіргі кезеңіндегі қоғамдық-саяси тәжірибесінің өзекті мәселесі – рухани жаңғыру, демек, Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына табысты қадам басуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің жүзеге асырып жатқан қайта құруларының бастысы – өзінің мәдени-ұлттық өзіндік ерекшелігі мен қайталанбастығын

сақтай отырып, әлемнің жаһандық процестерімен табысты үйлесім табуы. Үшінші жаңғырудың нұсқауларында айтылатын маңызды да түбегейлі идея – қазақстандық қоғамның қазіргі жаңғыру жолымен әрі қарай табысты жылжуының негізі мен іргетасы, өткен тарих пен мәдениеттің озық үлгілері екендігінде.

Қазақ этикалық ойы тарихын мұқият саралау, оны әлемдік философиялық және этикалық ойдың бөлшегі деп санауға негіз бола алады. Оның айғағы қазақ этик ойшылдары зерделеген мәселелер мен идеялар болып табылады. Қазақтың философиялық этикасы әлемдік философиялық ойдың жалпы бағытының арнасында, солардың қатарында түркілік тарихтың, Алтын Орда тарихының контекстінде дамыды.

Сонымен қатар, қазақ халқының этикалық ойы әлемдік мәдениеттің бөлшегі болуымен қоса, оның өіндік төлтумалығы мен бірегейлігін де атап өту қажет. Мұны әсіресе қазіргі жаһандық үдерістер жағдайында: бір жағынан адамзатқа мемлекетаралық экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды нығайтатын дамудың жаңа сапалы серпіліс берушісі, ал екінші жағынан халықтардың өмірі мен мәдениетінің қайталанбастығына, ұлттық дәстүрлерге агрессивті қарсы тұратын космополиттік мәдениеттің қалыптасуына жағдай тудырушысы ретіндегі әсерлерін есте ұстаудың маңызы зор. Әлбетте әлем өміріне белсенді қатысуға ұмтылу, әлемдік тәжірибені, технологияны білімді шығармашылықпен игеру, бәсекеге қабілетті болу қажет, алайда қандай жағдайда да өзіндік ерекшелігін жоғалтпауы керек.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап ұлттық өзіндік сана қалыптасу үдерістері өтіп жататын жалпы мәдени негіз ретіндегі халықтың рухани мұрасы мен дәстүрлі құндылықтық-мағыналық бағдарларын қайта ой елегінен өткізуге ерекше маңыз берілуі тиіс. Халықтың өзін-өзі анықтауының, өзіндік санасын дамытуының маңызды әдісі ұлттық мәдениетін, өзінің этикалық мұраларын оқып-үйрену болып табылады. Біздің ойымызша, қазақ этик-ойшылдары күрделі экзистенциалды мәселелердің маңыздылығын тек қана ұлттық дәстүрлі мәнмәтінде ғана емес, оның шеңберінен асатын әлемдік этикалық жауһарларды толықтыратын өте жоғары философиялық деңгейде тұжырымдады.

Қазақ этикалық ойын үнді-иран, қытай, араб мәдениеттерінің терең қатпарларын қамтыған және іргелес Шығыс пен Батыс халықтары мен өркениеттерімен тығыз қарым-қатынаста дамыған түркі тілді мәдениеттің далалық тармағы ретінде қарастырған жөн. Ғасырлар бойы қазақтардың этикалық әлемі өздерінің ежелгі далалық түркілік дәстүрлері көрігінде шындап, ассимиляциялап көптеген мәдениеттердің ықпалын сіңірді. Және бұл дәстүрлердің тұңғықтығы мен беріктігі соншалықты, саяси төңкерістер де, соғыстар да, Қытай мен Иран сияқты ұлы көршілердің мәдени экспансиялары да, исламдандыру да түбегейлі өзгерте алмады.

Түркілердің этикалық әлемі – қазақ этикасының дарынды өкілдерін шабыттандыратын мәңгілік қайнар көз. Қазақтардың рухани негізін, олардың өзіндік ұлттық ерекшелігін түсіну, болмысты толықтай түйсінген және бұл әлемдегі адамның мәні мен тағайындылығын іздеуге толы түркі ойшылдарының этикалық мұраларына оралуды талап етеді.

Ұлы дала ойшылдарының этикалық көзқарастары өзінің өрнектелу үлгісі жағынан ғана емес, белгілі дәрежеде мазмұны жағынан да айтарлықтай өзіндік ерекшелікке ие болды. Дала данагөйлерінің ой саптау үлгісі барлық уақытта аяқталған өлең мәтіндері түрінде, ұрпақтан ұрпаққа есте сақтау, жаттау, қайталау арқылы беріліп отырды. Бірақ олардың өлең шығарулары поэзия сөзінің класикалық мағынасымен толықтай сәйкес келмеді. Қазақ ақындары мен жырауларының поэзиясында көбінесе бейнелі ойлар басым болды, кейде бұл ойлар бейнелі параллельге қарамастан, ойды ұғымда тікелей ашып көрсетуге ұмтылады.

Қазақтардың поэзиясы – халықтың рухани өмірі жайлы терең ойларға толы этикалық философиялық толғаныстардың ерекше түрі. Қазақтардың этикалық философиялық ой-шолулары – бұл сопылық мистицизмі мен рационалды-логикаланған білімнің, философиялық лирикадағы ақыл мен жүректің үйлесуі. Біздің пікірімізше, қазақ әдебиетін қазақ философиясының өмір сүру әдісі ретінде түсіну және олардың философиялық мазмұнын ашып көрсету үшін көркем әдебиет туындыларына герменевтикалық пайымдау, философиялық талдау әдістерін қолдану лазым.

Егер философияны рационалды-логикалық білімнің ерекше түрі деп қана емес, жалпы ойлау үлгілерінде көрінетіндей

өзінің байырғы мағынасында, нақты айтқанда даналыққа деген құштарлық, өмірді ұғыну және өзін өзі тану деп түсінер болса, онда Абайды, онымен бірге Шәкәрімді өз халқының ойлауы мен мәдениетін жаңа деңгейге көтерген ойшыл, философтар деп заңды негізбен атауға болады. Олар өз туындыларында қазақтардың ой-армандарын, олардың болмыс, мораль мен этика туралы түсініктерін жүзеге асыра алды. Абай мен Шәкәрімнің этикалық пайымдаулары – қазақ этикалық ойының шыңы және олардың ілімдерінде қазақтардың әлемді философиялық түсінуінің мәні анықталып, қазақтың этикалық философиясы өзінің анағұрлым толысқан деңгейіне жетті.

Біздің зерттеуіміздің маңызды міндеті – бүкіл адамзаттың қоғамдық санасын жаңғырту жағдайында жаңа әлемдік этиканы қалыптастыру мен дамытуда Шығыс пен Батыстың құндылықтық негіздері мен тәжірибесін сіңірген қазақтардың этикалық мұрасының әлеуетін анықтау болып табылады. «Әлемдік этиканы» – адамның болмысына, оның рухани-адамгершілік бастауына тән адамгершілік ұстанымдары мен әрекеттері деп түсінеміз. Басқаша сөзбен айтқанда, қалыптасып жатқан ғаламдық этика – бұл қазіргі әлемде барынша және барлық жерде таратылуға тиіс қарапайым жалпыадамзаттық адамгершілік ережесі.

Әлемдік этикалық бағдарламаны құру қажеттілігі туралы тұңғыш рет швейцариялық теолог Ганс Кюнг айтқан болатын, ол барлық жершары тұрғындарының қоғамдық санасын жаңғыртуға, олардың ойларын зорлық-зомбылық пен лаңкестіктен ада көңіл-күйін ынтымақтастыққа қарай өзгертуге шақырды. Ганс Кюнг әртүрлі халықтардың өмір сүру ерекшеліктерін қабылдау үшін ашық, адал және толерантты болуға шақырды.

Бүкіл әлемге ортақ жаңа ғаламдық этика – әртүрлі елдер мен халықтардың озық философиялық шығармаларында жалпы адамдық адамгершіліктік құндылықтардан түйінделген идеалдар мен қағидаттар және діни сенім ілімдеріндегі махаббат, мейрімділік, адамгершілік, рухани тазалық жайлы өсиеттеріне сәйкес, өз өзіңмен және табиғатпен үйлесімде өмір сүруге талпыныс. Осыған түркі әлемінің де, қазақ философиясының да дәстүрлі этикалық құндылықтары да үндейді.

Жаңа ғаламдық этиканы қалыптастырудағы қазақтардың дәстүрлі этикасының әлеуеті мен болашағын, адамгершілік пен мейірімділікті, және қонақжайлылықты, ашықтық пен бейбітшілік сүйгіштікті қамтитын қазақ халқының рухани-адамгершіліктік құндылықтарын талдай отырып, жаңа жаһандық этиканың маңызды қағидаты болып табылатын толеранттылық тақырыбын айналып өту мүмкін емес. Ұлттық мінездің мәні мен халықтың ділі нақты көрініс табатын қазақтардың философиялық этикасы, басқа мәдени ықпалдар мен дәстүрлерге ашық, ол кез келген пайдалы тәжірибені әрдайым еркін қабылдады. Ұлы көшпенді мәдениеттің мұрагерлері болып табылатын қазақтар мыңжылдықтар бойы үнемі өзгеріп отыратын сыртқы жағдайларда өздерінің бейімделу мүмкіндіктерін көрсетті. Бұл жерде ең ұзақ бөлігі Қазақтан мен Орта Азия территориясы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы үлкен рөл атқарды. Әлемдік өркениет тарихында аса маңызды жетістіктердің бірі – Жібек жолы екендігін атап өткен жөн. Керуен жолдарының тармақталған желілері Еуропа мен Азияны Жерорта теңізінен Қытайға дейін кесіп өтіп, ортағасырлық ежелгі дәуірде сауда байланыстарының маңызды құралы болып қызмет етті. Сонымен қатар, еліміздің территориясы арқылы өткен Ұлы Жібек жолы осы процеске қатысушылардың барлығын өзара байыта отырып, Батыс пен Шығыстың байланыстырушы көпірі болды. Керуен жолдары мыңдаған жылдар бойы таралған идеялары, білімдері, діни сенімдері және тауарлары арқылы ежелгі Қазақстан халқының діліне әсер етті. Біздің ойымызша, бұл құбылыс, қазақтардың ата-бабаларын басқа мәдени дәстүрлер мен ықпалдарға қатысты толерантты етті.

Әлемнің үйлесімділігін сақтауға бағытталған қазақ этикалық ойы әр түрлі адамдар, әлеуметтік топтар мен мемлекеттер арасында жылы шырайлы, озбырлықсыз, мейірімді қарым-қатынастар орнату жолдарын анықтауға ұмтылды. Анықтаушы құндылықтары руханилық, адамгершілік, қайырымдылық және толеранттылық болып табылатын қазақтардың дәстүрлі этикасында күштеусіз әдіспен әрекет ететін тұлға, ең алдымен өзін және өзінің қарсыласын моральдық зұлымдықтан, өтіріктен, жек көрушіліктен, жасандылықтан, басқаларды құрметтемеу мен әділетсіздіктен қорғайды деген ой айтылды. Қазақ этик-ойшылдарының пайымда-

уынша, философиялық дәлелдер мен ойлар басқа күштерді, өтірік пен бүркемеленген елестің шымылдығын серпуші, сондай-ақ Жер бетіндегі барлық адамдар үшін ең жақсы әлемнің нұсқаларын ұсына алатын сөз күші болып табылады. Сонымен толеранттылық, қазақтардың философиялық этикасы мен жаңа ғаламдық этиканы біріктіретін маңызды ұстаным.

Әлемдік этикалық бағдарламалардың нақты қағидаттарының бірі болып табылатын мәдениеттер сұхбатына да, жаһандық этиканы дамытудағы қазақ халқының этикалық ойының әлеуетін қарастыра отырып көңіл аудару керек. Биылғы жылы 175-жылдық мерейтойы аталып өткелі отырған Абай – өзге мәдени дәстүрлерді шынайы және терең түсінудің, Ресей мен Батыс мәдениетіне деген қызығушылық пен ықыласты қатынастың мысалы. Ол халық тарихында алғаш рет Шығыс пен Батыс идеяларының синтезін жүзеге асырып, қазақтардың ой-шабыты мен арман-тілектерін айғақтады. Жаңа жаһандық этиканың негізгі қағидаты болып табылатын мәдениетаралық сұхбат идеясы, толеранттылық рухымен тамырланған Абайдың барлық туындысының өзегі арқылы өтеді. Мәдениетаралық сұхбат идеясы Шығыс пен Батыс арасында өзінің қайталанбас ізін салған Шәкәрім көзқарастарында маңызды орын алады. Ол іштей әрқашан басқа мәдениеттерге ашық болатын:

«Білсе егер Салтыков пен Толстойын,
Сезсе олардың айтылған терең ойын.
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алса,
Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын.
Лермонтов, Некрасовтай ақындарын,
Өнеге етсе солардың мақұлдарын.
Өзімшіл, надандықтан көзі ашылып,
Аңғарар адал жолға жақындарын» [1, 211 б.].

Шәкәрімнің жаңа ғаламдық этиканы қалыптастырудағы этикалық ілімінің әлеуеті мен келешегі өте зор, өйткені оның болжауларында ұлттық және мәдени шекаралар болған жоқ, ал оның бүкіл өмірі ақиқатқа, мейірімділік, әділдік және жоғары адамгершіліктің салтанат құруына қызмет етуге арналды. Шәкәрім этикасы, сөзсіз, Шығыс пен Батыс мәдениетінің құндылықтық

негіздерін теңдестіре біріктірудің мүмкіндігін объективті түрде көрсететін және дәлелдейтін құрамдас бөліктің бірі ретінде, жаһандық этиканы қалыптастыру процесіне қосылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта ұлттық бірегейлік пен мәдени код мәселелері, көптеген маңызды процестер мен құбылыстар қарастырылып зерттелетін ерекше салаға айналууда. Ұлттық бірегейлік ұзақ кезеңдерде ұрпақтар бойында қалыптасқан тарихи дәстүрлерге, ұлттық мифтерге, символдарға, мінез-құлық тұрақтылығына негізделген ұлттық мәдениет тарихының маңызды туындысы болып табылады. «Ұлттық бірегейлену дегеніміз не?» – деген сұраққа, ұлттық бірегейлік – ұлттық сана, ұлттық өзін-өзі анықтау, ұлттық мінез, халықтың жаны, ұлттық өзіндік болмыс, ұлттық діл деп нақтылап айтуға болады. Ал мәдени код – бұл әлемнің ұлттық бейнесі, ұлттық дүниетаным. Біздің пікірімізше, дәстүрлі түсінік пен дәстүрлі терминологияға деген сенімсіздік орын алған...

Әрине, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда және қазақтардың мәдени кодын сақтауда, рухани мәдениетті жаңғыртуда теңдессіз маңызға ие болып отырған халықтың этикалық мұрасы елеулі және салмақты үлес қосады. Рухани жаңғырудың қазіргі уақытта эралуан ерекшеліктері көрінуде, олардың ішінде ең маңыздысы сәйкестендіру мәселесі, өз тамырларын, мәдени кодтарын анықтау, қандай да бір нақты өркениет негізіне тиістілігін дәйектеу, құндылықтық парадигмаларын анықтау екендігін атап өту қажет. Ұлттық және мәдени бірегейлік мәселелері тек Қазақстан үшін ғана емес, жалпы әлемдік тренд, адам өркениетінің экономикалық, идеологиялық, әлеуметтік және геосаяси салаларындағы терең өзгерістердің салдары болып табылатыны анық.

Адамгершілік мәселелеріне оралу, оларды этикалық байыптау және қазақ халқының руханилығын жаңғырту – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты бағдарламалық мақаласында «ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік саясаттың маңызды факторларына айналып отыр. Өйткені ХХІ ғасырда сананы жаңғырту арқылы еліміздің қарқынды дамуына жол ашамыз» – деп атап көрсетеді [2]. Рухани жаңғыру мәселесін осылайша түсінуге сәйкес, қазіргі кезеңде Қазақстан бастан кешіп отырған рухани ренессанс заңды

қажеттілік қана емес, бейболмыс, борыштылығымен адамгершілік міндет болып табылады.

Қазақ халқының этикалық ойы ешқашан бір орында тұрған жоқ: әлеуметтік-мәдени контекст өзгерді, онымен бірге өз заманының жаңа мәселелері мен сын-тегеуріндеріне байланысты үздіксіз эволюциялаған қазақ философиялық этикасы өзгере отырып дамыды. Қазақ этикасының барлық басты кезеңдері дала ойшылдарың өз халқының тағдырын оңды өзгертуге үміттенген жаңа маңызды идеяларды қалыптастырумен байланысты болды. Қазіргі әлемдегі этикалық ахуалдың өткір мәселелері, ондағы лайықты өмір сүру және өз орның мен рөлінді табу мәселелері және әлемдік философиялық дәстүрлердің алуан түрлілігі бойынша бірлікті іздеу, сондай-ақ адамзаттың бірыңғай адамгершілік санасын қалыптастырудың маңызы этикалық бағыттағы зерттеулердің қоғамдық маңыздылығын арттыратыны сөзсіз.

Қазақ ойшылдарының адамгершіліктік тұрғыдан жетілудің жоғары жалпыадамзаттық идеясына, мейірімділік пен әділдік идеяларына негізделген этикалық көзқарастары тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыруының негізі қызметін атқарады. Ұлы даланың даналары ұсынған этикалық бағдарлар мен қағидаттар олардың заманында ғана қалып қойған жоқ, осы идеялардың көпшілігі әлемдік этикада қазіргі көзқараспен жемісті өзара іс-қимыл жасай алады. Қазақ этик-ойшылдары бүгінгі таңда бізді өз жігерімен қуаттап, өздерінің пайымдаулары және тағдырлы, өмірлік маңызды мәселелер мен қайшылықтарды шеше білуімен шабыттандырады, біздің мүмкіндіктеріміз бен әлеуетімізге сенімділік ұялатады.

Әдебиеттер

1 Құдайбердиев Шәкәрім. Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер). Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

2 Тоқаев Қ-Ж.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Egemen Qazaqstan, 9 қаңтар 2020 жыл.

1 ТҮРІКТЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ ЭТИКАСЫНЫҢ РУХАНИ БАСТАУЫ

1.1 Түркі ойшылдарының этикалық философиясы

XXI ғасырға дейін ұлттық дәстүрін ұстанып, ділі мен тілін сақтап келген қазақтардың рухани өміріне бүкіл әлемге жаппай жайылып келе жатқан құндылықтар дағдарысы да елеулі өзгерістер енгізуде. Ол гуманистік адамгершілік аясына да сызат түсірді. Достық, сүйіспеншілік, өзара көмек пен ұжымшылдық этикасы жекешіл, эгоистік және ештеңемен санаспайтын жер жүзіндегінің барлығына деген қалыптан тыс тұтынушылық қатынасқа жұтылып кетуде. Дегенмен әлемге жайылған осындай үрдіс барысында әлемдік өркениеттер кеңістігінде ұлттық келбетін сақтап қалуға қазақтар да ұмтылуда. Өткен тарих беттерін парактап үңілер болсақ, қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыру мәселесінің ұлттың рухани даму жолында әрдайым өзекті болғандығын аңғарамыз. Қазіргі кезеңнің рухани дағдарыстарынан пайда болған жан күйзелісі мен рухани кеңістіктің ойсыраған тұстарын түркі ойшылдарының адамгершілікті-моральдік, философиялық-этикалық даналық ойлармен толықтыру қажеттілігі туындап отыр.

Сондықтан қазақ этикасының бастауларын зерделеуде түркі ойшылдарының мұраларына оралу, оларды жаңаша көзқарастар тұрғысынан зерделеу, қазіргі қазақстандық қоғамды рухани жаңғыртуға ықпал етері сөзсіз. Сонымен қатар түркі халықтары арасында өзара мәдени сұхбаттастықты қайта жаңғыртудың да қажеттілігі туындауда. Жаһандану жағдайында адамзаттың рухани құлдырауы барысында түркілік этикалық адамгершілік қалыптарының тиімді де, ұтымды тұстарын әлем халықтарына үлгі ретінде таратуды көздейді. Екінші бір жағынан түбі бір түркі халықтарында тәрбиелік маңызы зор болған түркілік этикалық мұралардың әлеуетін анықтау арқылы ұрпақтарының бейсана

қабаттарында мүлгіп жатқан рухты оятудың кілтін табуға болады. Қазақ этикалық ойы тарихы эволюциясына үңілер болсақ, оның ежелгі рухани бастаулары түркі философиясынан нәр алып, сабақтастықпен жалғасқан қазақ руханилығына ұласқанын байыптауға болады.

Еуразиялық ұлан-ғайыр кеңістікте өзінің өнегеге толы адамгершілікті этикалық мұраларын қалдырған асқақ рухты, өр мінезді түркі бабалар үні тарих қойнауынан үн қатып болашаққа бағдар алары сөзсіз. Түркілік тұтастық пен түркілік рухты әдіснамалық негіз ретінде ұстану арқылы зерттеліп отырған кезеңнің этикалық ой-толғаныстары философиялық тұрғыдан өз зерттеу мәресіне жетеді деген ойдамыз. Түркілердің ғажайып фольклоры, поэзиясы, музыкасы өз заманының тарихи оқиғалары мен қоғамдық өмірінің барлық қыр-сырын бейнелей алады. Ендеше әлеммен, қоршаған табиғи ортасымен етене қарым-қатынаста тіршілік еткен қазақ халқының өмірмәнді дүниетанымы, дүниетүсінігі негізінде қалыптасқан этикалық және эстетикалық тағылымы бар. Қазақ этикалық ойы дәстүрлі түркілік этикалық ойдың бір тармағы екендігі дау туғызбайтыны ақиқат. Түркі халықтарының этнографиясын, рухани мәдениетін зерттеген шетелдік саяхатшылар мен ғалымдар олардың адамгершілік шарттарын, адамсүйгіштік ұстанымдарын, моральдік қағидаттары деңгейінің биік екендігін зерттеулерінде ұдайы ерекше атап көрсетеді.

Түркі философиялық ой-толғулары өзіне тән өзгеше үлгіде және мазмұны жағынан да өзіндік ерекшелікке ие. Өйткені түркі халықтарына ойдың негізгі түйінін поэтикалық түрде тұжырымдау тән болды. Осы негізде олар философиялық пайымдауларын, әдеби мұраларын жасады. Түркілер дүниетүсінігінде әдептілік, сыпайылық, ибалық, қырмызылық, бекзаттық сияқты этикалық ұғым-түсініктер өзін берік бекіткен болатын.

Қазақ мәдениетін зерттеуші Т.Х. Ғабитов этиканы ұлттық сипаты анықталған ілімдер қатарына жатқызады. Өйткені әр халықтың орналасу аймағына, тіршілік салтына, өмір сүру дағдыларына байланысты ортақ мінез-құлық ережелері, жүріс-тұрысы, тыныс-тіршілігі қалыптасады. Қазақ этикасы өзінің көл-

көсір молдығымен де, адамгершілік қуат-тегеурінімен де, тарихи айқындылығымен де халықтың рухани өмірінде ерекше орын алды [1, 100 б.]. Түркі этикасының ең негізгі ұғым концептерінің бірі – адам өмірінің өнегелі мазмұнының категориялық императиві ретіндегі «адамгершілік» ұғымы. «Адамгершілік» адамдардың арасында ғана емес, әлеммен, табиғатпен және өзімен-өзі қатынас жасағанда да басшылыққа алынуы тиіс [2, 70 б.] Ұлы Дала кеңістігін ерекше құрмет тұту, табиғат аясымен үйлесімділікте болу түркілік діни сенімдерде жатыр. Әуелгіде «Қара Жер – Көк Аспан» болып құрылған әлемнің тұтас бейнесі, құдайланып «Ұмай Ана – Көк Тәңірі» деп рухтандырылды. Түркілердің табиғи ортаны құрметтеуді білдіретін жердің тәңіриесі «Ұмай Ана» ұғымы, қазіргі кездегі «Табиғат Ана» деп аталатын этикалық-экологиялық үлгіге айналды. Тәңіршілдік наным-сенімдегі түркілер Тәңірі, Ұмай, қасиетті жер-су жеңіс беріп тұрса ғана олардың қағандары таққа отыратынына сенімді болды. Ал қағанды Тәңірі жарылқап, қаған дәрежесіне көтеруі үшін оның «құты» болу керек.

Тәңірлік сенім бойынша табиғат күштеріне, өз тағдырына байланысты қиыншылықтар мен жайсыздықтарға адамның қарсы тұрып күресуге еркі бар. Түркілер өз өмірлеріндегі жайсыздықтар мен қиындықтарды жеңу үшін, көмекке ата-бабаларының аруағын шақырып сиынды. Қазақтың бақсылары көзге көрінбейтін тылсым әлемдегі жын, пері, рухтармен транцендетті қатынас орнатумен қатар, көрінетін дүниенің иесі мен киесіне жалбарынды. Ілкі замандарда қазақтар ата-бабаларының тотемін көк қасқыр деп ұқты. Көктүрік сарбаздарының жорықтағы Бөрілі байрағын Сүйінбай ақынның:

Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөгеліп қалған жан емен.
Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым,
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым! –

деп сипаттауы қасқыр тотемінің соңғы уақыттарға дейін маңызы жойылмағандығын көрсетеді [3, 46 б.]. Тотемдік сенімнің менталдық астарларға дендеп енгендігі соншалық, қазақта қасқырдың атын тікелей айтпай «ит-құс», «бөрі» деп тұспалдап атаған. Қазақтарда ата-тектерінің тотемі ретінде жас келіндерге атауға тиым салынды. Тіптен қаймағы бұзылмаған қазақы ортада келінен бастап әжелер мен кейуаналар да аузына «қасқыр» сөзін алмаған. Бұл сенім құдіреті, ата-текке деген құрмет, қазақ этикасының ерекшеліктерінің бірегейі деуге болады.

Түркілік танымда аққуды киелі құс санайды. Жұбын жазбай бірге жүзетін қос аққудың бейнесін, махаббат символы ретінде әлі күнге жастардың үйлену рәсімдерінде қолданады. Қоршаған жан-жауарлар әлемімен үйлесімді қарым-қатынасын аңыз әңгіме мен ертегілері арқылы бейнелейді. Бала жанын жастайынан ізгілікке баулудың құралды болған сюжеттер «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты ертегідегі:

Осынау манды мекендеп,
«Жақсылық қайтсем етем?» – деп,
Зұлымдыққа жаны қас –
Жүретін бір қарлығаш [4],

Ертегі бала жүрегіне қарлығаш құстың адамның досы екенін танытады. Сонымен бірге мейірбандық ұрығын себеді. Қарлығаш құстың бейнесі «зұлымдық» пен «мейірімділік» ұғымдарын бала түсінігіне лайықтап, жас жеткіншектер зердесіне тоқытудың нағыз үлгісі. Оларды ежелгі түркілер вербальдық жүйелер арқылы түсінген. Өздерінің әлеуметтік қарым-қатынастарында рухани-мәдени қағидалары және құндылықтары ретінде ұстанды. Осы ұстанымдардың ділдік негіздері тәңірілік, заратуштралық мифтердің және солардың негіздерінде қалыптасқан салттар, ғұрыптар, рәміздер, рәсімдер, фольклор арқылы бізге жетті. Бұл ережелер мен діни ғұрыптар байырғы түркілік кезеңнен бері желісі үзілмей келе жатқан даналық идеялары болғандықтан да, ғасырлар қойнауынан сабақтастықпен келе жатыр.

Түркілер апайтөс Ұлы Далада мәдениет мәйегінен жеміс көріп, өркениет ошағын құрған төлтума қасиетін сақтап қалған бірден-

бір ұлт. Олар Батыс пен Шығыс елдері арасындағы адамаралық қарым-қатынастың, тауар алмасудың, капиталдың, көлік және қонақжайлылық пен қызмет көрсету мәдениетінің ырғақты қозғалысының ережесін жасады. Өздерінің еркіндіксүйгіштігі, ашықтығы, қонақжайлылығы, жомарттығымен олар Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда тетіктерін жетілдіруге зор үлесін қосты. Түркілердің этномәдениетін мұқият зерделеген Л.Н. Гумилевтің: «түріктердің қоғамдық тұрмысы мен әлеуметтік институттарының маңызы зор: ел, елшілік-тәспихтық жүйе, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоятын мұқият әзірленген дүние танымның болғаны таң қалдырмай қоймайды», – деген пайымдаулары ұлы Қағанаттар құрған түркілердің ұлттық сана мен мәңгілік ел болудың іргетасы сонау түркілік кезеңнен де ертеректе қалыптасқандығының айғағы [5, 86 б.]. Осындай мызғымастай берік те бекем орныққан түркілік дәстүрлердің діңгегі теңселсе де, қазіргі кезге дейін өзінің түпқазығынан ажырамай сақталып келді. Бұл өміршендікке олардың шаруашылық тәсілі мен өркениет түрінің өзгеріссіз қалуы деп топшылаған ғалымдар пікірі мақұлдауға тұрарлық.

Түріктердің VI–VIII ғасырлардағы тарихы мен тағдыры «Күлтегін» (Үлкен жазу) тас ескерткішінде баяндалған. Жырда Иоллыг-тегін: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған, адам баласы үстіне ата тегім Бумын Қаған, Істеми қаған отырған, отырып, түрік халқының ел жұртын қалыптастырған, иелік еткен. ... Басы барды иідірдік, тізесі барды бүктірдік» [6, 43, 46 бб.], – деген салтанатты мәлімдемелері қазіргі Қытай қорғанынан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы, бір-бірімен аудармашысыз-ақ түсінісе алатын қырыққа тарта түркі тілдес ұлт өкілдерінің рухын көтеріп, мақтаныш сезімдерін тудырады. Күлтегін жырының негізгі мақсаты мен идеясы елін-жерін қорғауда, сыртқы жауларымен шайқаста түркілердің ауызбіршілігін сақтап, ата-баба дәстүрлерінен айрылып қалмауға үндейді. Ең бастысы түркілерді қытайлардың тәтті сөздері мен алтын, күміс, ішімдік пен астық, жібектеріне қызығып кетіп өздерінің тәуелсіздіктерінен айры-

лып қалмауын басты идеологиялық қару ретінде ұстанды. Н.Л. Гумилевтің пайымдауынша, мұнда тек мемлекеттердің күресі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттердің де күресі, екі дүниетаным мен дүниетүсініктердің күресі бар. Ұлы Дала өз манифесімен қытай болмау, ол тек өзінше болу құқын мәлімдеді. Мұндай күрес тіпті хундық Модэ-шанью уақытынан бері қарай созылып келеді, бірақ мұнда ол құжатта қисынды мазмұндалып жазылып қойылған. Қытайдың ырқына берілмеу үшін орасан зор күш-жігер жұмсау керек болды, әне соны Құтлұғ, Тоныкөк, Күлтегін және Иолығ-тегін сықылды көк түріктер жүзеге асырды [5, 339 б.]

Түркі елінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан, түркілер жайында мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөк тұлғасынан өнеге аларлық тұстар аз емес. Қытай сарайында жүріп, олардың көрші түркілермен қандай саясат ұстанатыны жөнінде жақсы хабары бар Тоныкөк түркі тайпаларын ортақ жауға қарсы ұйымдастыруда асқан шеберлік танытады. Тоныкөк ақыл-парасаты мен білімділігінің арқасында түрік жұртын біріктіру, дербес ел болуы жолында аянбай тер төкті. Екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы «көк түркінің көк семсері» атанған Күлтегін 731 жылы қайтыс болғанда төрткүл дүниенің елшілері келіп тағзым етті. Бұл оқиға VIII ғасырдағы түркілердің көрші мемлекеттермен халықаралық қатынастары деңгейінің жоғары болғандығын көрсетеді. Күлтегінге орнатылған ескерткіш тас адамгершілікке негізделген түркі этикасының құндылығын және түркілік философиялық-этикалық ойдың шындалуын паш етті. Түркілердің дәстүрлі этикалық ой парасаттылығынан хабар беретін ескерткіштің ғылыми көшірмесі қазіргі Қазақстанның Астанасында Еуразия университетінің бас ғимаратының төрінен орын алды. Түркілердің рухани мәдениеті терең дәстүрлі, алуан қырлы, көп деңгейлі құбылыс екендігін, «борыш», «жауапкершілік», «ізгілік», «жақсылық» қатарлы қағидаттардың қатаң сақталуын талап ететін императивтерді ұстанғаны анық байқалады.

Түркілерде туған жер, ата-баба бейіт-қорымдары, ел-жұрт қасиетті ұғым-түсініктер. Түркілер қайтыс болған бабалары рухын қатты құрметтеген. Оларда қайтыс болған арғытектерінің рухтары ұрпақтарын үнемі желеп-жебеп отырады деген ұғым қалыптасқан.

Тіптен қайтыс болған адамнан қалған киім-кешек, қару-жарақтары көздің қарашығындай сақталған. Кеңістік пен уақыттан тәуелсіз ата-баба аруағы өз ұрпақтарын қайғы-қасіреттен сақтап, алапат соғыстарда жеңіске жетуіне көмектесетіндігіне сенімдері күшті болды.

Сенім күші мен дәстүрлі салт-сана жаугершілік замандарда батырларға дем беріп, жеңіске жетудің кілтіне айналған. Түркілік кезеңнен сабақтастықпен жалғасын тапқан бұл рәсімдер заманымыздың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек!» атты поэмасында Райымбек батыр жауға аттанарда жасалған жоралғыларды мынандай жолдар арқылы суреттеледі:

Ханкелдінің сауытын кигізіңдер,
Қыннан алып қылышын сүйгізіңдер.
Сырымбеттің туының алдына әкеп,
Тәубе еткізіп, басын да игізіңдер [7]

Қазақтарда рәміздер мен салт-жоралардың қатаң сақталғанын көрсетеді. Адамда сенім күшінің атқарар рөлі зор болған. Түркілік кезеңнен жалғасын тапқан бұл рәсімдерді олардың ұрпақтары жаугершілік замандарда әрдайым жадында ұстады. Халық арасында Албан елінен шыққан ел қорғаны Бақай, Райымбек және Өтеген батырларға бата берген көріпкел, батагөй Әлмерек абыз туралы аңыз әңгімелер мол тараған. Аузы дуалы абыз Әлмерек батасы қабыл болып Райымбек батыр жаумен шайқаста жеңіске жетеді. Түркілердің ту ұстаған жігерлі де намысшыл ұлдары ел іргесін аман сақтауда тамаша ерліктерге қоса адамгершілік үлгілерін жасады. Осы ретте түркілердің ерекше намысшыл халық екенін атап өткен жөн. Өйткені «намыс» – игілікті қасиет болып табылады. Ол адамның шектен шығып кетпеуі тиіс және жасып та қалмауы қажет аралықты қатаң ұстануды талап ететін, адам болмысының шынайы келбеті. Түркі халықтары осы намысты қолдан бермеген, ешкімге таптатпаған.

Біз осы ғылыми зерттеу жобасы аясында рухани жаңғыру барысындағы қазақ этикасының рухани тамырларына ой жүгірте отырып, оның түйткілді мәселелері мен болашағын бағдарлауды

мақсат еткен болатынбыз. Ал зерттеушілер Ә. Нысанбаев пен Н. Аюпов: «түркілік философияның ең басты анықтаушысы – оның биік этикалық бағдары», – деп атап көрсетеді. Барлығы бір ғана мақсатқа, яғни адам мен социумның адамгершілік өмірін жүзеге асыруға бағынады. Адамның кез-келген қызметі адамгершілік-этикалық сипатта, жасалған нормалар мен ережелерді орындау сипатында болуы тиіс [8, 67 б.]. Осы тұрғыдан түркілік философиялық ойдың ерекшелігі – ол өмір сүрудің оң жолын көрсетуші өнер, даналық деп білеміз.

Бүкіл түркі халықтары арасында аты аңызға айналған Қорқыт – VIII-IX ғасырларла оғыз-қыпшақ тайпаларының бірлігін нығайтушы қайраткер, түркі ойшылы, жырау, сазгер, болашақты болжайтын сәуегей, бақсы. Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыздарынан, шешесі қыпшақ тайпасынан шыққан. XIX ғасырдың ортасында Қорқыт туралы аңыздар Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, В.В. Вельяминов-Зернов және т.б. еңбектері арқылы Ресей мен Еуропада белгілі болды. Әйгілі жырау жайлы зерттеулерді шығыстанушылар В.В. Бартольд, А. Диваев, И. Аничков, В. Каллур, И. Кастанье жалғастырды. Кеңестік кезеңде Қорқыт ата мұраларына А.В. Затаевич, М.О. Әуезов, А.Қ. Жұбанов және Ә.Х. Марғұлан зерттеулер жүргізді. Әйгілі түркі ойшылы және философы Қорқыт жайлы аңыздардың қазақ, қарақалпақ және түрікмен варианттарын салыстырмалы талдаған академик В.М. Журминскийдің аңыздарды зерттеудегі рөлі айрықша. П.Н. Боров, М. Эргин, О. Гоку И. Басгез қатарлы түрік түркітанушылары және басқалар қорқыттануға үлкен үлес қосты. Қорқыттың өмірі мен шығармашылығын зерттеген шетелдік ғалымдар шоғырына француз ориенталисі П. Пелье, итальяндық Е. Росси, неміс ғалымдары Н.Ф. Диец, И. Хеин, В. Рувендилер кіреді.

Қорқыт атаны толғандырған адам өмірінің мәні, мақсаты мен мұраты мәселелері болды. Оның тәрбиелік-тағылымдық көзқарастары философиялық-этикалық тұжырымдамаларында айқындалып, нақыл сөздері арқылы қазіргі ұрпаққа жетті. Адамзаттық өнегелілік жайлы ой қайнарларына жатқызуға болатын «Қорқыт ата кітабы» – ежелгі түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы. Кітаптың екі нұсқасы табылған. Бірінші нұсқасы 12 тара-

удан тұратын, араб әріптерімен жазылған «Китаб-ы Деде Коркут ала лисан-и таифе-и Оғузан» (Оғыз тайпасының тіліндегі Қорқыт атам кітабы) атты қолжазба Германияның Дрезден корольдік кітапханасында, екінші нұсқасы Ватикан кітапханасында 6 жырдан тұратын түрік тіліне аударылған нұсқасы сақталған. Бұл тарихи мұраны соңғы екі ғасырға жуық уақытта әлем ғалымдары ғылыми зерттеу нысанына айналдырып, тарихи, этнографиялық, әдеби, фольклорлық және лингвистикалық, философиялық зерттеулер жүргізілді. 1986 жылы фольклортанушы-ғалым Ә. Қоңыратбаев пен М. Байділдаев «Қорқыт ата кітабын» орыс тіліне аударып жариялаған болатын. 1994, 1999 жылдары Б. Ысқақов, Ш. Ыбыраев түрік тілінен аударды. Ал 2019 жылы көрнекті түркітанушы ғалым М. Жолдасбековтің «Қорқыт ата кітабы» аудармасы жарық көрді. Бұл аударма кітаптың әйгілі Дрезден нұсқасын алғаш рет түпнұсқасынан қазақ тіліне толық аударып, транскрипциясы мен сөздігін қоса ұсынды. Бұл кітапта түркі халықтарының ежелгі тарихы, әдет-ғұрпы, салт-санасы көрініс тапқан. Кітап сол замандардағы оғыз-қыпшақ тайпалары тілінде жазылған.

Қорқыт туралы ел аузындағы аңыз-әфсаналардарға зер салсақ көріпкел-әулиенің айтқан нақыл сөздері әлі күнге халық жадында. Ол айтылған өсиет бізге дейінгі ұрпақтарына жол көрсетсе, қазіргі кезең үшін маңызы одан да зор болып отыр, ал болашақ ұрпақтың мәңгі есте ұстар шамшырағы деуге болады. Қорқыт этикалық-адамгершілік ұғымдарды адам игілігіне пайдасыз нәрселер мен пайдалы деп бөле қарастырады. Халықтың «Жаман болмаса жақсының қадірін қайдан белесін» деген даналығын атақты этик-ойшы: «Ат жемейтін ащы шөптің шыққанан шықпағаны игі, адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі, атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың – туғанынан тумағаны игі. Көп қорқытады, терең батырады. Бас аман болса, бөрік табылады», деген ойлар арқылы тұжырымдаған [9]. Жақсы мен жаман парығын заттың жаман қасиеті мен адамның кесірлі қылықтарын оралымды тілімен сипаттаған данагөйдің түйінді сөзі мақалға айналған. Тәлімдік-тәрбиелік мағынаға тола ойларда жастарға жігер беріп, отаншылдыққа тәрбиелеуде рухтандыратын үн жатыр. Қорқыттың этикалық ілімі, өлім мен мәңгілік, ізгілік пен зұлымдық, жарық пен

қараңғылық күресетін болмыс дуализмі жайындағы философиялық ой-толғаулары қазақ дәстүрлі этикасының негізгі тақырыбына айналды. Белгілі философ М.С. Орынбеков: «Қорқыттың рухани мұрасында табиғатпен етенелесу, өмірсүйгіштік пен тәкаппарлық бейнеленген», – деп сипаттайды [10].

Қорқыт шығармашылығында ескі наным-сенім жолы мен ислам дінін ұстану ғажайып түрде үйлесім тапқан. Қорқыт ата өмір сүрген VIII ғасырда түркілердің ескі наным-сенімнен, тәңіршілдіктен, шамандықтан және зороастризмнен исламға бет бұрған шақтары болатын. Бұны жырдағы тотемизм, шаманизм сарындарынан да байқауға болады. Қорқыттың шамандық көзқарасы «Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды», «Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді», «Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға Тәңірі бақ бермейді» [9]. – деген ойтұжырымдарынан айқын байқалады. Жырдың кіріспе сөзінде айтылғандай, тәңірі өзі зердесіне салған соң, оның барлық болжамдары айна-қатесіз болған. Қорқыт ата жырларында көшпелі тайпаларға тән табиғат құбылыстарына яғни, жылан, қасқыр, су, тау, ормандарға сиыну болған. Әр нәрсенің өз иесі мен киесі бар деп ұққан. Табиғатпен де тілдесе білген. Сондай-ақ көк тәңірі мен аруаққа сиыну туындай бастайды. Бұл кезде тайпа адамдары көсемдерінің бәрі де аруақты адам болып саналған. Бұл бірте-бірте ата-баба аруақтарына сиынуға, ата-баба рухына табынуға алып келген. Қазақ аңыздарында аруаққа сиыну осы Қорқыттан басталады. Аталық қоғам салты шамандық наным-сенім жырларынан үлкен орын алды. Оларда діннен гөрі музыканы қастерлеу үстем болған. Оғыз батырлары жауға аттанарда қобыз байлап жүретін болған. [11]. Түркілердің ата-баба рухын қастерлеуі Қорқыт ойларымен үндестік тауып, қазіргі қазақ этикасының да тірегіне айналып отыр. Қазақ халқы ата-анасын тірі кезінде қадірлеуден бастап қайтыс болған ата-баба рухына бағыштап құран оқыту, ас беру тәрізді салттарды қатаң сақтайды.

Қорқыт жырларында сыртқы жаулардан туған елі мен жерін қорғаған батырлардың ерлігі мен адамгершілік қасиеттері ашып көрсетіледі. Қорқыт жырларының этикалық ұғым-түсініктерге толы мазмұнынан адамзаттың мәңгілік мәселелері өз шешімін

тапқан. Зұлымдық пен ізгіліктің күресі барысында әділеттілік пен әділетсіздік, жақсылық пен жамандық, опасыздық пен уәдеде тұру сияқты қарама қарсы мағынадағы этикалық категориялар ашылып көрсетіледі. Қорқыт ата кітабында оғыз тайпасының ержүрек батыр ұлдарының туған жерін қорғауға аттанған ерлігі мен адамгершілігі, оларға қарама-қарсы опасыз және қорқақ, сараң кейіпкерлер сомдалып этикалық құндылықтар зерделенді.

Қорқыт лебізі түркілер арасындағы өнегелі өмірді қалыптастыратын өсиетнама: «Қара есектің басына жүген таққанмен – тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанмен – бәйбіше болмас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Сайдың шөбін жекен білер, түздің шөбін бөкен білер» [9 б.]. Он ғасыр бұрын айтылған даналық сөздерден бабалар өсиеті, жусан аңқыған қазақ даласы мен түркілік кезеңді көз алдымызға елестеткендей болады. Қорқыт әулиенің құдіретті сөзі мен сазы өзінің өлмейтін, өшпейтін мәңгіліктігін паш етеді. Мәңгілік елмен бірге жасай беретіндігінің айғағы. Түркілердің қастерлі қасиеттерінің сақталуын Б. Өгел: «Түрік тарихы түрік қауымдары мен түрік ұлтының біртұтас өмір хикаясы болып табылады. Мемлекеттер құлап, жаңасы құрылып жата береді. Ал мызғымай жалғаса берері түрік ұлты мен түрік қауымдары және олардың санасында сақталар қастерлі ұғым-түсініктері болса керек. Түрік мемлекетінің ұйытқысы «отбасы – шаңырақ», шаңырақ шайқалып бұзылмаса, бұл ұғым-түсінікте одан әрі жалғасып отырады», – деп жазды [12]. Адам бойындағы этикалық бастаулар жанұяда қалыптасады. Дүниеге әкелген ата-ананы сыйлау. Ата-ананың баласына деген мейірбандығы. Жанұя мүшелерінің өзара махаббатына негізделген адамгершілікті қарым-қатынастар ру арасындағы сыйластыққа ұласады.

Халықтың дүниетанымы әрдайым оның адамгершіліктік идеалдарында көрініс тауып отырған. Түркілік аңыздар мен әфсаналарда әйел, ана идеалы адалдық, әділеттілік, инабаттылық, көркемдік пен сұлулық қатарлы этикалық-эстетикалық ұғым-түсініктер арқылы мән-мағынасы айшықталып отырған. Қорқыт шығармашылығында этикалық пен эстетикалықтың қатар өрілген

бірлігі де айқын байқалады. Ежелгі түркілер қыздарын, әйелдерін, аналарын қатты құрметтеген. Мысалы Қорқыттың «Башпай» күйінің шығу тарихының өзі түркілердің биік парасатты кісілігі этикалық талаптарынан туындағанын көрсетеді. Бұл Қорқыттың соңғы тартқан күйі екен. Сырдың суын сауғалап ажалды аластап кобызын сарнатып отырған Қорқытқа қарындасы Ақтамақ азық тасиды екен. Бірде әкелген дәмнен татып отырғанда дауыл соғып, толқын тұрып, аласапыран кезінде Қорқыттың башпайы қарындасына тиіп кетеді. Байқаусызда болған осы жағдай Қорқытты қатты толқытып, өзін кінәлі сезіндіріп өлерінде осы күйді тартқан екен дейді аңызда. Туыстық қатынасты қастерлеу, әсіресе қыз баласының, қарындасының абыройына сызат түсірмеу жөнінде түркілер арасында ерекше тәртіп жүйесі орныққан. Түркілер өмір салтында туыстық қарым-қатынас олардың арасында адамгершілікті этикалық қалыптарды орнатты. Қорқыт атадан жеткен өнегелі сөздер: «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе ол отбасының мерейі, бас-көзі. Ақылсыз балаға, ата дәулетінен қайран жоқ. Қонағы жоқ қараша үйден, құлазыған тұз артық» [9]. Осы нақылдар қазақтардың қыздар этикасындағы ұғым-түсінікте: «Қызға қырық үйден тиым», «Жақсы қыз қонақ келсе есік ашар, жаман қыз қонақ келсе төрге қашар», «Қыз өссе елдің көркі», «Қызды тәрбиелеу арқылы, ұлтты тәрбиелейміз» сияқты өсиетке айналған түркілік кезеңнен бастау алып, сабақтастық арқылы жалғасқан тағылымдық ойлармен көмкеріліп кеңінен таралған.

Оғыз қағанның ақылшысы болған Қорқыт ата өзінің қоғамдағы, отбасындағы әйелдің орны, атқарар рөлі жайлы ой-түйгендерін: «Әйелдің өзі түрлі болады. Оның бірі ниеті қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы сол. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз [13, 300-301 бб.]. Ежелгі түркілер өнегелілігі туралы тайпалық әдебтер мен салт-

тар төңірегінде шешімін тауып отырған. Сондықтан да алып Қағанаттар құрған түркілерде үлкенді кіші сыйлау, балалары ата-анасын құрметтеу отбасылық құндылықтар болып саналды. Көршімен қарым-қатынастағы татулықты тіптен «көрші ақысы, тәңір ақысы» деген сөзбен қысқаша қайырған. Бұдан біз түркілердің адамдар арасындағы адамгершілікті қатынастар мен сыйластықты берік ұстанғандығын көреміз. Көшпенді түркілердің ерлері көбінесе түзде жүреген. Ал отбасындағы қарт ата-аналары мен бала-шағасы, қонағының күтімі әйелдерінің міндеті болды. Қорқыт ата түсінігіндегі отбасының құты болған әйел, даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Ана-әйел түркілер отбасының ұйтқысы, тұтқасы бола білді. Түркілік этикада тамаша өнеге аларлық қалыптасқан дәстүрлер бар. Солардың көбі жастарды тәрбиелеуде қатал ұстанатын қағидаларға айналған. Даладан үйге кірген баласы алдымен анасына, одан кейін барып әкесіне сәлемдескен. Бұл түркілерде әйел-анаға деген құрметтің жоғары болғанының айғағы.

Данагөй екінші орынға ынсапсыз, қанағатсыз әйелді қояды. Ойшыл барына ризашылығы жоқ, ашкөз әйелдер өсіп-өнбесін деп ката түрде теріс бата береді. Тұрмыс-тіршілігі көшпелі жұртта әйелдің ісіне мығым, жинақы болғанын талап етеді. Ал осындай әйелдердің керісінше түрдегі қалпын өсиетте салақ әйел деп сипаттайды. Ең соңында кесір әйелді еренің сөзін құлаққа ілмейтін, бір сөзге мың сөз қайтаратын адам тілін алмайтындарды, Хан ием сіздің ошағыңызға осындай әйелдер кез болмасын деген тілек білдіреді. Отан отбасынан басталады десек, отбасындағы береке, бірлік, жылулық, татулық ұйтқысы әрқашан әйелге байланысты болатындығын меңзеген түркі ойшылының өсиетнамасының мәні өте зор. Қорқыт ата өсиеті қазіргі қазақ әйелдерінің басты ұстанымы болуға тиіс. Оғыз-қыпшақ тайпаларының адамгершілікті салт-санасын, жөн-жосығын, әдет-ғұрыптарын реттеп отыратын батагөйі болған Қорқыт атаның мұрасы келешек қазақ даласының ойшылдары шығармашылығында жалғасын тапты.

Қорқыттың дүниеге келуі мен шығармашылық жолға түсуінің өзі елден ерек болады. III. Уәлиханов зерттеулерінде Қорқыттың

өлімнен қашуы жөнінде былай деп жазады. «Өлімнен қашудың өзі, Алланың жазмышынан бас тарту – ислам діні бойынша күнәкарлық, әсте болмайтын нәрсе, ал шамандықты ұстанатын халықтардың аңызының көбі өлімнен қашу... Қазақ бақсыларының арасында Қорқыт туралы аңыз бар. Сол Қорқыт қазақтарды алғаш қобыз тартуға, сарын айтуға үйреткен бірінші шаман. Әбден мұсылманданған түркімендердің аңыз-дастандарындағы Көрұғылының өзі аз уақыт болса да өлімнен қашады. Сондықтан да, Көктәңірінің өлімге деген құдіреті, қатысы, шамандық сенімде, тосын-ғажайып күштен де, тағдыр деген ұғымға жақын, солай болғанның өзінде, шамандық діндегілер оған құлшылық ұрмай, Көктәңірі құдіретінен босанбақшы болады» [14, 189 б.] Біздің пікірімізше Қорқыт өлімнен қашқан жоқ. Ол өмірді сүйді. Ғарыш әлемінің әсемдігін жан-дүниесімен түйсінген ойшыл-сәуегей шығармашылық пен жасампаздыққа бой ұрады. Нәтижесінде жарық дүниеге, өмірге деген ынтызарлық Қорқытты қажымас еңбек етуге, ізденуге талпындырады. Ол өзінің қажырлы ізденістері мен өнері арқылы ажал атты аждаһадан құтылудың жолын тапты. Қорқыттың өлімге дауа табуын С. Қасқабасов былайша байыптайды: «Өзінің жасампаздық еңбегімен ол тағдырға айбат көрсетеді және өнерінің арқасында ажалға ұзақ уақыт төтеп береді. Оның күйі он сегіз мың ғаламды түгел, тіпті ажалдың өзін балқытып, баурап алады» [15].

Қорқыттың өмір философиясын зерделеген Ә. Нысанбаев пен С. Нұрмұратов ойшылдың көтерген мәңгілік мәселесін, өмірсүйгіштікке шақыру және өмірді сүйген адам ғана өз ұрпағын адамгершілік негізінде тәрбиелейді, сол арқылы жалпы халықтың болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және перзенттік борышын барынша парасаттылықпен, ыждағатты түрде орындауға тырысады. ... Жалпы өмір мен ажал, жан мен тән, пәнилік пен бакилық, уақыт пен кеңістік түсініктері өзара байланыстағы түркі дүниетанымындағы ең түбірлі және маңызды ұғымдар болып табылады. Мәңгілік өмір туралы армандамайтын халық болмайды, түркілер де оны әрдайым армандаған. Міне осы идея жалпы кез келген қоғамда өзекті және терең метафизикалық сипаттағы өміршендігімен танылады [16, 80, 98 бб.]

Көне түркілердің қобызы табиғаттағы дыбыс әлемін шығармашылық пен жасампаздықты үйлестіре отырып әсем әуез туғызушы музыкалық аспабы болды. Қорқыттың шығармашылық әлемі оның ойшыл даналығымен, көш бастаушы көсемдігімен, бақсылығымен шектелген жоқ. Ол алғашқы қобызды жасап, күй шалу дәстүрін орнықтырушы деп білеміз. Болашақ сәуегей, бақсы ержетіп, тепсе темір үзетін жігіт шағында түсіне қолында асатаяғы бар, ақ сақалы белуарына түскен қария кіріп, оған алты жасар түйенің асықты жілігіндей болатын саз аспабын жасауын бұйырады. Ол аспабтың аты – қобыз. Осы қобыз сенің шабытыңды қияға самғатады, сапар шексең, жолыңа жарық түсіріп, сәуле шашады, өзіндік пәле-жаладан сақтайтын желеп-жебеуші серігің болады деп аян береді. Қорқыттың жасампаз да шығармашылық болмысының өзі, бүкіл ежелгі түркілік мәдениеттің өзіндік төлтумалығын айқындайды. Қорқыттың әмбебап шығармашылығы этикалық-эстетикалық пайымдаулар батырлық пен әсемдік, нәзіктік, сұлулық қобыздың сарынымен үндестік тапқан. Қазақтар арасында Қорқыт күйлерін күні бүгінге дейін қобызда «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Кілем жайған», «Тәңір күйі», «Көк бұқа», «Қорқыттың елмен қоштасуы» «Башпай» байырғы сарынымен тартылып жүр. Қорқыт күйлерінің қазіргі қазақтардың рухани игілігіне айналуының өзі ұрпақтар арасындағы желісі үзілмеген сабақтастықтың айғағы. Дегенмен, заманалар көшінің әуен-саздарымен қоса бағзыдан тартқан бақсы сарындары қобыз күйлері эстетикалық талғамды тыңдаушысын ғасырлыр қойнауындағы ғажайып әлемге жетелері сөзсіз.

Қорқыт дүниетанымының өзегі адамның өмір сүру философиясы, өмірдің мәні мен мағынасы, өмір мен өлім мәселесі. Қорқыттың таңғажайып күйлері қазақтар арасында өз орындаушысын жоғалтпай осы кезге дейін жеткендігі жөнінде А. Сейдімбек: «Қорқыттан бергі кезеңді ой көзімен қыдыра шолуға болады. Бақсылардың пірі ретінде айтылатын әйгілі Көкаман бақсы (XI ғ.), Домбаул (XII ғ.), Кетбұға жырау (XIII ғ.) Сыпыра жырау (XIV ғ.) Асанқайғы (XV ғ.), Қазтуған (XV ғ.), Қыпшақ Қойлыбай бақсы (XVI ғ.), Жиёмбет жырау (XVII ғ.), Марғасқа жырау (XVII ғ.), Үмбетей жырау (XVIII ғ.), Бұқар жырау (XVIII ғ.), Жанақ ақын

(XIX ғ.), Ықылас күйші (XIX -XX ғғ.) сияқты тарихи тұлғалардың қай-қайсысы да аталы сөзін қобызға сүйеп айтып, өз жандарынан күй де шығарып отырған. Қорқыт күйлерінің қазақтар арасында сақталып қалуының басты себептеріне тоқталған зерттеуші уәждерімен толықтай келісуге болады. Біріншіден – Қорқыт шыққан оғыздардың кіндік жұрты Қазақ Даласы еді. Екіншіден – қазақтардың, XX ғасырға дейін көшпелі өмір салтта болуы иісі түркілік дәстүр мен ділдің (менталитет) таза сақталуына себепші болды. Үшіншіден – көшпелі өмір салт ислам дінінің дендеп орнығуына дес бермеді, XIX–XX ғасырға дейін бұрынғы Тәңірлік наным-сенім үстем болып, Тәңірдің жердегі өкілі деп есептелетін бақсылардың ел ішіндегі беделі елеулі болды. Ал, бақсыны Тәңірмен тілдестіретін аспабы – қобыз еді. Сөз жоқ, қобыз шалған кез келген бақсы тек қана бақсы сарындарын сарнатумен шектелмеген, олар өздеріне ұлы ұстаз ретінде пір тұтатын Қорқыттың күйлерін аңырата тартып, Қорқыттың аруағына сыйынып отыруды киелі шарт санаған. Бұл көз көріп, құлақ естіген ақиқат [17, 39 б.]

Енді осы Қорқыт бабамыз есімімен қатар жүретін, ежелгі түркілердің музыкалық мәдениетінің жұрнағы болған қобыз аспабының қазіргі қазақ музыка әлеміндегі орны қалай сақталуда? «Қобыз үніне құлақ түрсек» атты мақалада С. Ақатай ғасырлар тоғысындағы көне мәдени мұралар қатарында қобыз тарту да бір кездері тоқырауға ұшырап, қобыз үні өзінің табиғи қалпынан ауытқуда деген алаңдаушылығы, Қорқыт атадан қалған мұра қобызға деген зор ықыластан туындаса керек. Зерттеушінің пікірінше сахараға мұсылман дінінің қанат жаюы қобызды бақсылар тұтынатын аспап дәрежесіне түсірген. Сол кезден бастап қобыз ақырындап көпшілік арасынан ығыстырыла да бастайды. Қобыз адамзат зәу-заты үшін өзінің «меншік» белгілерімен, қасиетімен, «бозінгеннің бүлкілне» ұқсас үнімен қымбат [18, 236 б.]. Қазақ мәдениетін төлтумалығынан айырған осы себептерді қазақ халқының поэзиясының өзгерістерге ұшырауы жайындағы Ш. Уәлиханов аңғарған себептермен астасып жатқандығын аңғаруға болады. «Едіге» жыры XIV ғасыр соңындағы оқиғаларға қатысты, бірақ XV ғасыр басында құрастырылған. Бұл жыр дастандағы ескі сөздер мен сөз тіркестері құбылысынан байқалады. Ондай сөздер

мен сөз тіркестері қазіргі тілде жоқ. Ең бір таңқаларлық жай, бүкіл жырда бірде-бір парсы, араб сөзі кездеспейді. Мұсылам дінінің қанат жаюы салдарынан, қазіргі, күнделікті сөйлеу тіліміздің өзінде парсы, араб сөздері қаптап кетті. Соңғы кезде, менің дала кезген кезімде жыр поэзиясының қалыс қалып бара жатқанын байқауға болады. Жырдың бар болмысы, қобыздың өзі сияқты, тек бақсылар иелігіне айналды. ...Жыр болмысының негізі мен қобыз тарту, өнердегі сәндік үлгіден, атақты Жанақ жырау өлгелі, шеттей бастағанын ашық айту керек [19, 164 б.]. Ұлы Дала жұртында тақырыптары көбінесе діни сарында болып келетін жаңашыл ақындар пайда бола бастады. Шоқан өз мақаласында бүкіл шығыс поэзиясындағы көлем мен өлшем тұрғысынан тек араб өлшемі ғана ыңғайлы деп жүрген ориенталистердің пікіріне дәлел ретінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының төрт шумақты жырының біріншісін ұсынады. Жұртшылық арасында қазақ халқының дәстүрлі жыр-дастандары айтылмай, оны білетіндердің де азайып бара жатқандығы жаңа діни сеніммен байланысты еді. Шоқандай талғампаз, ғұлама-ғалым қазақтардың дәстүрлі құндылықтары ығыстырылып бара жатқандығын, сонымен бірге жастарды патриотизм мен отансүйгіштікке тәрбиелеген поэтикалық жырларды сақтап қалуға талпыныс жасайды.

Жетілген өркениетті қоғамның ең басты көрсеткіші сапалы адам. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда түркілік кезең этикалық-философиялық ой-толғаулары адамының адамгершілік сапасын арттыруға өз үлесін қосты деп толықтай айта аламыз. Далалық орданың тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлде қайда жоғары тұр [20, 390 б.]. Президенттің «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының көтеріп отырған мәселелерінің бірі де қазақтардың кісілік келбетінің қалыптасуына келіп тіреледі. Көшпелі өмір салты орныққан, өзіндік кісілік бітім-болмысы толысқан дала жұрты сырттан таңылған кез-келген жаңалықты қабылдай салмаған. Өте талғампаздықпен сүзгіден өткізіп отырған. Ш. Уәлиханов бұл үдерісті «Сахарадағы мұсылмандық туралы» еңбегінде мұсылмандық әлі де қазақтардың «сүйегі мен қанына» сіңбеген деп атап көрсетеді. Ислам таралауы барысындағы

халықтың ежелден қалыптасқан сән-салтанатты өмір салтының кейбір элементтерінің ығыстырылуына, қазақтардың той-томалақ кезіндегі ойын-сауық құруын сайтандық деп тану, халықтық аңыз, ертегі, заң және сот әдет-ғұрыптарына ислам қағидаларын жөнсіз енгізуді де қаламағаны байқалады. Өз ұлтын өркениетті ұлттар қатарына қосуды көксеген ағартушы-ғалым үкіметтен кез-келген білімге қастандықпен қарайтын дінге қамқорлық жасамауын, сондай-ақ құдайға сиынуды үрей мен таяққа негізделген заңдарды сахараға енгізбеуін талап еткен [14, 198 б.]. Бұл пікірлер діни сенім бостандығына деген көзқарастардан туындаған еді. Ал қазіргі кезде әлемде мұсылмандарының басым бөлігі ұстанатын дәстүрлі ханафи мазхабының іргесін қалаған имам Ағзам Әбу Ханифа ілімінде ислам дінін қабылдаған жергілікті халықтардың салт-дәстүріне баса мән берілді. Құран үкімдерінде, хадистерде, ислам ғұламаларының пәтуасында қарастырылмаған қандай да бір жағдайға қатысты жергілікті халықтың әдет-ғұрпы арқылы шешім берілген болса, сол әдет пәтуа ретінде қабылданады. Кең байтақ қазақ даласына өз діндерін таратуға ұмтылған кез-келген миссионерлік іс-әрекет оларды қабылдаушы ортаның самарқаулығына тап болғаны белгілі. Ислам дінінің басты парызы бес уақыт намаздың араб тілінде оқылуына да байланысты қиыншылықтар туындады. Далалық жағдайда Алла тарапынан түсірілген Құран Кәрімнің мағыналарын түсіндіретін маман-ұстаздардың зәрулігімен түсіндіруге болады.

Орта ғасырларда түркілік рухани әлем өздеріне дейінгі мәдени мұраның қордаланған бай тәжірибесін байыптап, философиялық ой-кешудің алғашқы тұжырымдамаларын шығармашылықпен жүзеге асыра бастады. Түркі әлемінің дәстүрлі дүниетанымдық негізде қалыптасқан жыр-дастандары басқаша ренде түрленіп, сопылық ағымдағы философиялық еңбектер пайда болды. Түркілік философияда терең дүниетанымдық түсініктер қалыптасып ислам діні адамгершілік тұғырлардың биіктей түсуіне, мәдени жетілдірулерге ықпал етті. Араб, парсы классикалық туындылары түркі халықтарының рухани кеңістігінде сенім мен білім көкжиегін кеңейтуге жол ашып, ислам діні сахара жұртшылығының араб жазуын игеруіне де игі әсерін тигізді. Адам тіршілігінің философиясы, этика мен эстетикасы жаңғыртылған түрге енді, түрік тілінде

этикалық-дидактикалық, ғылыми-танымдық, философиялық еңбектер жазылды. Мұсылман мәдениеті жайылған Ұлы Дала елінің сәулеті, әдебиеті, ғылымы, музыкасы мен қала құрылысы өнері қайта құрулар нәтижесінде басқаша реңкте қайта жаңғырды. Ислам діні тарала бастаған кездері көне түркі жазуларының орнын араб жазулары алмастырды. Араб және парсы әдебиеті қазақтың линвистикалық кеңістігінде жиырма пайыздан асып барады деген тіл білімі ғалымдарының көрсеткішіне назар салсақ, қазақтар ол сөздерді талғамсыз қабылдай бермеген. Жаңадан енген сөздердің дені категориялық ұғымдар болып табылады. Мәселен адам – араб сөзі. Түркілерде ол – кісі деп аталады. Саясат, мәдениет, кеме, шапағат, мұғалім – деген сөздер де ислам арқылы еніп сөз қорымызды толықтырған ұғым-түсініктер.

Жаңа келген ислам діні қағидаты бойынша бір Аллаға ғана сиынды. Алайда уағыздаушылар ислам дінін түркілер арасында таратуда ерекше тәсілдер қолданған. Ислам Ұлы Дала тұрғындарының ежелгі әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне тікелей қарсы келмеген. Сол себептен де түркі тайпалары арасында ислам діні адамгершілік тұғырлардың биіктей түсуіне, мәдени жетілдірулерге ықпал еткені аян. Халықтың табиғи-ұлттық ерекшелігіне нұсқан келтірген жоқ. Ислам ілімі өзі тараған аймақтарында игі істерді жүзеге асыруының нәтижесінде нығая түсті. Оны ортағасырлардағы Қазақстан жерінде сәулет өнерінің тамаша ескерткіштерінің салынуынан көруге болады. Фараб, Отырар, Испиджаб, Алмалық, Тараз, Бұхара, Шаш, Сығанақ, Баласағұн, Қашғар сияқты жүзден аса қала сыландап сайын дала көркіне айналды. Қарахан мемлекетінде қалалық мәдениет өркен жайды. Қазіргі кезге дейін жеткен Айша биі, Алаша хан Күмбезі, Әулие Ата Мазары сәулет өнерінің тамаша ескерткіші. Рухани өмірде мұсылмандық дін арқылы ислам құндылықтары да орныға түскендігі байқалады. Қазақстан аумағында мешіттер мен медреселер, мектептер салынып, мұсылмандардың игілігі үшін қызмет ете бастады. Ғылым, білімді игерген жастар өнегелілік тұрғыдан тұлғаға айналды. Түркілер дүниетанымы, дүниетүсінігі, таным көкжиегі кеңейді. Діни сананың жаңғыруы арқасында бірте-бірте мұсылмандық дүниетанымның негізгі ұғымдары мен қағидаттары

мойындалып, рухани өмір мазмұны жағынан кемелдене бастады. Ислам діні адамдардың діни санасы мен ақыл-ойына зор әсерін тигізді. Мұсылман адамның жаңа бейнесі халықтың көңілінен шықты. Мұсылман адам өзінің өнегелі өмірі мен адамгершілікті қасиеті арқылы нағыз қоғамды біріктіруші күшке айналды.

Әділеттілік пен гуманизмнің адамзаттық идеяларының негізінде жаңа философиялық-этикалық жүйелерді жасаған түркі, ислам философиясының жарық жұлдызы, Аристотельден кейінгі Шығыстан шыққан Екінші Ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби түркілік-мұсылмандық рухани кеңістіктің ізгілікті келбетін жасады. Ғұламаның шығармашылығының дені қоғам мен адам мәселесіне арналған. Философиялық ойлары, дүниетүсінігі мен дүниетанымы этикалық мәселелерді қамтитын қомақты іргелі философиялық-этикалық жүйе болып табылады. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактаттарының негізгі идеялары адамның этикалық және басқа мінез-құлық ережелері туралы философиялық ой-толғаулардан тұрады. Әл-Фараби этикасының негізгі өзегі – бақыт категориясы. Этикалық ой-толғауларында адамды жан-жақты жетілдіру арқылы ізгілікті азаматтардан тұратын қайырымды қала, кемелденген қоғам құрып, жоғары бақытқа жету тетіктері тұжырымдалған. Қазіргі қазақстандық қоғамды рухани азықтандыру жолында бұл еңбектердің атқарып отырған рөлі орасан зор. Өйткені, қазіргі жаһандану үрдісі белең алып отырған шақта, адамзаттың алдында экологиялық, демографиялық ахауалдармен қоса адам құқығын тану, адамгершіліктік тұрғылар, құндылықтық мәселелер шығып отыраы хақ.

Әл-Фараби Платон мен Аристотельдің мінез-құлық мәселесі жөніндегі пікірлері туралы көзқарасын қарастыра отырып, жанның өнегелі қасиеттері жайында әңгіме қозғап, екеуінің арасында айырмашылықтары бар екендігіне тоқталады. Екі алып философтың адам мінезі жайлы ойларының арасында қайшылықтың жоқ екендігін атап көрсетеді. Аристотель, өзінің «Никомахия» кітабында, барлық өнегелі қасиеттер өзгеріп отырады және бұлардың барлығы адамның табиғатынан емес, яғни адам өзінің әдетінің, дағдысының арқасында бұлардың бірінен

екіншісіне өте алады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Әл-Фараби осы қасиеттердің игілікті, абзал, жетілгендігіне қарау керектігін айтып отыр. Сонда ғана біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады дейді [21, 55-56 бб.]. Адам мінезінің жақсы жаман болуын шама, мөлшер, тең орта деген өлшемдермен белгілейді. Әр нәрсенің шегінен шықпағанды жөн санайды. Осы шектен шықпау жайлы ойларын талдай келе, адамгершілік сапалар болып табылатын мінез-құлық нормаларына тоқталады. Ержүректілік жақсы адамшылық қасиетке жатады. Ойшылдың топшылауында қатерлі істердің тұсындағы шектен шыққан батылдық көзсіз батырлыққа соқтырса, батылдықтың жетіспеуі қорқақтыққа соқтырады. Бұл жерде де сабырмен, ақылмен тез шешім қабылдануы қажет. Энциклопедиялық ой иесі Фараби ережүрек болу аз, оны орынды жерде ақыл таразысына салу керектігін ескертеді. Көзсіз батырлық та, тәуекелге бару да, өзінді тежеп тоқтап қалу да ойшыл түсінігінде барлық істе байыштылық қажет.

Екінші ұстаз адам мінезінің жақсы немесе жаман болып қалыптасуын өнерді игерумен теңестіреді. Мысалы жазу өнеріне шебер жазғышқа тән әрекеттерді сол адамның орындап машықтануы арқылы жетеді. Сол қатарлы жомарттық сараңдық пен ысырапшылдықтың ортасын көрсететін шама.

Ал, Платонның кім өзінде мінездің бір қасиетін дамытса немесе жетілдірген болса, онда ол бұл әрекетімен оны өзінің жанында мықты бекіткен болады деген ойларын зерделей келе, табиғи қасиеттердің жойылуы мүмкін емес дегенді жоққа шығарады. Ортағасыр ойшылының адам мінез-құлқы жайлы ой-түйіндері ұлы Абайдың «Мен закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген идеясымен үндесіп жатыр [22]. Ұлылар арасындағы үндестік, сол идеялардың қайта жаңғыруы – адамды жетілдіріп, сол арқылы жетілген қоғам құру болып табылады. Олардың гуманизм идеяларына толы еңбектерінде адамның сұлулық пен бақытқа жету жолдары көрсетіледі. Сондықтан да, гуманист-ойшылдың жетілген тұлға мен қайырымды қала тұрғындары жайлы философиялық трактат-

тары бүгінгі күні де өзінің еліміздің рухани жаңғыруы аясындағы қоғамды жетілдіруде маңыздылы рөл атқарары сөзсіз.

Әл-Фараби бұл идеяларын тек қана үгіт-насихат түрінде айтып қана қойған жоқ. Өзінің өмір сүру дағдысымен іске асырды да. Ғұлама ғалым сарай маңындағы әбігершіліктен аулақ болуды артығырақ көріп, оқшауланып қарапайым тұрмыста күн кешеді. Ол тамаша жарқын ұсыныстарға қарамастан күніне бір дирхемге қанағаттанды. Өйткені бұл оған жинақы түрде жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Өзін осындай игіліктерден тежеп, тақуалы халде ғылым жолында аянбай еңбек етті. Адамдарға жарқын болашақ пен бақытты өмірге жетудің жолдарын көрсетуге ұмтылды.

Фараби бүкіл қоғамның және Аристотельдің этика жайлы ілімін ілгерілетіп жалғастырды. Әл-Фарабидің пайымдауынша этикалық адамгершіліктік ілімдердің өзегін әлеуметтік-саяси мұрат құрайды. Осы идеяларды ол мемлекеттің қайырымды қаласы мен ізгілікті азаматтарын қалыптастырушысы ретінде ұсынды. *Бақыт* – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Жетілушіліктің кез келгені адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі, күмән жоқ, адамның қалауы [23].

Этикалық категориялардың ішінен ойшыл бақыт ұғымын жан-жақты талдайды. *Бақыт* дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең жетілгені деп тұжырымдама жасайды. *Бақытқа* жеткен адам Әл-Фараби пайымдауынша осыны *қанағат* тұтуы керек. Мөлшер мен шама Фараби түсінігінде адамнан тәртіптілікті және өзін-өзі шектеуді білдіреді. Екінші Ұстаз іліміндегі *қанағатшылық* түркі жұртының негізгі ұстанымы болатын. Байлықтың соңына түсу, арманы соған жету, бұл әл-Фараби түсінігінде адасқан қала, қажеттілік қаласы, айырбас қаласы, қасиетсіз, баққұмар, үстемдікті басшылыққа алатын қалалар. Әл-Фарабиді толғандырған адамзат қоғамының кері кеткен надандықтары әлі күнге адамгершіліктің ілімінің көкейкесті мәселелері күйінде қалуда. Еліміздегі қазіргі әлеуметтік жағдайлардың басты белгілері, қоғам тұтастай қолдайтын ортақ мәндегі және біріктіруші идеялардың, құндылықтардың жоқтығынан күшейіп отырған әлеуметтік шиеленістіктің жоғары деңгейі деп білеміз. Осы құндылықтар

дағдарысынан шығуы, қоғамдағы ескі құндылықтарды қайта бағалап және жаңа құндылықтар жүйесін жасау, кезеңнің сын қатерлерін жеңу үшін жаңа тиімді тәсілдерін қалыптастырумен ғана мүмкін. Сондықтан өткеннің тарихи-мәдени дәстүрлерлеріне қайта оралу, санада гуманистік дүниетүсінік қалыптастыру қажеттілігі туындауда. Әлеуметтік өзгерістер толқынында адамға өзінің орны мен мәнін табуға мүмкіндік беретін осындай дүниетаным, сөзсіз құрылымдық бастама және маңызды құндылықтық бағдар болып табылады.

Әл-Фарабидің ізімен ортағасырлық философиялық ой Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білігі»), Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы»), Қожа Ахмет Йассауидің «Диуани Хихмет» («Даналық кітабы»), Ахмет Иүгінекидің «Хибат-ул Хақайк» («Ақиқат сыйы») тағы басқа да бізге әлі беймәлім болып отырған туындыларды қалдырды. Түркілік кезең туындыларында адам танымы мен іс-әрекеті жан-жақты зерттеу объектісіне айналды. Түркі ойшылдарының қазіргі кезде бізге белгілі болып отырған әдеби мұралары мазмұнынан олардың барлығы дерлік ислам мәдениеті мен өркениеті жетістіктерінен мол рухани нәр алған ғұламалар екендігін дәлелдейді.

Түркілік кезеңдегі ойшылдардың шығармашылығының дені этикалық-моральдік, адамгершілік мәселелеріне арналғандығын олардың бізге жеткен мұраларын талдап-тарқатсақ көзжеткізеріміз анық. Түркілік қайнарлар ұлттық шеңберден шығып жалпыадамзаттық категориялармен ой кешті. Адамзатты ізгілікке баулыды. XI ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын, аса ірі мемлекет қайраткері, философ-этик Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» 85 тарау, 6520 бәйіт және 124 қосымша бәйіттерден тұрады. Бұл шығарма түркі халықтарының тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық еңбек. Түркі династиясының аса бір гүлденген шақтарында Қараханидтер дәуірінде жазылды. Баласағұнның бұл еңбегі исламның үстемдік құрған дәуірінде жазылса да, автордың өмірге көзқарастарының философиялық мәні ашып көрсететін мол материал жинақталып тұжырымдалады. Жүсіп Баласағұнның гуманизм принциптеріне терең мән бере адамгершілік пен

имандылыққа, білімділік пен біліктілікке, әділдік пен еңбекке үндеген философиялық-этикалық еңбегінің маңызына көптеген зерттеушілер баса назар аударады. М. Орынбеков пайымдауынша: «Егер «Құтты білікті» этикалық тұрғыдан қарастырсақ, оның пәндік сұхбаттан айырмашылығы – мұнда қызмет етуші адамның қиналысы мен адамгершілігінен және парасаттылығынан бастау алатын ар-ождан басты нәрсе болып табылады. Этиканың онтологиядан және метафизикадан айырмашылығына өзі адамның қайғы-қасіретке тап болған жан дүниесіне бойлауында жатыр. Баласағұн сондықтан да көбінесе кедейліктің, қайғы-қасіреттің тауқыметін тартқан адамдардың жан айғайын тақырыпқа арқау еткен. Сондықтан да гносеология мен ғылымдағы орталық ұғым ретіндегі ақиқаттың орнын этикада қасірет иеленген» [24, 66 б.].

Қарахан әулеті билік құрған кезеңінде өзінің мемлекеттік ел басқару жүйесін нығайта бастайды. Елдің билік басында Қара-Бограхан отырды. Ол өзінің әділдігі, тазалығы, батырлығына қоса адамгершілікті қасиетімен және білімділігімен халық арасында зор беделге ие болған хан. Қарахан мемлекетінің осындай соғыссыз, бейбіт өмір сүрген кезеңінде рухани дербес шақтарында Ж. Баласағұн өзінің атақты шығармасын Қара-Бограханға тарту еткен. Еңбекті жоғары бағалаған хан Жүсіпті «Ұлы Хас Хажыб» – хан сарайының бас кеңесшісі, бас уәзірі етіп тағайындайды. Бұл лауазым қызметіне – мемлекет заңдары мен елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалау, сонымен қатар сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан әмір беру. Елшілерді қабылдау, оларды шығарып салу, ресми түрдегі жиындардың өтуін қадағалау. Сондай-ақ кедей адамдар мен жетім-жесірлердің арызын ханға жеткізумен айналысу жатады. Осы атқарған қызметінен-ақ Жүсіп Баласағұнның қайраткерлігі танылады. Зерттеушілер бұл шығарманың Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарғандығына тоқталады. Шығармада жетілген қоғам орнатудың әлеуметтік-этикалық мәселелерін дүниетанымдық тұрғыдан шешуге талпыныс жасалған. Өйткені бұл еңбекте мемлекеттегі жоғарыдан бастап төменге дейінгі әлеуметтік топтардың мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқығы мен міндеті қандай болуы қажет екендігі баяндалады. Ал-

дымен ел басқарушысының бойынан табылар қасиеттерге: ұшан-теңіз ақыл-парасат, түзу ниет, білімді, өнерлі, шешен, жомарт, кең пейілділік, жарқын жүзділік, кекшіл болмауды жатқызады. Ел билеушіге барынша жоғары талаптар қояды. Мемлекеттің гүлденуі мен халқының бақытқа кенелуі ел билеушінің өте зеректігі мен іскерлігіне байланысты деп топшылайды. Дастанда елбасының бойынан табылуы тиіс қасиеттерді:

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,
Бектің аты бар жаһанға тараса,
Күн-күн сайын құты артса тамаша.
Бектік үшін туған олар анадан,
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған.
Бектің ісі, тек бектердің еншісі –
Бектер ісін ұғар бекке тең кісі.
Бек хаалықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер.
Бек дегенің білікпенен берік тұр
Білік кетсе, бек қалады – желік құр [25, 215 б.].

Ел билеушінің этикалық-адамгершілікті тұғырлары: парасаттылық, ізгілік, қайырымдылық болуға тиіс. Ал мемлекеттің елшісі бойынан: көріктілік, зеректік, жат-жұрттықтардың тілдерін меңгерген шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы, түс жорып белетін, музыкаға бейімділікті талап етеді. Түркілік этикалық ойдың негізгі қарастырған мәселелерінің бірі «бақыт» туралы ұғым. Жүсіп пікірінше, «Кім бақытты? Жомарт бақытты, Мәрт бақытты, Басқаларға бақыт берген адамның өзіне де бақыт тиесі. Құлқы пәк, қылығы ізгі бектердің көрген күні де сүйінішті, рахымды. Жаратушы кімге ізгі құлық берсе, сол құлқымен жөн-жосық келер, сол құлқымен көгеріп, көктер. Бақ адамның құлқына бұйырар» [26, 180 б.]. Жүсіп пайымдауында адамға бақ, дәулет, құт оны қадірлей алмаса тұрақтамайды. Бақытты болсам, дәулетті болсам, құт қонса екен үйіме деп арамандамайтын адам жоқ. Бірақ бұл игіліктер этик-ойшылдың топшылауында қасиетті адамға қонады. «Кісіге екі дүниедегі пайдалы [нәрсе], ізгі іс немесе мінезі түзулік,

екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік, бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады, үшеуі біріксе сүйініш болды [де]...» [25, 107 б.].

Сондықтан жан тазалығы, ар тазалығы алдыңғы орынға шығуы тиіс. Ойшыл адамзаттың мәңгілік этикалық-философиялық мәселелері болып табылатын қанағат, ынсап, дүниеқұмарлық, ашкөздік, тойымсыздық қатарлы ұғым түсініктерге тоқталады. Ашкөзденбе, ұятты ойла, адал бол, Ашық айтып, әділ іске жарар бол! Мешкей тынып, сұғанақ көз, тояр ма? Ашкөзділер жаһанды жеп, тояр ма? Мемлекет қызметіндегі шенеуніктерді паракорлықтан ада болуға шақырады. Бүгінгі ашкөзік жайлаған қоғамда осы паракорлық өршіп, өз шегіне жеткендігін көрсетіп отыр.

Адамдардың мейрімділігі мен зұлымдығының табиғаты туа бітетіндігі және қалыптасатындығы жайлы Ж. Баласағұнның ой-толғауларында, шығыс перипатетиктерінің қоғамдық орта мен тәрбиенің адам мінезін өзгертетіні туралы әлеуметтік тұрғыдағы дәлелдері мен алдын-ала анықталады дейтін діни идея жатқандығы байқалады. Алайда Жүсіп Хас Хаджибтің этикалық тұжырымдамасының философиялық мәні мен мағынасы: жақсы адамның аты – мәңгі өлмей артында қалдырған шапағаты, оған деген құрмет деген даналықпен астасып жатыр. Түркі ойшылының қазір де ұрпақтарының рухани жетілуіне атсалысып жатқандығын, артына өшпес мұра қалдырған ғажайып дастаны оның атын мәңгілік етті.

XI ғасырдағы түркілік әдебиеттің үлгісін жасаған ірі ғалым, лингвист, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, географ М. Қашқари түркі халықтарының рухани мұрасының ұлы ескерткішін жасады. Махмут Қашқаридің «Диуан-и лұғат-ат-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты энциклопедиялық еңбегінде өз ана тіліне деген махаббатын паш еткен түркі халықтарының бағзы замандардан көрген-білгендерін баяндайтын бәйіт-жырлары мен қайғылы және қуанышты күндерінде айтатын терең мағыналы мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірді. М. Қашғаридың дүниетанымы бойынша ислам құндылықтары арқылы өмір салтын бір үлгіге салу көзделеді. XI ғасырдың ұлы түркітанушысы өзінің өмір сүрген тұсында Шығыс Түркістан мен Орта Азияда түркі және

иран тілдері қатар өмір сүргендігін, қос тілді орта орныққанын баян етеді. Бұл еңбекте түркілердің дүниетанымы, дүниетүсінігі, өмірлік қағидаттары мен адамгершілік-этикалық құндылықтары жөнінде кеңінен мағлұматтар берілген. Қазақ халқының түркілік кезеңінде жазылған туындыда діни ұғым түсініктер көбінесе түрікше терминдермен беріледі. Алла – Тәңір, Алланың сипатын «уған», «Байан» («құдіретті») деген мағынада айтады. Бірақ философияның мәңгілік мәселесінің бірі Адам табиғаты, мәні неде деген сұраққа, адамның рухани кемелденуімен жауап береді.

Ол өзінің атақты еңбегін келесідей сөздермен бастаған: «Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды «түрік» деп атады. Әрі оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды, әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады. ... Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие» [27, 30 б.]. Бұл айтылған ойлардан атақты ғұлама ғалымның халқына деген шексіз махаббаты, әрі өзі көз жеткізіп, ұзақ зерделенген ақиқат деп білеміз. Ортағасырлардағы түркі халықтары жайлы өзінің пайымдаулары арқылы тарихта өшпес мұра қалдырды.

«Диуани лұғат ат-түрік» ХІ ғасырдағы түрік тайпаларының өмірі, олардың мәдениеті, тұрмысы, этнонимі мен топонимі, руға бөлінуі, туыстық терминдері, түрлі қызмет дәрежесіне сай аттары, ас ішу мәзірі, қалалар мен ауылдар жайлы, әскери, спорттық және әкімшілік терминологиясы, діни және этикалық ұғымдары, балалар ойындары және т.б. жайында ақпарат беретін маңызды дереккөз болып табылады [28]. Сөздікте сондай-ақ ежелгі түркілердің философиялық-этикалық ой-пікірлері ашылған. Сол кездергі қоғамның моральдық бет-бейнесі қарастырылып, этикалық ұғымдар жүйесі талданған. Әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік жайлы ғалымның жан-жақты ой-түйіндері жақсылық, қайырымдылық,

теңдік, достық, әділеттілік, бауырмашылдық, құрметтеушілік ұғымдары арқылы мағынасы дәйектелген. Махмұт Қашқаридің ойынша ең жоғарға құндылық – адамның өзі. Сондықтан да адамаралық адамгершілікті қатынастарды қатыгездікке жол бермей, ізгілікті қатынастарға үндейді. Өзара келісім мен мәмледе болуды қалаған ізгі ниетті зерттеуші-ғалым қоғамдағы кез-келген түйткілді мәселелерді бейбіт жолмен, қантөгіссіз шешуге ұсыныстар жасаған. Ал өмір жайлы толғаныстарында адал еңбек пен жоғары адамгершілік мұраттар өмірді мәнді етеді деп түсінеді. Осы дүниедегі үлгілі істері арқылы адам өз атын мәңгіге қалдырады деген ойлары түркі ойшылдары пікірлерімен астасып жатыр.

Түркі тілінің сөздігін жасаған энциклопедист-ғалымның сөйлеу мәдениеті туралы мәселеде ойды жинақы сөзбен жеткізуді жөн санайды. Әрқашан адам жақсы сөйлеуге әдеттенгені жақсы, өйткені жылы сөз жүрекке тез ұялайды. Сөз саптаудан адамның сыпайлығы, білімділігі көрінеді. Этикада басты ұғымдар қатарын түзейтін жақсылық пен жамандық туралы мәселеде, жамендыктан жирендіреді. Адамға жасаған жамандық өз алдыңнан шығатынан көз жеткізген ойшыл, тек жақсылық жасауға асық деп тұжырым жасайған. Қазақтың «Таспен атқанды, аспен ат» деген сөзін, түркі ойшылы сөздігіндегі «Су бермегенге, сүт бер» [28, 49 б.] мақалмен үндестігі көрсеткендей жамандыққа да жақсылықпен жауап беруге үндеген ойлары жаңа заман талаптарымен туындаса керек.

Махмұт Қашқари білім бақытты болудың шарты, бірақ оны игеру жолының қиын да ұзақ екендігіне де тоқталады.

Парасатпен жалықпастан үйренсең зор білімді,
Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырынды.
Білімдінің қасына бар күнде, балам, ерінбей,
Төмен тұрып үйрен толық тәкаппар боп көрінбей....
Махаббаттың мейіріне нәзік жаның иеді,
Оның ыстық теңізіне бойың балқып күйеді.
Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді [29, 43, 55 бб.]

Өз өмірнің мәніне айналған білім жинаудағы басты ұстаным ерінбей, жалықпай ғылымды игеруді уағыздайды.

XII ғасырдағы Қарахан мемлекетінің саяси-қоғамдық философиясының моральдық-адамгершілік қағидаларын, түркі тілінің байлығын, әдет-ғұрыптарын поэтикалық түрде жырлаған ғұлама-ақын Ахмет Иүгінекидің өзіндік ерекше орны бар. Түркілік-мұсылмандық философиялық ой дамуы кезеңінің ірі ойшылдары қатарынан табылатын Ахмет Иүгекіден қалған мұралардан әзірше бізге белгілі болып отырғаны «хибат-ул-хақайиқ» («Ақиқат сыйы») атты шығармасы. Дастан түркі тілінде жазылған. Бұл исламның іргелі қағидаларына сүйенген сопылық ілімінің ықпалымен туындағын діни-философиялық еңбек. Жәдігер өз заманының көкейтесті мәселелерін: адам парасаттылығы, білімнің орнын, адам бойынан табылуы тиіс адамгершілікті қасиеттерден ең бастысы қарапайым, кішіпейіл, сабырлы болуды, әдебеппен сөйлеуді этикалық-дидактикалық сарында көркем түрде жырлаған туынды. Түркілер сөз қадірін, өз қадірім деп ұққан, орынсыз сөйлемеген. Тіптен айтар ойларын ым, тұспал, ишара арқылы білдірген сұңғыла халық. Дастанда сөз саптаудың өзі:

Білімдіден қалған бір сөз тағы бар:

Әдептіге «үндемес» ат тағылар, – деген сөзбен басталуының өзі бүтін бір халықтың этикасынан хабар беріп тұр. Ортағасыр ойшылының әу дегенінен-ақ ой тереңдігі, қозғайын деген мәселесі астарлы түрде берілген [30, 74 б.]. Ахмет Иүгенки мораль мәселелері жайлы ойларын нақты нұсқаулар арқылы былай деп өрнектейді:

Бақ тілінді, аздап сөйле, мұра – сол

Сонда аман-сау, тек жүресің, рас – ол.

«Адамды отқа күйдіретін тіл екен,

Өзінді оттан сақта» – деген Расул [30, 74 б.].

Әдиб Ахмет Мұхаммед пайғамбардың Хадистерінен тілге байланысты тыйымдарды өз бәйіттерінде шебер қолданады. Адам өзінің айтқан сөздеріне тек қана бұл дүниеде ғана жауап бермейді, о дүниеде де сұралатындығын ескертеді. Өз өсиеттерінде ойшыл аз сөзді асылға балайды. Көп сөзділікті мылжындыққа теңеген. Ахмет Иүгінекидің кітабында:

Екі нәрсе бір адамға келсе егер,
Жақсылық жоқ, жамандыққа жол шегер;
Оның бірі – керексіз сөз, ауан сөз,
Екіншісі – жалған айтқан сөз бекер [30, 74 б.].

Өтірік айтып жалған сөйлейтіндерден аулақ жүрген абзал деген этик-акын тура жолмен, шыншылдықпен өмір сүруге шақырады. Түркі бабалар бойынан табылар осы қасиет олардың ұрпақтары қазақтардың мінез-құлқынан да көрініс бергенін Д. Кішібековтің ойлары дәлелдей түседі. Әрине қазақ халқы сөзшен екені белгілі. Бірақ бұл оның мылжындығы емес. Қазақ сөйлегенде әр сөзге мән беріп, ойлап сөйлеген. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болу керек» деп түсінген, әйтпесе сөз мылжынға айналады. ... қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа тез жауап қайтармаған. Түсінбеген, естімеген адамдай үнсіз қала берген. Сырын білмейтін адам оның бұл мінезін естімеді, тыңдамады деп те ойлаған. Шынында олай емес. Әрбір айтылған сөзді талдап, пайымдап барып жауап қайтаратын болған [31, 81 б.].

Түркілік мәдени-әлеуметтік кеңістікте сөз саптау мәдениеті ежелден қалыптасқан. Олар айтар ойын қысқа да нұсқа жеткізе білді. Адамның әдептілігі мен инабаттылығы адамаралық қатынастарда сақталатын этикет. Әдеп терминінің өзі Т. Ғабитовтың пікірінше түркі халықтарының тіліне араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген. Этиканың зерттеу нысаны «әдеп» бірнеше мағынада қолданылады. Әдеп – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіретін ұғым. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отырған [1, 154 б.]. Әдептіліктің басты шартын Ахмет Иүгінеки алдымен тілді дұрыс пайдалану дегенге меңзейді. Түркілік ортада тіл өте жоғары реттеушілік рөлге ие. Түркілерде адамшылықтың, мәдениеттіліктің парқы сарандық пен жомарттықтың, қатыгездік пен қайырымдылықтың, ашулану мен сабырлық сақтаудың арасалмағын айқындауға арналады. Осы жұп категориялардың ішкі байланысын Ахмет Иүгінеки этикалық-

философиялық жүйелер арқылы ашып көрсетуге талпынады. Әсіресе, жұп категориялар: жақсылық пен жамандық, инабаттылық пен әдепсіздік, шынайылық пен екіжүзділік арасындағы қарама-қарсылықтар күресі адам санасында болатын мәңгілік үдерістер. Ғұлама осы қайшылықтардың түпкі шешімін тұлғалық жетілуден іздейді.

Адамның жетілуі данағөйдің пайымдауында, білім үйренумен тікелей байланысты. Білімді ерінбей-жалықпай үйрену арқылы игереді. Білім – инемен құдық қазғандай дейді халық арасында. Білімсіз адамды тірі жүргенімен «өлікке» теңеген ақын, білімдіні өзі өлсе де аты өлмейді деп айшықтайды. Білімнің адамды жетілдіруде, өзін-өзі тануында, ішкі әлеміне үңілуіне, кемелденуіне тигізер пайдасы зор. Адамды бақытқа жеткізетін жол білім арқылы ашылады деген Ахмет Әдиб, білімді адамды – азамат десе, білімсізді – езге теңейді. Адам білімімен ерекшеленеді, жетіледі, Тұлға дәрежесіне көтеріледі. Адамдықтың басты белгілерінің бірі білімділікте болса керек. Бақытқа жетудің де жолы білімде деп ұққан ақын, білімді үйрену үшін адамда бірішіден құнттылық қажет екендігін ескертеді. Ахмет Иүгінекидің жастарды білім жолына үндеуі, Абайдың «болмасанда ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз, ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» – деген өсиетімен үндестік тапты [32 41 б.].

Түркілік рухани өмір өзінің айрықша бауырмашылдығымен, ағайынгершілігімен, ұстанған салт-дәстүрлерімен ерекшеленді. Этик-философтың бұ дүние керуен сарайды – деп жырлаған жолдардан өмірдің өткіншілігі туралы ойлары анық байқалады. Мына дүниенің қызылды-жасылды байлығына елігіп жүргенде өмір өтіп кететді. Ал өмірдің мәні не деген сауалға, «сыйластық» деп түйіндейді. Философ пайымдауында бай болу да, кедей болу да Алланың ісі. Бұл көзқарас оны ислам дінінің өкілі екендігін білдіреді.

Адамдар арасын жарастырушы да, жақындастырушы да көпірлердің бірі жомарттық. Жомарттық құлықтылық өлшемі ғана емес, адамның имандылығын, адамгершілігін білдіреді:

Мал жиып бакыл ашкөз дірілдеген,
Күні жоқ бірін ішіп, бірін жеген,

Досына тірісінде дәм татырмай –

Өлген соң жаулары жеп дүрілдеген [30, 78 б.].

Ал мейірімділік пен жомарттық бірлессе сараңдыққа орын қалмайды. Ойшыл абыройға, атақ, мәртебеге мейірімді, қайырымды жебеушілер лайықты деп тұжырымдайды. Оларда ең бастысы жүрек жылуы бар. Құндылықтар өлшемі адамдардың материалдық байлығының мөлшеріне қарай ауысып бара жатқан қазіргі кезеңде данагөй-этик ғибратты ойларының маңызы зор.

Ахмет Иүгінекидің ойынша бұл рухани құлдырау дінсіздіктің салдары. Ахмет Иүгінекидің поэтикалық сарындағы адамгершіліктік тұрғыдағы ойлары әйгілі әл-Фарабидің бақытқа жету тұжырымдарымен үндесіп жатыр. Діни-философ: «Кісіге жапа қылған сен опа қыл» – десе, қазақ даналығында: «Таспен атқанды, аспен ат» – деп те айтады. Бұл жерде адамға төзімділік қажет.

Зерттеушілер ойшылды өз кезеңінің ағартушылық философиясының өкілі деген топшылаулар жасайды. Ахмет Иүгінекидің әрбір сөзінен мақал тудыруға болады. Ортағасырлық әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі моральдық-этикалық парадигмаларды үнемі жаңғыртып отыру қажеттілігі бүгінгі таңдағы ұлттық келбетті, ұлттық болмыс пен мәдени төлтумалықты сақтаудың кепілі. Қоғамның моральдық азғындалуына әр адам өзін жетілдіруі арқылы, ізгілікті қасиеттерді сіңіру арқылы қарсы тұра алады. Көпэтносты, көпконфессионалды, алуан тілді Қазақстанда руханилық пен этикалық-моральдық тұғырларды зерттеу жас ұрпақ бойына сіңіру, насихаттау ол уақыт талабы. Сондықтан заманауи рухани кеңістікте білімді, қағлез болу аз, тәрбиелі, ізгілікті болу парыз.

Әдебиеттер

1 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.

2 Нысанбаев Ә., Аюпов Н. Түркі фәлсафасы жайында // «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 20-том. «Қазіргі түркі философиясы». – Алматы: «Жазушы», 2009. – 512 б.

3 Үмбетаев М. Пірім менің – Сүйінбай. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 144 б.

4 Ысқақов Б. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2014. – 304 б.

5 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім 478 б.

6 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы. 1990. – 328 б.

7 Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы. 2-том. Өлеңдері мен поэмалары. Құраст. – Л. Әсімжанқызы, О. Асқар. – Алматы: Жалын баспасы, ЖШС, 2001. – 320 б.

8 Нысанбаев Ә., Аюпов Н. Түркі фәлсафасы жайында // «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 20-том. «Қазіргі түркі философиясы». – Алматы: «Жазушы», 2009. – 512 б.

9 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.

10 Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 368 с.

11 Қасабеков А., Жакыпов А. Қазақ философиясы оқу құралы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1996. – 184 б.

12 Өгел Б. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1 т. – Алматы: ТОО «ХАНТ», 1996. – 368 б.

13 Қоңыратбаев Ә. Шығармалары. Екі томдық. – Алматы: Фолиант, 2008. Том 2. Тотынама. Көркем аудармалар. – 480 б.

14 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.

15 Қасқабасов С.А. Ажалмен айқасқан адам. Қорқыт туралы аңыздың көне мифологиялық семантикасы // Жұлдыз. – 1989. – № 8. – 22-23 бб.

16 Қазақ философиясының тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір/ З.К. Шәукенова мен С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен.– Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 396 б.

17 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана, 2002. – 832 б.

18 Ақатай С.Н. Сырты күміс, іші алты: мәдени-этникалық мақалалар. *Қайта басылған.* Алматы, 2011. – 404 б., 12 ж.б.

19 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.

20 Ш.Ш. Уәлиханов Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1961, I том, 777 б.

21 Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық, 3-том. 2005. – Астана: Аударма, – 496 б.

22 Абай. Қара сөз. Поэмалар. 1993. – Алматы: Ел, – 78 б.

23 Бақыт туралы кітап: Таңдамалы трактаттар / Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: RS, Халықаралық Абай клубы, 2015. – 836 б.

24 Орынбеков М. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар. Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.) Алматы: Ғылым. 1995. – 160 б.

25 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

26 Егеубаев А. Жүсіп Баласағұн. – Алматы: Арда, 2005. – 311 б.

27 Қашқари Махмұт. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы:» Сөздік-словарь», 2006. – 376 б.

28 Кононов А.Н. Махмуд Кашгари и его «Диван лугат ат-тюрк» // Советская тюркология. – 1972. – № 1. С.12.

29 Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ат түрік). – Алматы, 1993. – 345 б.

30 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.

31 Кішібеков Д.К. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999, 400 б.

32 Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – 1986. Т. I. Өлеңдер мен поэмалар. – 304 б.

1.2 Қожа Ахмет Ясауи этикалық идеялары – ұлттық этиканың бастауы

Қазақ философиясының тарихы тұрғысынан Қ.А. Ясауи рухани мұрасын зерделеуде, оның этикалық қырларын бағамдап танудың практикалық маңызы бар. Өйткені, Қ.А. Ясауи хикметтерінің негізгі идеялары жоғары моральдық-этикалық құндылықтарға негізделуімен қатар, елдіктің сынға түсер әрбір шешуші сәтінде жаңа сапада бой көрсетіп, өзектілігі артып отыратын өміршеңдікке ие. Қожа Ахмет Ясауи мұралаған рухани ілімі мен мәдени дәстүрді негізгі қайнарын Құрани кәрім және Мұхаммед пайғамбар сүннет жолынан бастау алған және дала өркениетінің аясында дамыған түркі-мұсылмандық сопылық мектебінің жемісі деген ғылыми көзқарас қалыптасқан. Осылай пайымдау, Ясауи ілімінің жалпы адамзаттық рухани дәстүр ауқымындағы, сондай-ақ ислам мәдениетіндегі орны мен өзіндік

төлтума ерекшелігін бағамдауға мүмкіндік береді. Қожа Ахмет Ясауи этикалық идеяларының қазақ ұлттық этикасының қайнар көзі ретіндегі маңызы мен мәнін ашудың өзектілігі зор. Қазақ этикасын қалыптасқан ұлттық әдеп жүйесін зерттейтін философиялық пән тұрғысынан қарастырсақ, бұл ұғымның бүгінгі қазақ қоғамдық-гуманитарлық ғылымында «ақылақ», «мораль», «адамгершілік» ұғымдарымен қатар, ұласа қолданылып жүргенін және оларға әртүрлі анықтамалар берілетінін білеміз. «Этика» термині ежелгі грек тілінде «бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» дегенді білдіреді, кейін әдеп туралы ілім мағынасына ие болды» [1, 429 б.]

Яғни, этика – бірлесіп өмір сүруге топтасқан қауымның адамгершілікке және қоғамдық, қарым-қатынасын реттейтін, бірлесе тіршілік жасау тәжірибесіне құрылған ортақ өмір салты мен құқықтық кеңістігі деп түсінуге болады. Осы тәртіп жүйесінің заңдық, құқықтық тұрғыдан негізделіп, реттелуі күнделікті тіршіліктің қажеттілігі болып үнемі жүзеге асып отырады және бұл оның сыртқы көрінісі. Ал, адамдардың ар-ожданы мен жүрегіне жол тауып орнығатын, уақыт пен мекен кеңістігін ізгілікке ұмтылатын бақилық мәнді мұрат ауқымымен еңсеретін және рухани құндылықтар жүйесін қалыптайтын этикалық ұстындарды рухани мұралардан бағамдаймыз.

«Ізгілік», «ізгілікке ұмтылу» ретінде анықталатын этиканың басты сипаты теориялық тұрғыда Аристотель тарапынан айқындалған. «Ізгілік жанда болғанымен жан үшін әрекет те, ізгілікті қолдану да маңызды, жанның мақсаты осы әрекет пен пайдалану. Бақыт деген ізгілікке сай өмір сүру. Сонымен бақыт – ең басты ізгілік болғасын және ол – мұрат болғасын, мұрат әрекет арқылы жүзеге асатын болғасын, ізгілікті өмір сүре отырып, біз бақытты және басты игілікке ие бола аламыз» [2, 254-255 б.]. Этиканың адам жанын ізгілендіру, жақсылыққа баулу, әдептілік тәрбиесін сіңіру, тұрғысында практикалық қызметі бой көрсетсе, діни-шариғи (яғни құқықтық), діни рухани, әдеби мұралар, салт-дәстүр арқылы әдеп жүйесін қалыптайтын ақлақтық теориялық қызметі жүзеге асады.

Сопы ғұламалардың Алла мен адам арасындағы рухани байланысты күшейту, сүйіспеншілікті арттырып, дидар талапты мақсат

ету, жүректі тазалық құралына айналдырып, ар тазалығына жету, нәпсіні жүгендеп, рухты өсіру мақсаттарына қол жеткізу үшін жасаған практикалық психотехникалық әдістері мен теориялық негіздемелері ислам ақлағының, яғни этикасының практикалық һәм теориялық тұрғыдан қалыптасуына зор ықпалын тигізген.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы терең сырлы құрмет пен сенімге, махаббатқа құрылған байланыс, адамның жаны мен тәнінің үйлесімін әлем әмбебаптығымен негіздеп тану, білген іліміңе сай амал жасау, ниетті түзетіп, амалды сәйкестендіру, сөз бен істің арасындағы, қал мен хәлдің арасындағы бірлікке жетуді көздеу сопылық әдептің негіздерін құрады. Осындай дегдарлық этикадан тұратын сопылық өкілдері әзелден, екі дүниелік бақытты, рухани еркіндікті, Хаққа сүйіспеншілікті қалады. Көптеген сопы ойшылдары осы ұстындарды ілгері дамытып, доктриналық-философиялық мәнге көтерді. Сопылықтағы аскеттік ұстанымдар, рухани психотехникалық тәжірибелер уақыт өте келе интеллектуалдық танымдық сатыға көтеріліп, дамыды. Сопылық тарихында Алла, әлем және адам туралы жүйелі доктриналары бар маңызды әдебиет қоры жинақталды. Алайда кәлам ғылымы Алла, әлем және адам ретінде тізбектелген болмыс түрлерін Алланың «Бар және Бір» екендігін дәлелдеу логикасымен топтастырса, ал сопылық, Алланың болмысын, оның Бар екендігін (мағшук) Алланың махаббатына жету, осы арқылы Хақты тану идеалымен ауыстырды.

Ал, адам бойындағы қайырымдылық пен зұлымдықтың, жомарттық пен сарандықтың, ерлік пен ездіктің, қанағат пен тойымсыздықтың, сабырлылық пен төзімсіздіктің қайнаркөздері мен табиғатын, қайшылықтары мен ымыраласар орта шамасын зерделеудің қажеттілігі де бар. Бұл пайымдау этиканың негізін құрап, теориялық толғаныстарға өзек болған. Қазақ философиясы тарихындағы этиканың теориялық негізі нақтылы рационалды тұжырымдамалармен баяндау қалпында болмаса да жазба және ауызша мұраларда, тарихи жәдігерлерде рәміздік астарлы қалыпта, обазды бейнелі тілде таңбаланып, мәдени қабаттарда, сананың архетиптік қатпарларында орын алған. Қазақ дүниетанымында этиканың практикалық тағылымдық мән-мазмұны осын-

дай төлтума табиғи қалпында, мол ұлттық рухани мұрасында толыққанды қалыптасып, ұлттық салт-сананы мағынауи байытатын аксиологиялық қызметін жан-жақты атқарып келген. Және өзінің сабақтастығын түркілік кезеңнен, тіптен бағзы замандардан тартып, қазақ рухани әлеміндегі өзіндік таңбасын қалдырған. Осы этикалық тағылым бүгінгі қазақ философиясы тарихының өзекті тақырыбына айналып отыр.

Діни ілімнің қоғамда атқарып келген қызметі қоғам тұрақтылығын қамтамасыз ету болса, рухани мәні – адам жанының қажеттілігін іздеу нәтижесінде рухани кемелдіке жетуіне бағдар беру. Рухани кемелденудің алғышартының бірі – жан тазалығына қол жеткізу болғандықтан, кемшілікті өзгеден іздемей, өз бойыңнан тауып, өзіңе сын көзбен қарау алдыңғы орынға шығады. Демек, қоғамды яки, адамды түзетемін деумен өз мініңді ұмыт қалдырмай, өз дертіңе дәру іздеу, «өз бойыңдағы тікенді ауыртсаң да өзің жұлуың» – өзгенің бойыңдағы кемшілікке кешіріммен қарауға әкеледі. Өз бойыңда қате-кемшілікті танып білу мен жөндеудің қиындығын түсінгенде ғана өзгенің қатесіне түсіністікпен қарау, жанашырлық, сүйіспеншілік сезімі пайда болады. Бұл ұстаным діннің басты этика-гносеологиялық қағидаларының бірі. Себебі, «өзінді өзің таны» тезасының ақылақтық ұстаныммен ұштаса отырып, адамды рухани-адамгершілік кемелденуге бағыттауы тазарудан, арылудан басталады.

Дінтану ғылымында «Діннің реттеушілік функциясын – белгілі бір идеялардың, құндылықтардың, көзқарастардың, стереотиптердің, әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің, институттардың көмегімен жеке тұлғалардың, топтардың, қауымдастықтардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасын, санасы мен мінез-құлқын басқару» [3, 65 б.] деп қарастыратыны белгілі. Демек, діннің осы реттеушілік қызметін оң ниетпен бағыттап білу қоғамды тұрақтылыққа әкелуге тиісті. Алайда, дінді идеологиялық құралға айналдырып, теріс пиғылдарына сай қоғамда үрей тудыруға бейілді, іріткі салу арқылы адам санасына ықпалын күшейтуге, өз көзқарастарын таңуға мүдделі топтардың бүгінгі таңда көбейіп отырғаны жасырын емес. Олар көпті тобырлық күшке айналдырып, басқаруға ниетті. Бұл ниетті жүзеге асырудағы негізгі оңтай

– адамды өз мінін көрместей көр соқыр сенімнің құлына айналдырып, күнә кемшілікті өзгеден ғана іздеуге баулу. Сондықтан да, өз бойындағы мінді көрмей, өзгенің қателік кемшілігін көруге, оны діни өлшемдермен безбендеуге бейім адамның, түбінде дінді теріс мүдделерге пайдаланатын жат пиғылды топтардың жетегіне ілесу ықтималдығы жоғары. Оған керісінше, қоғамда бар дертті өзгенің бойынан ғана көрмей, өз бойынан да тауып, одан арылуға ұмтылған адамның әрекеті жалпы қоғамның да сауығуына әкелері анық. Қоғамдағы, өмірдегі келеңсіздіктерге себепкерді сырттан іздеп, оны жау тұту, адамның өз кемшіліктерін көруіне бөгет болады.

Дінді теріс идеологиялық құралға айналдыруда осы – жау бейнесін жасау арқылы қоғамды жіктеу, адамдарды өзара ымырасыздыққа итермелеу әдісі қолданылады. Демек, діннің реттеушілік қызметін оң ниетпен пайдаланумен қатар, теріс пиғылда қолдану мүмкіндігі де бүгінгі күннің шындығына айналды. Ал, бүгінде жаһандану үдерістерімен ұштаса келген, ақпараттық майданның өршіп тұрғаны құпия емес. Бұл ақпараттық соғыстың көздер нысанасы адамның жан дүниесін, жүрек қазынасын, иман байлығын тонап, саудаға салу екендігінің дәлелін күнделікті өмірден де, соғыс ошақтарындағы қайғы-қасіреттен де көріп отырмыз. Ал, осы қауіптің алдын-алу немесе қарсы тұрудың бірден-бір жолы бұл – діннің рухани мәнін танып білу арқылы және адам ой-санасының дертінен сақтайтын антивирусты немесе ішкі қорғаныс қабілетін күшейту болып табылады. Демек, дінді идеологиялық құрал демей, адамның Хаққа жақындау жолындағы ынтық сезімі қанаттандырып, ыстық ықласын бағыттап, шын мәніндегі ышық сезім кемел махаббатқа айналдыратын қасиетті ілім деп білген рухани тұлғалардың үлгісі нағыз этикалық ғибрат. Адамның жан дүниесінің тепе-теңдігін, ішкі үйлесімі ме тұрақтылығын қалыптастыратын және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін, тыныштық пен бірлікке әкелетін қуат көзін Ясауидің этикалық идеяларынан табамыз.

Ясауи мұрасының басты сипаты – оның әмбебаптығымен көрінсе, бұл әмбебаптық – Ясауи қалыптастырған этикалық ілім жүйесінің адам жанының жебеушісі бола алатындай қай заманның

қауіп қатеріне болсын қарсы тұрар қасиетімен анықталады. Рухани, мәдени мұраларды тарихи салыстырмалы тұрғыдан зерттеу арқылы, қазақ қоғамының тарихи-өркениеттік дамуындағы рухани дәстүрдің сабақтастығын және Ясауи қалыптастырған этикалық құндылықтардың қоғамды тұтастырушылық орнын анық бағамдауға болады.

Бастауында Қ.А. Ясауи тұрған түркілік сопылық мектеп, «Иман – шарифат, мәні – тариқат» деген қағидаға сай, Пайғамбар үлгісін негізгі танымдық- құндылықтық, этикалық өлшем ретінде ұстанып, Алла Тағаланы оның аяттары мен сипаттары арқылы зерделейді. Дәруіш – танымдық жолдағы ариф – ол «Шарифаттың» шапанын киіп, «Тариқаттың» пырағын тізгіндеп, «Марифаттың» тереңіне бойлауды, «Ақиқаттың» дүр-жауһарын, яғни, діннің ішкі мәні – саф ілімді иеленуді мақсат етеді. Демек, сопылық тәжірибе бұл – діни, рухани, этикалық тәжірибе. Ол мұсылмандық қағидаларын бекем ұстана тұрып, оны өзінің және қоғам өмірінде жүзеге асыратын рухани-танымдық, этикалық-дегдарлық, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік кемелденуі жолындағы тәжірибесі. Өрекеттің әдетке, әдеттің әдепке, әдептің тағдырға айналуына байланысты ертеден келе жатқан даналық тәмсіл бар. Көрнекті шығыс ғұламасы Мәуленә Жәлеладдин Руми былай дейді: «Әдеп Құдай нұрынан берілген бір тәж екен. Сол тәжді киіп, бар бәледен аман бол!.. «Кімде-кім әдептен нәсібін алмаған болса, ол адам емес. Өйткені, адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық, ол – әдеп. Көзінді ашып, Алланың кітабы Құран Кәрімге абайлап қара! Оның аяты әдеп екендігін көресің» [4, 102 б.].

Ясауидің хәл ілімінің рухани жалғастығын ар ілімі деп аталған ар-ожданды сауықтыру үлгісімен жалғастырған Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Сөзінді түзе – әдетіңе айналады, Әдетің – мінезіңе айналады. Мінезің – сенің тағдырың» – деген сөзі бар. Рухани адамгершілік кемелдену жолындағы рухани тәжірибе ретінде қарастырсақ сопылық – сананың қас-қақпайтын сергектігін сақтап, үнемі қорқыныш пен үміттің ортасындағы ыстық махаббатпен, жаңылмас тәубе-тауфиқпен, тынбастан Алла жадын зікір етумен, риясыз құлшылық-ғибадатпен, жоққа қанағатпен, қиыншылыққа сабырмен ғұмыр кешудің, яғни, ақлақтық-этикалық дамудың үлгісі.

Әдептілік – тәрбие арқылы қалыптасқан, қоғамдық қатынастағы ынсап шегінен шықпаумен, өзгемен санасумен, өз намысын қорғау, өзгенің намысын құрметтеумен, сыпайылықпен, кішіпейілдікпен сипатталатын адам бойындағы қасиет. Діни танымда әдеп – көркем мінез сонымен, қатар тәрбиеге сай ұстаным мағынасында қолданылады. Ислам іліміндегі әдеп діннің ажырамас бөлігі және ақлақтың бір көрінісі. Ақлақ та діни сенім негіздері, ғибадат сияқты Ислам ілімінің негізгі ұстанымының бірі. Этиканы іштей теориялық және практикалық этика деп бөліп зерттейтіні белгілі. Осы тұрғыдан Ясауи этикасын практикалық деп қарастыруға болады. Этика сөзінің мағынасын беретін балама ұғым ретінде Исламдағы «Ақлақ» сөзін де қолданамыз. Бұл жаратылыс мағынасын беретін «халқ» түбірінен шыққан хулық сөзінің көпше түрі. Адамның табиғатында бар және тәрбие жолымен жетілдірген рухани жағыдайының көркем мінез, нәзік сезімталдық, жомарттық, тақуалық, дегдарлық, сияқты ізгілікті қасиеттермен көрініс беруін «ақлақ» деп атасaq болады. Көрнекті тасауф ғұламасы имам әл-Ғазали әдеп жайлы: «Көркем мінез – елшілер мырзасының сипаты, шыншылдар амалдарының абзалы, тақуалардың тер төккен еңбектерінің жемісі, Аллаға құлшылық қылған пенделердің ризалығы. Дәлірек айтқанда, жақсы мінез – діннің бөлігі» [4, 55 б.] деп түсіндірген

Адамның рухани-интеллектуалдық кемелденуін мұрат еткен жалпы сопылыққа тән басты ұстаным, бұл – исламдық шарифат шартарын бұлжытпай ұстанумен, сонымен қатар, арифтың танымдық мүмкіндіктерін ислами аксиологиялық-құндылықтық жүйесі мен этикалық ғибраттану аясында жүзеге асыруымен ерекшеленеді. Түркілік сопылық мектептің Ясауи қалыптастырған, далалық демократияға, көшпенді тұрмыс салтына, дүниетанымына сай өзіндік төлтума табиғаты бар. Тассауф ілімнің орталық өзегін құрайтын тақырыбы адам десек, сол адам мәселесі Құранда кеңінен қамтылған. Адамның өскелең рухқа, иман қазынасына ие болуы, сол рухын өсіріп, иманын сақтап байыту үшін оған ақыл, ой-сана берілуі – оның жауапкершілігі зор жаратылыс екендігін және осы жауапкершілік оның ақлақтық-этикалық тағайындылығын айқындайды. Хикметтерде әрдайым адамды ізгілікке ұмтылуға, терең ойлауға, танымдық ізденіске,

тазалыққа үндейтіндігін «Менің хикметтерім – Алладан пәрмен, Оқып, ұққанға бар мағынасы: Құран» [5, 429 б.] деген шумақтар да дәлелдейді.

Таныммен өркендеп, сеніммен тереңдейтін өскелең рухтың иесі адам – ізгілікті қалап, өзінің рухын өсіруге мүдделі саналы болмыс. Сондықтан оның білуге деген құштарлығы табиғатында бар. Егер адамның рухын дараққа баласақ, онда оның жер бетіндегі көкке бойлаған бөлігі танымға ұмтылған, ақылды азық қылған рухтың өскелең кейпін бейнелесе, тылсымнан нәр алуға бойлап, тереңдеген тамырды да рухтың түпбастаудан, сенімнен нәр тартқан ізденісіне балауға болады. Бұтақтардың көкке өрлеуіне себеп – күннің сәулесі болса, рухтың өркендеуіне себеп – Хақтың нұры. Тамырға нәр беретін құнар – жердің қуаты, минералдар десек, Рух тамырына құнар – жүрек тереңіндегі сырлар, рухани дәстүр, әулиелердің үлгісі, иманның қуаты деуге болады. Сол құнарды ерітіп тамырға сіңіретін су сияқты қызметті – Алланың Зікірі атқарады. Адамның рухы өскенде көкке өрлеуімен қатар, тереңге де бойлауы табиғат заңына ұқсайды. Осы тұрғыдан танымның негізгі екі бастауы бірі – тафакур (фікір), екіншісі – зікір дегенде, фікір ілімге ұмтылыспен сипатталса, зікір өз жанының тереңіне бойлау арқылы инсанның рухтар әлемінде көре тұра, фәни дүниеде ұмытқан ақиқаттарын еске түсіруі деуге болады. Зікір ізденісін бағыттайтын Құран, Алла болса, фікір ізденісі әрбір жаратылысты кітап ретінде Алла аянының бастауы деп оқуға бағытталады.

Ал адам болса әмбебап құбылыс, оның бойында рух та, әлем де сиғызылған. Әлем – макракосм, адам – микрокосм. Адамның рухын өсіруге мүдделілігімен оның жауапкершілігі айқындалса, адамның өз жанын ізгілендіру, тазарту, игілікке бөлеуге деген ұмтылысы осы жауапкершіліктің этикалық мұраттарын құрайды. Мысал қылған, дарақтың бүр жару, жапырақ жаю, гүлдену, жеміс беру, сая болу, құнарға айналу, т.б. толып жатқан тіршілік, даму әрекеттерімен бейнелеп, жалпы этиканың игілікке ұмтылу, құндылықтарды қалыптастыру, ізгілікке тәрбиелеу, сұлулыққа баулу мақсатын және Игілік бастауымен қатынасын түсінуге болады.

Адам Алланың барлық сипаттары көрініс тапқандықтан әлемнің кішірейтілген түрі – сондықтан ол кішкене әлем (ми-

крокосм) деген көзқарас антикалық философтар тарапынан қарастырылған және жалпы Ислам иллаһиатын зерттейтін ғұламаларға да ортақ таным. «Өзіңе көңіл көзімен жақсылап назар сал сен кішкентай әлемсің, сен Әлемнің көзінің қарашағы болған адамсың» деген Жәллезаддин Румидің сөзі: қоршаған дүниені көздің қарашығына сыйғызғанындай, адамның рухани және материалдық әлемді ақыл аясына сыйғызар танымдық әлеуетіне ишаралайды. «Оның ет пен сүйектен тұратын бойында иләһи көріністердің сырлары, нұрлары мен ақиқаттары жинақталған. Ол – осы қасиеттердің мекені және жаратылыстың ғажайыбы, әлем кітабының мазмұны мен беташары. Аллаһ Тағала – Жәмиүл эздад яғни оның бойында қарама-қайшылықтар біріккен. Біз де заттар, оқиғалар мен құбылыстарды тек қайшылықтары арқылы түсінеміз. Жақсылықты білу үшін жамандықты, әдемілікті білу үшін жаманды, дұрысты білу үшін бұрысты және иманға қауышу үшін күпірлікті білуіміз керек» [4, 70 б.]

Хаққа деген махаббаттың үддесінен шыққан шын ғашық Тәңірінің сүйген құлына айналады. Адамның Алла махаббатының басты нысаны болуы себепті жаратылған жанды жансыз заттардың баршасы сүйікті құлға айырықша құрмет көрсетуге тиісті. Оның тәні топырақтан жаратылуына байланысты, Адам уақыт жағынан ғалам жаратылысынан кейін жаратыла тұра оған Хақ тағала өз рухынан үргендіктен, ол жалпы жаратылыстың мақсатты себебі, бүкіл жаратылыс үшін – алғы себеп. Тәні топырақтан жаратылып тіршілігі табиғатқа тәуелді бола тұра, адам ғаламның асыл гауһары, өз бойына ғалам құпиясы сидыарлықтай мөлтек ғалам (микрокосм).

Қожа Ахмет Ясауи өлім, дүниенің жалғандығы, ақырет, қиямет, періштелер махшар, сират, жұмақ пен тозақ сияқты діни ұғымдарды тек шарият деңгейіндегі діни білімді уағыздау үшін насихаттап, адамдарды тәуба тауипыққа шақырумен шектеліп қалмайды. Осы ұғымдардың астарлы сырларына тереңдеп, адамның жан дүниесіне әсерлі рәміздік-образдық тілде, моральдық-этикалық ғибратымен жеткізуге ден қояды. Адамның о бастағы түпкі этикалық мұраты – инсаяттың кәмелеттігіне жету болса, ол үшін шәкірт рухани интеллектуалдық жетілуге, жүрегіне пәк махаб-

батты, таухид мақсатты орнықтырып, дидар талапты мақсат етуге тиісті деп біледі.

Сопы шығармашылығындағы ақлақтық құндылықтар жүйесі түркі исламдық дүниетанымда өз сабақтастығын үзбей жалғастық тапқан Матрудилік ақиданың иман шарттарына логико-гносеологиялық берік негіз ретінде сүйеніп, көзсіз догманың қасандығынан жоғары тұрған. Кейінгі қазақ топырағындағы ғұламалардың шығармашылығындағы этика-дидактикалық мазмұндағы ой-пайымның өз бастауын Қ.А. Ясауиден алып, жалғастық табуы осы негізбен байланысты. Себебі, иман шарттары аксиологиялық құндылық ретінде қалтқысыз сенімді қажет етеді. Адамды жаратылыстың мақсатты себебі ретінде танығаннан бастап, иманды ақыл қисынына сәйкес, логика-гносеологиялық тұрғыда тереңдеп түсінуге боларын байқаймыз. Бұл қарапайым сенім иесінің емес, хикметтерде жиі айтылатын «ариф-ғашықтың», таным зердесі қырағы, мағрифат ілімін қалаушының үлесі. Матрудиді сенім ақидасын этикалық категория деп қарастырсақ, осы сенім ақидасын ілім алуға негіз, іргетас ретінде бекіту медіресе есігін ашқан әрбір шәкіртке міндетті болғандықтан, олар сабақтарын иманшартты жаттаумен бастаған. Осы иман негіздерін ғұмыр бойғы жиған біліміне, жеткен іліміне, өмірлік тәжірибесіне іргетас қылған. Бұл әрбір адамға этикалық ұстанымына берік болып, кез келген оқиғаға, сын қатерлерге төзімді өзіндік көзқарасы қалыптасуына мүмкіндік берген. Ал, ішіндегі суырылып шығып мағрифат іліміне қол жеткізгендері кемел шақтарында «Иман шарттарын» өз көзқарастарымен, өз діни және этикалық тәжірибесі ретінде қайта жазған. Бірақ, Матрудилік сенім негіздерінен қылдай ауытқымай рухани сабақтастықты сақтауды басты шарт деп белгілеген. Мысалы осылардың қатарында: Абайдың 38 қарасөзі, Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», Ы. Алтынсариннің мұсылманшылдық тұтқасы» т.б. шығармаларды атауға болады.

Діни сенімде иманның шартына сәйкес періштелерге сену, қиямет күніне сену, махшарда тіріліп жауап беруге сену аксиологиялық құндылық ретінде, күмәнсыз нануды қажет етеді. Адамның өлуімен байланысты бұл дүниеден өткен соң қабір әлеміне қадам басуымен, жан алғыш, жауап алғыш, обал-сауап, жақсы-жаман істі тізуші т. б. періштелерге, қабірдегі, қиямет күніндегі

жағдайлардың бәріне сенуі кәміл мұсылман үшін қорқыныш шақырар эсхотологиялық сарындағы білім. Ал, сопылық танымға сай періштелердің және тозақ пен жұмақтың, рухани әлемдегі о дүниедегі барлық нәрселерінің жазалаушы, сараптаушы т. б. қызметтеріне сай өздеріне тән ұлық дәрежелері бар. Ариф оған сеніп қорқа тұра, қорқыныштан да жоғары сүйіспеншілік сезімінің заңдылығына сай хикметтерде инсанияттың кәмелеттігіне жеткен адамның ариф ғашықтың, алдында олардың барлығы кішік екендігі сипатталады. Себебі, бүкіл жаратылыстың өзі, рухани және материалдық әлем кемел Адамның құрметіне, Мұхаммед пайғамбардың нұрынан жаратылған дүние ретінде қарастырылады. Адам орталық тұлға ретінде оған ғана тән басты қасиеті – хақты сүю арқылы Алланы тану мүмкіндігімен бүкіл материалдық және рухани әлем жаратылысынан бірінші орынға шығады. Махаббаттың мәні бірінші орынға шығуымен және оның нысаны Адам мәселесі басты болғандықтан, ғайып дүниедегі бас көзімен көре алмайтын бірақ, жүрек арқылы сенетін нәрселерінің барлығы, яғни, періште, қиямет, қабір, жұмақ, тозақ т.б. діни-эсхотологиялық ұғымдар этико-дидактикалық ғибраттық маңызы бар дүниеге айналады. Себебі, ізгілікке ұмтылу – этикалық мұрат – қорқынышпен бағынудан емес, сүйіспеншілікпен жақындыққа талпынудан туады.

Гносеологиялық тұрғыдан ғайып дүниенің, көзге көрінбейтін рухани әлемнің кемел адам алдындағы кішіктігі, оның алдында бас иіуі жайлы Ясауи хикметтеріндегі сыр жай адамға белгілі емес батини (ішкі көзі) көзі ашылған, рухани кемелдікке ие адамға ғана белгілі деп сенген. Сондықтан, Қ.А. Ясауидің рухани тұлға ретіндегі хикметтерінің, ол туралы аңыздардың, артында қалған тарихи мәдени ескерткіштерінің этикалық ғибраты бұлжымас сенімге құрылған және ол адамдардың жүрек танымына бағытталған айырықша интуитивтік практика. Жетпісінші хикметте ариф ғашықтың қиямет күніндегі халін суреттейді. Хикметтердегі баяндаулар бойынша «ғашық «ракс самағ ұрар» дейді. «Ракс» би десек «самағ» зікір әуені деп түсінсек бұл қарапайым би мен әуен емес. Зікір кезіндегі мистиктің экстаз күйіне, ерекше халге енген кезіндегі рухани ләззәт пен ғаламның айырықша үйлесімін сезіну сәтіндегі ерекше биі мен әуезі. Хикметте былай баяндай-

ды: «осы би мен әуездің ғаламат қуаты сондай жер тебіреніп, бүкіл жеті көктегі періштелер жиылып келеді, ғаршы-күрсі, лаух-қалам тітіреп, сопы әуезіне елтіп хаққа қарап, зарлап жылайды, хақтан медет тілейді. Ғашық құлдар Пейішке кірмей тұрып хақ дидарын көреді. Періштелерге әмір келеді. Дидар үшін күйген ғашықтарда көпке мағлұм қылу үшін, алқаға сапқа тұрғызып құрметпен махшар майданына алып жүріңдер дейді. Шын ғашықтар махшарда дәурен сүреді, аһ ұрған деміне жеті тозақтың оты түріледі, періштелер оған келіп тағзым етеді. Періштелердің де ғашықтығы осал емес, олар бір аһ ұрса әлем зілзабар тартып ойран-асыр болар еді. Бірақ, сондай періштенің өзі шын ғашық кемел адамның айбарынан қорқып, оның ғашықтық отынан қашып, тозақ оты ішіне барып пана табады. Оның ғашықтығын көріп зауық уын ішеді». Хикметтерде Хаққа деген махаббаттың оты жеті тозақ отынан қуатты деп жиі айтатына қарай отырып, хаққа махаббатты сопының аса жоғары бағалағанына қарап, бүкіл ғалам, ғаршы-күрсі, лаух-қалам, тозақ және жұмақтың жаратылуына басты себебі Алланың адамзатқа және сол адамзаттың ішіндегі досы Мұхаммед пайғамбарға махаббаты деген сенімін көреміз. Демек, сопы шарифаттағыдай қарапайым деңгейдегі діни уағыздың ауқымынан асып, мәңгілік бақыт, айырықша ләзәтті шақ – дидар талапқа жетуді Хақтың уәдесі және ерекше этикалық мақсат мүдде деп біледі.

Адамзат тарихында Алла, әлем және адам туралы танымдық объект ретінде ой толғаған адамның рационалды интеллектуалдық тәжірибесін философия тарихынан көреміз. Сопы ғұламалары үшін, адамның жаратылыс сыры, оның болмысы, өмірінің мәні мен мағынасы, әлемдегі орны, тіршіліктегі мақсаты не? – деген көптеген сұрақтарға жауап беретін адам болмысын тұтастай жинақтап қарастырған кітап Құдайдың кәләмі деп танылатын Құрани кәрім. Қазақ философиясы тұрғысынан ұлттық этиканың түпбастауын рационалды түрде зерделегенде сопылық әдебиеттегі ирроционалды танымның нәтижесі ретінде ұсынылған астарлы мазмұндағы хикметтерді герменевтикалық тұрғыда бағамдаудың маңызы зор.

Адам өмірінің мәні, тіршіліктегі мақсаты жайлы сауалдар – этиканың қарастыратын негізгі мәселелері. Бұл сауалдарға жауаптардың барлығы Алла аяндарында адамның көкейіне

қонатын, бейнелі көркем тілмен берілуімен қатар, оның бас көзіне ғана сенген адамдарға қолжетпейтіндей астарлы сырлы қабаттары да бар. Бұл аяндар – Құран уаһиы, хадистегі сүннеттер, әулиелердің сырлары немесе жаратылыс әлеміндегі меңзеулер түрінде болуы мүмкін. Оны жалған дүниенің пердесімен көңіл көзі соқыр болғандар көре алмайды, ол тек көкейкөзі ашық адамдардың үлесі. Құранның үндеуі пайғамбарға уаһи болып түсіп, адам жүрегіне, санасына, рухы мен ақылына бағытталып, оны Ақиқат рухани әлеммен байланыстыруды көздейді деген терең сенімде болған. Адамның ішкі әлеміне барар жол – жүрек, көңіл арқылы өтеді. Міне, Қ.А. Ясауи бабаның көңілді этикалық философияның басты мәселесі деп қарастыруы сондықтан. Қасиетті Құранда адам – аманат иесі, жаратылыстың жауһары, Алланың жердегі халифасы, Хақ тәңір тіршілік әлеміндегі орны мен маңызын оған алғаш есімдерді, яғни, феномендерді үйрету арқылы көрсеткен. Адам осы үйретілген есімдер арқылы өз әлемін қалыптастырған, мәнге толтырған. Жеке тұлға адам өмірінің мәнмен толығуы ол өмір сүріп отырған қоғамның, қоршаған мәдени ортаның, жалпы адамзат өркениетінің мәнге ие болуына негіз болған.

Алғаш түркі сопылық мектебінің негізін қалаған Қ.А. Ясауидің философиялық-этикалық ілімі осы түркілік өркениеттің орталық өзегін құрайды. Қазақ философиясының тарихи мәдени және дүниетанымдық қайнаркөздерінің бірі түркілік дүниетаным болса, Ясауи мұрасы түркі дүниетанымының рухани айнасы болуымен, осындағы этикалық идеяларды жаңғыртып, өзінен кейінгі қазақ мәдениетімен сабақтастығын түзген.

Адамның өзге жаратылыстан ерекшелігі неде? Бұл сауалдың жауабын ислам ғұламалары Азхаб сүресінің 72 аятына негіздеп, «Аманат» мәселесі, аманаттың жауапкершілігі, аманатты адамның алу себебі неде деген мәселелермен ұштастыра отырып, жалпы адамның өмірінің мәні, адам жаратылысының сыры неде деген маңызды сұрақтардың жауабын береді. «Диуани хикметтің» 65 хикметінде «2455. Ғажайыппен ол жоқтан бар жаратты, Он сегіз мың ғалам түгел қайран болар. «Қалу бәлә» деген құлдарға үлес таратты, Бейғам құлдың діндері ойран болар. Әуелден»Аласта би раббикум», деді Құдай, «Қалу бала» – деп аруақтар қылды әуез» [5, 399 б.] деген жолдар бар. «Аласту би раббикум» – Алла Тағала

бүкіл адам баласының рухынан «жаратып тәрбиелеуші рабыларын емеспін бе? – деп сұрағанда, аруақтар «Қалу бала» – «Әрине, сенсін» – деп жауап береді. Тәуелсіздік жылдары жарияланған Құрани кәрімнің бірнеше қазақ тіліндегі мағынасы мен түсінігі және тәфсірлерінде осы аят жайлы: «Тау мен тас аманаттың ауырлығынан қорқып бас тартқанын, тек адамның надандықпен, зұлымдықпен, жауапсыздықпен аманатты қабыл алды» деп аударлады [7]. Тек 2013 жылғы Құранның мағынасы мен түсінігі және тәфсірлерінің аудармасында Ибн Касирге сілтеме жасалып, «адамның бұл аманатты өзінің әділетсіздігі мен білімсіздігіне қарамастан сауаптан үміт етіп алғаны» туралы тәфсірдің қазақша аудармасы берілген [8]

«Адамның кемелденуі мәселесі, шын мәнінде, шығыс перипатетикасының философиялық ой-толғамының негізгі өзегі болып табылады. Исламдық дәстүр адам мен оның қадір-қасиетін әрқашан жоғары бағалайды, оның табиғатында бастапқы күнәһарлығы мен тумысынан зұлымдықтардың болуын жоққа шығарады. Құранда әлемді Алла Тағала адамның құрметіне жаратқан деген тұжырым бар. Алла жұмақта адамға жауапкершіліктің салмағын жүктегенде, оны одан басқа ешбір жаратылыс өз мойнына алмады. Ешкім мұндай жауапты қадамға батылы жетпегендіктен, бұл ауыртпалықтың толық көлемін сезініп мойнына алған адам жердегі, әлемдегі әрекеттері үшін жауап береді. Құдайдың осындай маңызды сыйын қабылдаған адам, о бастан табиғатқа, адамдарға және өзіне қатысты іс-әрекеттері үшін ақылсыз (жауапсыз) бола алмайды. Осылайша, ол бастапқыдан-ақ барлық жаратылыстардан өзінің жоғары миссиясымен ерекшеленеді – өзінің өмірі мен іс-әрекетін Құдайлық өлшеммен безбендейді, әрбір әрекеттері үшін, демек, ай астындағы әлемдегі кез келген нәрсе үшін жауапты» [9, 246 б.] деп жазғанына қарағанда, адамның аманатқа алған рухын түп иесі – Рухани бастауына таза және кемелденген қалпында қайтып оралтуы туралы уәдесі шығыстық перипатетиктердің назарынан да тыс қалмаған. Демек, Адамның жауапты аманат – рухтың иесі болуы оның өзге жаратылыстан айырықша этикалық ұстанымының жауапкершілігін анықтайды.

«Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?
Өмір жолы — тар соқпақ, бір иген жак,
Иілтiп, екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» [10, 225 б.]

Абай өлеңінде де адам рухының бұл дүниелік өмірінде белгілі бір иілген садақтай өз жолын жүріп өтсе де, садақты иіп ұстаған Түп Иесіне қайта оралатынына ишаралайды. Ал, сопылықтың жаратылыс сырын және адамның әлемдегі орны мен мәнділігін махаббатпен байланыстыруы да осы аятпен байланысты. Бұл ерекше зерделеуді, этикалық ғибрат пен эстетикалық ләззәттанудың байланысын пайымдауды қажет етеді. Азхаб сүресінің 72 аятына жасалған тәпсірдің мына бір мысалы айырықша назар аударарлық: «Ақиқатында мен ышығымды бұйрығымға, тыйымымға және сынағымға капсуладай қылып орап, аспан, жер, тау-тас, бүкіл жаратылысқа ұсындым. Бірақ олар үддесінен шыға алмаймыз деген қауіппен бас тартты. Тәкәппарлық немесе қарсылықпен емес. Ұлық Алланың бұл ұсынысын Адам ғ.с. және оның ұрпақтары ілімсіздіктің қараңғылығының астында тұрып, білместен ұлық Алланың фазылымен қабылдады. Содан ұлық Алла бұл ұсынысын қабылдағаны үшін адам ұрпағына өте риза болып, бүкіл жаратылыстың сырларын үйретті. Сондай-ақ періштелеріне мақтанды» — деп тәпсірлеп, әрі қарай Қожа Хафиздің мына шумағын парсышадан былай аударып ұсыныпты:

Ұлық Алланың досының сыры:

«Жаратылыс — аманаттың тұра алмады шартына,

Сол аманат, пал сияқты шықты менің атыма.

Жүрегімді Жарға деген махаббатқа жалғадым,

Сол ышықпен сезінбедім аманаттың салмағын» (Хз.Қожа Хафиз Ширази).

Бұл тәпсірде «Аманаттың» жүгін арқалаудың басты себебі – «Аллаға махаббат және ышық сезім» екендігі және сол сәттегі тәуекелдің жүгін аңғармастай махаббат мастығының хәлі екендігі ашықталуының маңызы зор. Демек, бұйрықтар мен тыйымдардың, астарында Хақтың адамға деген шексіз махаббаты жатқанын аңғару, оған жауап ретіндегі адамның да махаббатын түйсіну үшін көкейкөздің ашықтығы керек. Тәңірдің махаббаты ұлық сый, сол сыйдың өтеуі тек қана риясыз махаббат, сондықтан да осы махаббатты иелену жауапты аманат иесінің несібесі. Даналықты, шеберлікті тану, көркемдікке сүйсіну, рахым шапағатты иелену арқылы этикалық ғибратқа кенелу қасиеттерінің адам бойына шоғырлануы осы гносеологиялық, эстетикалық, құндылықтық танымдардың барлығын бойына сыйғызған адам жаратылысың айырықша этикалық мазмұнын көрсетеді деп білу тассауф ғұламаларының басты сенімі. Осы ақиқатты Қожа Ахмет Ясауи, Қожа Хафиз, Шәкәрім сияқты рухани ілім иелері және солардың жолына тәуекел еткен ұстаздар бағамдап отыр. Адамзаттың түзу жолға түсуін ар түзету ілімімен байланыстыру, Аллаға ышықтықтың қызуы көңілдердің тоңын жібітетініне, бүкіл әлемді махаббатың нұрына қарық қылып, адамзат ақлағын гүлдендіретіне деген сенім жалпы сопылық ғұламаларға тән этикалық ұстанымдары. 1993 жылғы Әлемдік діндердің екінші парламентінде Г. Кюнгтың бастамасымен «Әлемдік этос декларациясы» қабылданған еді. «Әлемдік этос» заманауи макроэтикалық жоба болып табылады. Әлемдік діндердің екінші парламентінің делегаттары «негізгі құндылықтардың» жалпы жиынтығы әлемнің барлық діндерінің ілімдерінде болатындығын және олар әлемдік этостардың негізін құрайтындығын, алайда жоғарыда аталған құндылықтар адамдардың жүректеріне және іс-әрекеттеріне енуі керек екенін атап өтті. Басқаша айтқанда, осы «негізгі құндылықтар» үшін негіз болатын іргелі консенсус жалпыға бірдей міндетті мәндер мен стандарттарға сәйкес келуге тиісті деп біледі. Осыдан бүгінгі жаһандану заманында жалпы адамзаттың тығырықтан шығатын ортақ келісім жобасын іздеуіне куә болып отырмыз [11].

Ясауи ілімінің махаббатқа негіздеп жалпы адамзатқа ортақ рухани келісім, адамгершілік даму жолдарын ұсынуы осы ортақ мақсат-мүддеге жауап беретін өміршең этикалық идея.

Жалпы тарихтағы ер атағы қалған адамдардың көптеген ерліктерін салқын ақылдың сараптауынан өткізіп барып жасамай-тыны мәлім. Тіптен ерек шешім қабылдар сәтте ойлануға пұрсат болмайтыны, маңызды шешімді жауапкершілікті интуитивті түрде сезінген адамның айырықша хәлде, жүрек қалауымен, жанпидалықпен, өз қарым-қабілетін толық бағаламастан қабылдайтыны белгілі. «Аманатты алу» оқиғасын адам табиғатының осы тылсым құбылысына балап түсінуге болады. Аманатты алудың басты себебі объект-субъектілік махаббат және махаббат нұрына мастанған ілкі сәт болып тұр. Этиканың басты қозғаушы күші ретіндегі жауапкершіліктің маңызы бары сөзсіз, оның орнына Махаббатың араласуынан, этика жаңа деңгейде көрініс береді. Ерлікті қоғамның қозғаушы күші, тарихтағы жасампаздықтың серпінді тетігі десек, ақлақтық ұстанымдарды пайымдап сараптаудың негізінде емес, ерлік этосының ілкі тағдырлы сәтте, жасалатындығының өзі, жалпы ерлік этикасының және махаббаттың тылсым идеалдық әлеммен байланысына нұсқайды.

«Қисасуль-әнбияда», басқа да көптеген аңыздарда адам баласы ұрпақтарының рухтары жаратылғасын оларды Жаратушы алдымен дүниені көріп келуге жібергенін, көпшілігі дүниені қалап қалып қойғандығын, қалған бөлігін жұмақты тамашалауға жібергенде тағы көп бөлігінің соны қалағанын айтады. Жұмақты да қаламай қайтып келгендерден, сендердің дүние мен жұмақтан басқа қандай қалауларың бар дегенде, «Бізге тек сен ғана керексің» деген жауап естиді. «Мені қаласаңдар дүниеде барша қиындықтар мен бәлелерге ұшырайсыңдар, соған көнесіңдер ме» деген шарт қояды. «Сол қиыншылық сәтінде бізбен біргесің бе» деген ди-дар қалаушының сауалына «Тәубаларыңнан жаңылмасаңдар мен үнемі сендердің жаныңдамын» деген Хақтың жауабын естиді. «Бізбен бірге болсаңыз, қандай қиыншылық болса да шыдай-мыз» деген Дидар талап құлдар мен Құдайдың арасындағы осы диалогтан адамның тағдыры туралы қалау еркі рухтар әлемінде

беріліп қойған сый, соған байланысты әркімнің жауапкершілігі бар екендігіне деген сенімді көреміз. Диуани хикметте осы аңызға сәйкес «Уәдеге берік Хақтың өз дидарын көрсетуі жайлы қалаулы құлдарына берген уәдесін жазбай орындайтындығына» сенімі жайлы да айтады.

Сопы ғұламалары Құдай – абсолютті, сырлы құпиялы ғажайып еді, ол өзінің ғажайыбын паш етуге махаббаты ауды, жаратылыстың себебі осы шексіз рахым нұры деп біледі. Осы жайлы Құдыси Хадистегі: «Мен, құпия қазына едім, менің өзімді паш етуге мейірім ауды, сондықтан мен жаратылысты жараттым, олармен таныстым, олар мені таныды» деген ақиқатқа сүйенген сопылардың және Ибн Арабидің айтуынша Әлемнің жаратылысы махаббаттың арқасында жүзеге асты деп біледі. Құдайдың өз жаратқан әлеміне шексіз рахматы мен риясыз мейірімі көптік әлеміндегі Құдайдың шексіз өзін өзі паш етуіне ұласады. «Одинаковым образом надлежит исцеловать как прекрасное и доброе, так и безобразное и дурное; и на первом месте следует поставить красоту, тождественную с Благом, из которого непосредственно проистекает Дух. Прекрасное же в поступках и в занятиях – прекрасно благодаря душе, дающей им форму. Душа, равным образом, делает прекрасными и тела. Так как душа божественна и есть как бы часть прекрасного, то и все вещи, с которыми душа соприкасается и подчиняет себе, она делает прекрасными настолько, насколько они способны приобщиться красоте» [12, 105 б.]. Қазақша жуықтау аудармасы: «Сол сияқты сұлулықты да да, ізгілікті де, сұрықсызды да, жаманды да емдеу керек; және бірінші кезекте Рух тікелей бастау алатын Ігілікпен ұқсас әдемілікті бірінші орынға қою керек. Әрекеттердегі және кәсіптердегі сұлулық – оларды қалыптастыратын жанның арқасында әдемі болады. Сол сияқты жан тәндерді әдемі етеді. Жан құдайлық болғандықтан, әдеміліктің бір бөлігі болғандықтан, жанмен байланысып, өзіне бағынатын барлық заттар, олар сұлулықты қабылдай алатындай дәрежеде әдемі болады» деген Плотиннің пікірін келтірсек неоплатоник ғұламаларының да эстетикалық пен этикалықтың ұштастығын ғалам жаратылысының бастауынан іздеудегі пікірлерінің сопылық таныммен үндестігін аңғарамыз.

Сопы ғұламалардың ғаламды Жаратушы өзінің сипаттары сәуленетін аса көркем «айна» етіп жаратқандығы жайлы сенімнің астарында, жалған дүние қаншалықты көркем болса да нағыз ақиқаттың айнадағы сұлбасындай ғана беделі бар деп, шындық пен айнадағы сұлбаны салыстырып, ақиқаттың ұлықтығын айғақтағанын байқаймыз. «Бақи қоймас фәнидің міні көрмей» деп Абай сөзі де осыған үндес. Бұл дүниемен салыстырғанда, ақиқат әлем – о дүниенің ұлықтығын паш етуге осындай меңзеуді қолданғанмен, сопылықта бұл дүниенің ақиқат әлемді танытудағы маңызын, адамды рухани кемелдендіретін орын екендігін жоққа шығармайды. Осыған орай «Бұ дүние о дүниенің егістігі», «не ексең соны орасың» деген халық даналығы белгілі. Демек, адамға адамгершілік этикалық даму жолына түсіп, ізгілікке ұмтылуды қаласа, осылайша екі дүниелік бақытты иеленуді мұрат тұтса да немесе бұл дүниенің қызық қуанышына ғана алданып, нәпсісін семіртсе де қалау еркі берілген. Бұл дүниенің маңыздылығы – осы дүниеде адамға қалау еркінің берілуі мен рухани даму, Хаққа жақындау, сауап жинау мүмкіндіктерінің берілуі. Адамның ақлақтық ерік-жігерге, этикалық ұмтылысқа еріктілігінен оның жауапкершілігі белгілі болады. Ал, этикалық ізденістің о бастан берілуі немесе адамның өзін дамытуы және тәрбиесі арқылы қалыптасуы жайлы мәселелер теориялық этиканың тақырыбы.

Адамға қалау еркінің әзелден берілуі одан өз іс-әрекетінің жауапкершілігін алмайды. Себебі, оның аманат иесі халифалығына байланысты және миссақтағы антына байланысты Хаққа оралу жауапкершіліктері рух иесінің жауаптылығы ретінде мойнында қала береді. Алайда, адам «инсан» – «ұмытшақтық» табиғатына байланысты бұл дүниеде өз жауапкершілігін ұмытуы мүмкін деген сенім бар. Рухын нәпсі ластығынан тазарта алған адамның рухани жады өзінің жауапты болмыс екенін, о бастағы Рухани жетілген күйде хаққа қауышуға байланысты тағайындылығын есіне қайта түсіре алады. Ол жағыдай оның дініне де тікелей байланысты емес, рухтар әлемінде бәрі тең. Сондықтан, жалпы адам баласының барлығы Хақтың алдында тең деген қағида шығады. Қалау еркі жалпы этика теориясында адамның моральдық жауапкершілігін анықтайды. Адамның таңдау еркінің бар екендігі жайлы дәлел

ретінде Құрани Кәрімде аяттар бар: «Күмәнсіз, Біз оны тура жолға түсірдік. Ол не шүкіршілік етер, немесе күпірлік етер» (76-Инсан сүресі, 3-аят). Сондықтан аһли сүннет сенімінде Алланың бүкіл мақлұқатты жаратқаны іспетті, пенденің ісін де жаратқан деп сенеді. Жаратушыны кемел күш-күдірет иесі, шексіз даналығымен бәрін басқарушы деп біледі. Мұның дәлеліне мына аяттарды келтіреді: «Алла барлық нәрсенің жаратушысы» (39-Зумәр сүресі, 62-аят). «Алла сендерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты» (37-Саффат сүресі, 96-аят). «Әркім істеген ісі үшін жауап береді» (74-Муддәсир сүресі, 38-аят). «Кім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе өзінің зиянына. Раббың құлдарына әділетсіздік жасаушы емес» (41-Фуссилат сүресі, 46-аят).

«Адам Ұлық әлеммен мәндес, оның кішкене ғана үлгісі. Оның осы қарапайым сияқты көрінген болмысына «Алланың халифасы» болу абыройы берілген. Алайда адам, рухани қоректерді алған жағдайда жаратылыстың ең абыройлысы болмақ. Ал керісінше нәпсілік болмысына құл болса, ең ауыр зиян болып саналатын мәңгілік бақытсыздыққа ұшырайды» деп білген Мәуләнә Руми бұл жайлы: «Мырза – нәпсісіне әмір жүргізген, құл – нәпсісіне құл болған адам.» [6, 91 б.] – дейді. Адамның қалау еркі туралы исламның даму тарихындағы ағымдарда әралуан пікірлер болған. Мысалы, Жабрия ағымында, адамның таңдау еркі жоқ. Олардың айтуынша пенде тек маңдайына жазылған тағдырына сәйкес әрекет жасайды. Оған керісінше Муғтазила ағымындағылар пенде барлық жасаған ісі өзіне ғана байланысты, Құдай тағдырының қатысы жоқ дейді. Ал, Әбу-Ханифа мазхабына сәйкес: «адамның белгілі бір қалау еркі (жузи ирада) бар. Адамның қалауына сай әрекетіне ешкім тікелей мәжбүрлемейді. Пенде істі өз еркімен жасағандықтан өз қалауы үшін ақыретте жауап береді. Бұл жерде Құдай пендеге бұл істі мәжбүрлеп істетіп тұрған жоқ, пенде өз қалауымен амалды таңдап, жузи ирадасын (қалау еркіндігін) қолдану арқылы жасауда. Пенде өзіне Алланың берген қалау еркіндігі арқылы қандай да бір істі жасауға әрекет етсе, Алла да оған сол істі іске асыратын күшті (иститағат) береді» деп, Құрандағы «Алла сендерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты» (37-Саффат сүресі, 96-аят), деген аятты осыған байланысты түсіндіреді.

Қалау еркі қағидасы дінде, этикада, жалпы қоғамдық ғылымда әр қырынан қарастырылады. Мысалы, дінде адамның қалау еркі шексіз илаһи білімнің тағдырлық құдіретімен үйлесімде қарастырылады. Этика бойынша ерік-жігердің болуы адамдардың іс-әрекеттері үшін моральдық жауапкершілігін анықтайды. Ғылымда ерік бостандығын зерттеу адамның іс-әрекетін болжау жолдарын ашады деп біледі. Ясауи хикметтерінде де қалау еркі – рухани кемелденуі арқылы, рухани еркіндікке қол жеткізгенге дейін оны нәпсімен аяусыз күресуге, хақ жолында тәуекелге бел бууға, шешім қабылдауға, соған өмірінің соңына дейін шыдауға берілген мүмкіндік. Қалау еркі – қанағат, сабыр, әділеттілік үшін риязат тартып, жанпидалықпен ақиқат үшін күресуге бел будыратын, осылайша бақытқа, кемелдікке жеткізер, жауапкершілігін анықтап, ізгілікке жетелейтін – адамның этикалық мұраты.

Жаратылыс әлемі айнадағы ақиқаттың сұлбасындай деп бейнелегенмен, оның сұлулығы мен мағыналылығы мүлдем жоққа шығарылмайды. Бүкіл Ғалам да Өзінің Жаратушы иесінде аса көркем, себебі Алла да сұлулықты, үйлесімді, келістілікті сүйеді. Жаратылысқа ғажаптану арқылы сол бейненің сұлулығынан эстетикалық ләззәттану, этикалық ғираттанумен ұштаса жүреді. Жаратылыстың үйлесімін, келістілігін түйсіну, адамды ақиқатты тануға бастайды. Ал, осы жаратылысқа ғажаптанып сүйсінетін, қасиетін сезінетін этикалық ғибрат алып мағыналандыратын да адам. Сондықтан, осы Сұлулық пен кемелдікті, келісім мен үйлесімді танып, астарынан нағыз махаббаттың бастауы мен нысаны Жаратушының сұлулығынан көре білетін көркем танымдық қасиеті бар, сұлулықтың ұшқыны бойына дарыған – жүрек иесі адамның жаратылуы бүкіл жаратылыстың телеологиялық мәні болып тұр.

Құдай өзінің Ғылым есімді даналық сипатына сай – абсолютті даналық. Ол даналығымен сипаттас, бірақ одан зәрредей кіші ақыл формасы дарыған – адамзатты жаратуды мейіріммен қалады. Осылайша Өзінің ақиқатын, ғылым құдіретін паш етуге рахымы түсті. Ал, бүкіл жаратылыстың жауһары – адам өзінің танымдық қабілетін тазартып, ақылын иман нұрымен нұрландырып, зердесін ұштау арқылы абсолютті ақиқатты, жаратушыны тани алатын қабілет

иесі етіп жаратылды. Сұлулыққа сүйіну эстетикалық ләззәт берсе, оның нәтижесінде этикалық ғибратты иелену адамның ақылының жемісі. Адамның өзге жан иелерінен артықшылығы да оның ақылында болса, сол ақыл махаббатпен қанаттанғанда ғана, таза-рып түлеп, қырағылықты иеленеді – нұрлы ақылға айналады. Осылайша Махаббаттың түп иесі жоғары ақиқатты танитындай нұрлы ақыл иесі етіп адамды жаратуының өзінде үлкен махаббат бар. Риясыз махаббаттың жауабы үшін ол адамның танымға махаббатпен ұмтылуға, махаббаттың жалынында жанын нәпсі қалауларынан тазартуға, өзі иеленген рахым шапағаттың ләззәтін түйсінуге және осы рухани хәл жағыдайында иеленген қазынасымен өзгелермен риясыз бөлісуге, жаратушының өзге мақұлықатына мейірімін арнауға, демек осы әрекетінің барлығымен ізгілікке тоқайласатын ақиқатқа – этикалық мұратқа ұмтылуға міндетті. Осындай әрекеттердің барлығының оң нәтижеге – игілікке бақытқа жеткізуі үшін басты шарты – ізгілікке жанпидалықпен, махаббатпен ұмтылу. Осы ізгілік мұраты – терең сырлы образдық тілі, рәміздік әлемі бар діни рухани мәтіндерде орын алып, қазақ философиясының этикалық сипатын ашады. Қазақ рухани мұрасы осылайша танымдық – гносеологиялық, арылушы – этикалық, көркемдікті сезінуші – эстетикалық және құндылық түзуші – аксиологиялық мән мазмұндарды иеленеді.

Ғұлама Абай өзінің 38-қара сөзінде ықыласты – ғылымға құмарлықтың бастауы деп біледі. «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол – алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды. [13, 124 б.], – дейді. Ықыласты, Махаббатты танымның бастауы деп білген Абай пікірінің Ясауидің рухани танымдық хәл ілімімен осы сабақтастығы, этикалық мұраттастығы жалпы қазақтың рухани ой әлеміне тән құбылыс.

Ясауи 27 хикметінің әр шумағы «Не қылсаң да ғашық қылғын пәруәрдігер» деген жолдармен тұжырымдалып отыруы,

яғни Ясауидің ғашықтық дертін махаббат бастауының өзінен тілеуі, махаббат сезімі – «Дидар талапты» адамның қалауына орай Алланың өзі сый ретінде ұсынады деп білгенін көрсетеді. Осы хикметінде «1159. Ғашық болсаң күйдіреді жан мен тәнді, Ғашық болсаң, ойран қылар дүние малды, Ғашық болмай танып болмас Алла сені, Не қылсаң да ғашық қылғыл Паруардигар» деп ғашықтықтың тазаруға, дегдарлыққа, танымға апарар сипатын ашады. «Ғашықтың бір аһынан жеті тозақ тағат таппай түріледі», «Махаббаттан хабар білген ғашық жандар Алла десе тоғыз аспан күйер-дүр. Көк үйінде күркіресе шындық үні. Періштелер әзіз жаннан түңілер-дүр» [5, 235 б.] дегенде, махаббат жалынының қуатын ишаралайды. Закария пайғамбардың бекемдігі, Аюб пайғамбардың сабырлылығы олардың һас ғашықтар болуымен байланысты деп біледі, оларды үлгі тұтады. Жалпы ислам ғұламалары үшін үлгі тұтар тұлғалардың болуы, олардың әрқайсысының өздеріне тән айырықша қайталанбас айырықша мақтарлық қасиеттерінің болуы маңызды. Себебі, осы әнбия, әулиелер адам жаратылысының тағайындылығын, халифалығын өз өмірімен дәлелдеген, адамдық миссиясын тағайындылығына сай атқарған адамдар деп сенеді. Ал, Мұхаммет пайғамбардың бойында өзіне дейінгі бүкіл пайғамбарлардың ізгі қасиеттері, кемелденген түрде бірегей жинақталған деп біледі. Сондықтан хикметтерден көргеніміздей адамның адамгершілік этикалық идеалға ұмтылуында үлгі болар қасиетті тұлғалардың болуы аса маңызды. Қазақ дүниетанымында әулие, әнбиелерді құрметтеу, олармен рухани сабақтастықтың үзілмеуін басты назарда ұстауы, ол тұлғаларды, адамшылықтың шыңына шыққан этикалық идеал тұтуы үзілмей жалғастығын тапқан дәстүр. «1179. Ғашық базары – ұлық базар сауда харам» дегенде ізгілікке ұмтылудың өзін сауап үшін деп істеуді саудаға балап, одан тыйылып, Құдайға жақындаудың әрбір әрекетін ышық махаббатпен атқаруды қалайды.

Махаббат сезімінің құндылықтық жүйені тезге салар, нәпсіні ғашықтық отымен аластап, таным құралы жүректі тазартар қуатының болуы оның ақлақтық этикалық қырын анықтайды. Адам хақты тану үшін жаратылды деген қағида тұрғысынан оның жаратылыс сырының танымдық қыры айқындалады. Со-

нымен қатар адамның Хақты тану құралы ретінде нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайратты атасақ, махаббат – осы жүрек танымының азығы, күш-қуаты, жебеушісі. Осы тұрғыдан махаббат – сопылық ілімдегі хақты танудың басты гносеологиялық және этика-дидактикалық категориясы ретінде көрінеді. Сопылық ілім бойынша, бұл дүниеде махаббаттың көп түрі бар. Адам жүрегінен жүз мыңдаған талап орын алуы мүмкін, бірақ осы көп талаптың барлығын қосқанда да «дидар талабына» сай келмейді. «Сол уақытта жаратқанның дидарын кеп, Көңіл көзімен анықтап, көргім келер» [5, 395 б.]. Демек, хақ дидары бас көзімен емес көкейкөзімен көретін сырлы, тылсым, ғажайып әлем. «Дидар» ұғымы жалпы «жүз», «бет» сөздерімен синоним болғанымен, тіке Алланың бет дидары мағынасында емес астарлы мағынада айтылады, себебі, иман негіздері бойынша Құдайдың адамдікі сияқты бейнесі бар деуге болмайды. Демек, Хақ дидары, хақ жамалы ұғымдары көзге көрінбейтін, ақылға сыймайтын құдірет иесінің астарлы, сырлы, тылсым, көзбен емес, көкейкөзбен аңдайтын Хақтың жамалы. «Суфи Мұхаммед Данышманд Қожа Ахмет Ясауиден былай деп келтіреді: Хз. Пайғамбарымыз былай деді: «Муқарраб» болған Хаққа құрбан мақамындағы (құл) кісі дидар көреді» [14, 41 б.].

Махаббат сезімі сұлулыққа, танымға ұмтылудан ғана тұрмайтыны, нәпсі хауаспен байланысты адам бойындағы ластықтардан тазартатын ғашықтық жалыны бар қуат екендігі белгілі, бұл оның этика-дидактикалық сипатын ашады. Махаббаттың этика-дидактикалық сипаты, ақиқат махаббатты жүрекке орнатып, осылайша басқа құмарлықтардың бәрін жоярлықтай қуаты бар «дидар талаптың» тарикат жолындағы адам жанын тазартып қана қоймай рухани кемелдендіретін қасиетімен нақты көрініс табады. «Дидар талап» – Хақ дидарына ғашық болатын махаббаттың жоғары деңгейі ретінде Ясауи хикметтерінде жүйелі баяндалатын салалы арна. Сондықтан, махаббат ұғымын ғалам жаралуының сыры, адамның рухани кемелденуінің жебеушісі ретінде қарастырған Ясауи хикметтеріне және онымен рухани сабақтастықтағы Абай, Шәкәрім сияқты ғұламалар жырларына жүгініп, махаббаттың этикалық тағылымдық сырын түсінуге болады. Мұсылман діни танымында рухани кемелденудің түпмақсаты

– «дидар талап», оған жеткізетін күш-қуат – Хаққа деген махаббат. «Баршылыққа да қуанбаймын, Жоқшылыққа да күйзелмеймін, Саған ғашық болып өтем, Маған сен керексің, сен! Сопыларға сұхбат керек. Жомарттарға ақирет керек. Мәжнұндарға Ләйлә керек, Маған сен керексің, сен!..» деген сопы Жүніс Әміренің сөзі, Ясауи мен үндес осы этикалық мақсатты паш етеді. [6, 90 б.]

Сондықтан ислам ғұламалары махаббатты Құдайдың «Халық» есіміне сай жаратушылық сипатының телеологиялық қағидасы ретінде, яғни жаратылыстың мақсатты себебі деп қарастырды. Демек, Махаббат – игілік, үйлесім, сұлулық, келісім, жасампаздықпен ұштас, осындай ізгіліктерге жеткізуші себеп болғандықтан, осы жерден оның онтологиялық мазмұнын аңғарамыз. Хақты сүю – «дидар талап» махаббаттың түпкі нысаны ретінде Жаратушыны белгілеп, оған жақындауды, ізгілікке ұмтылып, бақытты иеленуді мақсат тұтудың үлгісі. Ол осы тұрғыдан бүкіл құндылықтардың орталығы және оның бастау қайнарына жақындаудың қозғаушы күші болып табылады. Ізгілікке ұмтылудың мақсат, мұратын айқындауымен махаббаттың этикалық мазмұны ашылады. Ақиқатқа талпынудағы түпкі мақсат – хаққа жету. Махаббат иесінің істеген ізгілікті ісінен, көркем мінез-құлқынан, ғалам, дүние жаратылысының үйлесіміне ғажаптанып, одан ләззаттануынан, дидар талап етуінен оның ізгілікке ұмтылып бақытты көксеуінің, яғни этикалық ізденісінің басты шарты махаббат екені байқалады. Ал ғашықтың ғашықтық хәлін сақтау мен сүйіспеншілікке лайықпын ба деген қорқынышы мен үміт арасындағы ахуалда (хауф-рижа) әр ісін сана сергектігімен бақылауда ұстауы, тариқат жолындағы әр кезеңін мақамдар ретінде белгілеп отыруы рухани даму жолының сатылылығын, махаббаттың этика-гносеологиялық құндылықтарды түзуші ретіндегі орнын көрсетеді.

Ғашықтық отының нәпсіні жалынымен тазартар күшін айқындайтын хикметтерден махаббаттың моральдық-этикалық тазартушы категория ретіндегі мәні ашылады. Ал мағшұқтың ғашық ынтызарлығын бейтарап жауапсыз қалдырмайтыны, жандүниесінің қалтарыс сырына дейін білетін достығы мен шексіз ілімінің хикметте сипатталуына қарап, сол махаббаттың бастау көзі – жаратушы ие деп білетіндігінен ғұламаның онтологиялық

таным түсінігі көрінеді. Бұл жерде құндылықтар жүйесінде өзіндік маңызды орны бар «дидакталап» басты этикалық мұрат болса, соған ұмтылыс жолында да, оған қол жеткізгесін де иеленетін құндылықтың бірі – рухани ілім.

Сопылықтағы этика-дидактикалық жүйе нұрлы ақылды иеленген толық, әмбебап адам (инсан) идеялын қалыптастыруға құрылатындықтан, сол ілімге жетудегі таным органы, сол ілімге лайықты мекен болатын жүректің тазалығын, демек, ақлақтық сауығуды басты орынға қояды. Сананы жалаң діни догмалар шыр-мауында, қасаң қағидалар құрсауында қалдырмай жүрек танымын, жүрек таразысын іске қосуды, ол үшін сол жүректі оятып, тірілтіп, тазартып, о бастағы тағайындылығы мен қызметін қалпына келтіруге шақырады. Рәміздік тұрғыда жүректі – ар-ожданға баласақ, осы жүрек – демек, ар-ождан басты моральдық құндылық ретінде сопылықтағы, сондай-ақ Ясауи этикалық іліміндегі негізгі тақырып болып табылады. Осы жүректің тазалығы мен жүректің талпынар ізгілікті аңсарын белгілейтін нышандар – рәміздер жүйесін құрып, олар құндылықтарды сақтайтын қалыптар болып табылады. Жүрек құндылықтарға мекен болып, ізгіліктің бағдары, танымның құралы қызметін атқаруы үшін – оның тазалығы мен сергектігін қамтамасыз ету қажетті шарт – этостық мақсат. Ал, таза және тірі жүректі нұрландыратын өлшеусіз сый – нұрлы ілімді астарлап, бейнелі көркем тілде айшықты баяндайтын да рәміздік астарлы тіл бар. Осы сырлы ілімді астарлы тілмен, астарлап жеткізудің де өзіндік этикалық қыры бар. Сыр сақтау, шәкірттің рухани деңгейімен санасу, ілімнің өзін өлшеммен және астарлап жеткізу арқылы ұсыну мақсаты «әр сыр көрдім перделеп бүркеп жаптым» деген хикмет жолдарынан көрінеді.

«Бисмиллаһ деп баян айлай, хикмет айтып, Талиптерге дүрр уа гауһар шаштым мен, Рийазатты қатты тартып, қанды жұтып, Мен “дафтар-и сани сөзін аштым мен” дейді хикметтің алғашқы шумақтарында. Хақ пен адам арасын жалғастырушы – ғашықтық сезімі, Ясауи іліміндегі арифтің Хақты тануға» (мағрифатуллахқа) жеткізетін күші. Мағрифаттың дүр жауһар ілімін иелену үшін, ғашықтықтың азабын тарту, нәпсінің ластығынан тазарып, жүрекке таухид талапты орнықтыру үшін махаббаттың аптап жа-

лынынан өту сияқты моральдық-этикалық мұрат хикметтердің алғашқы шумақтарынан бастап негізгі бағдарды анықтайды. «Мен жерге көкке, ғаршы күрсіге сыймаймын, иман келтірген құлымның жүрегінен басқа», «Мен құлыма оның күре тамырынан да жақынмын» деген аяндарға құрылған Сопылық дүниетанымда жаратушының танылуын жүрек танымымен және жүректің Аллаға ынта-ықласымен байланыстырады. Өйткені, адамның рухы – Раббының үрлеген жауһары, хикметтерде “Ишк (ғашықтық) болмаса тауып болмас Мәулім (Тәңірім) Сені”, – дейді. Шексіз игіліктің, шағын болса да тектес ізгілікті өзіне тартуы, тамшының теңізге қосылуы сияқты заңдылық. Демек, адамның ең ізгілікті мақсат, мұраты – этикалық нысаны Хақты тану болса, бұл – Тәңірге ғашықтықпен, оның бұйрықтарына мойынсұнған құлшылықпен, жақындауға тырысқан жақсы амалдарымен жүзеге аспақ. Өз кезегінде Хақты тану нәтижесі әрдайым махаббатты күшейтеді. Махаббатың ұлғаюы Хақтың танылуына алып барады. Адам Хақты іздеп, дидарына ынтығып, санамен, сарғайып аңсайды, дертке шалдығады. Бірақ, бұл дертті адамның өзі ерікті болмыс ретінде тандап, тіптен қалап сұрап, алады. Иасауидің “Ышық дертін “талап қылдым дәрменім жоқ,” «Не қылсаң қылсаң да ғашық қылғыл паруардигар», «ғашық дертіне дауа болмас» – дегендегі дерт осы “дидар талап” дерті. «Жаннан кешпей, ғашық сырын біліп болмас, малдан кешпей менменлікті қойып болмас». Жаның қинап, ынта-шынтаңмен ғашық болғыл, жасың төгіп, көзді сулап, адал болғыл. Одан кейін хақ жүзіне лайық болғыл» «1825. Дидар талап қылсаң ай, закирлар, жаннан кешіп, алқа ішінде көргін дидар» «1661. Махаббаттың майданында жанын қиған, Хақиқаттың дариясынан гауһар алған, Мағрифаттың ілімін ішке салған, жүрсе тұрса дүр-гауһарын шашар достар. Ғашық сол дүр – хаққа жанын құрбан қылса, зікір салып, чор дораб ұрып, саһар тұрса» [5, 319 б.] сияқты хикмет жолдары махаббат, ғашықтық тақырыбын жан-жақты жырлайды.

Бейіш пен тозақтың айтысына құрылған 50-хикметте тозақтың айтыста жеңіліс табуын осы Дидар талаптың жоғары құрметті жағдайымен байланыстырады: «1921. Бейіш айтар мен артық дидар көрмек менде бар, Дидарын көрсетуге Рахман атты Рахым бар,

Дозақ сонда тік тұрды, бейіш билігін айтты, Құл қожа Ахмет не білдің білдіруші Алла бар» [5, 349 б.].

Хауф – Құдайдан Оның Әділдігіне лайық емеспін деген қорқу қаупінен, рижа – Оның Рахымына сай фазылынан үміттену хәлінен тұрады. Бұл практикалық этиканың сана сергектігін қас қақпай сақтау қызметімен байланысты, адамның айырықша рухани хәлі. Сопы ақылағының (моралінің) негізгі – талабы адамның сыртқы және ішкі тазалығы. Ішкі тазалық – жүректі тазарту сол арқылы ақиқат білімнің көзін ашу, рухты өсіру, оның мекенін кеңейту, жүректегі жалған талаптарды жуып-шайып тазалап, таухид талапты орнықтыру, түп мақсат – дидар талапқа жетуді көксеу. Сыртқы тазалық- айналаға әділетті, қоғаммен ізетті қарым-қатынас орнату, құлшылыққа ықыласты, шариғатқа бекем болу. Ғұлама ілімінде рух – жақсылықтың, нәпсі – жамандықтың қайнар көзі. Рухты тәрбиелеп өсіру жолында нәпсіні жеңу, оның ластығынан тазару үшін олардың әрқайсысының қалауын ажыратып, білудің маңызы зор. Сондықтан рух тазалығына ұмтылу – сопының басты мақсаты болса, Хақ дидарын қалау тазалыққа жетуді мұрат еткен талиптін басты этикалық бағдары. «1519. Шын ділімен жылағандар дидар көрер Сұбхан ием дидарын сыйға берер» деп Хақ жамалын Жаратушының сыйы деп біледі және Оған қауышу аңсары бүкіл хикметтерді көктеп өтер өзекті этостық мұратына айналған дейміз.

Сол сияқты, 7 хикметінің шумақтары «Бір уа барым дидарынды көрермін бе» деп аяқталуымен бұл хикметінде «Дидар талап жайлы кеңінен баяндайды. «Өзіңді өзің тануың – Хақты тануың» деп білген Қожа Ахмет Ясауидің жас мөлшерін белгілі бір шек ретінде баяндай отырып, өзінің рухани даму жолы, тариқат мақамдары жайлы баяндайтын хикметтері бар. 7-хикметінде осы 51 жастан бастап 63 жасқа дейінгі кезеңін сипаттайды. Хақ дидарын қалап, мал-мүліктен, бастан, жаннан баз кешкенін баяндайды, Мысалы: «405. Елу бесте дидар үшін тіленші болдым, Күйіп-жанып, күлдей ұшып, ғайып болдым. Бихамдилла дидар аңсап, ада болдым, Бір уа барым дидарынды көрермін бе?!». Алпыс үш жаста Қылуатке түсуімен байланысты, Ғұлама өз өміріндегі шешуші қадамын да осы «Дидар талаппен» байланыстыратынын көреміз: «437. Алпыс үште хабар келді: «Құлым

жерге кір, – деген,- Жаныңменен, жананыңмен жаныңды бер деген, – Һу семсерін қолға алып, нәпсіні қыр» – деген. Бір уа барым дидарыңды көрермін бе». Дидар көрудің тек «443.Өлмес бұрын жан бермектің дәмін татып», яғни пайғамбардың «Мәута қабла, ән тамута» өсиетін, яғни, өлмей тұрып, нәпсілеріңді толықтай жеңіңдер деген сүннетін орындағасын ғана мүмкін болғанын айтады. «479. Нұрын шашып, дидарын хақ көрсетті. Дидар көріп рухым ұшып ғарышқа қонды» [5,212 б.] деген жолдарда дидар талапқа қол жеткізген ариф ғашықтың (рухани таным иесі) хәлін сипаттайды. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде: «2511.Сопылардың мұраты ғой хақ дидары, Хақ дидары керек болса бол бидары, Құл Қожа Ахмет сахар уақытында қылғыл зары, Зар илемей, хақ дидарын көріп болмас» [5, 415 б.] деген Қожа Ахмет Ясауидің хәл ілімі – ғұламаның ғашықтық, хақ дидарын қалауымен жаратылыс сырын, адам мен әлемнің, мағшұқ пен ғашықтың, хәл ілімі мен қәл ілімінің араларындағы қарым-қатынасты тануға ұласады, сондай-ақ, нәпсінің һәуесін жеңу, Пайғамбар сүннетіне лайықты болу мағынасында өрбиді. Қожа Ахмет Ясауидің хәл ілімі, яғни хикмет дәстүрі түркі-ислам сопылығына негізделген адамды этикалық ар-ождан тазалығына тәрбиелейтін дүниетаным болып табылады. «Ишарат еттім дана болса мағына алсын, Қал ғылымынан біліп едім нышан қалсын. Дүр гауһар сөздерімді ішке салсын, Халден айтып ғашықтарға бердім мен» [5, 224 б.] – деген жолдардан Ясауидің «Диуани хикметті» болашақ шәкірттерге мұралауындағы аксиологиялық құндылықтық мақсатын аңғарамыз.

«Итак, вознесемся вновь к Благу, к которому стремится всякая душа. Если кто видел его, тот знает, каким образом оно прекрасно, ибо оно, как Благо, желанно, и к нему чувствуется тяготение. И если кто узреет Благо, какой любовью он воспыхает, какое испытает страстное томление, желая слиться с ним воедино, какое почувствует потрясение, смешанное с блаженством! Кто еще не лицезрел его, тот стремится к нему, как к благу; кто же видел, тот восхищается им, как прекрасным, бывает преисполнен изумления, смешанного с блаженством, испытывает болезненное потрясение, любит истинной любовью, со страстным пылом, смеется над всякой другой любовью и презирает то, что прежде считал

прекрасным» деген антикалық кезеңнің өкілі неоплатоншыл философ Плотиннің сөздерінен де осы сарындас ойды аңғарамыз. Неоплатоншылардың да рухани практиканы өз басынан өткізіп барып теориясын баяндағанын еске алсақ, бұл үндестіктің себебі рухани тәжірибенің өзара сипаттастығы дер едік. [12, 65 б.]

Сопылық ілімдегі арылу идеясы христиандықтағы туғаннан күнәмен туып одан арылу идеясымен сәйкес келмейді. Керісінше, ислам бойынша адамды Алла Тағала сүйіп жаратқан, сондықтан да, тазарудың өзі «Қожа мен құлдың» яғни, «Алла мен адам» арасындағы сүйіспеншілікке сәйкес жүзеге асады. Адамның тазаруы махаббаттың от жалынында нәпсі һауасты аластап тазартумен ғана мүмкін деп білу басты этикалық бағдар. Осының мысалын Қ.А. Ясауи хикметтеріндегі хауф-рижа, яғни қорқыныш пен үміт шарпысуының хикмет жолдарында өрілуінен Махаббаттың жаншабақтар бышықтық сезімге әкелерінен көреміз.

Ислам мәдениетіндегі адамның типтік сипаттамасы – «құл», «Құдайдың құлы» сөздерімен анықталады. Бүгінде, «Құл» сөзін еске алумен бірге «құлдық сана» ұғымымен ұштас теріс, жағымсыз мағынаның санада сұлбалануы анық. Бұл батыс мәдениетінің және кеңестік кезеңдегі атеистік тәрбиенің әсері. Ал, байырғы ислам мәдениетінің адамы үшін құл ұғымының жағымсыздық сипаты төмен. Ал, жалпы құлдық ұғымының жағымды қыры «Құдайдың құлы», демек, Құдайға шын мәнінде құл бола алған адам ғана – басқа құлдықтан азат, өз еркіне ие, егемен адам деген мағынада көрініс береді. Басқа құлдық ұғымы біріншіден адамның өз нәпсісінің құлына айналуы, өз ішінде дүниеқұмарлық, даңққұмарлық, билікқұмарлық сияқты жалған пұттарды жасап алып соның құлдығында маталуын білдіреді. Адам иеленуші болса ол мұқтаж әлсіз жаратылыс болғандықтан, адамды құлдану арқылы оның күш қуатын сарқа пайдалануға мүдделі жаратылыс. Ал шексіз Рахым иесі, Самад яғни ештеңеге тіптен адамның құлшылығына да мұқтаж емес затқа құл болудың өзіндік ерекшелігі бар. Қазақ ойшылдары Құдайға құл болудың мәнісін біліп оған риясыз берілген құлшылығын махаббатқа ұластыра алған адам шексіз Рахыман Рахым нұрына кенеледі деп білді. Сондықтан, осы екі құлшылық мүлдем қарама-қайшылықты ұғымдар. Құдайға құлшылық –

адамның қалау еркімен, ықылас пейілімен, ынтық сезіммен жүзеге асатын, күш жігерді қажет ететін этикалық мазмұндағы ғибадат.

Ал, бүгіндегі «пенде» деген ұғымда адамның нәпсілік табиғатына, қадар-қазаға, тағдырға, әлеуметтік ортасына, заманына тәуелділігімен байланысты әлсіздігін сипаттайтын түсінігімен қатар, «Құдайдың құлы» деген мағына да көрініс береді. Оның бір мысалы: «банда» ұғымы отарлаушылар тарапынан, кейіннен «қызылдардың», коммунистердің тарапынан мойынұсынбайтын, бостандық үшін күрескер топтың атауына айналды. Себебі, осы түбірлес сөз құдайға құл болған адамның, демек өз азаттығы үшін жанпидалықпен күресетін, отарлаушыларға мойынсұнбаған нағыз азаттық сүйгіш адамның сипатын ашады. Кеңестік идеология өздерін «кертартпалықтан азат етуші» ретінде көрсету үшін, өздеріне қарсыларды «банда» ұғымымен айдар тағып, жағымсыз сипатта санамызға сіңіргені белгілі. Алайда, онымен түбірлес, парсы тілінен енген «пенде» сөзі Құдайдың құлы мағынасында, адамның әлсіздігін, адамның құдайдың фазылынан үміт етіп құлшылық жасаушы қалпын сипаттап, о бастағы шынайы мағынасында да халық санасында («бандамен») қатар өмір сүре берді.

Қазақы ұғымда «құлақ кесті құл», «Құл-құтан», «Ұлтан құл» деген сөз тіркестерінде құлдық ұғымының қорлау мағынасы ашылады. Әскери демократияға негізделген көшпенді қауымның әрбір мүшесі тең құқылы қоғам мүшесі, жауынгер, азат тұлға болғаны белгілі. Осы құлдықтың болмауы, көшпенділік өркениеттің ерекшелігін айқындайтын басты сипаты. Әйтседе, жалпы көшпенді қауымда да қоғамдық сипат алмағанмен, бірен саран, жекелеген құлдық жағыдайдағы адамдардың болғаны және олардың қорлық деңгейде болғанын байқаймыз.

Дегенмен, құл сөзінің жағымсыз сипаты көбінесе «нәпсінің құлы» мағынасында – адамның өз бойындағы жамандықтармен күресе алмауы мағынасында көрініс береді. «Құл Қожа Ахмет Ясауи» деп ұлық әулиенің эпитеті ретінде атына тіркеліп айтылуында осы «Құл» сөзінің «құдайдың құлдығына» байланысты жағымды сипаты айқын көрінеді.

«Алланың пендесіне рақымы мол,
Сен де өзіндей адамға мейірімді бол.
Мұны білсең, боласың сүйікті құл,
Құлы болсаң қожанның сүйгенін қыл.
Шын мұсылман болайын деп ойласаң,
Құдайға құл болудың мәнісін біл» [15, 120 б.]

деген Ш. Құдайбердіұлының сөзінде құлшылықтың мағынасын Мейірбандыққа балайды, құдайдың сүйіспеншілігін иелену үшін Оның сүйген ісін атқаруға шақырып, Құдайға құл болудың мәнісін – жете түсінгенде ғана мұсылман бола аларынды ескертеді. Құлшылық, ғибадаттың өзіндік әдебі, ішкі тәртібі, ғұрыптық мазмұны бар екендігі белгілі, сонымен бірге, ғибадат адамды баянсыз құлшылықтан құтқаратын этикалық мазмұнға ие.

Жалпы құлдық ұғымының Ислам мәдениетіндегі орны жайлы Ресей исламтанушысы Смирнов былай дейді: «В частности, дело тут в факторах исторического и социального плана. Ислам знал рабство и не отменял его. Но рабство, существовавшее в исламе, отличалось все же от римской или иных форм бесправного рабства. Рабы имели определенный статус и ясно оговоренные права, закрепленные в исламском праве; хотя они, конечно, были урезаны по сравнению с правами свободных граждан, тем не менее тщательно охранялись. Кроме того, важной составляющей исламского сознания был, во-первых, императив доброго и снисходительного обхождения с рабом, многократно подчеркнутый в хадисах и потому реально влиявший на сознание мусульман, а во-вторых, тезис о похвальности отпущения раба на волю, причем эта практика, судя по разработанности вопроса в исламском праве и другим источникам, была достаточно распространена» [16, 195 б.] Қазақша мағыналық аудармасы: «Атап айтқанда, мәселе тарихи және әлеуметтік тұрғыдағы факторларда. Ислам құлдық жайлы білді және оны жойған жоқ. Бірақ мұсылман елдерінде болған құлдық Римдегі немесе басқа елдердегі құқықсыз құлдықтан ерекшеленді. Құлдар белгілі бір қоғамдық мәртебеге және ислам құқығы бойынша нақты бекітілген құқықтарға ие болды; бірақ олар, әрине, еркін азаматтардың құқықтарымен салыстырғанда шектеулі

болса да, дегенмен мұқият сақталды. Сонымен қатар, исламдық сананың маңызды құрамдас бөлігі біріншіден, құлға мейіріммен және құрметпен қарау ұстанымы болды. Бұл, бірнеше рет хадистерде баса айтылған, сондықтан мұсылмандардың сана-сезіміне шын мәнінде әсер етеді және құлға бостандық берудің мақтауға лайықты сүннет іс екендігі туралы мәселе ислам құқығында және басқа да дереккөздерде терең талданғанына қарағанда өте кең таралған». Осыдан байқарымыз, жалпы құлшылық ұғымын Батыстың қабылдауы құқықсыз бағыныштылық болса, мұсылмандық Шығыста сыйынумен, сүйіспеншілікпен, иендей болам деме, иеңе ұқса дегендей Ақиқатқа жақындауға, ұқсауға ұмтылумен ерекшеленеді және өзіндік этикалық мазмұнға ие.

Мұсылман есімдерінің Абд сөзімен басталуы немесе қазақта Ғабит, Ғабдолла есімдерінің көп кездесуі, абд сөзіне Алланың ұлық есімдерінің бірін тіркеп, ат қою дәстүрі қалыптасуы, осының бәрі адамның Жаратушыға құл болу арқылы ғана рухани өсу мүмкіндігіне ие боларына нұсқайды. Сондай-ақ, ғибадаттың қазақ топырағында өзіндік төлтума табиғаты бар, Шығыстық немесе Батыстық емес, далалық этикалық дәстүрде қалыптасқан қайталанбас табиғаты бар екенін көреміз. Қ.А. Ясауи феноменінің осы ұлттық мұсылмандыққа, қазақ этикалық дәстүріне тигізген қайталанбас әсері бар. Ғибадат сөзін қазақша құлшылық сөзімен қосарлап немесе орнына қолданамыз. Бұл жерде бағыныштылық, билігіне мойынсұну мағыналарынан гөрі сыйыну мағынасы басым. Ислам әмбебап өмір салты, ал моральдық ақлақтық ұстаным – Исламның басты талаптарының бірі. Мораль – ақлақ кез келген жеке тұлғаның немесе халықтың, қауымның жасампаздығының, өміршеңдігінің, күш-қуат бастауы. Сондай-ақ құлдыраудың, тоқыраудың басы аморальдық азғындаудан бастау алады. Сондықтан, исламда адамның сақтауға тиісті әмбебап және іргелі құқықтары мен парыз міндеттері анықталған. Бұл құқықтарды сақтау үшін құқықтық тетіктермен қатар моральдық құндылықтардың да тиімді жүйесі қалыптасқан. Демек, жеке тұлғаны немесе қоғамды игілікке бөлейтін, ілгері дамытатын, және шарифатқа қайшы емес кез-келген әрекет Исламда ізгілікті болып саналды.

Ал, этиканың негізгі қағидаты ізгілікке ұмтылу, ізгілікке қол жеткізіп бақытты иелену болса, практикалық этиканың күнделікті өмірдегі маңызы осымен айқындалады. Жеке адамға, өз басына немесе қоғамға зиянды әрекет жасау аморальды болып саналады. Мұсылманның мінез құлқы құдайға жағуға, жақындауға құрылады. Басқа діндердегідей, Ислам ақлақ пен ізеттілікті қуаттап, азғындыққа соқтыратын теріс қылықтан сақтандырады. Барлық әрекеттің жебеушісі де, ақтаушысы да Құдай боп саналады. «Адамдардан бетінді /менменси/ қисайтып бұрма әрі жер бетінде кердендеп жүрме. Ақиқатында Алла әрбір өркөкіректі әрі мақтаншақты жақсы көрмейді. Әрі жүрісінде орташа, бірқалыпты бол. Және дауысыңды бәсеңдет. Өйткені дауыстардың ең жағымсызы есектің дауысы». (Құран 31-сүре, 18-19-аяттар) Жалпы мұсылманның басты сипаты тақуалық пен ізгілік болса да осы этикалық құндылықтардың қазақ мұсылмандық дәстүрінде тереңдеп орын алуына Қ.А. Ясауидің хал ілімі хикмет дәстүрінің қайталанбас әсері болғанын, өзінің рухани сабақтастығын ғасырлар бойы сақтап келгенін бай рухани мұрамыздан көреміз. «Мұсылман менмендікке салынбауы және бұл дүниелік өткінші ләззаттарға жанталаса ұмтылмауы керек. Адамдар өз жүректерін материалдық игілікке құмарлықпен толтырмай, жүрегінде Хакқа махаббат орын алуға тиісті. Ал, материалдық игілік қолыңда қанша шоғырланса да, бәрін жақсылықтың құралы, өзінді дамытудың жолына қолдану абзал, мүлік жүрегіннен орын алмауы міндет» деген этикалық қағида басты ұстаным болды. Осындай қағидаға сәйкес өмір сүру «Ол күні байлық та, балалар да пайда бермейді, тек Аллаға сау жүрекпен келгендер ғана басқа» (Құран: 26 сүре, 88-89 аяттар) деген аяттарға сүйенген, исламдық әдептен бастау алады.

«Адам өлімді жеңе алады ма? Өлім мүлдем жоқ болуды білдіре ме? Өлімнен қашып құтыла ма?», деген сұрақтар жалпы философияда, қазақ философиясы тарихында да көптеген рухани, діни, эткалық ой-пайымға өзек болған. Сопылықтағы өлімге қатысты басты этикалық өнеге – «өлімді жеңген адам қияметтен де үстем». Гносеологиялық тұрғыда өлімнің танымдық мәні бар. Өйткені, өлім фани мен бақиды ажыратушы. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап-күлмес «Мені»

мен «менікінің» айырылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» [17, 226 б.] деген Абайдың өлең шумағында өлімнің осы жалғанмен, ақиқатты ажыратушы ретіндегі танымдық мәнісі ашылады. Өлімнің танымдық мәнісімен жалған мен ақиқаттың, фани мен бақидың нәфсі мен рухтың парқы ажыратылған соң, Ақиқатты тануға, бақиға ұласуға, рухты өсіруге талаптанушы адамның этикалық мұрат мақсаты осы қисыннан туындайды. Осыны ақыл деңгейінде түсінгесін, жүрекке орнықтыруы, одан әрі іс жүзінде бастан өткізуі тәжірибесінің барлығы сопылықта, Пайғамбардың «маутә қаблә ән тамута» өсиетіне сай «Өлмей тұрып өлуді» жүзеге асыру деп біледі. Ақыл деңгейінде қабылдаған білімді жүрек қалауына айналдыру, әрбір ізгілік ілімін сөз жүзінде қалдырмай іске асыру кәміл мұсылманның, кемел адамның басты этикалық мақсаты саналған.

«Мужество же – отсутствие страха перед смертью, ну а смерть – отделение души от тела. Не страшится этого тот, кто жаждет остаться один. Величие же души презрение к вещам тленным. А мудрость – это мышление, отвращающееся от низменного, ведущее душу к высшему миру. Итак, очищенная душа становится эйдосом и духом, вполне бестелесной, разумной и всецело принадлежит божеству, в котором источник прекрасного и всего подобного, что сродни ему. Душа, ставшая духовной, поистине прекрасна. Красота, свойственная душе от природы, а не заимствованная, и есть Дух и все то, что проистекает из Духа. Поэтому правильно говорится, что добро и красота для души заключается в том, чтобы уподобиться Богу, ибо оттуда и прекрасное, и всякий иной удел сущего. Скорее же сущее и есть красота, а другая природа, т.е. материя, безобразие. Она же и есть первое зло, в то время как сущее – доброе и прекрасное» [12, 105 б.] (қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы «Ерлік – өлім алдындағы қорқыныштың болмауы, ал өлім – жанның денеден бөлінуі. Сол рухпен бірге қалуды жан тәнімен қалаған адам бұдан қорқыныштан ада. Рухтың Ұлылығы өткінші дүниеден бойын жыйуы. Даналық – бұл фәниден жиреніп, жанды жоғары әлемге апаратынын пайымдау. Сонымен, тазартылған жан өте нәзік, ақылға қонымды және ондатолығымен Құдайға тиесілі Эйдос пен рухқа айналады, ол сұлулықтың қайнар көзі

және Жаратушыға ұқсас барлық нәрсе бар. Руханиланған жан шын мәнінде әдемі. Рухтың сұлулығы бөтеннен қарызға алынған емес, ол рухқа о бастан тиесілі және рухтан шыққан барлық нәрсе оған тән. Сондықтан, жанға қажет ізгілік пен сұлулық Құдайға ұқсауда деп дұрыс айтылады, өйткені, мәннің әсемдік және басқа да барша қажеттіліктері Одан бастау алады. Шындығында, мәнділіктің өзі сұлулық, ал басқа фәнилік табиғат, яғни материя, сұрықсыз. Фәнилік басты зұлымдық, ал бақилық (мәнділік) – ізгілікті және әдемі» деген Плотин Эннадасындағы пікірде жалпы өлімді жеңудің мүмкіндігі мен өлімді жеңу қалаулы ердің қолынан келер абройлы іс екенін айтады. Бұл мысалдан философияның антикалық тарихында ерлік этосын рухты Эйдоспен табыстыратын ізгілікті мақсат жолындағы басты қасиет деп қарастырғанын көреміз. Осы дәстүрдің сопылықтағы рухани тәжірибемен ұқсастығын көрсетудің өзіндік маңызы бар. Себебі, антикалық кезеңдегі неоплотониктердің рухани практиканы өз заманында, яғни мүлдем басқа уақыт, мекен, әлеуметтік кеңістіктің талаптарына сәйкес атқара тұрып, жаңа уақыт және мекен кеңістігіндегі, яғни жаңа тауухид діни дәстүріндегі, көшпенді өркениеттегі рухани кемелдену тәжірибесін мүлдем тың жағыдайда атқарған далалық сопылық дәстүрмен ұқсас нәтижеге, шешімге келуі көңіл аударарлық сәйкестік. Ақиқат біреу деген логикалық қорытынды тұрғысынан екі басқа кезеңдегі практикалық этиканың бір нәтижесіне жеткендігі Рухтың мәңгілігі жайлы тұжырымның шындығын көрсетеді. «Өлімді өлмей тұрып жеңу» қағидасы ясауилық дәстүр үшін жалпы мұсылмандық дәстүрге тән Пайғамбар өсиетінен бастау алғандығы белгілі. Алайда жалпы түркілік дәстүрдегі әулие Қорқыт тұлғасының осы өліммен күресушінің ерлік этосын бұған дейін де сомдағанын айта кету керек. «Өлі десе өлі емес, тірі десе тірі емес, Қорқыт ата әулие» деген халық даналығында Қорқыт атаның тірілігі мен өлілігін қарама-қайшылығын арасына тепе-теңдік қойып айтуының өзі Қорқыт абыздың тірісінде өлімді жеңіп мәңгі тірілікке жеткен әулие деген тәмсілге нұсқайды. Демек, Қорқыт ата Хақ Тәңірдің уәлиі, досы болса онда оның тағдырға қарсы келуі, ажалдан қашуы ақылға сыймайтын әрекет. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі дегенде» де Қорқыттың әрекеті,

өлімнен қашып жүргеннен гөрі бұл дүниенің жалғандығын паш етіп, «өлімнен қашып құтылу мүмкін еместігі сияқты, фәнидің жалғандығы да рас» деп дәлелдеп жүргенге ұқсайды. Оның өлімді қобыз сарынымен, яғни рухани әлеммен байланыс орнату ақылы жеңуге ұмтылысының өзі өлімнен қорқушылығын емес, оны жеңу жолындағы күрескерлігін көрсетеді. Аңызда Домрулдың жан алғыш періште Әзірейілмен шайқасы сипатталатын тұстары болуы, өліммен күрес идесына нұсқайды.

Аңыздарда Ахмет Ясауидің 63 жасында Қылуетке түсіп, тағы да сонша өмірін жер астына бұл дүниенің ләззәттарынан бас тартып, нәпсімен толассыз күрес жүргізе отырып, өткізгені жайлы баяндалған. Қылуеттің негізгі ұғымы көптен оңашалану болса, оның ақлақтық-этикалық мазмұны Ясауи қалыптастырған мәдени кеңістікте өзіндік жаңа рухани мән-мағынаға ие болып, жалпы қазақ сахарасында үлкен тарихи-мәдени дәстүрді қалыптастырған. Осы мәдени дәстүрдің бүгінге жеткен материалдық тарихи ескерткіштері қатарында Түркістандағы Қылует жер асты мешітін, Құмшықата қылуетханасын, Шопан ата, Шақпақ ата, Сұлтан епе жер асты мешіттерін, Бекет ата жер асты мешітін атауға болады. Мұхаммед Пайғамбардың алғашқы уахиін Хира тауындағы үнгірде алуы және пайғамбарлығының аян болуы үнгірде жүзеге асуының өзі осы жер асты мешіттерінің рухани дәстүріне бастау болған деуге болады.

«Өлмей тұрып жан бермектің дертін тарттым мен» деген Ясауи хикметтерінде «Өлім алдындағы өлуі», яки өлімді, нәпсі-һәуаны жеңуі жайлы Пайғамбар хадистеріне сай әрекетінің этикалық мән-мағынасын ашып баяндайды. Мысалы: 81-хикметте: «Мауту қабла ан тамута» аяты бар. Ғашық жандар өлмес бұрын өледі-мыс». «895. Ақылға ерсең көрстаннан хабар алғыл, Мен де солай болармын деп ғибрат алғыл, «Маута қабла ан тамутаға» амал қылғыл, бұл хадисті фікір қылып тұрдым мен», деген хикмет жолдары бар. [5, 250 б.] Алпыс үш жасында «жер астына Мұстафаға аза тұтып кірген» Әулиелердің Сұлтаны Пайғамбарға құрмет пен Оның сүннетіне адалдықтың үлгісін көрсетеді. «Алпыс үште нида (хабар) келді «Құлым, жерге кір, – деген, – Жаныңменен жананыңмен шыбын жанды бер, – деген. «Һу» (зікірін) семсерін қолға алып

нәпсіні қыр, – деген. Бір және Барым дидарыңды көрермін бе?!» дейтін хикмет жолдары Хақ дидарына ғашық болған сопының бұл әрекетке ерекше хабар ілһам алған себепті барғанын ескертеді. Ол түп мақсаты дидар талапқа осылай жеттім дейді. «Алпыс екі жаста мені Алла жерге тартты, Бастан-аяқ надандықтан азат етті» [5, 237 б.] деуі арқылы, шешуші қадам – Қылуатке хақиқат ілімді иеленген, тариқат әдебіне сай рухани-ақлақтық кемелдікке жеткен, жоғары рухани мақамға ие болған шағында барғанын мәлімдейді.

Қ.А. Ясауи тариқат әдебіндегі қылуат жайлы «Физикалық өлімнен бұрын нәпсіні арылту, жеңу деген мағынаны береді. Көңілде, Алладан басқа барлық қалау талаптарды жою, өлтіру деген сөз. Осылайша өз еркімен бойындағы құмарлықты өлтіргендер руханият әлемінде жаңа бір өмірге қадам басады» [14, 57 б.] деп «Мират кулб – Көңілдер айнасы» кітабында түсінік береді. «Ясауи адам өлім үрейінен құтылуы үшін табиғи өлімнен бұрын оны жарық дүниеде танып, дәмін татуы яғни, «өлмес бұрын өлуі» қажет. Өлімнің орнына онымен табысу, одан қорқудың орнына оны сүйе білу керек. Ясауи «Куллу мән алайха фан» аятында Құдайдан өзге мақұлұқ өледі екен» деп, өлімнің ақиқатын Құранға негіздеп, «өлімнен ешкім құтыла алмайтынын хикметтерінде сөз етеді. Өлімнен қашудың мүмкін еместігі ақиқат болғасын, Ясауи нәпсіні өлтіріп өлімді жеңу концепциясын этикалық кредо ретінде ұсынды. Бұл да «Өлмес бұрын өліңдер» (Муту қабла ан тамуту) және «Адамдар бұл дүниеде қиял әлемінде жүр, тек өлгеннен кейін ғана шынайы әлемді көреді деген хадиспен үндестікте қаралды» [18, 216 б.].

Алпыс үш жаста жер астына кіруімен, біріншіден Пайғамбар жасынан асқаннан соңғы бұл дүниелік жарық дүниедегі өмірін тәрк етсе, екіншіден, Пайғамбар сүннетіне адалдығын оның өсиетін осы жасқа сәйкес орындауымен тағы нықтай түседі. Осы хикметте Мигражда Пайғамбарымыздың оның рухын көруіне байланысты аңыз баяндалады. Аңыз бойынша Пайғамбар миграж сапарында Ясауидің рухын көріп, «Тәнге кірмей нұрланған бұл қандай рух» деп Жәбірейіл періштеден сұрағанда «бұл сенің төрт жүз жылдан соң келіп, жолыңды жаңғыртып, іліміңді тарататын үмметің деген жауап алып, оған үлес береді» дейді. Демек,

Ясауидің пайғамбармен арасындағы рухани байланыс о бастан Хақ тағдырымен анықталып, тылсым сырмен бүркеліп қойған деген сенім мифтік санада орын алған. «Ясауи тариқатында (жолында) «қылуеттің» өзіндік маңызы мен өзіне тән әдебі (қағида ережелері) бар. Қылует кезінде нәпсіге, шайтанға тиесілі ләззаттар, қалаулар, ниеттер жанып жоқ болады. Адамзатқа тән қараңғылық және басқа да қайғы-мұң жоқ болады, ішкі рухани дүниесі нұрланып тазарады, және тағы да осы сияқты көп нәрселерге қол жеткізеді» [19, 36 б.] дейді түрік зерттеушісі М.Ф. Көпрүлү. Ясауи тариқатындағы қылует әдебі – рухани кемелдену жолы ретінде маңызды ақлақтық-этикалық практика, яғни адамды белгілі бір уақытта, арнайы оқшауланған жағыдайда, рухани «емханада», рухани шипагер ұстаздың бақылауында, адамгершілік тұлғасын емдеп, тазартып, сомдап шығарудың нақтылы этикалық тәжірибесі.

Өлгенді тірілтетін әбілхаят суы, яғни, мәңгі тірілік суы жайлы мотив қазақ әдебиетінде және бүкіл әлемдік мифологияда кездесетін аңсар. Осы әбілхаят суына қол жеткізер ерлердің көптеген қиыншылықтан өтуі, тылсым күштермен шайқасы және мәңгі тірілікті сый ретінде ғайыптан тылсым жағдайда иеленуімен аяқталу осы аңыздарға тән мотив. Бұл идея мәңгі тірілікке жету жайлы халық санасында ғасырлар бойы өмір сүрген, «Мені мен менікінің айырылғанын өлді деп ат қойыпты өңшең білмес» дегендей рухтың мәңгі бақилығына сенумен байланысты этикалық мұраттан туады. Мифологияда мәңгілік тірілікке қол жеткізетін, Хақтың назары түскен ерлер, адам рухының кемелдігін махаббатқа адалдығымен дәлелдейтініне қарағанда ерлік, батырлық этосы халық санасында әзелден өмір сүреді. Сондай-ақ Рухтың түпбастауына кемелдікпен ұласуы ыстық махаббатпен ұмтылғанда ғана қол жетімді деген халық сенімін де осыдан көреміз. Қ.А. Ясауи этикалық идеясын жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жүректен аққан қаныммен тозақтың отын сөндірем» деген жыр жолдарында да жердің бетін жұмақ қылып, адамдарды рухани тазартып, адамгершілікке жеткізетін де Хаққа махаббат деген сенімді аңғарамыз.

«Адамның мәңгі өмірді иеленуі мүмкін бе» деген сұрақтың жауабы Қ.А. Ясауидің хәл ілімінен бастау алған этикалық та-

зару сарыны ретінде Шәкәрім ойшылдың ар ілімінде рухани жалғастығын тапқанының мысалын көптеп кездестіреміз. Мұхаммед пайғамбардың өсиетіне сай «өлім алдындағы өлу» тақырыбы мұсылман сопылық әдебиетіндегі негізгі арналардың бірі. Дегенмен, Қ.А. Ясауидің нәпсіні толықтай жеңумен, жоғары рухани дәреже иеленген ердің өлімді тіршілікте жеңетіндігіне сеніп, оны рухани-интеллектуальдық тәжірибе ретінде жүзеге асырған, этикалық мұрат ретінде насихаттаған және қазақ ой дүниесінде өзінің рухани жалғастығын тапқандығы айырықша назар аударуды қажет етеді. «Сырты бүтін, іші түтін», өзін тірі өлікке балау мотиві Абайда бар. Абайдың «Өлді деуге сия ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», «Екі күймек бір жанға әділет пе», «Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, Менікі өлсе өлсін оған бекі» деген өлең жолдарында Рухтың мәңгі бақилығы мен өлімнің жалғанды жоққа шығарар шындығын паш етеді. Өлім тақырыбы Мағжан Жұмабаев шығармашылығында да кеңінен жырланады. «Өлім күйі – тәтті күй. Балқиды жаным бұл күйге, Мені де, өлім, әлдиле, Әлдиле, өлім, әлдиле!» деген шумақтар осының мысалы. Жалпы қазақ этикалық ой кешу үрдісінде Қ.А. Ясауиден бастау алған өлімнің танымдық тағлымдық мән-мағынасы жайлы толғаныстар да мол. Қорқыт ата рухани мұрасының негізгі өзегін құрайтын өлімді тіршілікте жеңу мотивімен сарындастықты Шәкәрім ғұлама шығармаларынан да көреміз. Тіптен «Қорқыт ата сарынына салып» жырлаған өлеңі де бар. «Жар қараса, тірілуші ем, Қарамаса мен – өлік. Рахым етіп қылмады-ау ем, Енді үмітім қалмады. Сөйтсе онда сыр бар екен, Байқамаппын мен мен оны, Қосылайын өлсе деген Амалы екен – алдады. Өліп едім жар бірігіп, бір бейісті таңдады. Ләйлі, Мәжнүн қарсы шығып, Ерулікті қамдады. Жар сипатын білсеңіз де, Нәпсің өлмей деме жар. Айла, алдау сөзіңізге шын хақиқат нанбады» [16, 289б.] деген шумақтарда «тіршілікте өлімді жеңудің амалы ғашықтық жолын қалап, нәпсіні өлтіру екенін, Рухты Хаққа қауыштырар күш-қуат бұл махаббат оты, ғашықтық жалыны деген сенімін нақты айтады. «Анық асық әулие кереметке сол ие, Жаны құрбан жарына керексіз өзге дүние» [16, 286 б.] деп жанпидалықты, «Өзгермейтін өлмейтін, Өмірді талап етемін, Қайталап ойын көрмейтін, қызыққа түпсіз жетемін»

[16, 285 б.] дегенде рухты мәңгілік өмірге қауыштыру этикалық мұратын жырлайды.

Қазақ топырағындағы ясауилық мәдени кеңістікте, жиырмасыншы ғасыр басында Ясауи этикалық дәстүрін сабақтастыра жалғастырған адам Шәкәрім қажы. Бірақ, ол сопылық тариқат жолының практикасын тура орта ғасырдағыдай басынан өткерді демейміз. Алайда, Ясауи бастауында тұрған рухани этикалық үрдісті жалғастырушы болғанына мына астарлы меңзеуі нұсқайды: «Шын асықтың әрбірі, Өліп топырақ болды да, Жаралыстың тағдыры жаратты мені орнына», «Көрем десең жарымды мас бол жүрек тазала. Өртеп жібер барынды, Қарсы ұмтылып қазаға», [16, 286 б.] Хаққа деген асыл махаббатың иесі шын ғашықтың хәлі мен сыр-сипаты – этикалық практиканы, құрбандықты қажет ететін махаббаттың үддесінен шығып тірілігінде нәпсісін жеңіп мәңгі тірілікке жету аңсары – этикалық мұратты көрсетеді. Ал, ғашықтық дертін иеленіп, соның отымен тазалыққа жету, нәпсі әуесінен арылу – этикалық-дидактикалық мақсатты, хаққа жетіп нұрлы ақылды иеленгенсін соның мастығына беріліп, ой тереңінен мағрифат маржанын сүзу – этикалық танымды көрсетеді. «Мен жомартпын жар нұрына алса екен деп барша жан» деген сол игілікпен өзгелер де құр қалмасын деп бөлісуге құмарлық жалпы рухани кемелденіп, ақлақтық-этикалық дамудың нәтижесіне жеткен қазақ ғұламаларының парыз санаған ісі.

Шахабуддин Сухравердидің Тасаввуфтағы қылуат жайлы «Кейбіреулер шарттарына бағынбастан қылуатке кіріп, зікірлердің біреуін сала отырып, нәпсілік күштерін бір жерге жинап, ал сыртқы сезімдерін сыртқы әсерлерден тияды. Дәл осылай монахтар брахмандар, философтар да істеген. Бұл жағдайдың ішкі нәпсілік тазалыққа жетудегі әсері міндетті түрде күшті. Бірақ, шарифат үкімдеріне, сүннетке орай орындалған қылуат жүректің нұрлануын, көзі тірісінде ғибратқа берілгендік, зікір, намаз және Құранды мәнерлеп оқу жағдайына ықыласпен әрекет етуге жол ашады» деп жазады. М.Ф. Көпрүлү Ясауи тариқатындағы дәстүрлі қылуат рәсімін және әдебін суреттейді. Қылуат ұстаздың бақылауында өтетін, Ясауи тариқатының әдебіндегі адамға ақлақтық-этикалық тәрбие сіңіретін ерекше рухани-практикалық әдістердің бірі екені

сөз болады. Қылуат бір немесе бірнеше қырық күнге созылатын, күні-түні ұйқы мен тамақты шектеп, тәкбір, «истифғар» (кешірім дұғасы) оқылып, Құдайға құлшылықпен өтетін ғибадат мерзімі ретінде сипатталады.

1929 жылы ғалым В.А. Гордлевскийдің жазуынша XX ғасырдың басында Ясауидің қылуат дәстүрін жалғастыруға жыл сайын «Халуатқа» қысқы күн мен түн теңелер мезгілде жиналып зікір салатын халықтың саны жиырма мыңға жетіп отырған. Ясауиға мәдениетінің зерттеушісі өзбекстандық ғалым М.Хашимов Ясауидің «жер асты қылуат мешіті» дәстүрге айналып, кейінгі шәкірттерінің көбі жер асты мешітін салдырғандығын; мұндай түсініктің сопы-дегдарлардың бұл дүниенің баянсыз тіршілігінен безіп, оңаша Алламен үндесуді қалауынан туғандығын айтады [20, 7 б.] Хз. Аббастың баласынан («Әзһар ал-хаққ» кітабының 31-бетінен алынған) рауаят болған тағы бір хадисінде Хазіреті Пайғамбар: «Бір адам Ұлық Аллаға шын ықылас қылып, қырық күн ғибадат қылса жүрегінің көзі ашылып, даналық жүрегінен тіліне бұлақша ағады» дейді. Бұл Пайғамбар хадисі Мұса Кәлимоллаға қатысты Құран Кәрімнің аятына негізделе тұрып, тақуалықтың маңызы мен мәнін ашады. Тақуалықты нағыз әдеп, этикалық қасиет деп біліп, оны жалпы руханилықтың кепілі санағасын адам бойында нағыз ерге тән сипат тақуалықты қалыптастырудың мектебі қылуат болды. Бәзиди Бистамидің еш болу, өзін жоққа балау хәлін мына дұғасынан көруге болады : «Иләһым! Менің мендігімді ортадан шығар, мендігім сенде жоқ болсын, мен арада еш болайын! Өйткені, мен сенімен болған жағдайда барлығымен бірге болғаным деген сөз. Егер әркіммен бірге болсам, сенімен бірге бола алмаймын. Бұл сенің жолыңда мен үшін ең үлкен кемшілігім мен шикілігім болады»[6, 70б.] Міне осыдан өзінің нәпсісін толықтай жеңу туралы этикалық мұрат белгілеудің жалпы сопылық дәстүрге тән құбылыс екенін көреміз. Көбелек жарыққа пәруәнә боп, еркінен айырылып, соңында өзін отқа соғып, тәнін жағуын астарлы ишара қылған Хазіреті Мәуләнә Руми: «Тәнді жақпай, иләһи ғашықтық пен махаббаттың ләззатына қауышу мүмкін емес,» – дейді. Мәуләнә былай дейді: «Өлмей тұрып, өлген адамдар нендей бақытты, оның рухы ақиқат бақшасының иісін сезеді.» [6, 75 б.]

Қылуат әдебінің «Диуани хикметте» жырлануын талдай отырып, оның космологиялық астарын, гносеологиялық мақсатын, этикалық ғибратын бағамдауға болады. «Қылуатті қалаған адам халықтың жаманшылығынан қорғану үшін емес, өз жаманшылығынан қорғану үшін бұл әрекетті тандап алдым деп ойлауы керек. Өйткені керісінше болған жағдайда өркөкіректік пен тәкәппарлыққа жол береді» деп жазады Көпрүлү «Жавахирул әбрэр» атты дерек көзіне сүйене отырып. Демек, қылуатке өзінің кемшілігін мойындаған, өзгеден қаштым демей, өз жанына дәру іздеген адам келіп, өз бойындағы кемшілікті жоюды көздеген этикалық мақсатына берік болуы керек. Жалпы бұл дүниенің мәңгі еместігінің, яғни, ақырзаман немесе қиямет-қайым күні болатындығының бір дәлелі деп адамның ажалдылығын қарастыру жалпы дүниетанымдық және діни ілімдердегі эсхотологиялық танымға тән. Демек, өлімнің ақиқат деп танылуы және дүниенің жалғандығын дәлелдеуші екендігі жалпы дүниетанымдық, діни, философиялық ілім жүйелеріндегі маңызды тақырыптардың бірі. Дүниенің қызылды-жасылды бояуы адам көзін тұтатын перде, сондықтан жалғанның тасасынан ақиқатты көру үшін пердені сырып қарау керек, осы пердені түруші ажал деген тұрғыда өлімнің этикалық ғибраты белгілі болады.

Исламдағы сопылықтың, кәламшылардың және ислам фәлсәфасының, перепатетиктерінің көзқарастарымен салыстырғанда байқалатын өзіндік ерекшеліктерімен қатар, ортақ негізге байланысты өзара үйлесер терең байланыстары да бар. Әр саланың өзара бір-бірін толықтыратын, өзара сұхбатқа, пікір таласқа құрылған танымдық, әдіснамалық ерекшеліктері мен ұстанымдары бар. Бір қарағанда олардың өзіндік ерекшеліктері қайшылық болып көрінетіндей болғанымен, барлығы бір негізге сүйенеді, бір қайнардан бастау алады және ұмтылатын ақиқаты да ортақ, алайда, оған әрқайсысы өз жолымен ерекше әдіснамасымен қол жеткізеді, сондықтан бұл салалардың даму табиғаты, бірін бірі толықтыраралықтай үйлесімді деуге болады. Сөйте тұра, зерттеушілер тарапынан бұл ерекшеліктердің қайшылық арқылы, тайталаспен ілгері дамытатын табиғи бірлігін ескермеуі немесе білместікпен ымырасыздық деп түсінгендігі қате тұжырымдарға

соқтырған. Осының негізінде батыстық дінтану және исламтану тарихында сопылықты исламнан тыс ағым ретінде көрсеткісі келгендер де болды. Ал ислам танымы мен шығыс философиясы тарихындағыдай, қазақ дүниетанымында да сопылықтың, оның этикалық ғибратының алар орны ерекше.

Қ.А. Ясауи Құран сырларының этикалық қырларын ашып, түркі тілінде, түркілік дүниетанымдық әмбебаптықтармен және рәміздік, көркем образдық әлеміне сәйкестендіріп, өз хикметтерінің өзегіне айналдырды. Құран нұрымен тәсірленген хикметтер жүрек қазынасы еді сондықтан, ол арқылы түркілік дүниетаным, ойлау жүйесі, рәміздер әлемі құндылықтық, мазмұндық, болмыстық, тұрғыдан қайта түлеп жаңғыра түсті және түркі қоғамы мүшелерінің жүрегіне жол тапты. Кәлам, философиямен салыстырғанда сопылық ілім ғұламаларының Аллаға жақындау, тану түсініктері жүрек танымына нұсқай тұрып, практикалық этиканың қызметін атқарды, халыққа етене болды, жеке тұлғаның да, қарапайым бұқараның да рухани сұранысына жауап берді. Жүрек қазынасына айналған осы сипаты бұл дәстүрдің терең рухани-мәдени қабатын қалыптастырып, қазақ этикалық ой-өрісіне жалғасқан сабақтастығын және өміршендігін қамтамасыз етті.

Философияның пәні тұрғысынан этика өзінің зерттеу нысаны ретінде ұлттық рухани мұраны анықтайды. Ал, Қ.А. Ясауидің хикмет дәстүрін, хәл ілімін, мәдени ескерткіштерін, фольклорда, салт-санада тұтастай мәдени қабат ретінде орнығып, атқарған қызметін түсінсек, онда оны қазақ этикасының рухани қайнары ретінде зерттеудің маңызы айқындала түседі. Этиканың практикалық философия ретіндегі заманауи маңызы – заман талабына лайық, бүгінгі қоғам мүшелерінің рухани сұранысын қанағаттандыратын құндылықтар жүйесін қайта жаңғырту. Құндылықтар жүйесінің қайта жаңғыруы үдерісі жүзеге асуы үшін адамның сұрсанасында терең таңбасын қалдырған рухани құндылықтардың сораптарына тағы да осы рухани мұралардың қайта жаңғыртар сәулесін түсіру қажет. Ал, осы сәуленің қуатын арттыру үшін рухани мұраларды тереңдеп зерттеуге, заманауи тұрғыдағы мәдени құбылыс қылып қайта жандандыруға мемлекеттік тұрғыдағы қолдау және қоғам мүшелерінің жұмылуы қажет.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің жалпы түркілік ой-ағым үрдісінде, оның ішінде қазақ философиясы тарихында философиялық ұғымдар мен категориялардың және этикалық ұстанымдар мен моральдық қағидалардың қалыптасуында маңызы зор рөл атқарды. Ясауи рухани мұрасының қазақ этикасының қайнар бастауы екендігінің бір белгісі – осы ілім өзінің рухани сабақтастығын өзінен кейінгі ойшылдардың мұраларында тапқандығынан көрінеді. Қожа Ахмет Ясауидің хал ілімі, хикмет дәстүрі бұл – адамның сыр әлемінен бастау алатын ар-ождан үні. Ол жеке тұлғаның өз ішіне үңілу арқылы өз бойының мінін түзететін ар ілімі болуымен ғасырлар қойнауынан сабақтастығын жалғап, тіптен күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Себебі, осы арылу ұстанымы ғана қай кезеңде болсын қоғам сауығуының, рухани жаңғыруының кепілі болған – бұлжымас этикалық мұрат.

Әдебиеттер

- 1 «Қазақ этикасы және эстетикасы». Жиырма томдық. 12-том. – Астана: Аударма, 2007. – 455 б.
- 2 «Әлемдік философиялық мұра» Жиырма томдық. 3том. Аристотель философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 254-255 бб.
- 3 Дінтану негіздері: Оқу құралы / Балшыкеев С. Б. / Орысшадан аударған Мұсағұлова А.Е.; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ҚарMTY баспасы, 2012. – 108 б.
- 4 Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали. Жан тербиесі / Араб тілінен аударған және түсініктерін жазған Жалғас Садуахасұлы. – Астана, 2014.
- 5 Иасауи Қ.А. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.
- 6 Осман Нури Топбаш. Мәснәуи бақшасынан, Бір шоқ гүл Published by Erkam Publications at Smashwords. 2011. – 145 б.
- 7 Құран Кәрім. 1-ден 30-ға дейінгі паралар. Арабша транскрипциясы және қазақша мағынасы. – Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір», 2019. 1216 б.
- 8 Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің /тәпсірінің/ аудармасы. – Алматы, 2013. – 776 б.
- 9 Курманғалиева Г.К. Восточно-перипатетическая рациональность: опыт философской репрезентации: монография / Под общ. ред. З.К. Шаукуеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 276 с
- 10 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 336 б.

- 11 И. Мақсұм. Құран сырларының әліппесі. – Алматы: «Алаш» 2004. – 304 б.
- 12 <http://anthropology.ru/ru/text/dokumenty/deklaraciya-mirovogo-etosa>
- 13 Плотин. Эннеады / Плотин. – М., 1995.
- 14 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.П. Өлеңдер мен аудармалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 336 б.
- 15 Өзірет Сұлтан Ахмет Ясауи. Көңілдің айнасы. – Анкара. Билиг, 2010. – 126 б.
- 16 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – 1 т. – Алматы: «Жібек жолы», 2006. – 524 б.
- 17 Смирнов А.В. Классическая арабо-мусульманская мысль//История этических учений: Учебник для вузов / Под ред. А.А. Гусейнова. – М.: Академический проект; Трикта, 2015. – 879 с.
- 18 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.
- 19 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 360 б.
- 20 Мехмат Фуат Көпрұлу. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. – Шымкент, 1999. – 254 б.
- 21 Хашимов М. Ходжа Ахмет Яссави – Великий ученый Туркестана. Сборник материалов Международного научного семинара. –Туркестан, 2000 61 с.

2 ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

2.1 Қазақ би-шешендері көзқарасының этикалық мәні

Қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыру үдерісінде ұлттың өзін-өзі тануы және өзінің ежелден қалыптасып, қордаланған ұлттық дәстүрлері мен өнегелі рухани мәдениетін әлемдік өрекиетпен ұштастыру қажеттілігі туындауда. Сондықтан да ізгілікті рухани бастауларына оралуды өзінің тамырларына негізделген әдіснама ретінде қарастыру қажет. Қазақ халқы өмірінің мәніне айналған, ғасырлар бойы орныққан жөн-жоралғы, әдет-ғұрып заңдары мен этикалық, адамгершілік қағидаттары жалпыдан өзгешелендіретін ерекшеліктер болып табылады. Ал қазақ халқының өзіндік болмысын айқындаушы белгілерінің бірегейі әдет-ғұрыптары мен заңдары іштей біртұтас, берік күйінде сақталып заманалар өтінде шыңдалып қазіргі кезге жетті. Осы біртұтастық сыртқы әсерлердің ырқына көнбей, дәстүрлі ұлттық менталды ізгі қасиеттер мен құндылықтарға айналды. Би-шешендер ой кешу үрдістері ұлтты біріктіру тетігі болумен қатар қоғамдағы тәртіп және тыныштық кепіліне айналды.

Қазақтың дәстүрлі этикасы тереңнен тартатын тегеурінді қуаттылығы мен мол тәлімді тәжірибесі арқылы ұлттық рухани келбетті қалыптастыруда аса маңызды рөлге ие. Қазақ халқының этикалық мұраларын ұрпақтар зердесіне сіңіру қоғам дамуының болашағы үшін ерекше маңызды. Олай болса ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық этикалық құндылықтарды өскелең ұрпақ зердесіне ұялату би-шешендер шығармашылығын қайта зерделеп ой елегінен өткізіу барысында мүмкін болмақ. Дидактикалық этикаға жатқызылатын ақын-жыраулардың адамгершілік жайлы ұғымдары мен қағидаттары өмірде жүзеге асырылуы үшін мерзімі анықталмайды. Ал билер этикасы практикалық этикаға

жатқызылып, түйінді мәселені екі ауыз сөзбен шешетін дуалы ауыздан шықан лебіз. Ол сенімді бекітіп, адамаралық қатынастарды жарастырар күш. Қоғамды реттеуші тетік деп білеміз.

Қазақтың көне құқығы, Қазақия деп аталатын ұлан-ғайыр «еркін» аймақта орналасқан, түркі тілді көшпенді өркениеттің төл туындысы әрі мәдени жемісі, әрі мұрасы [1]. Билер институты қазақ қоғамында далалық демократиялық даму үлгісінде өз міндетін кәсіби дәрежеде атқарды да. Қазақ билері көшпенді және жартылай көшпенді қоғамның сот-құқықтық басқару саласының білімі мен даналық ойларын игерген «далалық үлгідегі» өте білімді топ ретінде қалыптасты. Сонымен қатар билер шығармашылық әлеуетке ие топ болып та саналады. Аттары аңызға айналған билер аз болмаған, әр тайпаның, әр жүздің, рудың билері болды. Қазақ арасында бидердің ұзын саны бес жүзден аса деген мәлімет бар. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейді қазақ. Осы Майқы би жайында оның XIII–XIV ғасырларда өмір сүргендігін, Шыңғыс ханның оң қолы, қазақ даласында билеуші болған. Шыңғыс ханды Шыңғыстауда ақ киізге көтеріп, қазақ даласының билеушісі етіп жариялағандардың ішінде болғандардың бірі – Майқы би. Шыңғыс хан жорықпен оңтүстікке аттанғанда, ел билігі Майқы биге қалған. Міне, осы замандардан бері билер институты қазақ даласында билік құрған [2]. Билер мектебінің алдын көрген, ата-бабасынан келе жатқан дуалы ауыз, орақ тілді, қара қылды хақ жарған қазақтың соңғы биі Абай болды.

Ақындар мен жыраулар шығармашылығы күнделікті өмірдегі адамдардың іс-тәжірибесін қорытындылай отырып, даналық пен шабыттан туындаса, билер шығармашылығы табан астында, дәл сол мәселені шешу үстінде қауым алдында кезек күтіп тұрған түйінді шешіп төрелік ету кезінде пайда болды. Ұлы Далада билер институты арқылы демократиялық ой жүзеге асып, жариялылық, сөз бостандығы сияқты құндылықтар көрініс тапты. Бидің үкім-кесімдеріне ханның жарлығы жүрмеген, олар қоғамдық өмірдің әр саласында, сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың мүмкіншілігіне қарай әділ шешімін кесіп отырған әрі дана, әрі шешен, әрі төрешінің рөлін атқарды.

Би-шешендер қазақи дүниетаным негізінде дүниенің ұлттық түсініктегі бейнесін жасады. XV ғасырдан бастау алған

руханилықтың негізгі идеялық көздері ретіндегі ой-толғам, парасатты дүниетаным, әлеуметтік ғибраттану мен тағылымдық-тәлімгерлік үлгілер, саяси-құқтық ережелердің жиынтығынан тұратын түбірлестік дүниетаным осы билік құру өнерінен анық байқалады. Осы көшпенді өркениеттің рухани-мәдени кеңістігіндегі – әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, мақал-мәтелдер мен аңыз әңгімелердің терең өмірмәнділік тұжырымдары тұтаса келе, қазақ дүниетанымының жалпы бағдарларын айқындады. Шешендік пен билік өнері қазақ халқының арасында ежелден қалыптасқан дәстүр. «Би» сөзінің шығу төркіні көне түркілер дүниесіне барып тіреледі. Би ұғымын әдетте – ел билеуші, төреші, батагөй, шешен, мәмлегер деп түсінеді.

Қазақ халқының этнографиясын, мәдениетін, дүниетанымын зерттеуші шетелдік ғалымдар мен саяхатшылар олардың адамгершілік ұстанымдары, адамсүйгіштік қасиеті, моральдік қағидаттары деңгейінің биік екендігін ерекше атап өтеді. Қазақтардың билік құру дәстүрі туралы алғаш зерттеушілердің дені орыс әкімшілігінің қызметкерлері мен ғалымдары болды. Қазақ халқының әдет-құқық ережелерін, заңдарын зерттеген Л.Ф. Баллюзек, А.И. Левшин, И.А. Козлов, А. Зуев, Д. Самоквасов, В.В. Григорьев, Л.А. Словохатов, Г. Загряжский, С. Масимовтар билердің өте әділетті, шешен, бәрінен бұрын адал, таза болғандығына ерекше тоқталады. Би лауазымы мұрагерлік жолымен берілмеген. Би атану екі адамның бірінің қолынан келе бермейді. Билер өз шешімдерін көпшілік алдында жариялап отырған. Оларда алдын ала келісіп алу, пара алу, ымыраласу деген болмаған. Қазақ қоғамындағы би-шешендер әрі шешен, әрі көсем, тәрбиеші болды. Би-шешендер сайланбады және тағайындалмаған.

Қазақ даласындағы демократиялық үрдістер билер институтына берілген еркіндік арқылы айшықталды. Еркіндік билер этикасының басты ұғымдарына жатады. Қазақ қоғамында билер атқарған қызметті талдай келе, бидің қызметі мен еркіндік ұғымының мазмұны құқықтық деңгейде өзара тоғысқан деген тұжырым жасауға болады. Би адам еркіндігі мен еріктілігінің және жауапкершілігінің ресмиленген реттеушісі. Би адам еркіндігі мен құқықтарын сақтаушы болумен қатар заманға лайықтап жаңа

мүмкіндіктерін ашып беруші. Бидің қызметі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар деңгейіндегі: жауапкершілік пен еркіндік, еріктілік пен тәуелсіздік, бостандық пен азаттық т. б. категориялардың шеңберінде ғана қызмет етеді және осылармен шартталған, бидің өзі әлеуметтік жауапкершілік пен еркіндіктің нақты қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-саяси барынша толыққанды өкілі, өнегесі мен жарқын үлгісі. Сонымен қатар билер өмір философиясының императивтері ешқашан мызғымайтын беріктігімен сипатталды.

Өз-Тәуке хан (1680–1718 – хандық құрған жылдары) әдет-ғұрып заңдарына өзгерістер енгізілді. Қазақ елінде Құрылтай шақырылып мемлекеттік мәселелер талқыланып «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жобасы жасалынып біршама тұрақты даму тұстары еді. Бұл далалық заң жобасы жеті бөлімнен: мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңы, жесір дауы, құн дауынан құралады. Қазақ даласының Геродоты атанған орыстың шығыстанушы ғалымы, этнографы А.И. Левшин: «Кіші жүз қазақтарының арасындағы зерделі адамдардың айтуынша, бір кездері халық тыныштықта өмір сүрген, елде тәртіп болған. Қазақтар аңсап еске алатын сол «Алтын ғасыр» Тәуке хан билік құраған заманда болған сияқты. Ол талай жылдар бойы алауыз болған елді сабаға түсіріп, рулар арасындағы айтыс-тартысты тоқтатты. Тәртіп орнатты және заңдар шығарды» – деп сипаттайды [3]. Ұлы Даладағы қоғамдық қатынастар адамдар арасындағы әділеттілікке негізделіп, ондағы билер рөлінің басым болғандығын айғақтайды. Билер өздерінің бітім-болмысымен, атқарған қызметімен шынайы жоғары адамгершілік пен тазалықты орнықтырды.

Ш. Уәлиханов билер жөнінде: «Қазақтарда құрметті би атаға халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би ата-ну үшін халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған», – деп жазды [4, 135 б.] Қазақ фило-

софиясы мен ділін зерттеушілер де қазақтардың этиканы әрқашан орталық түсінікке шығарғандығы туралы қорытындыға келген. Би-шешендер адамгершілік құндылықтарды құрмет тұтып, бір-біріне деген қамқорлық пен қайырымдылықтың тамаша өзіндік үлгісін қалыптастырды. Би-шешендер шығармашылығында ауызша сөз, сөйлеу өнері басты рөл атқарды. Моралдық, этикалық қалыптарды осы сөз арқылы қалыптастырды. Әділеттілік пен кеңпейілділіктің, қонақжайлылық пен төзімділіктің қоғамын құрған қазақ жұртының бұл дәстүрлері тым көне тұрандық және байырғы түркілік кезеңдерден тамыр тартады. Ол әфсаналарға, діни сенімдерге, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерге, мақал-мәтелдер мен тұтас фольклорға сіңірілген, кейіннен билер мен жыраулар институтында жүйелі қамтылған.

Қазақ халқының салт-дәстүлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеген академик В.В. Радлов өзінің қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрлерімен танысқанан кейін, көзі жеткен ақиқатты былайша атап көрсетеді: «Біздің отандастарымыз ойлағандай, олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, басбұзар, қарақшы, тұқымын құртуға тұраралық халық емес. Олардың мінез-құлқына отырықшы халықтарға қараған көзқарастан басқа басқаша көзқараспен қарау керек. Ойды бейнелеп беруі және ашық, айқын, өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (қазақтарды) тіпті Батыс Азияның француздары деуге болды» [5]. Би-шешендердің ойлау машығының қадірін арттыратын тағы бір ерекшелік – ой ұшқырлығы. Сыртқы ортаға, болып жатқан оқиғаларға, даулы мәселелерге, хан, батыр, би сияқты әлеуметтік беделді тұлғалардың қойған сауалдарына сол сәтте лезде жауап қайтару қажет және ол ұтқыр ой, тапқырлық, терең мағыналы, өмірмен тығыз байланысты, екі ұшты емес болуы тиіс. Би-шешендердің даналық сөздері де көп жағдайда поэтикалық түрде айтылатындықтан, ол суырып салма ақындықты қажет етеді. Ақпараттарға тез жауап беру үшін алдымен, мағыналы ой керек, ол ой қайтадан тұспалданып, көркемделіп, әсерін арттыратындай болып құрылып барып өлең шумақтарына айналуы қажет. Бұл – би-шешендердің ойлау жүйесінің қысқаша тізбегі.

Бұндай туа біткен қабілеттермен қатар, адамгершілік қасиеттер бойынша да кемелденген тұлға болуы би-шешен болу үшін

алғышарт болып табылады. Әділетсіздікті көре білу, мұқтаждарға қол ұшын беру, қайырымдылық жасау, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетумен қатар, хан мен қараға да өз ойын батыл жеткізе алатын ержүректілік пен намыс, қаһар мен айбарлылық сияқты этикалық сапалар да оның бойынан табылуы тиіс. Себебі, оның адамгершілік жағы мүлт кетсе, ол сөзі мен ісі сәйкес келмей «аяқтан шалынады», ел-жұрт алдында беделі түсіріліп, оның сөзіне ешкім де құлақ аспайтын болады. Егер би-шешен адамгершілік жағынан олқылау болса, оның сөзіне халық құлақ та аспас еді. Міне, би-шешендердің бойынан қаншама игі қасиеттер қатар табылуы тиіс, ол өз мойнына қаншама жауапкершілік арқалаған тұлға. Заманалар бойы халық өз тағдырларына қатысты талас-тартысты, даулы-дамайлы мәселелерін билерге өз еріктерімен сеніп тапсырды. Ұлы Даланың көшпенді жұрты күштеу органдарын қажетсінбеді және түрмелер мен зындандар болған жоқ. Тайпа, ру ішіндегі даулы мәселелер көбінесе құн төлеумен, айып салумен шектеліп отырған. Рухани жетілген қоғамға тән осы көріністер мемлекет құрушы халықтың тұтастығы, ауызбіршілігі ұлттың ұлы қасиетінің арқасында ғана мүмкін болды. Адам еркіндігі шектелмеген ортада ізгілікті этикалық құндылықтар да аса жоғары бағаланды.

Билік өнерінің қазақ жұртының әдет-ғұрпы мен салт-санасында ғасырлар бойы қалыптасып, қоғамның дамуына оңды ықпал еткендігін аса беделді зерттеуші, көрнекті ғалым Ш. Уәлиханов «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» атты зерттеулерінде: «Қазақ заңдарында, ең жаңа еуропалық кодекстерде көп кездесетін алдын алу және қорқытып-үркіту шаралары жоқ. Қырғыздарда (қазақтарда – Авт.) етке таңба салу жазаларын ешқашан қолданбаған. Ру заңы бойынша, туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдай ру қатынасында іс жүзінде көп пайда келтіріп отыр», – деп жазды [4, 94 б.]. Шоқан пікірінше, қазақ даласында реформалар қабылдауда қоғамның ұлттық мінезіне де бейімделгені дұрыс. Бұл шартқа келмейтін кез келген жаңалық зиян келтіреді және нормадан ауытқыған құбылыс ретінде тек емі жоқ қоғамдық кесірлер мен ауытқуларды туғызады. Ресей әкімшілігіне сахарада қабылданатын азаматтық заңдарды жасауда және билерді сайлауда өлкеде қалыптасқан дәстүрлерді сақтуды

ескертіп, халыққа етене дәстүрлі билігін қайта жаңғыртуды талап етті. Шоқан аңғарған бұл кемшіліктер қазіргі кезеңде де өзекті болып отыр.

Орыс әкімшілігінің басқару жүйесі енген кезден бастап дәстүрлі қоғам билігінің ерекшеліктері ығыстырыла бастайды. Ғасырлар бойы Ұлы Далада билік тізгіні кісілік, тұлғалық қасиеті бар адамдардың қолдарында болды. Ал басыбайлы күйге түсіп, еркіндігінен айрылған шақтан бастап ел тізгінін ұстаған билеушілерден бұл өлшемдер жоғала бастады. Адамдар жағайымпаздану, пара ұсыну, құлқынын арандату сияқты кесірлі әдеттер мен қылықтарға үйір бола бастайды. Ұлы Далада бабалар салған адалдықтың ақ жолынан тайған тұстар, Ресей патшалығының реформалары арқылы бұзылғанын А. Байтұрсынов: «Абай біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы тұрған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған... «Білімнен мал артық болушы ма еді?» – деп Абай жұрттың онысына көнбей таласқан», – деп басыбайлы халге түскен соң жұрттың арасы бүлінгенін атап көрсетеді [6]. Отаршылдық қазақтардың мінез-құлқына кері әсерін тигізбей қоймады. Ең бастысы қазақтарда қастерлі болған әділдік, адалдық, бауырмалдық, ағайынгершілік туралы көзқарастары ысырыла бастады.

Ал Абай болса өзі билер мектебінің алдын көрген, ата-бабасынан келе жатқан дуалы ауыз, орақ тілді, қара қылды хақ жарған қазақтың соңғы биі болды. Қазақтардағы билік құру мен би ата-ну Абай түсінігінде: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған «Қасым ханның қасқа жолын», «есім ханның ескі жолын», Өз Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді. Ондай кісі аз, яки тіпті жоқ» [7]. Абай қазақ билерінің тұғырлы да, ізгілікті түрдегі әлеуметтік әделеттілікті орнатуда ұстанған қағидаттарына терең түсінді. Сол ортада пісіп, жетілді.

Өрқашан адамгершілік пен ізгілікті басты бағдар еткен қазақ болмысы әсіресе басыбайлы күйге түскен шақтарынан бастап қатты өзгеріске ұшырағаны байқалады. Ол туралы Ә. Бөкейханов: «Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйірік шешен билерден келе жатқан әз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды» [8, 167–168 бб.]. Өйткені дәстүрлі қоғамдағы билер билік құрған кезде қазақ ортасында пара беру деген болмаған. Алаш көшбасшысы да қазақ қоғамында қалыптасқан әдет-құқығы мен билер институтының үлгісіне сүйену қажеттігін көздедеген болатын.

Қазақтың билік философиясының қалыптасуындағы өзіндік менталдық көріністерді дала қоғамындағы билік жүргізу дәстүріндегі тарихи қалыптасқан объективті жағдайлармен байланыстылығы арқылы түсіндірген жөн. Ел басына күн туған жаугершілік замандары ұлттық философия мәселесі, сана мен билік арақатынасы өмір қажеттілігі ретінде бірінші орынға шығары сөзсіз. Далалық тарихтың рухани тамырларын зерделеген А.Х. Қасымжанов: «Билер өткір тілді, ұшқыр ойлы, тез арада уәж айту, сөзге сөз қайтара білу батырлардың жекпе-жектегі жеңісіне пара-пар болатын қолма-қол жеңіс сипаты мен қорытындысын анықтайтын халықаралық саясаттың маңызды бөлігі», – деп сипаттайды [9, 43 б.]. Зерттеуші мәселені шешуде бидің ой ұшқырлығы диалектикасы тіптен мемлекет аралық дауларды реттеудегі рөлі зор екендігін меңзейді. Ел басына күн туған, сын сағаттарда ерлікке лайық батылдық пен ер жүректілік көрсетіп, уәжіне жауларын мойындатқан Қаздауысты Қазыбек бидің даңқы мемлекеттік мәселелерді шешуде іскер мәмлегер дәрежесіне дейін көтерілді. Жекпе-жекке шыққан батырлар іс әрекеті мен ел тағдыры шешілер тұстағы Қазбек сияқты билердің тапқырлығы, батылдығы, сөз саптау мәнері билер шығармашылығының жарқын көрінісі болды. Қазақ халқының тағдырын шешуде көш бастаған көсемдері, сөз бастаған шешендері мемлекеттік істерді реттеуге тікелей атсалысты. Ол өзінің сұңғыла ақылы мен парасатын халқының басына түскен ауыр халден құтқару жолында ұтымды пайдалана білді.

Қазақ даласында атақты үш би – Төле, Әйтеке, Қазыбектердің билік құру әдістерін талдап-тарқатар болсақ, Ұлы Далада әділетті де ашық қоғамды қалыптастырып, дамытуда билердің рөлі зор екендігін бағамдаймыз. Билер кеңесі, ақсақалдар алқасы өзара тең құқықты сыйлап өзара кеңесіп үш жүздің арасындағы жер дауын және халықаралық шиеленісті ірі мәселелерді шешіп отырған. Билердің ізгілікке толы кемел адамдық келбеті құйып қойған үлгі, тәлім-тәрбиелік мәні зор рухани қазына. Ұлт абызы, ділмәрі, төбе биі атанған Төле би – ар тазалығының, әділдіктің символы.

Би-шешендер халқының батагөйі де бола білді. Ел тыныштығы сақталып, әр шаңырақтың көсегесі көгеруін тілеген ізгі ниеті би-шешендер көкірегінен бата болып төгілді. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ақсақалдардан бата сұрау міндет болған. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Баталы құл – арымас, батасыз құл – жарымас» деп ерекше мән берген. Би айтқан сөзді, құл да айтқан, бидің аузының дуасы бар дейді халық. Салт-дәстүр мен ырымдардың этикалық-қайырымдылық қырларының бірі – бата беру. Бұндай таза психологиялық құбылысты халқымыз «Жақсы лебіз, жарым ырыс» деп қысқаша тұжырымдайды. Ол ниеттің нақты өмірде іске асуын, әсер етуін тілейді, тіпті «көп тілегі көл» деп оны ұжымдандырып та жібереді. Балаға ата-ана сыншы. Болар бала өзінің алғырлығымен, өткірлігімен, шешендігімен көзге түседі. Бұны байқаған үлкендер ақсақалдар мен билер жиынына қатыстырып, ел аралатып, билік өнеріне баулитын болған. Осындай сынақтардан өткен талапкер аузы дуалы, сөзіне ел тоқтаған абыздар мен, би-шешендерден бата алуы тиіс. Бата алу рәсімі қазақтар арасында сөздің киесі бар деп сеніп, бидің, шешеннің аузынан шыққан жақсы лебізге марқайған. Қазақтарда күнделікті дастархан баснда берілетін батадан бастап, әрбір қадамына қол жайып бата сұраған. Ақсақалдар батасын алу мәртебе саналған. Бата беру, бата сұрау дәстүрінің үзілмеген желісі қазақ елін бүгін де марқайтуда.

Қазақ дәстүрлі қоғамындағы билік құру өнерінің жетілген және тиімді тәсілдерін заманауи заңдарды түзуде қолданған абзал. Қазақстанда соттан тыс бітімгершілікке келу дәстүрін жаңғыртуды көздейтін медиация институтын дамыту ойластырылуда.

Бұл бүгінгі таңдағы әлеуметтік қажеттілік. Медиатордың рөлі туралы заңгер ғалым пікірі бойынша, «Ажырасу алдында тұрған қаншама отбасы сақталғандығы, жас жігіт түрмеден құтқарылып, көршілер бірін-бірі қайта қонаққа шақырысып, іскер адамдар бизнестерін қайта жандандырды, үйінен кетіп қалған ұлы әкесімен тіл табысып, жұмыс беруші бұрын жұмыстан шығарып жіберген қызметкеріне кабинетінің кілтін табыс етті. Сайып келгенде медиатор – бейбітшілік орнатушы [10]. Бұл медиация институты қазақтар үшін билер институтын жаңғырту болып табылады.

Өте жылдам қарқынмен жаһанданып бара жатқан әлемдегі реңсіз құбылыстар қазақстандық рухани кеңістікте де қылаң беруде. Қазіргі заман адамы шексіз байлыққа ұмтылып, материалдық әшкелейі әлемнің тұңғыығына батуда. Батыстандырылу жайылып, өз шаранасынан жеріп бара жатқан жастар өзіндік менін сақтап, өзге ортада жоғалып кетпес үшін адамның рухани жетілуінің тетіктерін іске қосу қажеттілігі артуда. Қазақ халқының рухани-мәдени жетістіктерін саралап, қазіргі кездегі қабылданып жатқан заң жобаларын қабылдарда пайдалануға мүмкіндіктер мол. Дәстүрлі қоғамның салып кеткен игілікті істерінен өнеге алуға құлықтылық танытқан жөн.

Билер өз туындылары арқылы адамның ішкі жетілуінің шамшырағы, ізгілікті істерге жетелейтін тәлімгерлік түріндегі этикалық ілімнің негізін салды. Олардың даралық, тұлғалық келбеттері адамға деген махаббаттан, оларға үнемі жақсылық жасау тілегінен, кешірімшілдік, мейірбандық қасиеттерімен көмкерілген. Қазақ билері осындай тұғырлы да, ізгілікті түрдегі әлеуметтік әділеттілікті іс жүзінде өз заманы тұсында жүзеге асырған-ды. Билер ұстанған осы қағидат қазақ менталдығының мазмұнына айналуға. Ұлы Дала билері өздерінің бітім-болмысымен, атқарған қызметімен шынайы жоғары адамгершілік пен өнегеліліктің үлгісін салды.

Қазақ дәстүрінде туысқандар арасында жеті атаға толмай қыз алысуға болмайды. Бір кіндіктен тараған ұрпақ жетінші атаға жеткенде рулы елге айналған. Бұл жерде тағы да сахара жұртындағы көп әйел алу, әменгерлік, жетімдеріне иелік ету сияқты дәстүрлер де ықпал етті. А. Сейдімбек жеті аталық үрдістің бүкіл ұлт ауқымында

тек қана қараға тамырлы қандастыққа себепші ғана емес, оның ең мәндісі мәдени-рухани тұтастықты қамтамасыз еткендігін атап көрсетеді. Әрбір ұзатылған қыз өзі шыққан ортаның тілін, дәстүрін, ән-күйін, аңыз-әңгімесін, қол өнерін, тағам дайындау тәсілін, моральдық-этикалық нормаларын т.б. келін болып түскен ортаға дарытып отырған. Бұл ретте, қазақ халқы өзінің этномәдени тұтастығы үшін ең алдымен қыздарына қарыздар. Қазақ жігіттері елінің амандығын, жерінің бүтіндігін ат жалында жүріп қорғаса, қазақ қыздары тал бесікке асылып отырып-ақ ұлттың мәдени-рухани тұтастығын қамтамасыз еткен [11].

Көшпелі қазақ қоғамында құндылықтық және рухани реттеушісі тұрақты болып келетін жеке адамдар арасындағы қатынастардың маңызы зор болды. Қоғамда оның барлық адамдары үшін мызғымас маңызға ие болған жалпы құндылықтар өмір сүрді. Осындай адами қатынастар «ол табиғи және араласудың өзіне тән коды, тіл мен қатынас тәсілі, сондай-ақ осы қоғам үшін маңызды болған рәміздер қатарлы ерекше рухани байланыстармен сіңіріледі» – деп түйіндейді белгілі философ М.С. Орынбеков [12, 66 б.]. Қазақ қоғамдық қатынастарында ғасырлар бойы тарихи санада сақталған адам аралық қатынастар қағидаты өзінің беріктігімен реттеушілік, біріктірушілік және ұйымдастырушылық, жұмылдырушылық бастау қайнарларын сақтайды. Қазақтың ұлан-байтақ жеріне қызыққан жаулары көп болған. Солардан қорғап, жерімізді бүгінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған аталарымыз жеке меншік дегенді білмеген. Ел қорғаған батырда да, ел сөзін сөйлеген биде де жеке меншік болмаған... Жерге қауымдық меншік болған соң қазақта бір сана қалыптасқан. Ол қазақ жерінің тұтастығын қорғау.

Қазақ салтында барымталап мал айдап кету ұрлыққа жатпаған. Басқа мәдениеттерде барымта зорлық, зомбылық болып есептеледі. Жаугершілік заманда жылқы малы ортақ ағайындыкі болғандықтан, егер бай ағайынның айғырын ұстап соғымға сойса, тұяққа тұяқ деп құлын, тай төлейді екен. Ағайынның құр семіз атын ұстап мінсе ол күнә емес. Осы рәсімдер жылқы бір рулы елге ортақ уақыттан қалған. Қазақ рәсіміне салса жылқы ұрлығы зор айып емес. Біздің қазақ мұсылманмын дегенмен, құранды ұстағанмен,

ресімнен шыға алмай, ұрлыққа бата беріп отыр. Ғұмыр өзгерілді. Ат ұрлаған адамды тышқандай өлтіретін орыс мұжығымен ауылдас болдық... Қазақ рәсімі қанша ұрлыққа жылы-кешірім болғанмен мұжық рәсімін, үкімет заңын жүргізбей қоймайды. Енді ғұмырдың өзгерілгеніне қарай ұрлыққа әдіс қылмаса болмайды. Бұл тәмам қазақ атына зор кемшілік, таңба, ұят [8, 133–134 бб.]. Барымта мәселесін талдаған Ә. Бөкейхан ойы толықтай құптарлық және өз кезінде жалпыадамзаттық құлық тұрғысынан оңды шешімін тапқан деп ойлаймыз. Өйткені қазақтың «барымтасы» елдің бірлігіне, ынтымағына нұқсан келтіріп қана қоймайды, ол жеке адамның адами қалпының бұзылуына да кері әсерін тигізеді. Қазақтардың салт-дәстүр институтында, ділінде кейбір жағымсыз мәнді: барымта, рушылдық, күншілдік, жікке бөліну сияқты кесірлер кездеседі. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар заман өзгерісіне қарай жаманынан арылып, жақсысын жарнамалау қажет. Мәселен, барымталау салты қазіргі заманда тарих сахнасында қалдырылған құбылыс. Алайда нарық жағдайында барымта рәкеттік топтар арқылы қайта көрініс берді.

Ал күншілдік бүгінгі күнге дейін ұлттық ділде сақталған, жоюды қажет ететін кері әдет. Халқымыз бұл гадеттің жағымсыз мәнде екендігін білген: «Ағайының бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды» деп қысқа қайырған. Демек, қазақтардың адамгершілік ұстанымдары әлі де толықтырылу, сұрыпталу, тағайындалу, көнеру мен жаңару үстіндегі ілгерішіл құбылыс.

Тарихта еліміздің ішкі бірлігінің бұзылуы, бауырмалдық пен туыскандық шарттарының сақталмау жағдайларының бүгінгі күні де кездесіп отырғандығы жасырын емес. Оның үстіне қазақ халқының діліндегі жағымсыз қасиет – «күншілдік» те бүгінгі заманға дейін жалғасып отырған құбылыс. Оның да тарихи-әлеуметтік, генетикалық-психологиялық өзіндік себептері бар. Күншілдікті «қан арқылы қалыптасқан мінез-құлық бойынша жалғасқан табиғи қасиет» деп түсіндірушілердің пікірлерін мысалға алсақ, бірнеше себептерін ұсынуға болады: көп әйел алушылықтың салдарынан олардың бір шаңыраққа психологиялық тұрғыдан сыйыса алмай, алауыздыққа баруы. Осы құбылыстың «бір әкелі, әр түрлі аналы» ұрпақтарға беріліп, олардың да бір-

біріне ана мүддесін қорғауға ұмтылысы жөнінен қайшы келуі. Бұл – әсіресе, тарихымыз көрсеткендей, хандық билікке таластардан анық байқалады. Осыған байланысты халқымызда «тоқалдан туған» деп аталатын әлеуметтік кемсітушілік орын алған. Билік басындағы бұндай талас-тартыс қарапайым бұқара халық санасында солай болуы тиіс құбылыс ретінде қалыптасып, «үлгі» ретінде таралған. Әлеуметтік тұрғыдан бұл құбылыс: саяси күншілдік немесе күншілдік саясаты – билікке ұмтылыстың нәтижесі өзгені басты бәсекелес ретінде таңдап алып, оған қарсы айла-әрекет ұйымдастыру бойынша; психологиялық күншілдік – адамның ішкі қызғаншақтық сезімінен туындау арқылы; әлеуметтік күншілдік – қоғамдағы қайшылықтардан туындаған кек алушылық сананың негізінде құрылған деп ажыратылады.

Үш жүздің арасында болатын даулы мәселелерді кеңесіп барып үкімін шығарған. Өзара тең құқықты сыйлай отырып, жеке-дара өкім шығармаған. Бұл өкім мен кесімдер тек қана жазалаушылық міндет атқарып қана қойған жоқ, олар тәрбиелеуші қызметті қоса атқарды. Ел басына күн туған шақта халықтық философия мәселесі, сана мен билік арақатынасы өмір қажеттілігі ретінде бірінші орынға қойылды. Осы кеңістік пен уақыт аралығында қазақ даласында атақты үш би – Төле, Әйтеке, Қазыбек билік құрды. Олардың билік құру әдістерін талдап-тарқатсақ, сахарада әділетті, ашық қоғамның өмір сүргендігін бағамдауға болады. Ру арасындағы даулы мәселелерді шешерде ақылдастар алқасы жұмыс атқарып отырған.

Әйтекеге дау келсе,
Қазыбекке жіберіп,
Үрмет айтып Қазыбек
Төле биге итеріп,
Оларсыз жұмыс қылмайды,
Үшеуінің басы бірікпей,
Ердің құны тұрмайды [13].

Қазақтың соңғы биі Абай өзін-өзі тәртіпке келтіру мәселесін ұдайы қозғап, жаңғыртты. Адам мінезін қалыптастыруда қоршаған

ортасы мен тәрбиенің рөліне зор мән берген қазақ ойшылы өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін тәртіпке келтірумен үнемі шұғылданды да. Дәстүр мен жаңашылдыққа құмартқан дала этик-философы этикалық құндылықтарды жетілдірудің тамаша үлгілерін өз өмір соқпақтары арқылы жасай да білді. Дәстүрлі қазақи ортаның ғұрпын сақтаған Абайдың өнегелі өмірі жайлы баласы Тұрағұл Абайұлының «Мінез машықтары» атты естелік мақаласында: «Жасында ашу мен махаббатты қатар қолданғандығынан қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да бір жағынан жылы махаббатты жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан жазатайым болса ашуланып кететұғын мінезінен қорқып жүретұғын еді. Қай адам екі қатыным күндестесіп қалыссын дейді, бәрі де күндестігін жоғалтқысы келетұғын шығар, бірақ жалпы адамның бұл тілегі қабыл бола бермейді ғой, менің әкемнің жоғарыдағы айтқан екі мінезінің күштілігінен шығар, менің шешем де күндестігін көрсете алған жоқ. Балаларының ойына күндестің баласымыз деген жаман ой кірген емес деп айта аламын. Ұлғайған сайын әкемнің ашуы азайып, жұмсақ тарта берді, бұл жұмсатуды өзі еңбек қылып тапты. Әкесі қажының қайтпайтын қатты суық мінезін сөгіп отырушы еді. Қорықпақ пен сүймек, от пен су секілді бір жерде жиылмайды, адам сүйген адамының ақылын ұғып, сонан баһыра алады, қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды деп» – жазды [14]. Абай қызғанышты, күндестікті жеңуді тек насихаттамайды, іс жүзінде өз айналасындағылардан оны талап етіп, орындата да білген. Абай өмір сүрген әлеуметтік орта, ондағы адамаралық қатынастар тудырған қарама-қайшылықтарды шешу барысындағы толғаныстары, қазақ философиялық-этикалық ой жүйесінің жаңғыруына зор үлес болып қосылды. Қазақ ойшылы өз дүниетүсінігі мен дүниетанымы арқылы ізгілікке баулитын түсініктерді қалыптастырды. Жанұядан басталған өзара үйлесімді, жарастықты, әділетті өз руы, көршілес ру арасында орнатуға атсалысты. Абай көтерген этикалық мәселелер ізгілік пен зұлымдық идеялары мәңгілік адамзаттық мәселе болғандықтан ол салған өнегелі жол үлгі аларлық.

Заманалар бойы халық өз тағдырларына қатысты талас-тартысты, даулы-дамайлы мәселелерін билерге өз еріктерімен сеніп тап-

сыратын еді. Қазақтың билік философиясының қалыптасуындағы өзіндік ментальдық көріністерді дала қоғамындағы билік жүргізу дәстүріндегі тарихи қалыптасқан объективті жағдайлармен себептестігі арқылы түсіндіруге болады [15]. Ел басына күн туған шақта халықтық философия мәселесі, сана мен билік арақатынасы өмір қажеттілігі ретінде бірінші орынға қойылды.

Бұл өкім мен кесімдер тек қана жазалаушылық міндет атқарып қана қойған жоқ, олар тәрбиелеуші қызметті қоса атқарды. Олардың әлеуметтік мәселелерді шешудегі тапқырлықтары мен көрегендіктері даналыққа толы философиямен көмкеріліп аңызға айналды. Мәселені шешу тәсілінің өзі, ұрымтал тұсты дөп бастың сан қырлы әдістерге толы болды. Бұл әдіснамалар ақиқаттың мәңгілік заңын сақтауға қызмет еткен тетіктер болуымен сипатталады. Бұл жерде биге шешендік өнер аздық етеді. Дәстүрлі рулық қоғамның салт-санасы, тұрмыс-тіршілігі мен тынысы көкейінде сайрап тұруы қажет. Мысалы, сахара жұртшылығының қайшылықты әдет-ғұрыптары мен рәсім-салттары тұрғысындағы «барымта» деп жүргені, өзге мәдениеттерде қылмыс болып саналады. Қазақ арасында барымта ұрлыққа жатпайды. Сондай-ақ қазақтар қыздарын ықтиярсыз, қалыңмал алып күйеуге бере салатын. Ал дәстүрлі қазақ қоғамында ерлі-зайыптыларға айырылысуға мүлдем тыйым салынған. Егер ер адам қызға ғашық болып қалған күннің өзінде, әйелін тастап кетуге құқы жоқ. Ол тек қана бірінші әйелін толық қамқорлығына алып, жеке үй етіп барып, екінші әйел алуына болады. Ал әйелі болса басқа біреуге кетуге, екінші күйеуге тиюге құқы жоқ. алайда далалық тарихта мұндай оқиғалар жоқтың қасы болды. Билер өз заманының архаикалық осындай каталдықтарын қолдады. Бұл жерде олардың ата-бабаларының салып кеткен жолын құрмет тұтатындығын көруге болады. Қазіргі кезең тұрғысынан алғанда адам құқығы әділетсіз бұзылған болып есептеледі. Бірақ бидің бұл жерде кінәсі жоқ. Ол сол кезеңдегі қоғамдық жүйелердің тәртібіне байланысты болатын құбылыстар.

Атақты Төле би өзінің билік құрған шақтарын ой елегінен өткізіп, таразылап халқына былай деп өсиет қалдырған екен: «Ердің құны екі жүз байтал болсын дегенім, дәл әділ билікке жатпайтын тәрізді. Олай дейтінім ер болғанда мынау жақсы жігіт, мы-

нау жаман жігіт деген жоқпыз... Ер деп адамның құнын жалпыға бірдей есеп қылып айттық. Оның ішінде неше түрлі адам бар. Бір адам бар еліне пайдасы тиген, жақсылық істеп, атағы шыққан, ... халық қадірлеген. Бұл да адам. Екінші адам бар, туысы жаман... Елді жаудан қорғап ажыратпақ түгілі, шөгіп жатқан түйеге міне алмайды. Қаңғып, не далада мал ұрлап жүріп, адасып, не шөлдеп өліп қалады. Мұның да құны екі жүз байтал. Сондықтан мен ережемде осы екеуінің, жақсы мен жаманның бағасының бір-ақ баға болып кеткеніне қапалымын. Меніңше бұл әділдік емес. Үшінші, аттың құны бір бесті дедік. Аттың да аты бар емес пе?.. Осы екі жылқының бір бағалануы менің көңіліме сыймай бара жатыр ... Сондықтан менің айтатыным, осы үш нәрсені қайта кесемін десендер, рұқсат етемін. Басқа ережелерімді өзгертуге қарсымын...» – деген екен [16]. Жақсы мен жаманның, асыл мен арзанның парқын сақтап қалуды жөн көрген Төле би баба үкім-кесімдерді заманға лайықтап өзгертуді талап етеді. Төле бидің даналық философиясын «Адам – Әлем» мәселесі тұрғысынан зерделесек, оның мұсылманшылдығы анық байқалады. Ел аузында Төле би туралы көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде бүкіл ауыл үдере көшіп кеткенде, Төле би жапанда жалғыз киіз үйін жықпай отыра береді. Жоңғардың әскер басы жапан даладағы жалғыз киіз үйді байқап, кімнің үй екендігін анықтауға бұйрық береді. Төле биге шауып келген жоңғар әскері оған бұндай батылдығы үшін өмірінен айрылуы мүмкін екендігін айтады. Төле би жайымен шаңырақты нұсқап: «Көрдің бе, қарлығаш ұя салыпты. Қашан ол балапандарын алып кеткенше, қалай мен орнымнан қозғалам?» Оның осы даналық істері үшін жаулары да өлімге қимаған екен. Құс екеш құсты, қанатының астына алған осындай данасы бар елді жаулары да мойындаған. Жалпыадамзаттық құндылықтар алдында бас ие білген көшпенді жұрттың адамгершілікті ізгі қасиеттерінің мөлтек көріністерінің өзінен-ақ мейрімділігі, мәрттігі байқалады.

Қазақ даласында билер төреші болған жаугершілік замандарда ұлтымыздың өресін жауларына мойындатқан кездері аз болмаған. Қабанбай, Бөгембай сынды батырларымыз білек күші сыналған жерде ержүректіліктің үлгісін көрсетсе, Төле би, Әйтеке би, Қазбек билер мәмлегерлік институтының тетіктерін жетілдірді.

Халық басына күн туған, жаугершілік замандарда билер елешілік қызметін қоса атақарды. Таңдайынан бақ берген Қазбек бидің қаздауысты атануының да қызықты тарихы бар. Адам өмірін мәні еркіндікте деп білген қазақтар ешкімге басыбайлы болмаған. Хандық мемлекетте еке тұлғалар барлық жағынан қорғалған. Оның еркіндігі мен бостандығына ешкім қол сұқпаған. Аумалы-төкпелі жаугершілік заманда біраз адам жоңғарлардың тұтқына түсіп қалады. Осы тұтқындарды елге қайтару үшін Қазақ елінен бір топ елші жіберіледі. Солардың ішінде жас Қазбек те барады. Елшілердің сол сапары адам құқығын қорғап қалу болды. Қазбек бидің батылдығын, шешендігі қолдап, тапқырлығын өткірлігі қайраған сөз майданындағы жеңісі батырлардың жекпе-жектегі жеңісіне пара-пар болды. «Дат айту», «Тіл кеспек болса да, бас кеспек жоқ» деген тәрізді сөз бен ой еркіндігіне, биік этикаға негізделген әділеттілік қағида саяси-әлеуметтік құрылымның асқақ рухани талаптарын қамтамасыз етуге арналған. Бұндай өркениетті дәстүр халқымыздың мәдени-әлеуметтік уақыт аясындағы өзіндік тұғырлы деңгейін, нақтырақ айтқанда, құқықтық этикадағы сөз бостандығы мен демократияның қазақ даласында әлдеқашан-ақ орныққан шынайы үлгісін паш етеді. Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Басымыздан сөзді асырмаған елміз, досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз.... Сен қабылан да, біз арыстан, алыскалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарыскалы келгенбіз. Тұтқыр сары жілкміз, жабыскалы келгенбіз, барсең жөндеп бітіміңді айт, бермемсең дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жеріңді айт [17, 59 б.]. Бұнда елдік пен ерлік, батырлық пен жігердің тайсалмайтын рухы жатыр. Сөз саптау да әуелі сыпайы бастап, одан соң бірте-бірте күшейе түсіп, ақыр соңында өзінің бұлардан кем түспейтіндігін, бәсекелесе де, жауласа да алатындығын көрсетіп қоюмен келіп шешімін табады. Сесті түрде талап ету Қазбек бидің намысшылдығын көрсетеді. Батылдық ұстанымды өз өмірінің философиясына айналдырған жыраулар, егер толғау шындықты айтпаса оның ешқандай да мағынасы жоқ деп білген. Жалпы қазақ қоғамында поэзия тілімен шындықты

айту көнеден қалыптасқан дәстүр. Ол тек ел-жұртқа немесе туысқанға ғана емес, тіпті әлеуметтік мәртебесі жоғары билер мен батырлардан бастап, хандарға дейін ақындардың, жыраудардың, билердің қолданатын тәсілі. Осы оқиға барысының өзі ұлттың асыл қасиеттерін, мінезін, моральдік құқын, адамгершілікті ұстындарын бір мезетте, қас-қағымда жарқ еткізді. Қазбек би бойынан ұлттық рух лебі есті. Қазағының мүддесіне ғана құрылған, тұтас халықтың тылсым-астарлы, яғни, қастерлі тарихи-объективті, белсенді-біріктіруші сана сезімінің барынша айқын көрінісі деуге болады. Осы іскерлігімен, майталмандығымен, әуезімен дұшанының жүрегін жаулап, көңіл тонын ерітіп, басын да игізді. Еркін ойлы тұлғалар ел тізгінін ұстаудың тамаша үлгілерін жасады.

Билер – әлеуметтік әділеттілікті теориялық деңгейде ғана таразылаушы емес, идеяларды құрғақ сараламайды, оны қоғамдық өмірде қолданып, нақты нәтижелерге қол жеткізеді, үнемі әлеуметтік жанжал аясында екі ортада қалып қойып, шекаралық жағдайлы күй кешеді де, үнемі өзін-өзі ашу, өзін тануда болады. Ол зиялылықтың үлгісі ретінде тұлғалардың әлеуметтенуінің орталық институты болып табылады. Қазбек бидің қазақ тарихында үлкен орын алған оқиғаға байланысты үкім шығаруы өнегеге толы тарих беттерінен алар үлгінің мол екендігін көрсетеді. Барақ сұлтанның Әбілхайыр ханды қастандықпен өлтіреді. Сондағы Қазбек бидің төрелік айтуы: «Уай, Барақ! Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен бұрын сен адамзаттың өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қынадай қырырсың. Жауыздықтың қақпасын ашсаң, қанын судай шашаарсың. Ал енді еліңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзің бітеп, жараны өзің жазып ал. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды. Өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң өмір азбайды, шырақ қайта маздайды» [12, 100 б.]. Қазбек бидің кісі өліміне байланысты үкімі, даналық ойдың жемісі деп білген жөн. Бұл шешім қазақтарға ғана тән болған төрелік айтуда шексіз билікке ие болғандығының айғағы. Қанға қан, жанға жан дейтін ата-баба салты бұл жерде қалыс қалуда. Би Барақ сұлтанға жасаған күнәсіне жаза бұйырмайды. Өз күнәсін моынына алып, әрі қарай күнәсін қалай жуу керектігіне жол сілтейді. Бұл да

қазақ ішіндегі даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешудің үлгісі. Ол ру аралық талас-тартысқа ұласуы мүмкін. Сондықтан Қазбек бидің ұстанған өнегелі ізгілікті өмір философиясы бойынша адам кінәсін мойындап қана қоймай, одан арылуы да қажет. Қазбек би түсінігінде адам жүрегіне мейірім, шапағат, қайырымдылық, имандылық ұялатса ғана қастандыққа, іштарлыққа, қызғануға орын қалмайды. Сондықтан алдымен әрбір істе ақылға жеңдіріп, сабырлық сақтаған жөн. Бидің қызметі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар деңгейіндегі: жауапкершілік пен еркіндіктің нақты қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-саяси нақты барынша толыққанды өкілі, өнегесі мен жарқын үлгісі.

Би-шешендеріміз қазақ елінің далалық демократиялық ұстындарын қадір тұтып оларды жетілдіріп қана қоймай, іс жүзінде сөз өнерінің философиясын жасады. Билер шығармашылығының ерекшелігі олардың ой еркіндігімен қоса оны жүзеге асыруда шексіз билігінің болуымен сипатталады. Ұрлық, зорлық, өтірік айту сияқты жаман қылықтар мен мейірімділік, кешірімшілдік, шыншылдық секілді ізгілік тірегі болған философиялық ұғым-түсініктердің диалектикасы билер философиялық ойының орталық ұстындары болды. Болашақ ұрпақ өмірмәнділік құндылықтарды мақсат етумен қатар, болашаққа үміт-сеніммен аттады. Бұл жерде мәселе билік жүргізу өнерінің әмбебаптылығында болып табылады. Билер атқарған үлкен іс «обал – сауап», «адал – арам» аражігін ұрпақ зердесінде мәңгілік ұялата білуінде. Жүректерге имандылықты ұялата білу шешендік өнермен қатар тәлімгерлік тәжірибенің де арқасында ғана мүмкін болар еді. Қоғамның қарқынмен алға басуына адамдар өздерінің іс-әрекеті арқылы тікелей қатынасады. Адам өзін өзі жетілдіре отырып қоғамды жетілдіреді. Қазақ қоғамындағы билер атқарған ұлы істер, адамды рухани жетілдіруге бағытталғандығымен де құнды. Сондықтан мемлекеттілігімізді нығайтып, дамыған отыз елдің қатарына ену үшін ұлттық сана архетиптерін жаңғыртудың тигізер үлесі зор.

Жаһанданудың қарқын алуымен ушыға түсетін құбылыстар қазақстандық рухани кеңістікте де орын алуда. Осыған орай адамның рухани жетілуінің тетіктерін іске қосу қажеттілігі туындауда. Қазақ болмысы әрқашан адамгершілікті, ізгілікті ба-

сты бағдар еткен. Қазіргі экономикалық прагматизм шексіз байлыққа ұмтылысты арттырып отыр. Кезінде Ә. Бөкейханов атап көрсеткендей: «Би әділ болмай жұрт оңбақ емес. Қайда ілгері басқан жұртқа қарасақ, биі әділ. Закон жұрт болып, мемлекет болып жасаған жұрттың бәріне бірдей нөқта. Бұл нөқта рәсімге сүйенсе, рәсімнен жұрт тарынбайды, закон жұртқа жайлы саулап жүріп тұрады. Жұрт қашан да болса рәсімге құл. Әділ би құдайдан басқа адамнана қорықпаса болды. Әділ билік рәсімге сүйенсе орнына келеді. Англия биін жұрт сыйлайды, атақты билер оқу оқитын медресені бітірген, жасы толған, ғұмырында қылған ісінде кірі жоқ кісіні би сайлауын ешкім бекітпейді һәм бұл би ешкімнен мақтау шен алмайды, сот тергемей орнынан түспейді. Қызметіне алатын хақысы министрлер алатын хақыдан кем емес. Би алдында патшаның соқа басынан басқа бар адам құрдас. Англияда би болмақ зор дәреже, жұрт көзіне зор құрмет. Міне Англия билігіне қарасақ, бұлардың әділдігі жазып шығарған закон емес, жұрт рәсімі арқылы болған. Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйірік шешен билерден келе жатқан әз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды» [8, 168 бб.]. Өйткені дәстүрлі билер билік құрған кезде қазақ ортасында «пара беру» деген ұғым болмаған. Қазақты орыс судьясына қаратуды да, шариятқа қаратуды да жақтап қол қоймаймыз дегенде, қазақтарда қалыптасқан әдет-құқығы мен билер институтының үлгісіне сүйену қажеттігін көздейді. Дәстүрлі билер орнықтырған адалдықтың ақ жолын жаңғыртудан ұтпасақ, ұтылмайтынымыз аян. Ш. Уәлиханов та қазақ сахарасында реформалар қабылдауда жергілікті жағдайларды ескеру керектігін баса көрсеткен болатын. Ұлы ағартушы-ғалым азаматтық заңдарды жасауда, би сайлауда қалыптасқан дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуды армандап кеткен еді.

Билік өнерінің сахара жұртының әдет-ғұрпы мен салт-санасында ғасырлар бойы қалыптасып өзінің міндетін атқарғандығына зерттеушілер арнайы тоқталған. Күншілдік, қызғаншақтық,

іштарлық сияқты кесірлерден арылудың жолдарын, осыларға қарама-қарсы – кешірімді болу, жамандыққа жақсылық жасау сияқты оңды қылықтардың жетекшілік етуі адамдықтың басты белгілерінің бірі. Нағыз адамның жүрегі әрқашанда жақсылықтың ұясы болуға тиіс. Әрбір жеке адам өзінің рухани жетілуі үшін теріс пиғылдардан арылуы тиіс. Билер өз туындылары арқылы адамның ішкі жетілуінің шамшырағы, ізгілікті істерге жетелейтін тәлімгерлік түріндегі философияны жасады. Олардың даралық, тұлғалық келбеттері адамға деген махаббаттан, оларға үнемі жақсылық жасау тілегінен, кешірімшілдік, мейірбандық қасиеттерімен көмкерілген. Қазақ билері осындай тұғырлы да, ізгілікті түрдегі әлеуметтік әділеттілікті іс жүзінде өз заманы тұсында жүзеге асырды. Билер ұстанған осы қағидат қазақ менталдығының мазмұнына айналды. Руханилық, адамгершілік мұраттар қазақ ділінің нағыз өзегі болып табылатын құндылықтарға жатады. Қазіргі кезеңде қазақ үшін жаңа сынақ келді. Өрелі, өркениетті ел болу үшін ынтымақ, бірлік, ағайыншылық, адамгершілік қадіріміз бен қасиетімізді, ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді қазық етсек одан ұлтымыздың өркендеуі қарқындайды десек кателеспеген болар едік.

Заман талабына орай тозығы жеткен ғұрыптар мен салттар қатарлы жаза да өзгеруі тиіс. Төле бидің осы ойына халықтың: «Тұлпарда да тұлпар бар, Қазанаты бір бөлек. Жігіттің де жігіті бар, азаматы бір бөлек» деген мақалы орайлас келеді. Жақсы мен жаманның парқы жайында Ә. Бөкейхан мына бір мысалды келтірген екен: «Жақсы Наполеон жауынгер патша болған соң соғыста дұшпандарының сырын білуге Шульман атты бір атақты шпион (тыңшы) ұстап еді. Напольен берген қазынаға әбден тойып, Шульман жақсы адам санына кірмек болады. Наполеннан ақ сүйектікке жол ашатын почетный легион орденін сұрады. Сонда Наполеон айтқан: «Сендай кісілігі жоқ оңбағанға қазына берсем де, орден бермеймін», – деп. Мұны Шульман балаларының құлағына салғаным» [8, 170-171 бб.]. Материалдық жағдайлармен өлшенген жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалау қазіргі кезеңде тіптен жайылуда. Кісілік, адамдыққа қойылатын талаптар басқаша өлшемдерге ауысуда. Даңқы жер жарған тарихымыз

бар екеніне қарамастан, біздің шынайы ұлттық өзіндік санада соншалақыты құлдырағанымызға таң қалуға тура келеді, біз әлі бұрынғыша «интеграцияның» жоғары мүдделері деген желеумен өзіміздің көз алдымызда экономикалық мүдделерімізді құрбан ете саламыз және құлдыраудағы стихиясынан тысқа шығуға шамамыз келмейді. Төменгі әлеуметтік топтардан бастап, зиялы қауым мен билік басындағы элитаға дейінгі тұтас қоғам өзінің жеке ар-ұяты мен тарихтың соты алдында шыншылдық пен әділеттіліктің құтқарушы сезімін бойына сіңірмей, өзімшілдік пен қорлық қатар жүре береді және олардан арыла да алмаймыз [17] .

Бүгінгі таңда да ұлттық руханиятымызға тереңдей еніп, оны зерделеу мен қайта жаңғырту қолға алынып отырған шақта би-шешендер мектебінен алар тағлым мол. Қазіргі кездегі парламент билер институтының арнайы, жүйелі, мемлекеттік деңгейде құрылған, қазіргі заманға лайықталған үлгісі. Ал «Ақсақалдар алқасы» оның тікелей көшірілген нұсқасына сәйкес келеді. Әлемдік философияда мен әдебиетте де шешендік пен тапқырлық өнері – «риторика» деп аталады. Қазақ даналығындағы билер мен шешендердің ұмытылмастай сақталып қалған ұлағатты сөздері – «афоризмдер» деген атауға ие болған. Ал Қазыбек би сияқты өз ойын анық, дәл, қоңыр үнмен, дауыстап жеткізуді, ортаны ұйыта білуді – «ораторлық» қасиет деп атаса, сөздерді анық айтуды – «дикция» деп атайды. Осы сапалардың барлығын да билер мен шешендер меңгеруі тиіс болған. Сондықтан, осындай әлемдік тәжірибе мен ғылымдарға да сүйеніп, халық даналығының ойлау машығы мен сапалық қасиеттерін негізге алып, би-шешендік өнер институтын қайта жаңғырту да ұлт руханияты мен тарихының алдындағы борыш.

Билер өз туындылары арқылы адамның ішкі жетілуінің шамшырағы, ізгілікті істерге жетелейтін тәлімгерлік түріндегі этикалық ілімнің негізін салды. Олардың даралық, тұлғалық келбеттері адамға деген махаббаттан, оларға үнемі жақсылық жасау тілегінен, кешірімшілдік, мейірбандық қасиеттерімен көмкерілген. Қазақ билері осындай тұғырлы да, ізгілікті түрдегі әлеуметтік әділеттілікті іс жүзінде өз заманы тұсында жүзеге асырғандығын ғылыми зерттеу жобасын жүзеге асыру барысында көз жеткіздік.

Билер ұстанған осы қағидат қазақ менталдығының мазмұнына айналды. Өрелі, өркениетті елге айналу үшін ынтымақ пен бірлікпен қатар адамгершілік мұраттар мен этикалық сырбаздығымызды жетілдіру қажеттілігі айқындалды. Дәстүрлі билер салған әділеттің ақ жолын жаңғырту, олар орнатқан этикалық қағидаттарды зерделеу арқылы мүмкін болмақ.

Әдебиеттер

- 1 Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 216 б.
- 2 Зиманов С. Полное собрание сочинений. 10 томов. – Алматы: «Медиа-корпорация «Заң», 2009. – X том. – 496 с.
- 3 Левшин А.И. Кыргыз-қазақ немесе кыргыз-қайсақ ордасы мен далаларын суреттеу // Ақиқат. – 1993. – № 3. – 54–64 бб.
- 4 Уәлиханов Ш. Таңдамалы, 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 5 Радлов В.В. Алтын сандық. Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
- 6 Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны //«Қазақ» газеті, 1913. – № 39, 40.
- 7 Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
- 8 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 405 б.
- 9 Касымжанов А.Х. Портреты: штрихи к истории Степи. Вып 1. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 126 с.
- 10 Абдиканов Н. В связи с примирением сторон. // <https://journal.zakon.kz/203504-v-svjazi-s-primirenijem-storon.html>. (дата обращения 05.09.2019)
- 11 Қазақ. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы «Білім» 1994. – 176 б.
- 12 Төрекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
- 13 Қазақ даласының ойшылдары (IX – XII ғғ.) . Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
- 14 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
- 15 Раев Д.С. Ел басқарудың шешендік өнердегі көрінісі // Әл-Фараби. – 2003. – № 1. 12–19 бб.
- 16 Қалдыбаев М. Төле би. – Алматы, 1991. – 125 б.

17 Қасымжанов А. Дала кеңістігі. «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 20-том. «Қазіргі түркі философиясы». – Алматы: «Жазушы». 2009. – 512 б.

2.2 Ұлы дала ақын-жырауларының этикалық әлемі

Әлемді, адамды, оның өмірдегі орны мен рөлін философиялық-этикалық қырынан түсіну – қазақ философиялық ойының өзіне тән ерекшелігі және ол Шығыс философиясының дәстүрін жалғастырады. Батыс философиясы философиялық жүйенің құрылымына, әлем, дүниежүзілік кеңістік туралы ілімдердің негізін салуға, логика, эпистемология мәселелерін зерттеуге, қоғам, мемлекет доктриналарын жасауға көп көңіл бөлген болса, Шығыс философиясында ең алдымен, адам, оның жандүниесі, психологиясы зерттеледі. Сондай-ақ, Батыс философиясында неғұрлым рационалдыққа басымдылық берілсе, Шығыс философиясында адамдық, эмоционалдық, сезімдік мәселеге көбірек мән береді. Адам өмірінің мәні, тұлғаның этикалық бейнесі қазақ ойшылдарын терең толғандырды. Бақыт, ізгілік, парыз, ар-ождан, адамның әлемдегі орны, адам болмысының мәні мен мақсаты сияқты этикалық мәселелер – XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ философиялық ойының өзегі болғанын атап өткен жөн.

Шығыс пен Батыс арасындағы Қазақстанның геосаяси жағдайының ерекшелігі, үнді-иран, қытай, византия, араб, түркі, моңғол, славян өркениеттерімен өзара әрекеттесудің ежелгі дәстүрлері, көшпенділік басымдыққа ие мал шаруашылығы мен ауылшаруашылығының ерекшелігі, ең күрделі этносаяси тарихы, мұның барлығы қазақ халқының рухани мәдениетінің байлығы мен өзіндік ерекшелігін, оның философиялық дүниетанымын айқындады. Осы уақытқа дейін сақталған этикалық, эстетикалық, тарихи-саяси, құқықтық, діни-мифологиялық, мистикалық-философиялық ойлардың жазба-ша және ауызша ескерткіштері соның дәлелі.

Қазақтың көшпенділік жағдайында әлемдік философиялық көзқарастың айырықша қалпын дамытуы ерекше назар аударуға тұрарлық. Философия дербес теориялық білім және ойлау дәстүрі

ретінде әрбір өркениетте, мейлі ол отырықшы немесе көшпенді болсын пайда бола бермейді және дамымайды. Философиялық білімнің дамуына қосқан үлесі өте қарапайым болатын отырықшы халықтар аз ба? Отырықшылық – философияның сөзсіз дамуының кепілі бола ала ма, ал көшпелі өмір салты, керісінше, оны толығымен жоққа шығара ма? Дәл осы тұста кейбір философиядағы көшпенді өркениет қоғамдық сананың формасы емес деген пікір орынсыз болып көрінеді. Өйткені, философиялық дүниені қабылдау дәстүрлі емес құралдармен көрсетілуі мүмкін. Адамдардың санасында бір-бірімен байланысқан әртүрлі деңгейлер мен қабаттар бар, ал шындықты философиялық ұғыну көрінбейтін, мысалы, философиялық-діни, философиялық-көркемдік түрде дами алады. Философияның көптеген түрлері ғылыммен ғана емес, поэзиямен, фольклормен, халық даналығымен жақын екені тарихи тұрғыдан белгілі. Қазақ философиясы – ерекше терең поэтикалық қабылдау және өмір мен әлемді сезіну арқылы өзінің бірегей кеңістігін құрған дала мәдениетінің өзіндік санасы. Шығыс философиясы, сондай-ақ, қазақтың философиялық ойы, Батыс философиясының белгілі бір иерархиялық өркениеттік шкаласының төменгі деңгейіндегі қарама-қайшылықта қарастырылмауы тиіс. Шығыс мәдениеті әлемдік рухани мәдениет тарихындағы жалпы және жалғыз диалектиканың көрінісі болып табылады.

Біздің ойымызша, көшпенді халықтардың тарихын, олардың материалдық рухани мәдениетін, әлеуметтік және мемлекеттік құрылымын талдауға өркениеттің көшпенді түрінің ерекшеліктерін түсіну айтарлықтай құнды ережемен толықтырылды. Осыған сәйкес, көшпенділік – бұл бір жағынан қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің ерекше әдісі, екінші жағынан – бұл табиғатты биологиялық өндіріс құралдарымен игеруге негізделген адамның белгілі бір тіршілік ету ортасына бейімделуінің ерекше тәсілі [1, 236-237 б.].

Осыдан мынандай қорытынды шығады: көшпелі өмір салты, әрине, ойлаудың ерекше нюанстары, идеялары, бейнелері бар ұғымдық құрал арқылы дүниетанымды («Көшпенділер әлемі») бейнелейтін өзіндік ақыл-ой, рухани кеңістіктің қалыптасуына ықпал етті.

Мысалы, көшпенділер әлемді, тарихты, уақытты, кеңістікті, «адам–қоғам» және «адам–табиғат» арақатынасын, материалдық және рухани-адамгершілік құндылықтардың иерархиясын, өмір идеалын, ар-намыс кодексін және тағы басқаларды ерекше түсінді. Олар көшпелі өмір салтынан туындаған нақты мәселелерді талқылады. Көшпенділер адамның табиғатпен, Құдаймен байланысы туралы ғана емес, адамның жануарлар әлемімен қатынасы, адамның өзі өмір сүретін туған жеріне сүйіспеншілігі туралы толғанды.

Тарихи деректерге сүйенсек, отырықшы халықтармен салыстырғанда көшпенділерге өз мәдениеті мен қоршаған дүниені қабылдаудың өзіндік ерекшеліктерімен терең сезінуі тән болды. Зерттеушілердің айтуынша, дала мәдениетінің ежелгі дәстүрлері мен терең тамырлары отырықшы елдердің мәдениетінен гөрі аз зерттелген, өйткені олардың материалдық мәдениетінің қалдықтары – киіз, былғары, ағаш және терілер, олар тасқа қарағанда нашар сақталған. Қазақ халқының өткен замандағы мәдениетінің жоғары дамығандығын материалдық мәдениет ескерткіштері дәлелдейді, олар: ежелгі қалалар мен бекіністер, антиквариат, тас мүсіндер-құлпытастар, киім мәдениеті, тұрмыстық заттар және т.б., сондай-ақ рухтың өлмейтін туындылары: ауызша және жазбаша әдебиет, бай фольклор, эпос, музыкалық, поэтикалық және философиялық мұра.

Көшпенділердің философиялық-поэтикалық шығармашылығының бірегей үлгісі XVIII-XIX ғғ. қазақтардың жазба поэзиясы болып табылады. Болмысты жалпылама түсіну деңгейі бойынша ол Рудаки, Саади, Хафиз және басқа да фарсы тіліндегі поэзияның әйгілі лирико-философиялық дәстүрінен кем түспейді, бірақ сонымен бірге жарқын әлеуметтік бағытымен ерекшеленеді.

Бұл кезеңдегі қазақтардың философиялық ойы, көркемдік жағынан ғана емес, мазмұн жағынан да ерекше бай болды. Қазақ ақындары мен жырауларының мұралары әрдайым қайталау және жаттау арқылы сақталып, кейінгі ұрпақтарға ұсынылып, толық поэтикалық мәтіннің сипатына ие болды. Алайда, олардың өлеңдері сөз өнерінің классикалық мағынасында поэзиямен толық сәйкес келмеді және өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан баяндаудың көркем тәсілі болмады. Қазақ ақындары мен жырауларының поэзиясында бейнеден ой басым болды, кейде бұл ой бейнелі

ұқсастыққа жүгінбей-ақ тікелей айтылатын болған, мысалы, Бұқар жырау мен Шал ақында ойды ұғымға айналдыруға деген талпыныс жиі кездеседі. Олар уақыт пен кеңістік, өткінші мен мәңгілік, жақсылық пен жамандық, т.б. сияқты ұғымдарды жан-жақты пайымдап, жиі қолданғаны белгілі.

Поэзия мен философия арасындағы байланыс тарихына жүгінетін болсақ, бұл мәселе антикалық ой дүниесінде толғандырғаны белгілі болды. Ежелгі дәуірде бұл мәселені шешуге екі ұлы ойшыл Платон мен Аристотель бір-бірімен бетпе-бет келді. Платон поэзияны қатал сынақтан өткізіп, поэзия философия емес деген негізде айыптап, оған теріс үкім шығарды. Ал Аристотель керісінше, өнер төрешісінің рөлін елемей, поэзияны айыптамай, оны түсіндіруді алдына мақсат етіп қойды. Осы мақсатқа сәйкес Аристотель поэзияның (поэзиямен және жалпы өнермен бірге) философиямен байланысты екендігін дәлелдеуге тырысты.

Платон үшін поэзия «баланың ойыны», «жеңіл-желпі іс» болды, ол тек жеке қойылымға ену деп санаса, Аристотель мүлдем басқа ұстанымды қабылдады. Оның іліміне сәйкес, поэзия арнайы ғылымға қарағанда философияға жақынырақ. «Поэзия тарихтан гөрі философиялық және күрделі, өйткені поэзия жалпылық туралы, ал тарих – бірлік туралы көбірек айтады», – дейді Аристотель, философия мен поэзияның ұқсастығын атап өтіп, платондық өнерге деген көзқарасқа қарсы тұрды [2, 655 б.].

Соңында, Аристотельдің ілімдері бойынша поэзия да, философия да бір тамырдан пайда болады, ал адамның рухани табиғаты осы тамырға қызмет етеді. «Барлық адамдар табиғатынан білімге ұмтылады», – деген сөздермен Аристотель өзінің «Метафизикасын» бастайды, ал бұл білімге деген ұмтылыс философияны да, поэзияны да жасайды [3, 65 б.]. Сондықтан поэзия философиядан кем емес, ол шындықпен танымдық байланыста болады, ал поэзия – шындықты танудың бір түрі.

Бұдан Аристотель поэзияны философиямен байланыстырды деп тұжырым жасауға ертерек болар еді. Керісінше, Аристотельдің ең үлкен еңбегі – ол философияны поэзиядан бірінші болып, тіпті Платонға да жат болған дәлдікпен ажыратты және осы арқылы ол поэзия теориясының (және тұтас алғанда барлық өнер теориясына) берік негізін қалады. Поэзияның философиядан бас-

ты айырмашылығы – философия ұғымдарды іздейді, ал поэзия көркем бейнелер немесе рәміздік түрлерді жасайтынын Аристотель алғашқылардың бірі болып бекітті.

Платон мен Аристотельден кейін философия мен поэтикалық өнердің өзара қарым-қатынасы туралы мәселе ешқашан өзінің өткірлігін жоғалтқан жоқ, дегенмен, әр уақытта әртүрлі жолдармен шешілді. Сонымен қатар, поэзия мен философияның өзара қарым-қатынасы жайлы жаңа идеялар эстетикалық ойдың одан әрі дамуында пайда болмағанын атап өткен жөн. Барлығы алғаш рет антикалық әлемге ашылған эстетикалық ұғымдар шеңберінде айналды.

Біздің ойымызша, ежелгі философтардың поэзия мен философияның байланысы туралы жоғарыда келтірілген ойларын ескере отырып, қазақтанушы-зерттеушілерге қазақ әдебиетін қазақ философиясының өмір сүру тәсілі ретінде түсіну және көркем әдебиет шығармаларына философиялық талдау әдісін қолдану, поэтикалық шығармашылықты философиялық ойлау арқылы зерттеу, оларда қамтылған философиялық мазмұнды ашуға тырысу дұрыс болар еді.

Қазақ жазба әдебиетінің тамыры ғасырлар қойнауынан басталады. Г. Потанин, Г. Мейендорф, Т. Аткинсон, Дж. Мак-Гахан, Р. Карутц, А. Алекторов, А. Брем, П. Мелиоранский, Д. Клеменц, В. Радлов және басқа да орыс және батыс еуропалық ғалымдар, саяхатшылар мен этнографтар қазақ халқының ақындық шеберлігіне жоғары баға берген және өз еңбектерінде қазақ поэзиясының байлығын, мазмұндылығын, тереңдігін үнемі атап өткен. Қазақ поэзиясынан бірнеше ғасырлар бойы ауызша және жазбаша дәстүрлердің қатарласып даму үрдісін, олардың бір-біріне әсерін байқауға болады.

Патриотизм идеялары, қазақ халқының бірлігі мен тұтастығы туралы арман-мақсаттар, жеке бас бостандығы үшін күрес идеялары, адам құқығы, оның махаббаты біз зерттеген кезеңдегі ойшылдардың этикалық көзқарастарында басты орын алады. Олардың дүниетанымы – бейбітшілік пен табиғаттың үйлесімділігін сақтауға бағытталғандықтан, онда дамудың ішкі серпіні, адамның араласуын қажет етпейтін көзқарастың үлгісі бар.

Қазақ ақын-жырауларының көзқарастарында философиялық-элеуметтанулық мәселемен тығыз байланысты саяси, сондай-ақ құқықтық идеялардың аражігі жоқ, мұның бәрі қоғам өмірінің біртұтас тараптары мен аспектілерін білдіретін әмбебаптықтар екенін атап өткен жөн. Бірақ орталығында адам және оның этикалық мұраты, оның сезімдері мен мақсаттарының әлемі, өмірінің мазмұны мен мәні бар екені сөзсіз. Ойшылдар соғыстардың мағынасыздығы туралы ой жүгірте отырып, адамдар үшін бейбіт және тыныш өмірді армандады, халықтың рухани құлдырауы мен кедейленуін терең күйзеліспен жазды. Қазақ ойшылдарының поэтикалық түрде көрсетілген философиялық ойлары адам санасын биіктетіп, оны өмірдің күнделікті күйбеңінен жоғары көтерді.

Кез келген құбылыстың шығу тегін білмей, біз оның мәнін түсінбейміз. Сондықтан, зерттелетін кезеңдегі ақындар мен жыраулардың философиялық-этикалық ұстанымдары туралы пікір айту үшін, біз осы құбылыстың пайда болуын, «ақын» және «жырау» сөздерінің қайдан шыққанын мұқият зерделеуіміз қажет.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, қазақта «ақын» сөзі парсы тіліндегі «ахунд» сөзіне келеді, «ғалым», «білімді», «құрметті», «ақылды адам» деген мағынаны білдіреді. Басқа зерттеушілер қазақтың «ақынын» «ақ, аққын» (ауыспалы мағынасында біркелкі, өлшемді ұйқаспен айт), арқылы, сондай-ақ «ағын» сөзінен шығаруға бейім келеді, бұл ақындардың импровизациясы нөсерлі ағын сияқты ағып жатқандығына сілтеме жасайды [4, 78 б.].

Е. Тұрсынов өзінің «Бақсы, ақындар, сері және жыраулардың пайда болуы» атты монографиясында аталған екі этимологияның да сөздің мағынасына толық сәйкес келмейтіндігін дәлелдейді [48, 108 б.]. Егер «ақын» сөзі парсыша «ахунд» сөзінен шыққан болса, онда бұл атаудың бұл атау ақындарға ғана таңылады дегенді түсіндіру қиын, өйткені жырау, жыршы, шешендердің білімі мен даналығы ақындардың білімі мен даналықтарынан кем соқпайды, кейде тіпті асып та түсетін кездері аз емес. Жырау, шешен және сыншылардың импровизациялары да ақындардың импровизациялары сияқты қарқынды ағынмен құйылады, солардың арасында ақындар деп тек соңғыларын ғана атайды.

Зерттеушінің өзі «ақын» сөзінің этимологиясы туралы қызықты пікір айтады. Е. Тұрсынов қазақтың «ақыны», көне

түріктің «акуны», түріктің «ақыны», әзірбайжанның «ахыны», ұйғырлардың «екині» – «шабуыл жасаушы адам», «тұтқиылдан шабуыл жасайтын адам», «жау ордасына дүрбелең, үрей туғызуға тырысатын адам» деген мағына беретін бір көне түрік сөзінің нұсқалары екеніне сенімді [5, 110 б.]. Айтыстың мәні осында жатыр, ал айтыс қазақ болмысында ақынға ақын атануға мүмкіндік беретін негізгі поэтикалық жанр.

Бірқатар зерттеушілер жырауды ақынның ежелгі түрі деп санайды [6, 27 б.]. Кейбір зерттеушілер, ежелгі кезеңдегі жырау түрін ақындармен салыстыруға негіз жоқ дейді [5, 115 б.]. Қалай болғанда да, бір нәрсе анық: жырау сөзінің мағынасы жырларды орындаушы (эпикалық аңыздар). Демек, «жырау» «жыр» (ән, өлең) сөзінен шыққан және «тарихи әндердің әңгімешісі» дегенді білдіреді. Жырау, ең алдымен, күмәнсіз – шығармашылық тұлға.

Қазақ жыраулары болашақты болжайтын ақын, абыздар деп саналды. Олар хан ордасында өмір сүрді және бүкіл хандыққа қатысты мемлекеттік істерді шешуге белсене қатысты. Жыраудың шығармашылық бейнесі оның қоғамдағы алатын орнына байланысты. Жырау жөнсіз сөйлемейді, күнделікті істерге араласпайды, ұсақ-түйектерге дауыс көтермейді. Тек соғыс уақытында, үлкен жиындар мен мерекелерде немесе айтарлықтай қиын күндерде ол өз қауымының алдында поэтикалық сөзінің күшімен әрекет етеді.

Жыраудың сүйікті жанры – толғау, яғни өлең-ой. Толғау-толғаныстар – бұл, әдетте, нақыл сөздер, афоризмдер. Философ-жырау маңызды қоғамдық мәселелерді қозғайды, Әлемде, өмірде, табиғатта болып жатқан өзгерістерге түсініктеме беруге тырысады, адамгершілік мәселелеріне тоқталады. Жыраулар рулар мен тайпалардың шежіресін, олардың тарихын өте жақсы білген және бұл білімді тарихи әндер, батырлық эпостар, мақтау және нұсқаулық-философиялық ойлар жасау үшін қолданған. Жырауды академик А.Х. Марғұлан өте дәл және шынайы сипаттайды: «Абыз, әнші және халықтың азаттық аңсарын жырлаушы өкілі ретінде жырау әндерді импровизациямен өте сирек, тек қажетті жағдайларда ғана орындайды. Бүкіл халықтың беделді адамы ретінде, атап айтқанда, жалпы толқулар, халық дағдарысы, алауыздық немесе жау әскерлері Отанымызға басып кірген кездерде оның кеңесіне

жүгінді. Сол уақытта жырау халықты тәртіпке шақырды, шабыттандырды, оқиғалардың нәтижесін болжады. Болжам, болжал айту – жыраудың ақындық өнерінің негізгі әдістерінің бірі, Хақ аянын баяндау. Ол жаңа туылған қоғам мүшесіне есім беру кезінде де осы рөлді атқарды» [4, 73 б.].

Жырау тек халық арасында ғана емес, хан ордасында да үлкен беделге ие болды. Хандар төтенше мемлекеттік немесе саяси маңызы бар қандай да бір шешім қабылдау алдында олардан кеңес сұрады.

XVIII ғасыр – бұл жоңғар шапқыншылығы мен халықтың ұлы қоныс аударуы. Шәкәрім өзінің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінде бұл уақыт туралы былай деп жазды: «Қалмақтар мен қазақтардың арасында қатыгез қантөгістер басталды. Ең қанды шайқас 1723 жылы өтті. Қалмақ жауынгерлері,... қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген соң қазақтар аш-жалаңаш жаяу шұбап, бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: Балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болсын дейді. Мағынасы — табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» [7, с.50].

XVIII ғасыр – бұл қиын кезең, қатыгез жойқын соғыстар және жеңіс жорықтар заманы. Саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер бұл кезеңдегі қазақ философиялық ойының идеялық бағытына үлкен әсер етті.

Осы кезеңдегі ойшылдардың туындыларына жасалған талдау XVIII ғасырда қазақ қоғамында этикалық ойдың өрлеуін бастан өткергенін көрсетеді, бұған бір мезгілде Бұқар жырау, Үмбетей-жырау, Шал-ақын сияқты басқа да бүкіл ақындар мен жыраулар шоғырының аренаға шығуы дәлел.

Бұл кездегі барлық ақын-жыраулар қол бастаған хандар мен батыр-жауынгерлердің ерліктерін жырлау арқылы ержүректілік, отан сүйгіштік сияқты құндылықтарды орнықтырды. Бұл халықты өз Отанының бостандығы, белгілі ата-бабаларының есімі, құрмет пен даңқ үшін күресуге жігерлендіретін туындылар бол-

ды. Сол жылдардағы ақындар мен жыраулардың әрқайсысы өз ұрпақтарының жадында мәңгі қалдыру мақсатында өмірден өткен батырлардың есімдерін терең күйзеліспен жырлады.

XVIII ғасырдағы қазақ философиялық ойына және сол кезеңдегі қазақ қоғамының рухани ахуалына тән патриоттық идеялар, тәуелсіздік үшін күрес, халықтың бірлігінің қажеттілігін терең ұғыну, тәуелсіз Қазақстандағы рухани жаңғырудың қазіргі кезеңдегі идеялар мен түсінігіне таңқаларлық сәйкес келеді.

Шығыс философиялық ойы, оның ішінде қазақ философиясы негізінен діннің тереңінен тамыр алып, соған байланысты моральдық-этикалық бағытқа ұмтылғаны белгілі. Исламға тән жанашырлық пен мейірімділікке, қайырымдылыққа, аяушылық пен адам сүйгіштікке шақыру Бұқар жыраудың шығармашылық мұраларында айқын көрініс тапты. Ойшыл, әділ мұсылман бола отырып, Аллаға мойынсұну және оған қызмет ету тек міндет ғана емес, сонымен бірге адам үшін ең үлкен қуаныш, оның бақытының кепілі деп санады.

Бұқар жырау өзінің этикалық көзқарастарын моральдық пікір, тәлім-тәрбие, нұсқаулар, жолдаулар мен асыл сөз түрінде білдіруді жөн көрді. Оның бүкіл шығармашылығында даналық пен ақылдылық, шындық пен ақиқат, жомарттық пен достық туралы терең ойлар тарқатылып, ал оның жақсылық пен ізгілік, бақыт пен әділдік, борыш пен ар-намыс, Отанға деген сүйіспеншілік пен махаббат мәселелері туралы этикалық ойлары қазақ халқының философиялық ой-пікірін байытып, одан әрі дамуына ықпал етті.

Бұқар жырауға дейін қазақ ойшылдарының ешқайсысы бүкіл қазақ халқының атынан сөйлемегенін және бүкіл халыққа үндеу жолдамағанын атап өткен жөн. Жыраудың шығармашылығында байлар да, кедейлер де жоқ, қазақ халқы біртұтас, бірыңғай халық болып жырланады. «Жақсы» және «жаман» деп ол түрлі әлеуметтік топтардың мүшелерін емес, бүкіл қоғамның жекелеген мүшелеріне тұспалдады. Бұқар жырау байды мадақтамады, кедейді қорламады. Ол барлығына бейбітшілік, тыныштық, бірлік пен береке тіледі. Бұқар жырау өз үндеуінде бірлік туралы ғана емес, сонымен бірге патриоттықтың, батырлық пен батылдықтың шынайы үлгілерін көрсетуге шақырды. Сондықтан Бұқар жырау адам өмірінің мәні мен мақсатын, адам бақытын, сондай-ақ, көптеген

басқа да моральдық мәселелердің шешімін халыққа қызмет ету және бостандық пен тәуелсіздік үшін күрестен көрді.

Қазақ ойшылы өзінің этикалық ой-пікірлерінде жақсылықты ішкі құндылық ретінде анықтады, онсыз өмір адамгершілік сипаты мен қадір-қасиетінен айрылады. Жақсылық – бұл игі іс, ол амалдардан тұрады деп есептеді Бұқар жырау. Қазақ философы игі істер жақсылықтың дәнін сеуіп, жамандықтар зиян мен қасіреттің тізбегін туғызатындығына сенімді болған. Ойшыл өмірінің мағынасын жақсылық жасаудан көрді.

Бұқар жыраудың жақсылық пен жамандық туралы көзқарастары мен Шал ақынның адамдықтың мәні, оның адамгершілік істерімен анықталады деген этикалық толғауларымен үндеседі: адамның іс-әрекеті қандай болса, оның адамгершілік қадір-қасиеті де сондай болады. Сонымен бірге «жақсылық» ұғымы Шал ақында өте нақты түрде көрсетіледі. Ізгі істер – адамдарға деген қайырымдылық қатынас, қиыншылық көргендерге көмек. Ізгі істерді тек тәрбиелі және парасатты адамдар жасайды. Парасатты адам ақылды, өйткені ол білімді игі істермен үйлестіреді. Шал-ақынның ойынша, жақсы адам бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді, ал жаман адам – ол надан және жалқау. Жақсылықтың отын жағатын адам, зұлымдықтың түтінін түтіндететін де адам. Жарқырау – жақсыдан, апат – жаманнан, бәрі адаммен байланысты, – дейді Шал ақын. Ол жақсылықты мадақтайды, көтереді, жамандықты айыптайды, одан адамдарды жирендіруге тырысады.

Белгілі бір моральдық талаптарды орындайтын адам ғана ақиқатқа қол жеткізе алады және ізгі істер жасай алады. Ізгілік ата-ананы құрметтеу, парызға адалдық, батылдық, әділеттілік, қайырымдылық, Отан игілігі жолында қаһармандық жасай білу сияқты қасиеттер, – деп Бұқар жырау сенді.

Ізгілік туралы, адам туралы, барлық нәрсенің өлімі туралы философиялық ойлар оны адамның жақсы атының мәңгілігі мен білімнің мәңгілігі туралы ойларға жетелейді. Бұқар жырау жазғандай:

«Асқар таудың өлгені –
Басын мұнар шалғаны...

Қара жердің өлгені –
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді» [8, 104 б.].

Ойшыл адамгершілік тұрғыдан әрекет еткен, адамдарға жақсылық жасаған, өз халқының мүдделеріне қызмет еткен адамның жақсы аты қалады деп сенді.

Қазақ философының еңбектерінде өзі өмір сүрген қиын-қыстау кезеңнің бейнесі көрсетілген. Ол бұл дәуірдегі тарихи оқиғаларға онша көңілі толмайды. Бұқар жырау қайғырып былай деп жазды:

«Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күман-ай.
Баспақтана жиылып,
Фана болған заман-ай» [8, 84 б.].

Дегенмен, жырау уақыттың өзгеруін заңды құбылыс деп санады және жарқын болашаққа сенді. Ойшылдың этикалық көзқарастарына өткен заман мен қазіргі заманғы моральді салыстыру әдісі тән. Өткен уақытты алмастыратын жаңа уақыт адамдардың жаңа ұрпақтарын дүниеге әкеледі, олар үшін ескі мораль есейген адамның үстіндегі тар киім тәрізді. Сондықтан, ескі мораль жаңаға ауыстырылады, бұл Бұқар жырау өкінішпен айтқандай, барлығы әрдайым жақсы бола бермейді, бірақ міндетті түрде уақытқа бағынады.

Адамның бақыты, оның мәні және оған жету жолдары, барлық дәуірлер мен халықтардың этикалық мәселелерінде басты орында тұр. Оған қол жеткізудің түрлі тәсілдері мен түрлі шешімдері ұсынылды. Мысалы, гедонизм деп аталатын этикалық ілімде, мінез-құлықтың негізгі принципі мен жоғары игілік – ләззат алуға ұмтылу деп санады. Тағы бір ілім – эвдемонизм – өмірдің жоғары игілігі мен мақсаты бақытқа ұмтылу деп білді.

Өмірді түсінудің эвдемонистік принципі, мысалы, бүкіл араб-мұсылман философиясына тән. Бақыт – бұл шығыс перипатетиктерінің адам туралы барлық ойларының жетекші және негізгі категориясы, жалпы араб-мұсылман философиясының негізгі сипаттамаларының бірі. «Бақыт – бұл әрбір адам ұмтылатын мақсат», – деп жазды әл-Фараби, оның идеялары қазақтың философиялық ойының одан әрі дамуына жаңғыртушы болды [9, 3 б.].

«Бақыт» категориясы дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше мәнге ие болды. Мүмкін, дәл осы ұғымда өмірдің қалыптасу жолымен ішкі қанағаттану сезімін білдіретін әр түрлі игіліктер оңтайлы үйлеседі. Бақыттың мазмұнында әдетте, адамның өзіне байланысты нәрсе шектелінеді және оның бақылауына кірмейтін нәрсе сыртқы жағдайлармен алдын-ала анықталады. Қазақ бақытты, адамның еркі мен тілегіне тәуелсіз жоғарыдан берілген рақым деп түсінді.

Біз зерттеген кезеңнің ақындары мен жырауларының көпшілігі бақыт деген өзімен өзі өмір сүретін нәрсе, ол құс сияқты өзінің «ұясын» таңдайды деп сенген. Бұқар жырау Абылай ханның басына дәулет құсы қонған, үйіне бақыт түнген деп санайды.

«Дәулет құсы қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа,
Бақ үйіне түнедің» [8, 91 б.] – деп жазды.

Алайда, Бұқар жырау «дәулет құсы», «бақыт үйінің» не екенін түсіндірмейді, бақыт дегеніміз – бұл тылсым сырлы түсінік.

Бақыт пен материалдық игіліктер ұғымының байланысын аша отырып, қазақ ойшылдары адамдардың бақыт туралы ұғыммен байланыстырған байлық және материалдық игіліктердің өткінші нәрсе екенін анықтады, өйткені байлық тұрақты емес: бай қайыршы болуы мүмкін немесе, керісінше, қайыршы – байға айналуы мүмкін. Бұған Бұқар жырау сенді. Ол былай деп жазды:

«Кұрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз...

Қу таяқты кедейге
Дәулет бітпес деменіз» [8, 104 б.]

Ал Шал ақын бұл ойды қалай білдірді:
«Мақтанба малым бар деп бағыңызға,
Бағыңыз тұрса жақсы тағыңызда,
Саныңды аузыңды ұстап бір соғарсың
Басыңнан бағың тайған шағыңызда» [8, 116 б.]

Демек, дәулет дегеніміз ұстатпайтын құс сияқты.

Біздің ойымызша, А.У. Уразбеков қазақ ақындары мен жырауларының этикалық мұрасында маңызды орын алатын бақыт тұжырымдамасының мәнін аша отырып, қазақ ойшылдары үйленуді бақыттың ажырамас бөлігі деп санайды деген пікір айтады [10, 80]. Олар адамның тағдыры жақындарының тағдырымен тікелей байланысты деп сенді. Осы тақырыпқа ерекше назар аударған Шал ақын:

«Жақсы қатын алсаңыз,
Алланың жауған нұрымен тең,
Жаман қатын алсаңыз,
Маңдайға біткен сормен тең» [8, 115 б.]

Отбасылық өмірге бақыт факторларының бірі ретінде қарау, отбасындағы қарым-қатынас призмасы арқылы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты ұғынуға тырысу – дұрыс тәсіл. Егер жаныңда ақылды адамдар болса ғана бақытты өмір сүруге болады. Әйел ақылды болу керек, өйткені, ол ең жақын адам, деп түсінген Шал ақын. Ақылды әйел күйеуін ақылға қонымды, дұрыс шешімдер қабылдауға бейімдейді, ол туралы жақсы атақтың таралуына ықпал етеді, қонақтарды құрметпен қабылдайды және шаруашылық мәселелерін ақылмен шешеді. Шал ақын:

«Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,
Ол сенің ақыреттік жақын кісің...
Жақсы қатын алсаңыз,
Жақсылығын білдірер,

Ерін жөнге көндірер...

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,

Жақсы қатын шығарар ердің атын...» [8, 137, 138, 118 б.]

Бұл айтылғандар сол кездегі қазақ қоғамындағы әйелдерге деген көзқарасты айғақтайды. Айта кету керек, оған ана және отбасының сенімді тірегі, барлық үйдің бақыты мен амандығына байланысты ошақ иесі ретінде сыймен және құрметпен қарау – барлық қазақ ойшылдарына тән.

Бұхар да, Шал да адамның бақыты адам жанының байлығымен және адамгершілік іс-әрекеттерімен анықталады деп сенді. Зұлымдық жасаған адам бақытты бола алмайды. Менмен, өркөкірек, сараң адамда бақыт болмайды. Бақытқа парасатты, қарапайым, адал, әділетті, бойында ізгілік қасиеттерін дамыта білген адам ғана қол жеткізе алады.

Қайырымды адам жағымды, өйткені ол сіздің өтінішіңізден бас тартпайды, оның жомарттығы шексіз, адамшылығы зор, біздің аталарымыздың ақыл-парасатына мұралық еткен ақылды адам. Ақыл – бақыттың басты компоненттерінің бірі, деп санайды ақындар мен жыраулар.

Олардың ойынша, адам рухани жаратылыс ретінде ақылға қонымды іс-әрекеттер жасауы керек, шамадан тыс құмарлықтарға берілуге, өтірік айтуға, парасатты адамдарды қудалауға, достары мен туыстарына дұшпандық пен қызғаныш танытуға құқығы жоқ. Ақындар мен жыраулар осы ережелерді ұстанатындарға ерте ме, кеш пе бақыт келетініне сенеді.

Қазақ ойшылдары тек сыртынан парасатты көрінуге тырыспай, жанның ішкі тазалығына қамқорлық жасау қажет деп санайды. Қазақ философтарының этикалық мұраларындағы ізгілік пен ақиқат өзара байланысты. Олар біздің ішкі ниетіміз дұрыс болуы керек деп тұжырымдайды, өйткені Алла ізгілікті жақсы көреді. Ақиқат – ізгілікке апаратын жол.

Ақиқатты білмеу – қате шешімдердің, қате әрекеттердің және олардан туындайтын зардаптардың көзі. Ақиқатты білу – дұрыс өмірдің негізі, яғни мейірімділік, жанқиярлық, адалдық және сұлулық. Ақиқат пен сұлулықтың мағынасы бірдей, өйткені ақиқат

эрқашан әдемі, ал сұлулық – шынайы. Жиренішті тудыратын нәрсе, өздігінен ақиқатты бола алмайды, бұл жамандық. Ақиқаттың, тіпті сыртқы көрінісінің өзі тек сұлулықты бейнелейді. Егер біз қарастырып отырған кезеңдегі Бұқар жырау, Шал ақын және басқа да қазақ ойшылдарының шығармашылығы зұлымдыққа қарсы күреспен ұштасқанын ескерсек, ақиқат пен сұлулықты өздері үшін емес, адамдар арасында ізгілік орнатудың құралы ретінде маңызы бар екенін түсіну қиын емес. Олардың шығармашылығының барлық логикасы терең жаратылысымен зерттеушілерді, қазақ ақындары мен жырауларын дәйекті түрде ақиқат, ізгілік пен сұлулықты бір үздіксіз қатарға қойды деген қорытындыға жетелейді. Ақиқат, ізгілік және сұлулық олар үшін шынайы адам болмысының әлемі сақталатын өте қажетті ұғымдар болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 350 с.
- 2 Аристотель. Сочинения в четырех томах. – Т.4. – М.: Мысль, 1983. – 766 с.
- 3 Аристотель. Сочинения в четырех томах. – Т.1. – М.: Мысль, 1976. – 835 с.
- 4 Маргулан А.Х. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // М.О. Ауэзову. Сборник статей к его шестидесятилетию. – Алма-Ата: Наука, 1959. – 159 с.
- 5 Турсунов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: ИКФ «Фолиант», 1999. – 268 с.
- 6 Жирмунский В., Зафиров Х. Узбекский народный героический эпос. – М., 1947. – 147 с.
- 7 Шакарим Кудайберды-ұлы. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. Пер. Б. Каирбекова. – Алма-Ата: СП Дастан, Жазушы, 1990. – 120 с.
- 8 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Т.1. – Алматы: Жазушы, 1989. – 385 б.
- 9 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
- 10 Уразбеков А. Этическая мысль в Казахстане: (с раннего средневековья до конца XIX в.). – Алма-Ата: Наука, 1982. – 136 с.

2.3 Абайдың этикалық мұрасының өзектілігі

Абай идеяларының қазіргі заманмен үндестігі мен бүгінгі өзектілігі ол жайлы мол әдебиеттерді өмірге әкелді, бұл ұлы ойшыл ақын шығармашылығына деген қызығушылықтың кеңдігі мен тереңдігін ғана емес, сонымен бірге Абайдың өз дәуірінің айнасы екендігін және оны зерделемей қазақ халқының тарихын, дәстүрін, идеологиялық ұмтылыстарын, өткені мен болашағын білу де, түсіну де мүмкін еместігін айғақтайды. М.О. Әуезов: «Абайды оқу арқылы сіз қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, отбасылық және әлеуметтік, мәдени, тарихи, моральдық жағдайы туралы нақты, жан-жақты түсінік ала аласыз», – деп атап өтуі бұлтартпас шындық [1]. Шынында да, қазақтың ақын-философының мұрасы – бұл халық өмірінің ерекше энциклопедиясы, сондықтан, Абай жайлы көп жазылуы да, әр ұрпақ өзінен бұрынғы адамдардың тәжірибесін ескере отырып, бұл ерекше энциклопедияны зерттейтіндігі де заңды.

Неліктен Абай әлемі біз үшін үнемі жаңа қырынан ашылады? Мүмкін, ол үшін адамның жан дүниесі әрдайым құпия бүккен сырлы әлем болар? Абайдың өзі туралы:

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» – деуі осының айғағы [2]

Абайдың адам баласының әр жаңа буынын алаңдататын, бейжай қалдырмайтын мәселені поэтикалық және философиялық тұрғыда жеткізу мүмкіндігі бар. Сондықтан, бүгінгі күні де Абайдың өлеңдерін оқый отырып, қазіргі заманауи мәселелерді де тереңдеп, жақсы түсінуге болады. Өмірдің мәнін іздеуде, адамның қадір-қасиетін көтеруде оның мәңгілікке бағытталған пайымдауларының құрылымы бүгінде бұрынғыдан да құнды. ҚР Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың Абайдың 175 жылдық мерейтойында шыққан «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында: «Біз Абайды ХІХ ғасырда өмір сүріп, ХХІ ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз» деп атап көрсетті [3].

Адамның жан дүниесін, жалпы халықтың жан дүниесін, демек, ұлттың бірегейлік болмысын қалыптастыратын философтар мен ақындар бар. Абай – солардың бірі. Абайдың этикалық ілімдерінде қазақ философиясы өзінің кемелденген кезеңіне жетеді, одан қазақ халқының әлемді философиялық тұрғыда пайымдап, түсінуінің мәнін анықтап, ашып көрсетуге болады.

Абайдың рухани ізденістерінің орталық өзегінде адамның шығармашылық қабілетін оятатын және әлем мен адамның түбегейлі жаңаруына, оны моральдық тұрғыдан кемелдендіруге, оны басқа мәдени әлемдермен байланыстыруға шақыратын жаңа құндылықтар мен бағдарларды іздеу жатыр. ҚР ҰҒА академигі Ж.М. Әбділдин: «Абайдың шығармашылығы біздің дәстүрлі мәдениетіміздегіден мүлдем өзгеше жаңалыққа ие. Ол жаңа ойлау мен дүниетанымды негіздеді, ол тыңнан этикалық және эстетикалық құндылықтарды дамытты, қазақтарға өмір сүрудің, болмыстың және жаңа идеалдардың жаңаша қағидаттарға ие болу қажеттілігін дәлелдеді ... Оның шығармаларындағы сынының объектілері – ең алдымен қазақтар, қазақ қоғамы, бұл жағдай ерекше және айырықша нысан болып табылғанымен, ол осы арқылы жалпы адамзаттық мәселелерді, адамзаттың көкейкесті толғанысын, жақсылық пен сұлулық идеяларын көтереді» [4]. Абайдың философиялық мұрасының өзектілігі Ұлы Дала ойшылы ұсынған идеялар оларды туындатқан уақыт шеңберінде қалып қоймай, ол идеялардың көпшілігі бүгінде әлемдік философиялық ойда қалыптасқан тәсілдермен жемісті әрекеттесе алады.

Абай туралы орасан мол әдебиет қазіргі таңда бірнеше мың атауларға ие және бұл қазақтың ойшыл философы және ағартушысының тереңдігі мен қызығушылығының ғана емес, ойшылдың адамның адамшылығын, халықтың жан-дүниесін қалыптастыратын, оларсыз өмір сүрең тартып тұратындай жазушылар мен ақындардың қатарына жататындығы туралы куәландырады.

Абай Құнанбаевтың есімі әдебиет жүзінде алғаш рет 1903 жылы ірі қоғам және саяси қайраткер, кейінірек – «Алаш-Орда» көсемі Ә. Бөкейханов қатысқан «Ресей. Біздің еліміздің толық географиялық сипаттамасы» атты әйгілі көп томдықта жарыққа шықты [5]. 1905

және 1907 жылдары, ақын қайтыс болғаннан кейін, ол қазақтың ақыны және ойшылының шығармашылық өмірбаянына ғылыми талдау берілген тұңғыш рет қазанама-очерк жариялады [6]. Шығарма Абай өмірінің күрделі құбылыстары әлеміне ену тереңдігімен және нәзік эстетикалық талғамымен ерекшеленеді. 1913 жылы көрнекті лингвист-ғалым және ірі саяси қайраткер А. Байтұрсынов Абай шығармашылығына арналған «Қазақтың бас ақыны» атты үлкен мақала жариялады, ол қазақ ойшылының семейлік саяси жер аударылған достарының ықпалында оның поэтикалық және философиялық шығармашылығындағы көзқарастарында нағыз төңкеріс болғандығын атап көрсетеді [7]. 1918 жылы «Абай» журналында қазақтың ірі жазушысы және драматургі Ж. Аймауытов алғаш рет қазақ ақыны мен ойшылының философиялық талантын жоғары бағалап, оны «қазақ ортасынан шыққан философ (данышпан)» деп атады [8]. Жоғарыда келтірілген еңбектер, абайтанудың «Алаш-Орда» ойшылдарының шығармаларынан бастау алатынын сенімділікпен айтуға мүмкіндік береді.

Абай жасап кеткен барлық игіліктерді танып, зерттеуде ғалым және көрнекті жазушы, Абай жолының жалпыадамзаттық маңызын көрсететін әлемге әйгілі эпопеяның авторы М.О. Әуезовтің атқарған рөлі зор [9]. Ол өзінің ғылыми қызметі барысында Ұлы дала ақыны және ойшылының мұраларын еңбектерінің негізгі тақырыбына айналдырып, оны үнемі зерттеумен айналысты [8]. Өзіне дейінгі зерттеушілердің идеяларын шығармашылық тұрғыда дамыта отырып, М.О. Әуезов Абайдың дүниетанымына нәр берген үш қайнар тұжырымдамасын жасады. Ғалымның бұрындары жарияланбаған еңбектері зерттеушінің саяси қиын жағдайларға байланысты бір кездері Абайдың идеялық қайнарлары туралы және оның еңбектеріндегі басқа да мәселелер жайлы жаза алмағандығын көрсетеді [10].

Абайтану зерттеулеріндегі көптеген жұмыстар идеологиялық қалыптар тұрғысынан және таптық редукционизмнің текетіресінде кез-келген басқаша ойлауды жоққа шығарып отырған кезеңде жазылғандығын атап өткен жөн. Мұндай құлашы тар көзқарас Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу саласындағы жұмыстарға зиян тигізетіні сөзсіз, заман талабы осылай болды.

Бірақ жалпыадамзатқа ортақ идея мен адамның жоғарғы құндылығын жариялаған уақыт, бәрін өз орнына қойды. Белгілі абайтанушы, әдебиеттанушы М. Мырзахметов «Мұқтар Әуезов және абайтану мәселелері» атты басты кітабында және басқа да еңбектерінде «толық адам» ұғымын әдебиеттану тұрғысынан терең зерттейді [11].

Тәуелсіздік кезеңінің рухани тынысы Абай философиясын қайта қарастыруға жағдай жасады, оны заңды түрде қазақ ойының биік шыңы деп есептеуге болады. Абайтануда Ғ. Есімнің «Хакім Абай» [12], М. Орынбековтің «Абайдың философиялық көзқарастары» [13], сондай-ақ «Абайдың дүниетанымы мен философиясы» [14] ұжымдық монографиясы, онда М.С. Орынбеков, Ж.Ж. Молдабеков, Ә.Н. Нысанбаев, Ғ.Есім, Т.Қ. Айтқазин мен Г.Ғ. Барлыбаевалар Ұлы дала шындығын философиялық пайымдаудың сапалы жаңа деңгейін жүзеге асырған Абайдың дүниетанымы мен философиялық шығармашылығының ауқымды көкжиегін аша білді. Егемендікке қол жеткізген жылдары қазақтың философиялық-этикалық ойы елдің рухани жаңғыруы мен жаңаруының көрінісі болды. Осы бағытта «Абай және қазіргі заман» атты зерттеу жинағы [15] және Г. Барлыбаева мен І. Ерғалиевтің «Абайдың этикалық және гуманистік ой-толғаулары» [16] атты кітапшасы жарық көрді.

Абай философиясының әлеміне ену тереңдігі Ж. Әбділдин мен Р. Әбділдинаның Абайдың қазақ халқына дамудың жаңа көкжиектерін, жаңа рухани кеңістіктер ашып, шындықты көркем түрде игерудің жаңа үлгілерін жасады деген ойлар желісіне құрылған «Абай – кемеңгер ойшыл және гуманист» атты монографиялық еңбегімен ерекшеленеді [17]. Монография авторлары Абай ұлы гуманист ретінде адам еркіндігін, адамның таңдау еркіндігін, адам қалауын, адамның өз жауапкершілігін мойындайтынын атап көрсетеді. Аталған еңбектерде нақты тұтастық өлшемдеріне жауап беретін мәселелерді түсіндіру әсерінің толықтығына және этностардың өмірмәнді болашағына жауап беретін Абайдың әлемді түсінуінің маңыздылығы айтылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты

мақаласында ғалымдардың назарын «толық адамға» – кемелденген, адамгершілікті, әмбебап тұлғаға аударады [18]. Адам мәселесі мәңгілік философиялық мәселелер қатарына жатады: ол Абайдың философиялық ілімінің өзегіне айналды. Ойшыл бұл мәселені өз еңбектерінде терең зерттейді, адамның мәні, табиғаты, жалпыадамзаттық қабілеттері, этикалық және эстетикалық келбеті сияқты іргелі мәселелерді тұжырымдамалық тұрғыдан зерделеді.

Абайдың «толық адам» туралы тұжырымдамасы қазақ қоғамы мен қазақ мәдениеті үшін ғана емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық маңызға ие. Жан-жақты жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға тек қазақтар ғана емес, барлық халықтар, барлық мәдениеттер бұл мәселеге мүдделі, өйткені бұндай іргелі мәселе ешқандай ұлтта, ешқандай мәдениетте шешілмеген. Ежелгі дәуірден философтардың назарын өзіне аударған адам мәселесі заманына сай әрдайым жаңару үстінде болған, өйткені белгілі бір тарихи жағдайда өмірдің өзі, адамның білімі, адамның өзі үнемі өз кезеңіндегі мәселелерді шешіп отырады. Шындығында да, қазақ философының барлық шығармашылығы рухани кемелденген тұлға туралы терең ойларға толы, оның басты мақсаты адам болу үшін не істеу керегін және неден тиылу керектігін үйрету, адамдарды жақсылық пен жамандықтың шын мәнімен таныстыру болатын. Абай туралы – оның бірегей рухани әлемі болғанын, ол әлемнің орталық өзегі адам мәселесінен тұратынын айта аламыз.

Адамның мәні, оның этикалық және эстетикалық келбеті, өмірінің мақсаты мен мәні, сезімдері мен интеллектуалдық әлемі ойшылды қатты толғандырады. Абайдың этикалық идеалы эстетикамен тығыз байланысты. Адамгершілік кемелдену ойшылдың ойынша, этикалық және эстетикалық бірлікке және белгілі бір эстетикалық құндылыққа ие. М.С. Орынбеков: «Абайдың өлеңдері мен прозасын оқу оның этикалық және эстетикалық ұстанымдарының бірлігін көрсетеді. Сұлулық пен ізгілік ол үшін терең байланыста, өйткені мейірімді адам – әдемі адам. Абайдың өзі де сондай адам болған, ол өз заманының руханияты пен мәдениетін сіңіре отырып, оларды дамыта білген» [13, 129 б.]

Абайдың дүниетанымында діни көзқарастар, адамның өмір сүру және даму кеңістігі ретінде Алла туралы ойлары, оның сенім

мәселесін түсінуге арналған толғаныстары маңызды орын алады. Абайдың пікірінше, адам Құдайдың жазасынан қорқатындықтан емес, өзінің іс-әрекеті үшін өз ар-ожданының, ақыл-парасатының және адамдардың алдында жауапкершілігі үшін ізгілікті болуы керек. Абай үшін шынайы ізгі адам – бұл сауап күтпестен, риясыз жақсылық істейтін адам, оның қайырымдылығы үшін рахаттану, әлде қайғы-қасірет күтіп тұрса да жақсылыққа ұмтылатын адам деп сенді. Пайдалы әрекеттер – бұл қоғамға, адамдарға пайдалы және ортақ мүддеге сәйкес келетін істер.

Абайдың негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарға – ақиқатқа, әдемілікке және ізгілікке деген іштей қызығушылығы ол үшін адамның бәрінен жоғары тұратынын көрсетеді. Абай үшін адам барлық философиялық толғаныстардың мәні мен шегі болған, өйткені ол адамды әлемнің орталығы, жаратылыстың шыңы, қоғамның негізі мен өзегі деп сенген. Абай оны жаңартудың жолдарын іздеді, оған жақсылық жасауға тырысты, адамгершілікті жетілдіруге шақырды, ол адамның рухани мүмкіндігінің шексіз күшіне сенеді.

Абай шығармаларында алға қойған негізгі этикалық қағида – «Адам бол!» ұраны шын мәнінде, ақын-философтың барлық шығармаларының лейтмотивіне айналды. Абайдың гуманистік үндеуінің этикалық мәні – адамның өмірдегі маңызды рөлі мен мақсатын ардақтау. Оның түсінігінде адам ақыл мен адамгершіліктің, еңбекқорлық пен білімнің, достық пен махаббаттың бейнесі болуы керек. Күн мен ай – аспанның сәні, орман мен жидектер – таулардың сәні, ал жердің сәні – адам. Абай мақтанышпен: «Адам деген даңқым бар!» деп жар салған.

Абай адам үшін ең үлкен бақыт – халықтың қайғы-қасіретін жеңілдету деп санады. Ол адамның ең жоғарғы мақсаты адамдарға барынша пайда әкелу екенін көрді. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», – деп тұжырымдады қазақ философы [19, 75 б.].

Абай ой-өрісі мен ырғағы бір іргелі мәселемен анықталады – бұл халық өмірінің бастаулары, халық тағдыры, оларды жалпыадамзаттық құндылықтар мен прогресске жете-

леу. Абай өмір бойы ақыл мен гуманизм мұраттарының жеңісі үшін жанқиярлықпен күрескен. Ойшылдың шығармашылық мұрасынан гуманистік тұжырымдаманы, адам өмірінің мағынасын рационалистік бағалауды және адамның жер бетіндегі толық және бақытты өмірге құқығын растау байқалады.

Абайдың философиялық ілімдері ұлттық құндылықтар мен адамгершілік жауапкершілік туралы сұрақтарға толы. Ол үшін руханилық жайлы түсінік болмыстың ең терең мағыналары туралы, адамның өзіндегі шынайы адамшылықты анықтаудың өзіндік өлшемі туралы, адам өмірінің мақсаты туралы байыптауда бағдар болуға және оған сүйене отырып, түсіндірудің ерекше қағидасына айналды.

Мемлекет басшысы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған өзінің іргелі мақаласында Абайдың еңбекқорлықтың мотиваторы және шабыттандырушысы екенін дұрыс айтады. Шынында да, қазақ ойшылының этикалық тұжырымдамасында еңбек ұғымы ерекше орын алады және оның адам өмірі мен іс-әрекетіндегі еңбектің маңызына назар аудармаған туындысы жоқ деуге болады. Абай еңбек әрекетін адамның тұлға ретінде рухани қалыптасуының негізі деп санады. Ойшыл еңбек адамның жан дүниесін байытатынына күмәнсыз сенді, ал еңбектенуді білмейтін, жалқау адамдар көбінесе жаман қасиеттерге ие болады [3].

Абайдың этикалық ілімінің осы аспектісі туралы қызықты пікірді Ж.М. Әбділдиннен көреміз: «Абай ... қазақ қоғамына еңбек категориясы туралы жаңа түсінік енгізді. Әрине, қазақтарда Абайдан бұрын да еңбекқорлық, жұмыс жасау түсінігі болған. Алайда, олардың пікірінше, еңбек ету де тамақтану, ішу және т.с.с. сияқты әрекет түрлермен қатар тұрған қызметтің бір түрі болды. Олардың дәстүрлі мәдениетінде еңбек туралы сөз болғанда оның жағымсыз жақтарына көбірек көңіл бөлінді. Ол адамның тыныштығын алып, қуанышы мен бақытын кемітететін нәрсе ретінде көрінді. Осы көзқарасқа қарама-қарсы, Абай қазақтың санасына еңбектің түбегейлі жаңа түсінігін ашып, енгізді. Философтың пікірінше, еңбек – бұл қызмет қана емес, адам өмір сүруінің негізгі қағидасы. Сондықтан бұл қоғамның дамуында, жеке тұлғаның қалыптасуында өте маңызды» [20].

Абай еңбектің қос мағынасын тереңдете ашып көрсетті. Адамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруда еңбек бір жағынан маңызды, өйткені еңбек арқылы ғана шынайы білімге қол жетеді және Абайдың терең сенімі бойынша ғылымға жету және шынайы білімге ие болу – ең ауыр және азапты жұмыс. Екінші жағынан, қазақ ойшылы еңбекті адамның жұмысы, өмір сүру құралы ретінде, тәуелсіз өмір сүрудің маңызды шарты ретінде түсінді. Осыған орай, Абайдың пікірінше, өз еңбегіне жалынған адам, ол сөзсіз құрметке лайықты адам.

Ойшылдың барлық шығармаларының арқауы өз халқына білім тарату идеясы желісінде құрылған. Абай үшін білім қандай да бір игілікке жетудің құралы емес, өзіндік мақсат, ол – адам дамуының түбегейлі негізі. Қазақ ағартушысының пікірінше, білім адам жанын нұрландырып, оның рухани мәдениетін байытады. Абай пайымдауында адамгершілік, білім, таза еңбектің байлық пен биліктен артықшылығы, егер байлық пен билік шектеулі, адам өмірінің өткінші, уақытша құндылықтары болса, білім, еңбек, махаббат, мейірімділік – адамды асқақтататын мәңгілік құндылықтар.

Өзінің философиялық қайнарларына шынайы қызғушылықтың оянуы ұлттық өзіндік сананы, ұлттық бірегейлікті және халықтың бірлігін нығайтады. Абайдың ұлт жинақы, ынтымақты, бәсекеге қабілетті және халық әл-ауқатты өз-өзіне жеткілікті болудың ішкі тетіктерін жетілдіруі тиіс деген идеялары жайлы Қазақстан Республикасының Президенті өзінің мақаласында «қоғамдық сананы жаңғыртуға және ұлт болып бірігуге, ел болып дамуымызға жол ашады» деп жазды [3].

Абайдың философиялық мұраларының ерекше белгілері оның көзқарастарының әлеуметтік бағытылығында және адам болмысының өмірмәнді негіздеріне рухани ізденіс болып табылады. Абай адамның рухани жетілуінсіз бұл әлемдегі кез-келген іс-әрекет өзінің мәнін жоғалтатындығына терең сенімде болды. Ол қазақтар әлемінің ғажайып бейнесін, яғни олардың ұлттық кодын ашуға талпынды. Абайдың философиялық мұрасы бүгінгі таңда бізге өз дүниетанымымыз бен өз мәдени бастауларымызға қайта оралуға көмектеседі және қазіргі кездегі тек өз айналандағы әлемді ғана емес оның әлі беймәлім тұңғыықтары мен заңғарларына бойлауға жетелейді.

Абай Құнанбаев өзге мәдени дәстүрлерді терең түсінудің, Ресей мен Батыс мәдениетіне ізгі ниетте және қызығушылықпен қарауға, сондай-ақ елдің батыс пен шығыстың ұштасқан жерінде орналасқандығын мойындау маңыздылығын ұғынудың үлгісі еді. Этикалық ілімі қазақ философиялық ойының квинтэссенциясы болған және шығармашылық мұрасында шындықты философиялық тұрғыдан пайымдаудың сапалы жаңа деңгейге жеткізген Абай – халық тарихында алғаш рет қазақтардың асыл арманы, ойлары мен ақыл-шабытын білдірген Шығыс пен Батыс идеяларының синтезін жүзеге асырды. Оның төзімділік рухы сіңірілген барлық туындыларының арқауы мәдениетаралық сұхбат идеясымен көмкерілген.

Абай қазіргі кезде, оның нақтылы өмірі өткен орыс самодержавиесі кезеңінің артынша, Қазан революциясы мен кеңестік тоталитаризм кезеңінен кейін 3-ші кезеңді бастан өткеріп отырғанын Шыңғыс Айтматов нақты атап көрсетеді. Ойшыл тарихи сананы жаңғырту аясында және тәуелсіздікке қол жеткізген бізбен бірге өмір сүруде. Осы кезеңдердің әрқайсысында Абай мұраларының бай қоры жаңа мағынада және жаңа өлшемде ашылды [21, 103-106 бб.].

Бір кездері Абай қазақ мәдениеті мен қазақ тілін қорғау қызметін атқарды, біржақты мәденилендіру мен тілдердің ассимиляциялану процессі жүргізілген кездері ұлттық ерекшелікті сақтап қалудың құралы, қамалы болды. Абайға қол көтеруге ешкім дәрменсіз болған кездің өзінде, бұл шындық қазақ сөзі мен ұлттық сана-сезімнің сақталуына қызмет етті.

Ағартушылықтың ұлы идеяларын сіңірген және әлемдік маңызға ие орыс пен батыс мәдениетін шығармашылықпен жаңғыртқан Абай бізге қазіргі жағдайда басқаша міндет атқаруда. Абай бізді ұлттық оқшауландудан және көзсіз ұлттық эгоизмнен сақтандырады. Абай басқалардан өзгеше, Шығыс пен Батыс бастаулары мен тәжірибелерін жинақтап сіңірген еуразиялық мәдениеттер тоғысында сенімді және көрнекі тұрған аса ұлттық сонымен қатар әлемдік деңгейдегі құбылыс.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің мақаласында Абай шығармаларында меритократия мәселесіне ерекше көңіл

аударғандығын, яғни адамды оның дәрежесіне қарап емес, оның сапасы мен еңбегіне қарап бағалайды деген маңызды ойды атап көрсетеді. Шыныменде, қазақ ақыны және философы өмір бойы гуманистік идеяларды алға тартты. Ол адамдарды шыққан тегіне, қоғамдағы алатын орынына, атағы мен байлығына қарап емес, оның рухани әлеміне және адамдарға қандай пайдасы барына қарай сыйлауға үндейді. Абай Құнанбаев: «Адам өміріндегі ең ба-стысы – рухани сапа. Ыстық қайрат, жылы жүрек адамда болатын болса, онда оның еңбегі жанып, байлыққа да кенеледі», – деп жаз-ды [18, 17 б.].

Мемлекет басшысының мақаласында эмоционалды интел-лект деп аталатын мәселеге ерекше назар аударылған, өйткені XIX ғасырда Абай өзінің туындыларында өзін-өзі тәртіпке келтіру мәселесін ұдайы қозғап жазған болатын. Адамды қалыптастыруда қоршаған ортасы мен тәрбиенің рөліне зор мән берген көрнекті қазақ ойшылы өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін тәртіпке келтірумен үнемі шұғылдану қажеттілігі жайындағы ойды ерекше атап көрсетеді. Адам өзіне сырт көзбен қарауды үйренуі керек, өзін-өзі бақылауды, өзіне өзі есеп беруді, өзін-өзі бағалау қажеттілігін естен шығармағаны жөн. «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе , болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? [18, 31 б.].

XIX–XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген Абайдың философиялық идеяларының өзектілігі мен қажеттілігі біздің маңызды кезеңіміз – XXI ғасырдың басындағы экономикалық, сая-си және рухани ахуалдың шиеленісті жағдайларында Ұлы дала ой-шылы және философы өмір сүрген уақытпен салыстыруға болады.

Өнегелілік тұрғыдан жетілу идеясы, ізгілік, мейірімділік, толеранттылық идеяларымен көмкерілген Абайдың философиялық іліміне қайта оралу және оны қазіргі заманда қайта қарастыру – қазақтардың ұлттық бірегейлігі мен олардың мәдени кодтарын сақтау мен нығайтудың маңызды факторы болып табылады.

Абай рухани жетілген, адамгершілігі мол, білімді, еңбекқор адамды көргісі келді және үнемі: «Не істеу керек? Адам-

ды үмітсіздік пен кедейліктен қалай арылтуға болады? Оны еріншектіктен, ырду-дырду мен бос жүрістен, жұмыссыздықтан қалай жирендіруге болады? Оны жұмыс істеуге қалай үйрету керек? Қалай бәсекеге қабілетті болу керек?» – деген сұрақтар қойды. Абайдың өз заманының адамына бағытталған бұл сұрақтары бүгінде де өте өзекті, оның өткір де жалынды айтылған ойлары қазіргі таңдағы қазақстандықтарды оятуға, өз өмірлері туралы ойлануға шақырады.

Бүкіл әлемді, соның ішінде Қазақстанды да жайлап бара жатқан жаһандану кезеңінде қазақ ойшылының философиялық мұраларына, қоғамдық сананың жаңғыруы аясындағы оның этикалық және эстетикалық пайымдауларына оралу, қазіргі заманның өнегелі келбеті мен мәнін қалыптастырып, болашақ бағытты анықтай отырып бүгінгі таңдағы нағыз өзекті мәселелерге жауап береді.

Егер философияны рационалды-логикалық білімнің ерекше түрі ғана емес, алғашқы мағынасында, барлық жалпы ойлау үлгілерінде айтылғандай, атап айтқанда даналыққа құштарлық ретінде, өзін өзі тану және өмірді ұғыну деп түсінетін болсақ, онда Абайды өз халқының мәдениеті мен ойлауын жаңа сатыға көтерген философ және ойшыл деп толыққанды атауға болады. Ол өз туындыларында қазақтардың ой-армандарын, олардың болмыс, мораль және этика туралы түсініктерін жүзеге асыра білді. Өзінің барлық шығармашылық күш-жігерін гуманизмнің биік мақсаттарына арнаған ойшыл, қазақ халқының рухын көрсете білді. Абай – адам және оның әлемдегі орны жайындағы жаңаша түсініктің, жаңа дүниетанымның жаршысы. Қазақ ойының квинтэссенциясы болып табылатын Абайдың этикалық ілімі, қазақ философиясының ең биік шыңы. Абай бүгінгі таңда бізді өз жігерімен қуаттап, өзінің пайымдаулары және тағдыршешті, өмірлік маңызды мәселелер мен қайшылықтарды шеше білуімен шабыттандырады, біздің мүмкіндіктеріміз бен әлеуетімізге сенімділік ұялатады.

Әдебиеттер

1 Ауэзов М.О. Мысли разных лет. По литературным тропам. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961, с.268

2 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995, с. 48

3 Қ.-Ж.К. Тоқаев. Абай – рухани реформатор // *Egemen Qazaqstan*, 10 тамыз 2020 ж.

4 Абдильдин Ж.М. Собр.соч. в пяти томах. Т. V. Алматы: Өнер, 2001, с. 353

5 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. – Санкт-Петербург, 1903. Т. 18. С. 203.

6 Букейханов А.Н. Абай (Ибрагим) Құнанбаев (Некролог) // Семипалатинский листок, 1905; Букейханов А.Н. Абай (Ибрагим) Құнанбаев (Некролог) // Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского Императорского Русского Географического общества. Вып. III. 1907. С. 1-8.

7 Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. 1913. №№ 39, 40, 43.

8 Аймауытов Ж. Журнал туралы // Абай. 1918. № 1.

9 Ауэзов М.О. Путь Абая. В двух томах. – Алма-Ата: Жазушы, 1982. – 605 с.

10 Ауэзов М.О. Неопубликованные материалы по абаеведению. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 368 с.

11 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 292 б.; Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Білім, 1995. – 192 с.

12 Есімов Ғ. Хакім Абай (даналық дүниетанымы). – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 200 б.

13 Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алматы: Білім, 1995. – 196 с.

14 Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 184 с.

15 Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 336 б.

16 Барлыбаева Г.Ғ., Ерғалиев І.Е. Абайдың этикалық және гуманистік ой-толғаулары. – Алматы, ҚР ҒМ-ҒА Философия институты, 1997. – 49 б.

17 Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Абай – гениальный мыслитель и гуманист. – Астана: Фолиант, 2015. – 232 с.

18 Қ.-Ж.К. Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // *Egemen Qazaqstan*, 9 қаңтар 2020 ж.

19 Абай. Слова назидания. – Алма-Ата: Жазушы, 1970.

20 Абдильдин Ж.М. Абай как великий мыслитель и гуманист // Абай. Наследники. На перепутье... – Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995, с. 90

21 Айтматов Ч.Т. Абай Кунанбаев и духовные ценности общемировой цивилизации // Абай. Наследники. На перепутье... – Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995.

2.4 Шәкәрімнің ар ілімі және қазақ этикасының болашағы

Шәкәрім Құдайбердіұлы ғибратының заманауи өзектілігі мен өміршендігі жаңа заман сауалдарына берер жауабының тереңдігі мен күн өткен сайын маңызының арта береріне оның шығармашылығын герменевтикалық тұрғыдан зерделеу арқылы көз жеткіземіз. Ұлттық этикалық ой дүниесінің дамуына тигізер игі ықпалына сәйкес Ш.Құдайбердіұлының ар ілімі қазақ этикасының болашақ өркендеу жолын айқындайтын нақты бағдар десек қателеспейміз. Бүгінгі ақпараттық технологиялардың берген мүмкіндігімен өте мол білімге қол жеткізе тұра, толассыз ақпараттар нөпірінің астында булығып, өз жанына қажеттіден жырақтап, сансыраған адамзат үшін Ш.Құдайбердіұлының рухани танымы мен этикалық ғибратының берері мол. Ол қазақ халқының тағдырлы кезеңінде дүниеге келіп, заманның алмағайып өзгерістері мен жаңа талаптарының көкейкесті жауаптарын өз рухани практикасы және халқымен тағдырлас өмір жолында (1858–1931) азапты ізденіс арқылы тауып, болашаққа мұралады. Сондықтан, ғұламаның этикалық ілімі ұлттық этиканың болашақ дамуымен сабақтас және жалпы адамзаттың рухани сұранысының жауабын берер әлеуетке ие. Туған халқының ар-ождан туын жалаулатқан ғұлама бұлжымас ақлақтық, этикалық ұстанымымен, рухани танымдық пайым парасатымен, көркем эстетикалық талғамымен адамгершілік ардың ісін этикалық мұрат қылып, болашақ ұрпақтың, жалпы адамзаттың рухани сұранысын қанағаттандыруарлық мол мұра қалдырды.

Тәуелсіздіктен кейін қарқын алған Шәкәрімтану мәселерін зерттеген ғалымдардың пікірлері де Шәкәрім қажының таным көкжиегі кең, парасат құлашы ауқымды, ойшыл ақын екендігіне ойысады. Шәкәрім қажының ақталуынан кейін де оның шығарма-

ларының жарық нұрын халықтан жасыруға, тұмшалап жабуға деген қаскөй ниет тоқталмаған. 1986 жылғы оқиғалардан кейінгі жылымық тұсында ақынның шығармаларын ақтап, жариялауға шешім шығарған комиссияның жетекшісі академик Ж. Әбділдиннің естелігінде оның шығармашылығының этикалық мұраты айқын көзге ұрып тұратына назар аударған. «Шәкәрімге қатысты барлық материалдарды қолыма алып, мұқият оқып шықтым, ... өзімнің айналысып жүрген Кант, Гегель, Фихте, Шеллинг, Платон, Аристотель сынды идеалистермен салыстырып қарасам, Шәкәрім тіпті әулие екен, орысша айтқанда «святой». Бұл кісінің өлеңдерінде орысқа немесе кеңес үкіметіне тиіскен бір ауыз сөз жоқ. Шәкәрім өзі Абайдан кейін философиямен айналысқандардың бірі. Өлеңдерінде әсіресе этика мәселесі, адамгершіліктің түрлі категориялары кеңінен қаралған. Бұл кісінің шығармаларына шындап бойласаңыз, ол халқымыздың әлемдік өнерге, ғылымға ұмтылуына көп атсалысқан нағыз ағартушы» [1, 10 б.].

Өзіне «Мұтылған» деп лақап ат қойған Шәкәрім қажы шығармашылығындағы өмірбаяндық туынды ретінде мәлім «Мұтылғанның өмірі» атты өлеңі, терең өмірмәндік тұжырымдары тоғысқан, түйінді асыл ойлары рәміздік мәнмен астасқан терең сырлы толғау [2, 485–503 б.]. Өлеңнің алғашқы жолдары ғұлама өміріндегі маңызды қадам балалық шақтағы оқуға баруын баяндаумен басталады. Осыдан-ақ, оқу-білім жолындағы тынбай тер төгу, қажымай білім алып, ғылыми ізденісте болуды көксеген ақынның этикалық мұраты айқындалады. Себебі, ғұлама үшін адам жанын ізгілендіру этикалық мұратына қол жеткізудегі басты ұстанымы өз жанын ізгілендіру. Айтқан сөзі өзгенің бойындағы кемшілігін жойып, рухына шипа болуының ғұлама ұстанған басты шарты – этикалық ғибрат берушінің өзінің тазалыққа жетуі еді.

Әрине, тақуа жанның қауіп-рижасы мен қарапайым адамның уайым-қайғысы бірдей емес. Қарапайым адам өзіне берілген бақдәулетті, атақ-абыройды, билік-мансапты өзінің лайықтылығына сай берілген дәреже деп қана білуі соған көңілі толып, тоқмейілдікпен өмірден өтуі, көзін перде болып тұтқан осының желігімен үлкенді-кішілі күнәға батуы мүмкін. Ал, Шәкәрім ұстаздай тақуа жан үшін биік мансап дәреже бұл – тағдыр жүгі.

Мәжбүрлікпен мойнына алған бұл жауапкершілік ғұламаны өзінің ең басты аңсары – өзінің рухани интеллектуалдық жағыдайын өсіруіне, жүрек тазартып, таным көкжиегін кеңейтуіне, жүрек-мағрифат теңізіне терең бойлап, ақиқат асыл-жауһар ойларын қауымға ұсынуына бөгет болар ауыртпалық. Сондықтан-да ақын заманына сай өз ортасындағы атақ-дәрежені, бедел абыройды, бақ-дәулетті иелене тұрып, торығуа ұрынып, жан шабақтар уайымға салынуы, осы рухани аңсарға байланысты этикалық мұрат. Осындай ұлық этикалық мұратты өмірлік бағдары етіп белгілесе де, тағдыр жүгін қайыспай көтерген абыз ел басқару ісінде де қаақтың дәстүрлі билік әдебін жүзеге асырған.

Ғұлама шығармашылығының өзегін «өзін-өзі тану» танымы құрайды. Сондықтан, «Мұтылғанның өмірі» ғұламаның бүкіл шығармашылығының толғауы тоғысқан, тұжырымы түйінделген, өмірбаяндық мазмұнына қоса, өмірмәндік ой-толғаммен байытылған туындысы. Ғұламаның өзін-өзі тану толғауы өмір кезеңдерін айшықтай келе, тағдыр-талайын, ғибраты сәттері мен өмір тәжірибесін, рухани танымы мен таубе таупиығын, қауіп мен үмітін сүйініші мен күйінішін ерекше өрілім түзіп, ұластыра баяндайды. Хаққа қауышуды аңсаған ердің балалық шағында-ақ «бойында тағылық, ойында ерекшелік» болғандығына назар аудартады. Кісікиіктігі мен ойынға құмарлық ойын арқылы өсетін бала танымының, өсуге бейімділігі мен әр нәрсенің сыры мен құпиясын ашуға ықыласын байқатады. Осы балалық шақтағы кісікиіктігі елуден асқан шақтағы елден оқшаулануының ағашқы нышаны екенін «Қауымнан қаштым қағылып, оңаша өмір сағынып, Жасымда біткен тағылық, Осы екен ғой асылда» деген шумақтарда береді. «Мұтылғанның өмірі» ғұламаның өз жан дүниесіне тереңдей үңіліп, өткені мен бүгінін жіті сараптап, болашағынан күтер үмітін саралаған, «өзін өзі тану» танымының үлгісін көрсеткен шығармасы десек те және бұл «өзін өзі тану» ілімі ғұлама шығармашылығының арналы өзегін құрайтын, жалпы мұрасының негізгі этикалық мән-мазмұны деп білсек қателеспейміз.

Бұл арна жан мен тән, рух пен нәпсі, адамның бақи мен фәниге қатысы, адам бойындағы ізгілікті қасиеттер мен жағымсыз сипаттардың көрініс табуы, ақиқат пен жалған сияқты мәселелерді

камти отыра, кейде шендестіре кейде ұластыра баяндау арқылы адам табиғаты мен рухани әлемін оның қарама-қайшылығы мен ішкі тұтастығын ашып баяндайды. Адамды рухани кемелдендіретін талап, ақыл, ынсап, рахым ар, ұят, сабыр, сақтық, әділет сияқты игілікті этикалық қасиеттерді дамытуға шақырып және олардың сыр-сипатын ашады, сонымен қатар жалқаулық, көрсеқызарлық, мақтаншақтық, өтірік, өсек, еріншектік, ызакорлық сияқты жағымсыз сипаттарды әшкерелеп, сақтандырады.

Талғаммен киінуі, құрбыларының алды болып, музыка құралдарын меңгеруі, аңшылыққа, ұсталық өнеріне ден қоюы, құсбегілікке, саятшылыққа алғашқы басқан қадамдарын баяндай келе, сөз өнеріне деген құмарлығы ояна бастауына назар аудартады. Әрбір өнерді үйреніп, меңгерумен қатар, әрбір өнердің, әрбір ортаның өзіндік әдебі, адамды дегдарлыққа, кәсібилікке, шеберлікке, төзімділікке тәрбиелейтін, ерлік этосына баулитын қасиеті бар. Халқымызда нағыз ердің сипатын, «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп тәмсілдейтін даналығы бар. Бұл халық санасындағы ерлік этосының этолоны. Ғұламаның көптеген өнерді меңгергендігі мен қоғам өміріне белсенді араласуы оның «сегіз қыры» қырналғандай жан-жақты толысқан тұлға болуына игі ықпал етсе, билік ісіндегі ел басқару тәжірибесі адамды тануға, халқының мұң-мұқтажы мен рухани дерттерін терең түйсінуге әкелді. Сегіз қыр мен бір сырды ұштастыра айтқан халық даналығының да мәні терең, себебі, сырдың тереңдеуі мен қырдың қырналуы бірін бірі толықтырып, өзара әрекеттесе қатар дамиды қасиеттер. Халықтың «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» деген сөзінде де, өнерді үйрену адамның адамшылық ізгілікті қасиеттерін дамытатын қуатқа ие екендігін, алайда, өнерді үйрену ынсапты жоймай терең сырға зияны тимейтіндей деңгейде болуы керек екенін ескертеді. Өмірдің қызу-қызбасына белсене араласа тұра ғұлама сау ақылдың сарасын жоймай өзінің «бір сыры» – ақиқатқа махаббатын тереңдетіп, ұлғайтып, сақтап, көркейтуі, сол тұрғыдан әрбір оқиғаға, әрбір өмір кезеңдеріне, әрбір ісіне салиқалы сынмен қарай білгендігі, соңына мол рухани мұра қалдыруға мүмкіндік берді. Демек, өнер адамшылықты дамытқан кезеңде ғана маңызды, адамшылыққа зияны тиіп хаққа махаббаттан ажыратар, атаққұмарлыққа ұрындырар

сипат алса этикалық нормаға сәйкес емес деп білді.

Сөз өнерін бүкіл мәнді өмірінің мән-мазмұнын айшықтайтын құралға айналдырған ақын жиырма жас мөлшерінде өлең жазып, ғылымға ықыласы арта бастағанын айтады. Демек, дәстүрлі этикалық тәрбие салт дәстүрмен ұштас қалыптасатын болғандықтан Шәкәрім Құдайбердіұлының аңшылық, саятшылық, ұсталық, музыка, шешендік өнерін меңгеруі оған өзінің рухани әлеуетін дамытып және болашақта этикалық ғибраты мол шығармашылық мұрасын қалдыруға ықпал етті. Сөз өнері ол үшін өз атағын шығару үшін емес, этикалық мұрат мақсатын насихаттаудың құралы болғанына ғұлама шығармашылығына бойлаған сайын тұшына түсеміз.

Ғұлама жастық шақтағы өлеңін жастарға арнадым, алайда, көптің мұңын мұндап, жоғын-жоқтауға әлде де көңіл бөлмедім деп өкініш білдіргенмен «Білімге салып тілекті, Сыбанып едім білекті, Ағартуға жүректі, Аршымақ болып қоқымын, өлең мен сөзді шеберлеп» деген сөздері ғұламаның сөз өнерін жеңілге санамағанын, сөз саптап сөздің сырлы әлеміне ену үшін ең алдымен таза жүрек, мол білім, ықылас, ынта қажеттілігін терең түйсінгендігін көреміз. Әрине, бұл Абайдың ақындық мектебінің өкілі болған Шәкәрімнің жастық шақтан-ақ сөз қадірін білгендігі, өзін баулыған ғұлама Абайдың рухани ықпалымен ел жоғын жоқтап, ізгілікті ілімді меңгеріп көпке шарапаты тиюді ерте бастан мақсат етіп айқындағанын көреміз.

Ал, болыстық билікке ерте жастан, 20 жасынан бастап ел жүктеуімен еркінен тыс араласқан Шәкәрім, биліктің, ғылым-білім, рухани таным жолында ізденуіне бөгет болғанына өкініп, опық жейді. Ғұлама биліктің ұлық пен елге жағынуға, айлаға жүгініп, ардан кетуге, атаққұмарлыққа ұрындырарына өкінеді. Өзгенің бақ деп таныр билігіне, осылай сын көзбен қараған ғұлама, өзгеге қайырымдылығымен, әділ билігімен, халыққа қамқорлығымен абыройға ие болғаны да, көпке шарапаты тигені де белгілі. Алайда, Шәкәрімнің басты өкініші билік пен мансаптың ғылым нұрын сезінуге бөгет болғандығы, ол жиырма мен қырық жас аралығындағы қайратты шағын басты өмірлік мақсаты деп білген ғылым жолына жұмсауға мансап кедергі жасады деп налый-

ды. Өзін-өзі сын тезіне салып, ширықтырып, өткеніне опық жеп, өкініп, жіберген кемшіліктерін қайталамауға бел буып, болашақта ізгілікке ұмтылу мұратын, адамгершілікті дамыту аманатына жету үшін өз өмірі мен ісін үнемі сараптап отыру ғұламаның этикалық мақсатына жету жолындағы тынбай ізденісін көрсетеді.

«Осы айтылған төрт кесел, жасымда болды көзге шел. Қырыққа келіп астым бел, Деді бір ой көзінді аш» деген шумақтар Ақын өміріндегі кезенді асу, шешуші сәт осы қырық жастық меже екендігін әйгілейді. «Көзді ашу» яғни, көкейкөзінің ашылуын көксеу ғұламаның ішкі оянысын, бетбұрыс кезеңін, көңіл түпкіріндегі ақиқат аңсарын, түбегейлі этостық мұрат-мақсатына беттеген шешуші қадамын білдіреді. «Қырықтан соңғы сөзімді, Сынап, таны өзімді, Түзу құрып тезінді Жүрегіңді қылмай тас», «Қырықтан соңғы қырымды, Сынамақ болсаң түрімді, Көрейін десең нұрымды, Жи-дағы оқы жырымды» деген жыр жолдары да бұл жастың кезең асқан, мерзімді шак, ғұламаның тура жолға бет қойған қалпын білдіреді. Бұл кезеңде ғұлама шығармашылығында болашақ ұрпаққа арнай сөйлеу, өсиет жолдау, болашаққа мирас ету сарыны басым түсе бастайды. Осыдан-ақ руханиятқа бой ұрған өз заманынан озық ойлы ақын өзінің рухани мазмұндағы шығармаларының адамның рухани аңсарын, замана зарын, қоғам дертін терең түйсінуден туындағанымен де тұрғыластары тарапынан жете қабылданбайтынын білген. Алайда, өз мұрасы ғасырлар ағымында құндылығын жоймай жаңғырып отыратын, адам жанының да қоғамның да дертіне дәру болар асыл жауһарлар екендігін толық түсініп, болашақ ұрпаққа мирас еткен деп білеміз. Шәкәрім этикалық мұрасының ұлттың болашағын анықтайтын және жаһандану заманындағы адамзаттың рухани сұранысына жауап беретін тағылымдық сипатын бағамдау үшін жан-жақты насихаттаумен қатар, терең ғылыми зерделеу қажет.

Рухани қазынаның замана тоғысында, халқының жаны мен ділін терең түйсінетін, ақиқатқа ғашық, ел тағдырынан өз тағдырын өзгелемейтін, ел мұңы мен жан сыры өзектес ерлердің өзегін жарып шығары, осылайша уақыт, мекен кеңістігін жеңіп, мәңгілік мәні өшпес, қай заманда да өзектілігін жоймайтын ақлақтық-этикалық мақсатқа айналатыны сөзсіз. Сондай-ақ бұл

мұра жалпы адамзаттық құндылықтар қазынасына қосылатын, тілдік немесе кеңістіктік бөгеттерге қарамастан ден қойған адамға дем беретін адамзатқа ортақ этикалық мұра. Ғұлама ғасырлар бойы қордаланған рухани құндылықтардың мұрагері болған қазақ халқының басына түскен сын-сағаттан аман-есен өтуін, рухани өзегін жоғалтпай, елдігін сақтап қалуын, отанын елім деген ерлердің рухани кемелденіп қалыптасу ортасына айналдыруды басты этикалық мұрат тұтқан.

Қазақ халқының тарихын, салт санасын, арман аңсарын, терең біліп қана қоймай оны зерттеп танып, халыққа жеткізуде талмай еңбектенген ғалым адамды ілгері бастыруға, жан дертін емдеуге, адамды сүюге, адамгершілікке адалдыққа баулуға бар өмірін сарп етеді. Фәни мен бақидың, бұл материалдық дүние мен руханияттың қарама-қайшылығы мен бірлігі тұрғысынан қарасақ ғұламаның өз заманына өзін өгей сезінуімен қатар өз заманының рухани дертті ахуалын өз халіндей өзегін өртей терең түйсінуі ұласа жүреді, өзінің озық ойымен өз тұрғыластарынан теперіш көріп, түсінбестікке ұшыраса да, өз үнінің болашаққа жететініне сенеді, асыл-жауһардың жерде қалмай, қадірін білер нақ иесіне жолыққанда кәдеге асарына үмітін жоймайды. Шәкәрім ар ілімінің болашағын елдің моральдық-этикалық дамуымен байланыстыруымыздың себебі ғұламаның этикалық ізденісі өз басынан өткерген практикалық жандылығымен, логика-гносологиялық пайымға құрылған теориялық негізділігімен ерекшеленеді.

«Жартасқа бардым күнде айғай салдым, одан да шықты жаңғырық», «Сұм өмір абақты ғой ойлы адамға» деп ұстазы Абайдың замандастарының тоқмейіл, томаға тұйық, тоғышар қалпіне қарап торығу халі Шәкәрімдей ойшылдың да басында бар. Сондықтан, «көптің ішіндегі жалғыз» яғни, өз рухани интеллектуалдық деңгейімен көптен оқ бойы озық оңашалана тұра, сол көптің мұң-зарын, дертті халін терең сезінумен шерменде болған, «халқымның табанына кірер шөңге менің маңдайыма кірсін» деген құрбандықпен өзін көптен өзгелей алмайтын адамсүйгіштік қасиетті иеленген ақын өз үнін болашақ ұрпаққа арнауы, ақтауды да, түсінуді де, әділ төрелікті де, дұға тілекті де

солардан күтуі түсінікті. Ғұламаның өзін-өзі тануы, өз халқын, өз заманы мен замандастарын танумен ұласа жүреді. Алайда хаққа ғашық ғұлама қоғамның кемшілігі мен ластығын, надандық дертінің мендегенін, озбырлықтың озғанын әшкерелеп сынау қалпында рухани жағынан өзге тұрғыға шыққанымен өзін өзгеден оқшауламайды. Сол қоғамда бар дерт өз бойымда да бар, сол қоғамдағы барлық кемшіліктен өзім де ада емеспін деген тұрғыда өзін өзгеден бөлмей сын тезіне бірге қатар салады. Оның жоғары рухани тұрғыға шығып, анық айна ақылын іске қосуы көптің кемшілік міні көруге мүмкіндік бергенімен, ол кемшіліктерді терең түйсініп тәубаға келу арқылы, сөге тұрып күйінеді. «Сөккенің болсын сүйгенің ащы тілмен тигенің, жойылсын деп міндері» деген қағида оның өмірлік ұстанымы. Оның шыққан тұрғысы рухани биіктік болғандықтан қоғамның дертті хәлін, күйзелген жәйін, надандық қалпін, азғындаған салтын, мұңлы-зарлы тұрмысы мен азып-тозған елдік үрдісін көрмей «ашылған көз» тұра алмайды, осы қиындықтардың бәрін өз басымдағы зар-зобалаң деп терең сезінгендіктен ауыр жан азабын тартады. Осыдан ғұламаның айырықша терең мазмұнды, жоғарғы рухты, адамгершілік мақсатты этикалық тұғырнамасын көреміз.

Өзінің өмірлік қағидасы болған адамның өзін-өзі тануы мен тәрбиелеуі үшін қолға алар негізгі әрекеті, өзін-өзі сын тезіне салу, аяусыз талқыға алу арқылы, мінін жөндеу керектігін өз үлгі мысалымен көрсетеді. Жасы қырыққа келген шағында сыншылдық ой сарынына салынуы елдің мінін көруімен, көптің дертін түсініп, рухани күйзеліске ұрынған, адамгершілік қасиеттерден, елдік салттан айырылып партияшылдыққа салынған, надандықпен, даңғазма мақтанқұмарлықпен азғындаған елді сынауы ақын дүниетанымының, өмірлік ұстанымының этика-дидактикалық арнаға толықтай ойысуынан хабар береді.

Алайда, ақынның этика-дидактикалық бағыттағы ағартушылығының батыстағы ағартушылықтан немесе гуманизм ұғымынан өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы бар екенін ескерген жөн. Шәкәрім ұстаздың этика-дидактикалық бағдары хақтық жолға тәуекелмен бел буып, толықтай бет бұруымен, өзін сол жолға құрбандыққа тігіп, ар ілімін, жүрек танымын зерделеу-

ге және ар түзейтін ілімді халыққа жаюға зор жауапкершілікпен ден қойғандығымен ерекшеленеді. Сондықтан, оның этика-дидактикалық ағартушылығы елді жәй ғана сауаттандырумен шектелмей, адамның көкейкөзін ашуды, жан-жүрегін тазартуды, надандық құрсауынан шығаруды, рухани серпіліске жетелеуді мақсат етеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз заманының қоғамдық-әлеуметтік жағдайымен, саяси-тарихи оқиғаларымен, рухани-мәдени хал-ахуалымен шектеліп қалмайды, өзінің рухани самғау биігінен осыншама көп кемшіліктің басты себептерін іздейді. Нәпсінің жетегінде кеткен адамның азғындауын, саяси мүдделердің желеуімен адамгершілік мұраттардан адасқан қоғамдардың тоқырауын, соқыр сенім, жалған идеялардың соңында кетіп ғылымның, діннің, философтардың адасушылықтары мен бұрмалауларға ұрынуларын таза ақылдың сын-сарабына сала бастайды. «Адасып діншіл азғанын, Пәншілдер ғылым қазғанын, Философ ойшыл жазғанын, Сынауға енді бұрдым бас» деген ғұлама бұл бетбұрыс жан ізденісінен, қоғамды ізгілендіруді көздеген этикалық мұраттан туғанын айтады. «Қырықтан аса бергенде Ақылым қылды шерменде: «Дінім қалай, жаным не, Жоғалам ба өлгенде? Әлемді кім жаратқан, Осынша түрлеп, таратқан?», «Ақирет деген немене, Шыққан жан қайта келе ме, Кіре ме осы денеге, Дәлелі қайсы сенгенде?» деген сауалдар кез-келген адамды толғандырмай қоймайтын адам өмірінің мәнін айқындайтын этикалық танымдық мәселелер. Әрине, бұл сұрақтарды өзіне өзі қоймайтын, өз көңілі құп алатын жауабын тапқанда ғана жүрегі орнығатын, тіптен осы сауалдарды өмірінің әр кезеңінде жаңартып өзіне қойып отырмайтын адам кем де кем. Шәкәрім ойшылдың шығармаларын оқып, көкейіне тоқыған әрбір шәкірт, осы сауалдарға көңілі толар, ойына қонар жауап табары сөзсіз.

«Ноқтасыз оймен тексердім, Бояулы діннен сескендім, Дін шатағын көп көрдім, Қатесін сынап, тергенде, іздедім таптым анығын, Тастадым ескі танығын, Хақиқат нұрдың жарығын, Жарылды жүрек көргенде» [2, 492 б.] деген жыр жолдары таза, мінсіз, сау ақылға жүгінген сыншыл ойдың иесі, нұрлы жүрек танымымен «Ақылмен нанар иманды тапқанын» және оның осы сенім жо-

лында қандай құрбандыққа болса да дайын екендігін аңғарамыз. Ықылым заманнан осы сауалдарға орай айтылған жауаптармен танысып, өз ойқазанында қорытып, қажеттісін алған, сонымен қатар ғаламдық деңгейде озық ойлы адамзатты толғандырған, алыс жақын шет елдерде танымалдыққа ие болған ой-пікірлердің негізгілеріне бейтарап қалмай өз жауабын берген. Адамзат қауымдастығының ғаламдық деңгейдегі жаһандық мәселелерінің себептері мен салдарларын, сипаттарын пайымдауы, ғұламаның көңіл көкжиегінің кеңдігі мен жаһандық деңгейде ой түйіп, этикалық мұраттарды айқындаған ойшыл екендігін көрсетеді. «Ақирет, Құдай, жан сырын, Тексере келе келіп әрбірін, Шеше алмай анық тағдырын, әртүрлі айтып қарысқан» философтар, ойшылдар, данышпандардың ой-пікірлерін сынға салып, қатесін ашып, жалғанын тастап, керектісін алғанын айтады.

«Бұл күнде дұрыс иман жоқ, Шатақ дін нәпсі тиған жоқ, Ақылы саудың ойына Алдамшы діндер сиған жоқ» [2, 277 б.] адамдардың иманнан безуі, дінді мансұқтап, Жаратушыны жоққа шығаратын атеизм идеясының үстемдікке ие болуына басты кінәлілер өздерін діншіл қылып көрсетіп, сол дінді жеке бас пайдасына тұтынушылар, сол дінді шатаққа айналдырушы бұрмалап түсіндірушілердің өзі дейді. Сондықтан, діннің ақылды сауықтыратын, нәпсіні тиятын, рухты өсіретін қасиетін ашу және дінді осы мақсатта ұстанудың үлгісін көрсету ақынның басты этостық мақсаты. Дінді бүгінде де идеологиялық құралға айналдыруы арқылы, әлемге үрей мен қорқыныш туғызып, жекелеген топтардың мүддесіне пайдалануға ұмтылыс үдерісі арта түскені көрінеді. «Біз әлемнің көптеген бөліктерінде әртүрлі діндердің көшбасшылары мен ізбасарлары агрессияны, фанатизмді, жеккөрушілік пен этникалық араздықты қоздыратынын, сонымен қатар зорлық-зомбылық пен қанды қақтығыстарды рухтандырып, заңдастырған түрде жүргізетініне біз үнемі куәміз. Дін көбінесе соғысқа және оның ішінде саяси мақсаттарға жету үшін қолданылады. Бұл бізді жиіркенішке толтырады. Біз осы көріністердің бәрін айыптаймыз және мұндай болмауы керек деп мәлімдейміз» немесе «Ықылым заманнан, адамзаттың бүгінгі діни және этикалық дәстүрлерінен бұрын қалыптасып, бүгінгі күнге дейін сақталған «Алтын ереже» деп мына қағиданы

ұсынамыз: өзіңіз үшін қаламайтын нәрсені басқаларға жасамаңыз немесе жағымды тұрғыда айтсақ: өзіңіз үшін нені қажет етсеңіз, соны басқалар үшін жасаңыз» [3] деген «Әлемдік этикалық декларацияны» жариялаушылар осы мәселеге 1993 жылы, біздің заманымызда назар аударып отыр. Ал, Шәкәрімнің дүниедегі қақтығыстардың негізгі себептері мен оның емін сол кезде-ақ та-мыршыдай дөп басып айтқанын дәлелдейтін мысалдарды көптеп кездестіреміз. Осындай діни қайшылықтар шиеленіскен кезеңде діннің рухани-танымдық мән-мазмұны мен ар-ұжданды тезге салар этикалық қырларын танытуға күш салған Шәкәрім ұстаз мұраларының құндылығы өзектеніп түседі.

«Қазақтан мендей ұл туса, Осындай түзу жол қуса, Хақиқат іздеп бел буса, Ол да бір жақсы ырым-ды» деген жолдарда өз заманына, өз халқына өгей болып, замандастарына сөзін өткізе алмай, торықса да, бұл жырлардың сырына бойлар, асыл қазынаны игерер, ақыл нұрына қанығар ұрпақтың болашақта дүниеге келеріне зор үмітпен қарайды. «Жаралы жаным шықсын деп, Қара жер мені жұтсын деп, Өлген соң мені мұтсын деп, Атымды қойдым «Мұтылған» деген жолдарда өзін жоққа санауын «өлім алдындағы өлуге» балауға болады. «Әлемді түгел мен көріп, Ешкім мені білмесе мұқтажым нәпсім жоқ болып, Зияным жанға тимесе» [2, 281 б.] деп басталатын жырында да өзінің өзгені жөндеймін деген талпынысындағы әлсіздігін, шарасыздығын біле тұра, бірақ, ақиқаттың жерде қалмайтынына деген сенімі мен ізгілікке деген риясыз жанпида ұмтылысы ғұламаның өмірлік ақылақтық кредосы.

Рухани тазару арқылы өзінің өткінші дүниедегі көптеген ұмтылыстарының талаптары мен істерінің кемшілігі мен мінін көріп, бой жыйюы, ақиқат этикалық мұратына ғана өзін құрбандықпен арнауы «Мұтылған» атын алуынан анық көрініп тұр. Көрнекті әдебиеттанушы Т. Кәкішев ақынның «Мұтылған» атын иеленуіне «Мұтылғанның символикалық астарын ашып ел-жұртқа дұрыс түсіндірейік. Демек, «Мұтылған» деген атауда азап-бейнет те мүжіліп шаршау да, қамығып қан жылау да, шығар жол, жұтар ауа таба алмаған жанның батпандай қайғы-қасіреті де, еліне сөзін өткізе алмаған өкініші де, шарт сынған намыс та бар» [4, 60 б.] деп этикалық ізденіс жолындағы азапты

бейнетіне назар аударады. «Дүниеден мұтылсаң жолға түстің түп-түзу» деген ғұлама бұл дүниелік атақ-дәреже, даңқтан қашудағы мақсаты «Мейірім, Ынсап, Әділет, Шыдам, Шыншыл, Харакет, Түп қазығы – Ақ ниет, Бұл жетеуін ел қылу» [2, 279 б.] яғни түпкі мақсат – этикалық мұраты рухани адамгершілік кемелденуге қол жеткізу дейді. Бұл жетеуін жеті ру елге балап, оны билеуді шын мәніндегі билік, атақ дәреже деп біледі. Талапкерді осының билігіне жеткіземін дейді бірақ, оның шарты – жолбасшыңды таза ақыл қылып, Рухани мастық хәлде, хаққа махаббатпен, оған деген тәуекелмен жолға түсу. Осы шартқа берік болғанда жолға түсуші осы «жеті ру елді билеуге» – «Мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шыншыл, харакет, ақ ниет сияқты ізгілікті қасиеттерді игеруге», яғни, жоғары этикалық мақсатына жетеді дейді. Ғұлама сөзінің мәні аса тереңде болғандықтан оның тереңіне бойлау тәуекелді, жанпидалықты қажет етеді, оның сырлы сөздерінің мағынасын қармағанның өзінде мәніне терең бойлаудың қиындығы да осыған байланысты. Себебі, кез-келген дәмдінің дәмін татып көрмесең, дәмді, тәтті, нәрлі деген сөздерден дәмін біле алмайсың, тіптен өзің білсең де өзгеге дәл сипаттап бере де алмайсың. Сондықтан біздің сырлы сөздердің мағынасын салқын ақыл деңгейінде сараптаумен ғана шектеліп, жүрегімізге орнықтырып, мәніне сәйкес болуға тәуекеліміз жетпегендігінен оны түйсінудіміз толыққанды бола алмайды. Шын мәнінде толық этикалық ғибрат алу үшін зор этостық ерлік қажет, ғұлама осыған шақырады. «Мұтылған» атын иеленуінің өзі оны толық түсінудің ілуде біреу боларына да мензейді. Өз жырларының өлмей жалғастық табуы үшін, өз сөзінің көк шөпке тіршілік берген жауындай тіршілік көзіне айналуы үшін оның хәліне ене алатын, ол татқан хақиқатқа мастықтың дәмін тұщына алатын тәуекелшіл, жүрегі таза, хаққа ғашық ұландар керек. «Өлтірме мені дегенім, Сөзімде тәтті шарап бар, Соның сырын ұғып ал, Жүрегіңе тығып ал, Айтқаныммен жүрсендер, Өлеңімнің ішінде Өлікке жан беретін, Мәңгі судай арақ бар» деген жолдарда Өлі жүректі тірілтетін нұрлы ақылды астарлы мәнмен таза араққа байайтынын көреміз.

Жалпы ғұламаның өзін ақиқатқа құрбан қылып бас тіккеніндегі этикалық мақсатының өзі дүниені ғашықтық отымен аластап та-

зарту. «Үйретсем иман адамға, Өлімге мейлі наданға, Қолы жүйрік, көзі өткір, Көңілі соқыр шабанға. Түзетсем оның тілегін, Тірілтіп өлген сүйегін» [2, 275 б.], «Жар қанжары маған бал Сұқсын сорлы жүрекке. Талай асық жаралсын жар ағызған қанымнан. Жер жүзіне таралсын, жүрегі таза есті жан. Сайтан қашып асықтан, Асыл озып жасықтан, Бейіс болсын бұл жалған, Кеудеден кетіп сасық қан» [2, 281 б.] деген жолдарда да мақсаты адамдардың рухын ояту, соларды мәңгі тірілікке жеткізу екенін көреміз. «Жүректен аққан қаныммен тозақтың отын сөндірем» деген жыр жолдарында да жердің бетін жұмақ қылып, адамдарды рухани тазартып, адамгершілікке жеткізетін де хаққа махаббат деп сенгенін көреміз. Өлгенді тірілтетін Әбілхаят суы, мәңгі тірілік суы бүкіл әлемдік мифологияда кездесетін мотив. Демек, адамның ажалдылығына күмән келтірместен, рухының мәңгі тірілігіне сенген, тірілікті хаққа махаббатпен байланыстырған этикалық аңсар халық санасында әзелден орныққан. Халық дүниетанымында өлім мен ажал ұғымдарының нақтылы өзіндік мағынасы болған.

Адамның мәңгі өмірді иеленуі мүмкін бе деген сауалға Шәкәрім ойшылдай жауап берген адам кем де кем. Мұхаммед пайғамбардың өсиетіне сай «өлім алдындағы өлу», яғни нәпсіні толықтай жеңіп, жоғары рухани дәреже иелену арқылы өлімді тіршілікте жеңу тақырыбы шығыс мұсылман сопылық әдебиетіндегі негізгі арналардың бірі. «Сырты бүтін, іші түтін», өзін тірі өлікке балау мотиві Абайда да, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында да кеңінен жырланады, өлімнің танымдық тағлымдық мән-мағынасы жайлы толғаныстар да мол. Қорқыт ата рухани мұрасының негізгі өзегін құрайтын өлімді тіршілікте жеңу мотивімен сарындастықты Шәкәрім ғұлама шығармаларынан да көреміз. Тіптен «Қорқыт ата сарынына салып» жырлаған өлеңі де бар. «Жар қараса, тірілуші ем, Қарамаса мен – өлік. Рахым етіп қылмады-ау ем, Енді үмітім қалмады. Сөйтсе онда сыр бар екен, Байқамашпын мен мен оны, Қосылайын өлсе деген Амалы екен – алдады. Өліп едім жар бірігіп, бір бейісті таңдады. Ләйлі, Мәжнүн қарсы шығып, Ерулікті қамдады. Жар сипатын білсеңіз де, Нәпсің өлмей деме жар. Айла, алдау сөзіңізге шын хақиқат нанбады» [2, 289 б.]. Рухты Хаққа қауыштырар күш-қуат бұл махаб-

бат оты, ғашықтық жалыны. «Анық асық әулие кереметке сол ие, Жаны құрбан жарына керексіз өзге дүние» [2, 286б.], «Өзгермейтін өлмейтін, Өмірді талап етемін, Қайталап ойын көрмейтін, қызыққа түпсіз жетемін» [2, 285 б.], «Шын асықтың әрбірі, Өліп топырақ болды да, Жаралыстың тағдыры жаратты мені орнына», «Көрем десең жарымды мас бол жүрек тазала. Өртеп жібер барыңды, Қарсы ұмтылып қазаға» [2, 286 б.]. Хаққа деген асыл махаббатың иесі шын ғашықтың хәлі мен сыр-сипаты, құрбандықты қажет ететін махаббаттың үддесінен шығып тірілігінде нәпсісін жеңіп мәңгі тірілікке жету аңсары, ғашықтық дертін иеленіп, соның отымен тазалыққа жету, хаққа жетіп нұрлы ақылды иеленгенсін соның мастығына беріліп, ой тереңінен маржан сүзу және сол игіліктен өзгелер де құр қалмасын деп бөлісуге құмарлық «Мен жомартпын жар нұрына алса екен деп барша жан» деген ғұламаның бүкіл шығармашылығынан байқалады. «Егер әрбір адамның санасы өзгермесе, жердегі өмір жақсы жаққа өзгере алмайды. Біз медитация, дұға және позитивті ойлау арқылы рухты тәрбиелеуге және нығайтуға, жаңа нәрселерді қабылдау қабілетін кеңейтуге уәде береміз. Тәуекелсіз және құрбан болуға дайын болмай, сіз үлкен өзгеріске жете алмайсыз. Сондықтан, біз ғаламдық этикаға, бір-бірімізді түсінуге және әлеуметтік қолайлы, бейбіт және экологиялық таза өмір формаларын дамытуға міндеттіміз» [2, 285 б.], деген әлемдік этикалық идеяны ұсынушылардың сауалдарының жауабын Шәкәрім өз өмірінің мысалымен, қолданбалы этика тәжірибесімен 20 ғасырдың басында берген.

Ғұлама шығармашылығында сан салалы этикалық идеяларының тоғысар ауқымды арналары бар. Оларды Махаббат, ажал, өлім, рухани мастық, пікір, иман, ақыл, әділет ар, ұждан, жүрек, ақирет деп шартты түрде анықтауға болады. Бұл арналардың толғауы тоғысар өзара үндесер немесе қарама-қайшылықта дами тұра, тың ойға жетелер тұстары көптеп кездеседі. Бірақ, ғұлама шығармаларын танып білудің бір әдісі ретінде осы салалас арналарды жекелей алып және өзара байланысына назар аудара отырып, сабақтастыра зерделеу әдісін қолдансақ, бұл мәні терең бейнелі ойларды саралап тануға белгілі бір мүмкіндік береді. Сол арналы бір сала ғұламаның махаббат жайлы толғаныстары. «Бүтін әлем

байланған сиқырыңа, Мен жындандым асық боп сол нұрыңа. Шірік иман, шыққан жан арман емес, Қолымды бір тигізсең бұрымыңа, Нұрға байсың, нұрыңнан зекет парыз, Мен кедеймін нұр сұрап қылдым арыз. Бір қарасаң тірілер өлі денем, Қарамасаң мойныңда кетер қарыз» деген шумақтардан «дидар талаппен» Хаққа ғашық болған сопылардың хаққа деген махаббатымен үндестікті көреміз. «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасының қорытындысында өзінің дертті ғашықтық ғаріптік хәлін Мәжнүннің қалпына балап былай дейтіні бар: «Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар, Берейін атын атап, ұқсаңыздар: Махаббат, ғаделет пен таза жүрек, Бостандық, терең ғылым – міне осылар» деп, өзінің Хаққа деген махаббатын салалап таратып айтуы мен нақтылауы арқылы осы бес асыл істі этикалық мұраты деп түсіндіреді. Ғұламаның махаббатты – хаққа махаббат екендігі, ғаделет деп отырғаны – ақиқат жолындағы қажыр қайратын сарп етіп, жанпидалықпен күресуі, таза жүрек – рухани ар тазалығына жету, бостандық – нәпсі құлдығынан азаттық алу, терең ғылым – мағрипат ілімін иелену деген рационалды нақты тұжырымын көреміз. Дегенмен, мистикалық тұспалға толы иррационалды танымға нұсқайтын ой түйдектері өлеңдерінде жиі кездеседі.

Ғұламаның «жарым» деген сөзі сопылықтағы «хақ дида-ры» деген ұғымның баламасы деуге болады. Бұл оның танымдық аңсарын, гносеологиялық мақсатын анықтайтыны еске алсақ, оның рухани хәлін басымыздан өткізбей тұрып жеткізер ойын толық байыптай алмасымыз белгілі болады. Дегенмен, ұғарымыз бұл ілімді, ілкі танымды, ғұлама ерекше рухани хәл үстінде иеленгендігі. «Жарымның нұрына жанып, Тәнім көмір бола қалып, Жүрегімді жарып алып, Ағызды арамын-насын» [2, 305] деген жолдар сопы ғалымдар өздерінің пайғамбар сүннетіне адалдығын жүрек кірі мен тотын тазартуға бар қажыр-қайратын аямай жұмсап, тіптен өзін құрбан етуге даяр екенін көреміз. Бұл шумақтағы ишара пайғамбар өміріндегі ғибратты оқиғаға сәйкес болуға тырысуынан туған мистикалық психотехникаға меңзейді. Мұхаммед пайғамбардың балалық шағында періштелердің оның жүрегін жуып тазалауы оқиғалары белгілі. «Жарға ғашық болғаным таңданатын түк те жоқ, Жер жаралмай тұрғанында

Менде асықтың нұры бар» деп әлмиссақтағы ант жайлы айтты десек, «Жар», «жар нұры» сөздерін сопылық танымдағы «хақ дида-ры» ұғымына балауға боларын тұспалдаймыз.

«Өртейін деп отқа көмдім, От жүрегім жанбады, Жанды апарып жарға бердім, «Пара ғой» деп алмады. Жан, тәнімді, иманымды – асылымды бойдағы, Аямадым жиғанымды, Сонда да көз салмады. Жар қараса тірілуші ем, Қарамаса, мен өлік. Рахым етіп қылмады-ау ем. Енді үмітім қалмады. Сөйтсем, онда сыр бар екен байқамаппын мен оны Қосылайын өлсе деген Амалы екен алдады. Өліп едім жар бірігіп, бір бейісті таңдады. Ләйлі Мәжнүн қарсы шығып Ерулікті қамдады» [2, 289 б.] «Жар сипатын білсеңіз де, Нәпсің өлмей деме жар. Айла, алдау сөзіңізге шын хақиқат нанбады» деген жыр жолдарында осы дүниеде нәпсіні жеңіп, шын тірілікке қол жеткізуді көздеген этикалық түпмақсатын ашық айтады. «Анық асық – әулие кереметке сол ие. Жаны құрбан жарына, Керексіз өзге дүние. Жарынан бөлек жаны жоқ, Табатын басқа жары жоқ. Асықтан аяп қалатын Иманы, малы, ары жоқ» «Өзгермейтін өлмейтін өмірді талап етемін, Қайталап ойын көрмейтін Қызыққа түпсіз жетемін» деген шумақтарында қоғамды ізгілендіру, адам жанын кемелдендіруге бет қойған ақлақтық ұстанымы жолында қандай құрбандықтан болсын бас тартпайтын ерлік этосын паш етеді.

Сопы ғұламасы Мухиддин ибн Арабидің Әзіреті Әли жауларына былай айтыпты: «Адамды өлімнен ажалы қорғайды» деген қанатты сөзі бар. «Ажал» – белгіленген мерзімнің, бұл дүниелік өмірінің соңы деген мағынаны береді. Құранда: «Ешбір жан Алланың қалауынсыз, о бастан жазылып қойған ажалы жетпейінше өлмейді», – («Әли-Имран» сүресі, 145-аят) деуі мен халық даналығындағы «Қырық жыл қырғын болса, ажалды өледі» деген сөз өзара сабақтастықтағы ақиқаттар. Әрине, Шәкәрім де «өлім» жайлы айтқанда тағдырлы ажалды жоққа шығармайды. Сол ажал келмей тұрып нәпсінің құлдығынан толық құтылып, рухани кемелдікке жетіп, өлмей тұрып нәпсіні өлтіріп, толық еркіндікті иеленуді айтады. «Жалаңаш барып жауға ти, Тәңірі өзі біледі, ажалымыз қайдан-дүр», дегендегі ажалдан қорықпау да тәуекелге бел буу – намыс пен жанпидалықпен байланысты ерлік этосының бір

деңгейі. Ал, пайғамбар өсиетіне сай бұл дүниелік өмірде нәпсіні жеңуге бел буу бұл – ерлік этосының ең жоғарғы деңгейі, этикалық мұраттың шыңы.

«Ғылымсыз адам – айуан, Не қылсаңда ғылым біл, Ғылымға да керек жан, Ақылсыз болса ғылым тұл» Жанды ғылым адамға хақ тарапынан берілетін нұрлы сырлы ілім. Нұрлы ақылдан ада болған ғылымның адамға тигізер зиянының көп екендігін бүгін экологиялық зардаптардан да көреміз. Бүгінде этика салаларын ғылым этикасы, дін этикасы, экологиялық этика, т.с.с таратып зерттеу теориялық этиканың әдіснамасы болса, ол заман талабы, қоғамдағы шиеленісті мәселелердің шешімін іздеудің жолдары. Ал, этикалық мәселелердің тобықтай түйінін шешер практикалық этика адам жүрегіне жол тауып, хаққа махаббаттың дәнегін егумен, осылайша адамгершілік арлылыққа жетелеумен жүзеге асады, Шәкәрімнің көздеген этикалық мұраты осы.

Ақиқатқа жетер жолдың соқтықпалы соқпағы мол қиын, биік қамал асулары, айналып өтпес бөгеттері бар жол екенін ескерген ғалым Адамның еркі қайда деп өз ақылына сауал қойып, «Ақылдың жауабы» деген өлеңінде «мақсұт пен ындын еркін ғой саған, Жаралыстың берген еркі сол, Талап ет сен таза жол» [2, 253 б.] деп адамзатқа қалау еркінің мақсұт пен ындын түрінде берілгенін айтады. Бірақ, адам өмірге еріксіз келіп еріксіз кеткені сияқты, басқа да көптеген себептердің ағымында, кезегімен келген құбылыстардың оқиғалардың жетегінде суға аққан дөңбекше тағдырдың айдауымен өмір сүреді. Дегенмен, адамның еркі бар ма, қайдан бастау алады, ол қалай берілген, бар нәрсе болса өз еркіне өзі егемен болуы дегеніміз не? Одан айырылудың себебі қандай, қаупі бар ма? деген сауалдарды қоя отырып, шын ақылға жүгіне отырып тапқан жауаптары бойынша сол еріктің өзін о бастан адаспас мақсатын белгілеп барып, ындынын бағыттап, Жаратушының өзі бергенін байқаймыз. Адамның жүрек тереңінде сақталатын осы түпмақсатынан айнымай, ындынын бағытынан аудармау адамның шын мәніндегі өз еркіне ие болуы, бұл этикалық бағдары. Алайда өмір өзеннің селді ағымы қатты, «Таза жолдан таймай барғаның Жетпесең де алғаның» деп адамды бекемдіккен шақырған ғұлама үшін адамның қалау еркі әл-миссақтағы антқа

орай адамға рухани әлемде о бастан берілуі айқын ақиқат. «Әл-миссақтағы ант» оқиғасына орай адам баласының барлығы таза рухтар әлемінде Хаққа қайтып оралуға, ақиқат жолдан таймауға уәде берген. Алайда, өзінің ғапылдығына сай «инсан» (ұмытшақ мағынасындағы адамның аты) уәдені ұмытуға бейім тұрады» деген қағида мұсылмандық шығыс этикасындағы адамның жауапты жаралыс екендігін анықтайтын басты қағида. Адам бұзылып, талабын себепке билетіп, құбылу арқылы ол бағытынан ажырап, түп мақсатынан айырылып қалуы мүмкін, оның соңы өліммен тең. Яғни, адамның шын рухани мақсатына жете алмай рухани азғындықпен дүниеден өтуін «шын өлім», «абройсыз өлім», екі дүниелік бақытсыздыққа ұрыну деп біледі. Демек, ғұлама танымында үш түрлі өлім: бірінші, ажал – мерзімді өлім, екінші, «Өлім алдындағы өлу» – нәпсіні жеңу және үшінші, бақытсыз өлім – азғындық өлім ұғымдары бар. Өз еркіңе ие болу үшін, ындыныңды болмасқа салма, мақсұтыңды толмасқа таңба дейді. Оның бірден бір жолы «Нысап пен мейірім әділетті, жаныңдай көріп жан сақта, Ол жолда өлсек неміз кетті, Мақсұтқа жетпей қалсақ та» [2, 220 б.] деген ғұлама ғибраты адамның ұстанатын нақтылы ақлақтық-этикалық қағидаларын да анықтап береді. Шәкәрім шығармашылығына тән басты ерекшеліктердің бірі, ол рухани танымның иррационалдық таныммен ұласатын, мистикалық көкейкөзбен бағамдайтын сырлы әлеміне бойлап, оның сырын астарлап поэзия тілінде жеткізумен қатар, шәкірттің ой-санасына сыйымды нақтылы ұстанымдарын жүйелі айқын ашық түрде анықтап дәлме-дәл ұғымдармен атап отыруды ұмытпайды.

«Дух этот, однако, не следует некоим образом уподоблять нашим так называемым умам. Наше мышление основывается на последовательных умозакключениях и действует с помощью последовательных рассуждений, так что и сущее оно познает посредством последовательных умозакключений, и хотя оно изначально содержит в себе сущее, но все же остается пустым до тех пор пока его не изучит.

Дух же совсем иной природы: он содержит все и он есть все, ... Дух – первая энергия Блага и первая его сущность; Благо пребывает недвижимо в самом себе, Дух же действует и как бы живет

вокруг Блага. Душа, в свою очередь, находится вокруг Духа, как бы обтекая его, и, всматриваясь в Дух, в глубинах его прозревает Благо» [8, 26 б.] деген Плотин тұжырымдарында Абайдың салқын ақыл немесе нұрлы ақыл дегендегі ұғымдарының ажыратылуын және Шәкәрімнің таза араққа балайтын рухани мастық хәлінде иеленетін, батини ілімге жеткізетін рухтың ақылын көреміз.

Ғұлама шығармашылығында адам жадында сақталып қалатындай, жан-жүрегіне жол табатындай әсерлі тілмен жазылған поэзиялық шығармалары бір пара, сонымен қатар қара сөзбен жазылған публицистикалық мақалалары, ғылыми-танымдық ой-толғамдары, көркем шығармалары да бар. Бұл қара сөзбен жазылған шығармаларында да ғалымның өлең поэмаларына өзек болған рухани ізденісін, жан-жүрегінен шыққан асыл сырларды, көңіл-күй толғаныстарын көреміз. Адам сезіміне қозғау салатын, ой-қиялын қияға шарықтатып өрісін кеңейтетін, жүрек тереңіне бойлатып ақыл-ойдың інжу маржандарын сүзгізетін, махаббаттың терең тылсым сырларына бойлататын сөз патшасы, сөз сарасы поэзия тілінің мүмкіндіктерін пайдалану Шәкәрім қажының ұстаздан алған үлгісі екендігі сөзсіз. Түз тағысындай еркін һәм табиғи, табиғаттың өзіндей сұлу көркем ауыз әдебиеті үлгілері сол даланың төл баласы қазаққа бесігіндегі әлдиіндей етене жақын болғаны, қазақ халқының ежелден ақынжанды, өлең сөздің қадір-қасиетін жоғары бағалағандығы белгілі. Сондықтан, ақын өлең сөздің жазба әдеби үлгі өрнегін пайдалана отырып, алайда халыққа жақын қарапайым қазақ тілінде, ауыз әдебиетіне тән образдар әлемін кеңінен қолданған, осылайша жазба поэзияны жан-жақты жетілдіріп, жоғары кәсіби деңгейде дамытқан. Шәкәрім қажы, өлең сөз жазуды көркем сөз түзудің шеберлігін көрсету үшін емес, поэзияның бар мүмкіндігін пайдалана отырып, өзінің рухани танымы мен рухани ілімін, ар түзетер үлгі өнегесін, этикалық ғибратын жеткізуді мақсат еткен. «Ақындарға» деген өлеңінде жанды сөз бойды ерітіп, жыр бесігінде тербетерін, өмірдің сәнін кіргізер қасиетін «Ерікті билеп алсын айтылған жыр, сырты – гүл, жарасымды, ішінде сыр, Жаныңның ләззат алар жарығындай Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр. Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын, қаңсыған шөл даланы қанықтырып, Жыр тасып, дариядай құйып

жатын. Арыңның болсын өлең айнасындай, көрікті көптің ортақ пайдасындай» [2, 158 б.] деп, поэзияның көркем-эстетикалық сипаты мен сыршыл этикалық тереңдігін бағалап, ақындықты ардың ісі деп біледі.

Бүгінде ақынның көп болып, бірақ аузының дуасы жоқ болу себебі, олар көркем сөздің кестесін түзушілер, көркем сөздің сан құбылған бояуы мен ол бояулардың бір-біріне сәулесін түсіргенінен ләззәт алып, оны өзінің өнер табысы деп біліп масаттанып, мақтанушылар. Шәкәрім қажы, ол ғана емес рухани аңсары бар басқа да ғұламалар үшін өлең өрнегін түзу – өзінің ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді, рухани ізденістері мен танымын адамның ой-түйсігіне түрткі салатындай сырлы сөздермен өрнектеп, көркем жеткізе білу. Сондықтан ақынның өзіне «Мұтылған» атын алуының өзінде осы бір сыр жатқандай. Ол өзінің бүкіл өміріндегі рухани күрес жолын да қалдырған мұраларын да мақтан-атақ үшін емес, өзінің рухани ізденіс жолындағы иеленген қазына-байлығымен риясыз бөлісу, ішкі сырлы-нұрлы әлемін айқара ашып көрсету мақсатында жазған.

Ғұламаның өлеңдерінде көрініс тапқан адам санасына сәуле түсірер ирроционалдық таныммен, яки ладуни, батини іліммен тамыр тартқан сырлы сөздері, оның қара сөзбен жазған шығармаларында нақтылы ой-тұжырымдармен беки түседі. Ол сол заманда өзектілікке ие көптеген ой пікірлерді, көзқарастарды зерттеп, сүзгіден өткізіп, талдағанда сындарлы сараптамалық ой талқысының үлгісін көрсетеді. Негізінен қара сөзбен жазған шығармаларында өзіне дейін қордаланған ғылым-білімнің кең-қазынасын, ой-қорытпасынан өткізу, жасығын тастап, асылын алу, теріс көзқарастардың адасушылықтарын дәлелдеу бағытында көп еңбектенеді. Сондай-ақ, әралуан ғылыми ізденістерінің жетегімен ой-өрісін кеңейте түсіп, танымал пікірлерді сұрыптап, өзі айтқан «ноқтасыз ақыл» талқысына салу мақсаты анық көрінеді. «Үш анықта» «жаратушының барлығы мен оның ғылым білімі қандай? Жанның бар болуы мен жоғалуы мүмкін бе? Ұждан деген не, оның қажеттілігі неде?» деген басты сауалдарға жауап іздеп, көптеген мәселелерді қозғайды. Сөз басында «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік

бар. Екі өмірге де керекті іс ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» деп, ой-түрткі салумен бастайды.

«Және қатты керек бір шарты – өзінің тұтқан діні, оқыған-ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі, бәленбай жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне мүлдем байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып сол екі жолдағылардың да жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға қарсы айтылған сөздердің бәрін ноқтасыз, науқассыз сау ақылмен сынауы керек» [5, 91 б.] дегенде ғылыми-теориялық зерттеуге тән негізгі ұстанымдарды айқындайды, объективті ой түйіп, түйінді тұжырым айтудың басты қағидаларын нақтылайды. Демек, ғұламаның қара сөзді қолданғандағы мақсаты философиялық мазмұндағы ғылыми-теориялық зерттеу жұмысын жүргізу және қол жеткізген нәтижелерін пайымдық тоқтамды ақыл деңгейінде дәлелмен баяндап жеткізу екендігі белгілі болды. Жалпы ғылым этикасының басты ұстанымдары осы. Себебі, ол өзі бас көзінің шектеулі құрсауынан шығып ақыл көзімен, иррационалды тұрғыда бағамдаған ақиқаттарына күмәнсыз сенімі бола тұра, ол ілімді айырықша рухани мастық халінде иеленіп және ол ілімін көкейге қонымды өлең өрнегіне салар өнердің шеберлік шыңына шыға тұра сол ақиқатты өлең тілінде жеткізумен ғана шектеліп қалмайды. Сонымен қатар, өзіне айқын анықтықтар жайлы, қарапайым қарасөзбен, рационалды түрде зерттеу жүргізіп, пікірталас деңгейінде ой-тұжырымдар айтуға, ғылыми теориялық пайымдаулар мен сараптаулар жасауға да күш салады. Демек, сол заманда үстемдікке ие болып тұрған «пәншілдердің» іліміне солардың ақыл көзі байлаулы, ноқталы ақылмен тапқан жалған шындықтарына қарсы солардың өз тілінде, қарасөзбен дәлелді тұжырымдар түрінде жауап беру мақсатын көздеді. Қорытындысында «Барлықтың түп себебі жаратушының білім құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ» дей келе бүкіл барлықтар қозғалыстан бастау алатынын, ол қозғалыстың түпкі себебі Жаратушы екенін дәлелдейді. Түпкі себептің білім, құдірет, шеберлігінде өлшеу жоқтығының дәлелі дүниеде мақсұтсыз, керексіз жаратылған дүниенің жоқтығы деп біледі.

Әл-Фараби адамның материалдық денесі – тәні болуымен байланысты әртүрлі құмарлықтарға таңылуға мәжбүрлігін айта

келіп, оның кемелдену мүмкіндігі ақылмен байланысты екенін айтады. Адам жетілу үшін үнемі жанын тән құмарынан азат етуге ұмтылып, ақылға жүгіндіре отырып, «...содан кейін өзінің субстанциясы жағынан, бұдан соң өзінің түрліше акциденциялары жағынан бірте-бірте өзінің ақтық кемеліне дейін көтеріледі» [6, 253 б.]. Адам жанын кемелдендіретін даму рухани-интеллектуалдық тұрғыда өсумен жүзеге асарына тоқталады. Аристотель болса ақылдың адам дамуындағы орнын жоғары бағалап, адамның бала кезіндегі қарапайым қайырымдылығы ақылмен бекігенде оны нағыз адамға айналдыратынына назар аудартады. «Когда же человек обрел ум, он отличается по поступкам [от не разумных детей и зверей], и [только] тогда склад [души], хотя он и подобен [природной добродетели], будет добродетелью в собственном смысле слова» [7, 73 б.].

Адамдағы ақылды жан өзінің мәңгілік екенін түсінуімен оның тілегі, басты этикалық мақсат ниеті – екі дүниелік бақытты қалау тұрғысында айқындалады. «Адамдағы нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда мұсылманша ұждан, орысша совесть бар... Меніңше совесть – жанның тілегі. Неге десеңіз жан тіпті жоғалмайтын бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез ой істерін керек қылады. Сосын қатты бір керегі совесть – ұждан. Оны осы өмір үшін ғана керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады» [5, 117 б.]. «...Өлгеннен соңғы жан өміріне нана алмай, ұждан – совесть екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екендігіне әбден нанса, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бақытты қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы ислам сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген – шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар, Жанның екі өмірде де азығы – ұждан, совесть деумен еш нәрсе кемдік көрмейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үш анық дегенім осы» [5, 120 б.], деген тұжырым жасаған ғұламаның мәселеге ғылыми-

теориялық тұрғыдан келуі мен ғылыми салыстырмалық, объективті сараптамалық әдістерді қолданғанын көреміз. Ол дүниетанымдық көзқарасы қалыптасқан, діни имандылық сенімі нық, Шығыс мұсылман әдебиетінен сусындаған, Қажы Құнанбайдың, Ұлы ұстазы Абайдың ғибратымен қанаттанған ислам ғұламасы. Сөйте тұра, зерттеу еңбегінде Жаратушы, жан, ақирет, ұждан жайлы әлемдегі сан алуан көзқарастарға қысқаша шолу жасай келе діни сыңаржақтықтан, субъективтіліктен барынша сақтана отырып сараптама жасап, қорытынды пікірін айтуы оның ғылымның этикалық ұстанымына барынша адалдығын көрсетеді.

«Мұтылғанның» өзіне о бастан аян бұл ақиқаттарды қара сөзбен баяндауында, одан бұрын көптеген қайшылықты пікірлердің негізгі мағынасын қысқаша баяндап түсіндіре келе, өз пікірін дәлелдеуінде белгілі бір мәжбүрлік бар. Оның мәжбүрліктің өзі адамсүйгіштік этикалық қасиеттен туындап отыр. XX ғасырда ғылым білімнің дамуы, ақпарат таралуының артуына орай шындығы да жалғаны да бар ақпараттардың таралу қарқыны да күшейе түсті. Біріншіден технологиялар мен жаратылыстану ғылымдарының жаңалықтары мен жетістіктерін пайдалана отырып, соқыр сеніммен ғана шектелген ислам танымын кеңейтіп, Ақиқат, жан танушылық ілімін нығайту, адамгершілік құндылықтарды өзектендіру қажет болды. Екіншіден, әралуан ақпараттар тасқыны бүгіндегідей болмағанымен, сол заманда басталған қарқын алу сәтін терең түйсінгендіктен, сол тасқынмен бірге келетін жалған қағидалар, жалаң идеологиялардан сақтандыру ғұламаның басты мақсаты болды. Ұстазы Абай айтқан «Махаббатпен жаратқан адамзатты сен де сүй сол Алланы жаннан тәтті, Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жолы осы деп әділетті» «үш сүю – иманигүл» қағидасына берік ғалым қара сөзбен тәптіштеп теориялық еңбек жазуға мәжбүр еді. Ақпараттың тұтынушылары да, сырттан енгізілген жалған идеологиялардың қаупіне ұшырайтындар да ең алдымен білімділер сондықтан ғұламаның «Айқап» журналының 1912 жылғы 5-ші нөмірінде «Білімділерге бес сауал» жолдау себебі де осында.

«Бес сауал мынау:

1. Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?
2. Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

3. Адамға өлген соң, мейлі не жөнмен болсын, рахат-бейнет, сауап-азап бар ма?

4. Ең жақсы адам не қылған кісі?

5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?» [5, 299 б.] осы бес сауалға орынды жауап таба алған жағыдайда адамзатты бүгінде толғандырып отырған мәселелер оң шешімін табар еді. 1993ж. қабылданған «Әлемдік этикалық деларациядан» да адамзатты толғандыратын осы мәселелер көрінеді. «Тек зандардың, ережелер мен конвенциялардың көмегімен анағұрлым жан-жақты дамыған әлемді құру да, оны мәжбүрлеу арқылы жүзеге асыру да мүмкін емес, бейбітшілікті, әділеттілікті және әлемді қорғау құқықты құрметтеудегі бірлік пен бір ниетке топтасу арқылы ғана мүмкін. Құқық пен бостандық үшін күреске жұмылу өзара жауапкершілік пен міндеттемелерді түсінуді талап етеді, сондықтан біз барлық адамдардың санасы мен жүрегіне жүгінеміз; моральдық қолдаусыз құқық өте әлсіз, демек әлемдік этостық құрылымсыз жаңа әлемдік тәртіпті құру мүмкін емес» [3] деген дүниежүзілік этикалық мегожобаны ұсынушылардың тұжырымы, жүректерге жол табуды ұсынса, ал, жүректерге жол табудың бірден бір жолы Хаққа деген махаббат пен ақжүректілік және жанның мәңгілігіне сеніп, екі дүниелік бақытты көксегенде ғана мүмкін екендігін дәлелдеп, оның этикалық үлгісін көрсеткен Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Сол заманда бұл сұрақтарға анық жауап табу қоғам үшін де, жеке тұлға үшін өзекті еді. Себебі кейінгі төңкерістер заманы, кеңестік кезеңдегі атеистік көзқарастың үстемдік еткенінен-ақ Шәкәрім қажының қаупі бекер болмағанын көруге болады. Әрбір адамның бұл сұрақтардың жауабын анықтауы маңызды, әсіресе бүгінгі ақпараттық тасқын нөпірінде, жаһандану дауылының өкпегінде желкенсіз, бағдарсыз қалған қайықтай қалтылдаған ұрпақ үшін де аса көкейкесті. Елдік санамыз бен ерлік мұратымызды сақтап қалудың бірден-бір кепілі осы мұралардың барынша кеңінен насихатталуында екенін түсінуіміз қажет.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шақырған ар-ұждан үніне құлақ асу, оның артына қалдырған мол рухани мұрасын игеріп, ғибратын қоғамды ізгілендіруге пайдалану қазақ философиялық ғылымы үшін өзекті де, өмірмәнді мәселе. Ол рухани-интеллектуалдық

танымның иррационалды практикасы мен үлгісін көрсетуімен қатар, өз заманында белгілі адамзат ғылыми танымының нәтижелерін рационалды ақыл таразысына салып, ғылыми логикалық сараптаудан өткізіп, жан-жақты талдап, меңгерген ғұлама. Рухани танымы мен рационалдық білімін ұштастыра отырып, адамзатты ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан Жаратушы, рух, жан туралы көкейкесті, өмірмәнді мәселелерге сырлы таныммен айшықталған уәжді жауаптары, салмақты пікірлерін айтқан, адамзаттың рухани өресінің өсуіне, адамгершілік-этикалық дамуына өзіндік үлес қосатын бай мұра қалдырған кемел адам. «Үш анық» еңбегінде «барша адам шамасына қарай кейбірі өзі үшін, қай бірі барша адам баласы үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады» [5, 90] деп жазғанындай, адамның кемелдігі адамзат игілігі үшін қызмет жасауымен анықталады. Адам баласының игілігі үшін, қоғамды ізгілендіруге риясыз қызмет жасауын заңдылық, бұлжымас парызы деп білген ғұлама таза этикалық бағдарды темірқазық қылып белгілеген.

Әдебиеттер

1 Әбділдин Ж. Алаш азаматтарының ақталуы // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. 2 том. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 бет.

2 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. I том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі. 2006. – 524 бет.

3 <http://anthropology.ru/ru/text/dokumenty/deklaraciya-mirovogo-etosa>

4 Көкішұлы Т. Қаскөйлікті жеңген азамат // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. – 2 т. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б.

5 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Роман, қарасөздер мақалалар, аудармалар II том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 200. – 624 бет.

6 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: «Ғылым», 1973. – 489 б.

7 Аристотель. Никомахова этика. Перевод: Нина Брагинская. Философы Греции. Москва: ЗАО Издательство «ЭКСМО ПРЕСС», 1997. – 191 с.

8 Плотин. Эннеады. Составитель и редактор С. И. Еремеев. – Киев: «УЦИММ-ПРЕСС», 1999.

2.5 Шәкәрімнің этикалық іліміндегі «ар-ұждан» ұғымы

Ұждан – адамгершілік қасиеттің компасы іспетті этикалық ұғым. Канттың айтуынша, ұждан – адамзаттың ішкі ар сотының санасы. Толстой пайымдауынша, өзіңнің ұжданың жаратпаған кез келген істен сақтануың керек. Шәкәрім Құдайбердіұлы сол Л. Толстойдан аударған «Ұждан» әңгімесін «Тегінде, ұждансыз жан өлікке есеп, // Адамның кеселі жоқ мұнан кесек, // Ар, ынсапсыз, мейірімсіз залымдарды / Қате қылған болмаспыз хайуан десек» [1] – деп аяқтайды. Демек, ұжданы бар кісі адами қалпынан айнамайды, ұжданнан жұрдай жан тұлғалық деградацияға түседі. Ар-ұждан адамзат санасының айнасы секілді, себебі адамның көркем мінез-құлқын, мәдениеті мен болмысын моральдық құндылықтарға ұластырып отырады. Шәкәрімнің этикалық іліміндегі негізгі ұстаным да ұжданға иек артады, «ар біліміне» арқа сүйейді. Ғұламаның дәл сол «ұждандық принципіне» Мұхаметжан Қаратаев мынадай анықтама береді: «Бір өлеңде ғана емес, барлық поэзиясында, тіпті барлық творчествосында Шәкәрім, Абай секілді, өмірде кездесетін екі түрлі мағынаны ылғи қарама-қарсы қайшылықта алады да, арды, адалдықты, әділдікті, адамгершілікті, ақылды, білімдарлықты қастерлеп, осыларды аман арысздыққа арамдыққа, айуандыққа, надандыққа қарсы, достықты қастыққа, бірлікті алауыздыққа қарсы қою — оның мызғымас моральдық, ұждандық принципі» – дейді [2].

Шәкәрім поэзиясында «Ар түзер адамның адамдық санасын» деген жолдар бар. Шәкәрім философиялық ойын сөз өнері формасымен берген, демек сол тәсіл қазақ халқының болмысына жақын болған себепті өз идеяларын өлеңмен өрген. Ақын этикалық һәм эстетикалық құндылығы биік жырларында «ар, ұят, ұждан» ұғымдарын адамшылық контекстінде араластырып қолданған. Осы ұғымдарды жеке категория есебінде бөліп қарау бекершілік. Ғалым Мырзагелді Кемел: «Сонымен, ар дегеніміз не? Қазіргі заманғы адамгершілік туралы түсінікті этика деп атайды. Немесе, мораль. Осы екеуі адамгершілік деген ұғымға сәйкес келеді. Бірақ Абайда да, Шәкәрімде де адамгершілік деген сөз жоқ, Абай оны адамшылық дейді, Шәкәрім – адамшылық, ар

дейді. Адамшылыққа қатысты білімді Шәкәрім «ар білімі» дейді. «Ар білімі» деген тіркес, түсінік – Шәкәрімнің жаңалығы» – деп түйген [3]. Шәкәрімге тиесілі «Ар білімін» – моральдық ұғымдар мен этикалық нормалардың жиынтығына балап, сонымен қатар адамдық шеңберінен шығармайтын тәрбиелік құрал есебінде қарастыруға болады.

Тұлғаны толық тану үшін – Шәкәрім өмір сүрген қысылтаяң кезеңді жетік білуге керек. Амалсыз қатарынан болыстыққа екі рет түсті, сол ел ісіне араласудан ілімнен кеш қалдым деп налитын сәттері болды. Елден жырақ, соңғы мәрте Саятқораға кетуі – қылуәттегідей рухани түлеу емес еді. Қос ұлы Ғафур мен Баязиттің жазықсыз жалаға шыдамай бауыздалып жан беруі, Зияттың Қытай асуы, Ахаттың тұтқындалуы Шәкәрімге оңай тимеген. Жан-жақтан жабылған жала мен қаумалаған қорқаулардың үйірінен қашып, жалғыздықта жетіскеннен жүрмегені анық. Бірақ өзіне тықыр таянғанын сезіп, негізгі еңбектерін сол Саятқорада жазып үлгеруге тырысты. Қарасартов бастаған ОГПУ жендеттерінің қолынан ажал құшқан Шәкәрімге ақ өлім бұйырмай, арулап жерленбей, құр құдықта көмусіз қалуы – ақынның тағдыры қандай болғанынан хабар береді.

Әділет атаулыдан жұрдай қысылтаяң заманда ғұмыр кешкенімен ақын «ар-ұждан, рақым, ақ жүрек» секілді этикалық іліміндегі принциптерін тіршілігінде аяқасты етпеген. Өмірінің ақырына таман Саятқорада өзіне қолғанат болған көмекшісін елге қайтарады. Сонда өзі Г. Бичер Стоуден аударған «Том ағайдың балағаны» шығармасындағы кейіпкермен салыстырып, біреуді жұмсауды өзіне ар көреді. Қолы шебер, іске икемді қарт жалғыз қалса да өз шаруасын өзі атқарады. Ахат Шәкәрім баласы өз әкесі жайында: «Шәкәрімнен артық адал адам жоқ болатын. Ол өмірінде балағат сөздерді білген жоқ. Бірде бір адам оған ренжіп кеткен емес. Мен оның ұрыларды қолынан жетелеп жүріп ұрлықтан бас тартуға үйреткенін көзім көрді» – деп жазады [4]. Одан бөлек «Аға тұрып, ұл сөйлегеннен без...» дейтін танымдағы қазақы этикалық тәрбиені ұстанған Шәкәрім әрі ұстазы, әрі ағасы Абайдың алдына шығып кетуді құп көрмеген. Қырықтан асқан Абайдың өндірітіп өлең жазған кезі 1886-1889 жылдар арасы,

бұл кезде жиырма бестің желігі басылған Шәкәрім Абай салған өзін-өзі кемелдендіру жолына түседі. Абайдың «аузын сөзден, қолын істен босатқан» інісі Оспан болса, рухани тірегі Шәкәрім болды. Абайды кемелдендірген қолжазбалар мен кітаптарды құныға оқыды. Ұлы ақын өмірден өткенде қол қусырып, тұралап қалмады. Абайдың аманаты бойынша қажылық сапарға аттанады, жол-жөнекей ілім-білім алуға асығады. Шәкәрім: «Сөйтіп 1905 жылдан 1906 жылға қарсы күзде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кеңесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себебін тигізді. Сол сапарда, неше ұлттың, ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Әниярдың атына жіберіп отырдым. Стамболда тарих қорларын сақтайтын орындарда болып, ары бара жатқанда 13 күн тарих ақтардым. Ертедегі Шығыс ақын-жазушы, ойшылдарының шығармаларын түгелдей алдым. Гомерден бастап Грек халқының ойшыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарының шығармаларын, ертедегі Түрік ғалымдарының жазған шығармаларын, әр елдің лұғаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым, Демек, менің бұл сапарым көкірек көзімді ашып, аңсаған арманыма қолым жеткен сапарым болды! Бұ да Абайдың айтқан ақыл-кеңесінің жемісі» – дейді [4]. Қажылық сапардан бұрын, сәл ілгеріде ел ісіне араласқысы келмесе де Абайдың ықпалымен болыс болып сайланады. Қазақы әдепке салып, үлкеннің сөзін аттамау, ағаның айтқанынан шықпауы – жасампаздық қасиетін жасырып ұстауына әсер етті. Әлихан Бөкейхановша айтсақ, «Абай барда таласып ақындық қылып, жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре берген» [5].

Этика терминінің өзі құқық не моральдық жүріс-тұрыстың жалпы теориялық мағынасын береді. Шәкәрімнің пайымында мораль жалпы бұқараға тән ортақ категория, ал ар-ұждан – жеке индивидтің бойына біткен құдайлық қасиет. Ғалым А. Тоқсамбаева: «Ар – адамгершілік сана, этика – философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы де-

уге негіз бар» [6], – деп Адамшылық пен Ардың арасын нақты бөлген. Ғалым С. Зиманов «Қазақтың ата заңдары» еңбегінде қазақ билер сотының ұстанған принципі Ар мен Ұят болғандығын қадап, атап көрсеткен. Әсіресе «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары бар» дегенге ерекше тоқталады. Ал Алашорда үкіметінің Шәкәрім қажыны сырттай халық соты сайлағаны жөнінде де архивтік дерек (қор 37 тізбе-1, іс-7) Семейдегі жаңа тарихи құжаттар орталығынан табылды. Шәкәрімнің өзі: «Семейді ақтар меңгеріп, // Қазаққа соттық жол беріп // Сыртынан сайлап жөн көріп...//» – деп растайды [1]. Шығармашылығында ар, ұждан, ұят секілді қасиетті ұғымдарды ту еткен ақын елдің есесі мен арнамысы таразыға түсетін сот билігін қал-қадерінше адал атқарған, сөзі мен ісін практикада ұштастырған. Ақын, тарихшы, философ міндетінен бөлек қайраткерлік қасиетімен де танылған.

Этика – кез келген салада адамның дұрыс пен бұрысты талдауына мүмкіндік беретін моральдық қағидалар жүйесі. Қазір этиканың үш негізгі ақыл-ой мектебі қалыптасты: деонтология, консеквенциализм және ізгілік этикасы. Деонтологияның пайымында әр адамның өз құқығы бар, жазықсыз адам нақақтан нақақ жапа шекпеуі немесе өлмеуі керек. Консеквенциализмде моральдық түсініктер ережелер жиынтығына емес, әрбір жеке әрекеттің нәтижесін және салдарын бақылауға негізделеді. Ізгілік этикасында моральдық сипаттың десі басым түседі. Шәкәрім қалыптаған этикалық ілім осы үш ақыл-ой мектебінің синтезіндей әсер қалдырады, дегенмен көбіне-көп ізгілік этикасына мойынұсынған. Абай «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. // Адамның баласы — бауырың», – десе, Шәкәрім: «Адамның маған бәрі бір, // Не мұсылман, не кәпір. // Тамам адам бір бауыр, // Бөлінбесе өлген соң,» -дейді. «Ар білімінің» өзегі секілді бұл қағида – адамзат баласын алаламауды, пенде атаулының құқығы теңдігін әйгілейді. Сонымен қоса әрбір тұлға өзін рухани кемелдендірумен әулиелік дәрежеге көтеріледі, керісінше нәпсінің жетегінде кетсе азғындықтың тұқыны болатынын білдірген. Идеалист философ бола тұра детерменистік танымды қатты сынға алады. Адамның таңдау еркін Құдайдың ырықандағы іс деп қарекетсіз отыруды, озық елдер жеткен игілікке ұмтылмауды, ілім-ғылымға жол са-

лып ізденбеді жаратпайды. Шәкәрім: «Ақылыңа сынат деп дәлел айтқан, Құраннан табылады талай аят» деген жыр жолдарында ақылға үстемдік береді. Ал ақыреттің ахуалы әр тұлғаның рух пен нәпсі күресін қалай жеңгеніне сәйкес, ал өмірді рухани кемелденумен жұмақ етуге болатынын байыптайды. Мәселен Шәкәрімнің «Шопенгауэрдің дүние – дозақ, дүниеде тыныш өмір сүруге болмайды дегені дұрыс емес. Дүние – дозақ емес, бейіс, бейісті дозақ етіп отырған адам баласының, үстем таптық зорлығы, өзіншілдік күш қаруы, қасқырлығы. Егер адам бір-біріне зорлық-зомбылық, қиянат жасамай, барлық адам бір-біріне бір бауырдай болып, өнер білімімен, таза еңбекпен табиғаттың байлығынан пайдаланып отырса, дүние бейіс болуында сөз жоқ. Мұны сезбей, Шопенгауэр адасқан,» [4] – деген пікірінен соны байқауға болады. Материалист философтарға «затшылдар» деп ат берген ақынның көңіліне тіпті идеалист философтар қатарындағы Шопенгауэрдің кейбір жаңсақ ұстанымдары қона қоймаған.

Ар-ұждан, ұят, намыс сынды этикалық категориялар әр халықтың дүниетанымына сай қалыптасады дейтін де пікірлер болған. «Метафизика моралі» еңбегінде И. Кант: «Ұжданның басты екі қайнары бар: (1) өз борышымыз деп білетін адамгершілік сезімдердің бірі іспетті, (2) және өз-өзіндегі іргелі борыштың маңызды аспектісі, яғни өзіңнің ішкі моральдық сотыңның өзін-өзі тану әрі өзін-өзі талдау борышы» – деп пайымдайды [7]. Шәкәрім Құдайбердіұлының этикалық іліміндегі «ар-ұждан» ұғымы да адамның өз ішінен қайнап шығуы керек. «Еңбекпенен, өрнекпенен, // Өнер ойға тоқылса, // Жайнар көңіл, // қайнар өмір, // Ар ілімі оқылса» [1] – деп жырлауы соны меңзейді.

«1918 жылы жаңадан шыға бастаған «Абай» журналының алғашқы сандарының бірінде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ұлтшылдық туралы» деген мақаласы жарияланған. Шәкәрім оны журналдың екінші нөмірінде жарияланған Мәннан Тұрғанбаевтың «Ұлтшылдық» деген мақаласына жауап ретінде жазылған. «Менің ұғуымша, – дейді қажы, – ол кісі: «Ұлтшылдықтан мәдениет, мәдениеттен адамшылдық туады», – дейді. Бұған дәлел керек қой?!

Көріп отырмыз, ұлтшылдық пен мәдениеттің ең жоғарғы басқышындағы Европа, олар адамшылдық қылып отыр ма? Менің

ойымша, әлі күнге шейін, асса ұлт, қалса өзімшілдіктен оза алған жоқ. Себеп не? Ұлтшылдық мәдениетті туғызса да, ақ жүрек туғыза алмайды; ақ жүрек дегеніміз «Ұждан» (эмма жанға махаббат, шапағат, ғаділет), қазақша тәммам адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қуу. Осы айтылғандай, ақ жүрек көбеймей тұрып, адамшылдық жеңе алмайды. Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу ақ жүрек (ұждан) ісі» [8]. Арға жүгінуді, ұжданды дұрыстау арқылы ізгілікті насихаттаған Шәкәрімнің ғылыми-философиялық мұрасының түп қазығы – «ақ жүрек», «таза ақыл», «адал еңбек» иесі түзу адамды қалыптастыру, сол арқылы қоғамды түзеу. Ар ілімін адамдық сапаның алдына шығарып бүкіл поэзиялық туындыларына өзек еткен Шәкәрім тағылымы бүгінгі күн үшін де аса қажетті әрі көкейкесті мәселе екені анық.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының шешімімен 1987 жылдың желтоқсанында Ш. Құдайбердиевтің (1858-1931) творчестволық мұрасын зерттеу жөнінде құрылған комиссияны философ Жабайхан Әбділдин басқарады. Алаштың ардақты тұлғасын айыптаудан арашалап қалуға МҚК (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) ырық бермейді. Басты кедергі – Қарасартовты жақтаушылардың ақынды «банды» деп күстаналауы болатын. Сол тайталасты сәтті Жабайхан Әбділдин «Алаш азаматтарының ақталуы» мақаласында жазды, сонымен қатар Шәкәрімның даналығына қатысты мынайдай ой айтады: «Өзімнің айналысып жүрген Кант, Гегель, Фихте, Шеллинг, Платон, Аристотель сынды идеалистермен салыстырып қарасам, Шәкәрім тіпті әулие екен. Орысша айтқанда «святой» ... Шәкәрім өзі Абайдан кейінгі философиямен айналысқандардың бірі. Өлеңдерінде әсіресе этика мәселесі, адамгершіліктің түрлі категориялары кеңінен қаралған. Сонымен қатар Шәкәрім Л.Н. Толстойдың досы болған екен. Оның 80 жылдық мерейтойына арнайы шақырылған алғашқы қазақ тіпті Шәкәрімнің Л.Толстойды қазақтың кейбір молдаларынан артық көрем деген өлеңдері де бар екен. Бұл кісінің шығармашылығына шыңдап бойласаңыз, ол халқымыздың әлемдік өнерге, ғылымға ұмтылуына көп ат салысқан нағыз ағартушы» [9]. Философ Ж. Әбділдин Шәкәрім қажыны әулие дәрежесіне көтермелейді.

Ақиқатында ойшылдың философиялық еңбектерінде адамға мейірім, ар-ұждан мен сабырлық, байқампаздық керектігі айтылады. Дегенмен, осының бәрінен бұрын адамда ынсап болмаса бәрі бекершілік дегенге келтіреді. Адам өзінің бүкіл өмірінде жарқын болашақтағы мұраттар үшін адамгершілік бет-бейнесін айқындайтын сипаттарды – мейірімділікті, ынсап пен әділеттілікті, шыдам мен шыншылдықты, әрекетті бойына жинақтаса дұрыс болмақ. Міне, солай болғанда ғана қазақтардың өміріндегі әлеуметтік және адамгершілік мұраттар жаңа бір сапалық деңгейге көтерілері сөзсіз.

Ал өтірік айтқан адамның, дұшпандық жасаған адамның адымы қысқа, бұл екеуі өзара байланысты. Ақылды адам өзінің ақылды екенін ісімен де, сөзімен де көрсете біледі, керек болса, қажет жерінде үндемей де қоя салады. Бірақ бұл оның төмендегені, кішірейіп, я болмаса жеңілгендігі емес. «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғана ғажайыптан хабар береді. Әулие дегені сол болса керек». Бұл – Шәкәрімнің өз айтқаны.

Бір-бірімен рухани идеялас болған Лев Толстой мен Мохандас Ганди зұлымдық жасамау турасында хат жазысса, Лев Толстой мен Шәкәрім Құдайбердіұлы ар мәселесін қозғап хат жазысқан. Себебі Шәкәрімді қатты толғандырған сауалдың бірі осы ар-ұждан мәселесі, сонымен қатар жан сыры мен жаратылыс сыры болған. «Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Толстой сұрақтарыма өте қымбатты жауап қайырды. Әсіресе, сол жауаптары мені толғандырып, ғибрат алатын сабақ болып, көңілімде орнап қалды. Бірінші сұрағым: Адамның арына тиетін, өзім білетін жағымсыз қылықтардың бәрін тізіп жаздым да, осылардың ішінде және Сіз білетін, арға ең ауыр тиетін не? – дедім. Толстой бұған:

– Осы тізіп жазғаныңыздың бәрі де адамшылық арға тиетін нәрселер. Менше, арға ең ауыр тиетін бір іс бар. Ол: егер адам көпшілікке не жалпы қоғамға зиян келтіретін істі хақиқат біліп, соны үш нәрседен қорғанып, сол хақиқатты айтпай қалса, сол арға өте ауыр тиеді. Бірінші, сен өте бай болып, сол хақиқатты айтсаң, малыңа, байлығыңа зиян тиетін болса, екінші, сен мансап иесі болып, сол хақиқатты айтсаң, мансабыңнан айрылатын болсаң, үшінші, сол хақиқатты айтсаң, басың жазаға тартылатын болса. Міне, осы үш түрлі зардаптан қорғанып, көпке зиян келетін

хақиқатты біле тұра айтпай қалсаң, арға ең ауыр тиетіні осы, – деп жауап берді» [4]. Толстойдың жауаптары Шәкәрім қажының көңілінен шыққан. Ұлы тұлғамен өрелі ойларымен бөліскен Шәкәрім шығармашылығын електен өткізсеңіз – діни фанатизмнен бойын аулақ салғаны, ақылға жүгініп, таза ақылдың, ойдың қуатын жүзеге асыруды артық санағаны, шын хақиқатқа көңілін бекітуді мақсат тұтқаны байқалады. Дін қағидаларын ақылға салмайтын, ойланбайтын, «шолақ ойлы шолтандаған» діншілдер ақынның үнемі сын найзасына түйреліп отырған.

Шәкәрім былайша сауал қояды: «Түзелуші мақсұтсыз, талапсыз түзеле ала ма? Сезімсіздіктен ерік, мақсұт шыға ала ма?». Ол – жалпы адамзаттық мұраттарды, проблемаларды қозғай білген адам. Адам бойында қайырымдылықты, ізгілікті, адамгершілік пен асыл мұраттарды қалыптастыруда нені ескеріп, неден қашқан жөн? Бұл жөнінде де Шәкәрім философиялық ой-тұжырым жасай білді. Ол былай деп жазды: «Ізін білдірместің айласын тапса болғаны, себебі өлген соң жан өміріне нана алмай ұждан, совесть жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін ешбір нәрсе қайтара алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы – ұждан, совесть деумен еш нәрседен кемдік көрмейді. Бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үш анық дегенім – осы» [10]. Шәкәрім осы «Үш анық» философиялық шығармасының басында-ақ өз көзқарасын ашық білдіреді. Ол әсіресе ұждан мәселесіне қатты көңіл аударады. «Ұждан» ұғымы «ар» ұғымымен қатарлас жүретін, адамның сапалық болмысын, қасиетін анықтайтын теологиялық-философиялық термин. Шәкәрім: «Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім», – дейді.

Ұждан ұғымына ақын мынадай анықтама береді:

«Ұждан – екі өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң, жол тазарта ал-

майды. Егер кімде-кім жаны өлгеннен кейін де көретін өмірінде тірі болатындығына, ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап әбден істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулының бәрін бір бауырдай етіп, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – осы мұсылман жолы секілді. Кейбір діншілерді қорлыққа түсіретін шатақ дін – жалқаулық. Әйтпесе адамды жаратушы – нақты білімпаз. Адам жаны өлгеннен соң да ұжданды болып, еш нәрседен кемдік көрмейді» [10].

«Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда? // Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда? // Көз жұмып, «көппен көрген ұлы той» деп, // Береді бұл надандық кімге пайда?» – деп жырлаған Шәкәрім үшін ардан артық сот жоқ, рахымнан артық ізгілік жоқ, әдептен артық этика жоқ. Ақылдың өзі ар сүзгінен өтсе, ар-ұждан мақұл көрген ақылға тоқтау керектігін атап өтеді. «Мен жетпіс екі жасқа келгенде» деп аталатын шығармасында: «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Бұл дүниеде үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» – деп жазды [11]. Демек Шәкәрім Құдайбердіұлының этикалық ілімінің өзегінде «ар» категориясы тұрады. Адам адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл тоғысқанда тұлғалық дамудың жаңа сатысына көтеріледі. Қиянат атаулыны осы ұстаныммен аластауға үндейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының этикалық іліміндегі «ар-ұждан» ұғымын жалпылама моральдық-этикалық ойлар ретінде атүсті карауға келмейді. Қорқыттан Абайға дейінгі аралықтағы қазақ философиясының жемісі, қазақтың ұлттық табиғатындағы темірқазық, алтын діңгек іспеттес түсінік ретінде бағалаған орынды. Шәкәрім қажы кітаптарын баспадан шығару үшін Сәбит Мұқановқа жазған хатында өзінің дүниетанымдық көзқарасын былайша жеткізеді: «Қырықтан аса бергенімде «Жан не? Дін не? Барша адам қалай жаралған? Адамға жаратушы жағынан не өзінің ар, ынсабы жағынан салынған міндет бар ма? Болса ол не? Адамда толық ерік бар ма? Жан өлгеннен соң жоғалатын зат па? Адам бұл өмірде не қылған жөн?» деген сияқты ылғи дене сезімімен сезілмей, іш жаққа, әдетіне, дініне, нанғанына, құмарына бұрылмай ойлайтын — ноктасы таза ақылмен ғана білетін істер

туралы: дін ғалымы, ғылым ғалымы, ойшыл философтардың бұл туралы жазған кітап, айтқан сөздерін өзімше сынға алып, дұрысын алып, терісін тастап шығарған қорытындыларым еді. Мен «пәлен пайғамбар, түгілен философ, профессор айтты» дегенге тоқтап қалмайын. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл аларлық дәлел айтса, ол кім болса да бас ұрам» [13]. Ойшылдың ұстанымынан өзі ақиқат деп қабылдамаған кез келген пікірге мойын бұрмайтынын аңғарамыз.

Шәкәрім өмір сүрген дәуір ерекше кезең, қазір басымызға түсіп отырғандай, өтпелі кезең. Ол кезде қазақ өз тағдырын өзі айқындаудан айырылып, өзін өзі ұғыну, кабілетінен ажырап, әрі-сәрі болып болашағын болжай алмай рухани жұтандыққа кезіккен кезең болды. Шәкәрімді халықтан ажыратып қарауға болмайды, ол да сол заманның перзенті. Соның бәрін көрді, білді, сезді, жазды. Жазғанда жай жазған жоқ, жан айқайымен, тебірене, төгіле, таусыла жазды. Халқын, елін елең еткізу үшін ащы тілмен, аямай, жағымсыз жағдайын, қылығын бетке басып жазды. Сондықтан да халқымыздың ділін, яғни, менталитетін, дінін, тілін сөз қылғанда, тағылым іздегенде Шәкәрімнен алшақ кету қиын. Қазақ бүгін өз табиғатын сонау Шәкәрім арқылы түсініп отыр. Ендеше, Шәкәрімнің этикалық-философиялық трактаттарын талдау, ақынның адамды ізгілікке тәрбиелейтін тұжырымдарын кәдеге жарату – бүгінгі һәм кейінгі ұрпақ еншісіне бұйырған ғибрат болып қала бермек. Өйткені, ғұлама жаратылысқа деген сенім мен сүйіспеншілікті махаббат пен мейірімнің, жақсылықтың көзі ретінде бағалау арқылы қалың жұртын өмірді сүюге, адамзатты ізгілікке шақырған.

Әдебиеттер

1 Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар // Құраст. М. Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. 256 б.

2 Қаратаев М. Шәкәрім көз алдымызда // Лениншіл жас, 1989, 7 наурыз.

3 Кемел М. Шәкәрімнің ар ілімі: өз шығармалары мен жазба деректер негізінде. – Астана: [б. ж.], 2010. – 284 б.

4 Шәкәрімұлы А. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім // «Жұлдыз», 1988. – № 11.

5 Бөкейханов Ә. Қалқаман–Мамыр. (Шәкәрімнің шығармасына ат) // «Қазақ», 1915, 22 сәуір. – № 121.

6 Тоқсамбаева А. Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей, 2008.

7 Kant I. Metaphysik der Sitten, Kants Schriften // Bd VI.

8 Құдайбердіұлы Ш. Ұлтшылдық туралы // Абай, 1918, № 3.

9 Әбділдин Ж. Алаш азаматтарының ақталуы. // Тағлым мен тағзым. – Алматы: Комплекс, 2003. – 102-121 бб.

10 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. II томдық. – Алматы, 2007.

11 Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. / Құраст. Т. Шаңбай. – Семей-Новосибирск, Талер-Пресс, 2008.

12 «Мұқановтың хатханасы – Письмотека Муканова» / Құрастырған – Ә. Қайырбеков. – Алматы: «Полиграфкомбинат», 2018.

3 ЖАҢА ҒАЛАМДЫҚ ЭТИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЭТИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ МЕН БОЛАШАҒЫ

3.1 Жаһандық этиканың дамуындағы қазақ этикалық ойының рөлі

Қарқындап дамып келе жатқан жаһандану үдерістері адамзаттың алдына көптеген саяси, экономикалық және мәдени сипаттағы міндеттермен бірге қазіргі уақыттағы кросс-мәдени өзара әрекеттесудің аса күрделі сын-қатерлерінің бірі жаһандық этика мәселесін қалыптастыруды жүктеп отыр. Жаһандық этика белгілі адамгершілік-этикалық қағидалардың, әлем халықтарының көпшілігінің синтезін және бүкіл адамзаттың тарихы мен дәстүрлеріндегі барлық үздік аксиологиялық идеялар мен жүйелерді біріктіруі тиіс деп қарастырылады. Әрбір халықтың мәдени мұрасының осындай бір арнаға тоғысуы, жаһандық үдерістер бұрында әсер етпеген адамзат өміріндегі этика сияқты маңызды саласында ғаламдық бірігуге әрекет етеді, оның негізгі басымдығы география және экономика салаларында кездеседі. Ойшылдардың дәстүрлері мен философиялық ілімдерді жан-жақты қамтып, бойына жиған қазақ этикалық ойы да, өз кезегінде, әлемдік этиканы қалыптастыруға және одан әрі дамытуға елеулі үлес қосуға қабілетті, сондай-ақ, алға қойылған гуманистік мәселелерді шешуге ықпал ете алады.

Әлемдік этикалық бағдарламаны құрудың қажеттілігі туралы алғашқы ой 1993 жылдың 28 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында алты жарым мыңға жуық 120 әлемдік дін ілімдерінің өкілдері қатысқан әлем діндері Парламентінің Чикагода өткен екінші отырысында айтылды. Парламенттік сессияға қатысушылар жергілікті әскери қақтығыстарда, нәсілдік, этникалық, діни және гендерлік кемсітушілікте, халықтың қорғалмаған топтарын еңбекпен қанау-

да, үкіметтік және соттық сыбайлас жемқорлықта көрініс тапқан әлемдік рухани дағдарыстың бар екендігін және оның ушыққанын бірауыздан мойындады. Швейцариялық теолог және католиктік діни қызметкер Ганс Кюнг, әрбір адам жауап беретін, бұл жаһандық адамгершіліктің құлдырауын әлемдік «жан-жақты және жойқын күрес» [1] деп сипаттады.

Ұжымдастық жеке адамдардан құрылады, сондықтан дүниежүзілік достық және әділ қоғамдастық құру үшін әрбір адам өзінің ойын өзгертіп, әртүрлі халықтардың өмір сүру салтының ерекшеліктеріне төзімді, адал және оны ашық қабылдауға дайын болуы керек, олардың мәдениеттерінің өзгешелігі қорқыныш пен дұшпандық туғызып, қауіпті деп бағаланбай, теңдік пен бірегейлікте қабылданып, бірге өмір сүруді үйрену қажет.

Жаһандық этиканың қалыптасу жолындағы алғашқы қадам Ганс Кюнгтің бұрыннан келе жатқан «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына» (1948) толықтыру ретінде жазылған «Әлемдік этос декларациясының» (1993) баяндалуы болды. Швейцария теологы, әрбір дін үшін ортақ гуманистік ережелер, моральдық-адамгершілік императивтер кез келген діннің негізін қалаушы постулаттары болып табылатындығын атап өтті. Бұл мәдени әмбебаптықтар әлем халықтарының тығыз бауырластығының тағы бір дәлелі, сонымен қатар бүкіл адамзаттың бірігуінің алғышарты болып табылады. Бұл дін қайраткері тарапынан жазылған және әлем діндерінің отырысында таныстырылған «Әлемдік этос декларациясы» әрбір адамға, оның қандай да бір конфессияға жататынына немесе тіпті әлемдік атеистік көзқарасына қарамастан барлығына бірдей бағытталған. Бұл құжат діни, сондай-ақ, атеистік дүниетанымдағы адамдардың да бірыңғай гуманистік көзқарастарын білдіреді, олар: әлемдік тәртіп үшін жауапкершілікті бірге бөлісу, әділеттілікті, бостандық пен заңдылықты сақтау, зорлық-зомбылық пен антигуманизмге қарсы тұру.

«Әлемдік этос декларациясының» іргетасы болып, әлемдік діни және этикалық ілімдердің көпшілігіне ортақ төрт адамгершілік заңы қарастырылады [1].

«Декларацияның» бірінші принципі – әрбір адамның азаматтық, саяси, гендерлік, діни, нәсілдік және т.б. ерекшеліктеріне қарамастан өмір сүруіне, жеке қауіпсіздігі, құқығы сияқты ажырамас өмір құбылысына деген құрмет болып табылады. Жеке адамға, сондай-ақ бүкіл адамзат өміріне төнген әртүрлі қақтығыстардың шарасыздығымен келісе отырып, оларды шешудің күшсіз, зорлық-зомбылықсыз жолын таңдау керек, жеке адамның психологиясына және физикалық бұзылуына әсер ететін, агрессивті және қатыгез мінез-құлық үлгісінен бас тарту қажет. Тұлғааралық қарым-қатынастағы бұл зорлық-зомбылықсыз мәдениет әдетте, қарсыласқа деген төзімділіктен, оның ынтасы мен көзқарасын түсінуге талпынудан, сенімдері мен құқығының айырмашылықтарына, түпнұсқасына деген құрметтен көрініс табады. Бітімгершілік және адамсүйгіш мәдениетті дамытудың мемлекеттік желісі, өз кезегінде, адам өмірін ең жоғары құндылық деп танудан және оны заңнамалық деңгейде қорғаудан, демилитаризациялау, қарулы қақтығыстарға қатысудан бас тарту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауды жақтайтын ұйымдарды қолдаудан тұрады.

«Әлемдік этос декларациясының» авторлары басты этикалық императивтердің бірі ретінде ұсынған өмірді құрметтеудің адамгершілік ұстанымы ғасырлар бойы көптеген қазақ және түркі ойшылдары тарапынан терең және мұқият қарастырылды. Қорқыт ата сияқты өмір мен өлімнің құбылысы туралы толғанған философтар, адамдарды жер бетінде лайықты өмір сүруге шақырды және өлімнің сөзсіз болуы адамның өз әрекеттері үшін жауапкершілігін күшейтетінін атап өтті.

Қазақ философиялық ойының дамуына іргелі негіз болған, оның этикалық идеяларын бойына сіңірген және қайта қарастырған түркі философиясының өкілі, толықтай этикалық бағдарламалық шығарма болып саналатын «Құтадғу біліг» поэмасының авторы Жүсіп Баласағұн, өмірдің мәнін жақсылық жасау және мінсіз өмір салтын ұстану деп анықтады. Оның көзқарастарына сәйкес, адам мәңгі өлместікке үміттене алады, бірақ оның физикалық қалпының мәңгілік болмысында емес, жақсы өмір мен ізгілікке лайық жақсы атының қалуымен көрініс табады:

180 Туған өлер, көрсен қалар белгісіз,
Сөзіңді ізгі сөйле, өлсең де өлгісіз!

Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:
Бірі – ізгі сөз, бірі ізгі құлығы!

Туған адам өліп сөзі қалады,
Өзі кетіп, ізгі аты қалады!

Тіршілікте келсе өзіңнің өлмегің –
Сөз, құлқынды жақсарт, онда, ей, бегім?!

Тілді сөктім, һәм мадақтап демедім,
Мұным – сөздің сырын ұқсын дегенім [2, 66 б.]

Аңыз-әңгімелерге сәйкес Қорқыт ата Мәңгілік өмірді іздеді, ол өзінің барлық шығармашылығымен, этикалық мұрасымен және өмірдің өлім мен зұлымдықтан үстем түсіп жеңіске жету мүмкіндігін, оларды жеңу – өнердегі (өлместік) мәңгі тірлік екенін өзіндік өмір жолымен дәлелдеді. Қорқыттың этикалық ілімінде адам өмірінің мәні жоғары, сондықтан оны азғындық әрекеттер мен жойқын ойлардың әсерінен сақтау және қорғау қажет. Адам өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруы шындықтың жақсы жаққа өзгеруі, өзінің өмірлік мақсатын іздеу және түсіну болып табылады. Шығармашылық мұра ұрпақтардың сабақтастығын жалғастыра отырып, эстетикалық және құндылықтық бағдарларды береді, тұлғаның өнердегі жеке даралығын ашуға ынталандырады.

«Әлемдік этос декларациясының» келесі ұстанымы ретінде авторлар әділ экономикалық тәртіптің қалыптасуы деп қарастырады. Қазіргі қоғамның басым көпшілігінің әлеуметтік ұйымының жетілмегендігі, таптар арасындағы әл-ауқаттың алшақтықтығына, жұмыс берушілердің тәуелді қызметкерлерге деген қанаушылық қатынасының күшеюіне және сыбайлас жемқорлық желілерінің тез кеңеюіне ықпал етеді. «Әлемдік этос декларациясының» авторлары, бір әлеуметтік құрылымдағы бай және кедей топтарының арасындағы қарама-қайшылық тек жалғыз материалдық байлық-

тың әділетсіз бөлінуімен шектеліп қоймайды, сонымен қатар қызғаныш, жеккөрушілік пен агрессияны тудырады, қоғамда қылмыстың пайда болуының катализаторына айналады деп атап көрсетті.

Шарасыздық адамдарды ұрлық жасауға және т.б. итермелеп қана қоймайды, оны көбінесе тұтынушылық психологиясын көтермелеуге бағытталған өмір сүруге тырысу, өмірде бар болуды мақсат ету, сәнді өмір салтына деген ұмтылыс сияқты үмітсіз қадамдарға итермелейді. Кюнг пен оның серіктестерінің пікірінше, бұл мәселелерді шешуге әлемнің көптеген халықтарына тән этикалық дәстүрлерге оралу көмектеседі: жетімдерге, мүгедектерге, қарттарға қамқорлық жасау және көмек көрсету. Көмекке мұқтаж адамдардың алдындағы жауапкершілік және олардың қорғалуы адамның бойындағы гуманистік бастаманы оятады, дамытады, жеке басының қызығушылығы мен қалауын материалдық құндылықтарды қабылдап, жинақтауға емес, рухани және этикалық жетілдіруге бағыттайды.

Бұл әлеуметтік және материалдық теңсіздік мәселесі, олардың теріс салдары қазақ философиясында да назардан тыс қалған жоқ. Қазақтың этикалық ойының шыңы және квинтэссенциясы болған Абай, өзінің философиялық шығармашылығында адамның қолда бар материалдық игіліктері мен байлықтарын пайдалану тәсілдеріне келесідей айқын сараптама береді: «Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзін ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниенен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы. Ол ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдаға тағырып хасил болып хас езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар? Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық»

деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер» [3, 98-99 бб.].

Абай байлықты осылай суреттей отырып, адамның материалдық байлығының болуы оның болжамды немесе рухани азғындығын растау фактісі емес екенін айтады. Сонымен қатар баудың қылмыстық тетіктерінен басқа, өзге де игіліктердің шығу тегінің мүмкіндігі болатынын, бұған халықтың қорғалмаған тобын пайдалану және кірістерді әділетсіз бөлу сияқты мәселелерді айта отырып, «Әлемдік этос декларациясы» авторлары да осыған назар аударады. Материалдық игілікті иелену азғын адамның міндетті атрибуты емес, ол адал еңбектің немесе табысты мансабтың ең сенімді іргетасы болып табылатын білім мен тәжірибені игерудің нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Сонымен бірге, ойшылдың пікірінше, білімді игеруге деген ұмтылыста жеке адам тек өзі үшін ғана баю мақсатын көздемей, керісінше, жалпыға пайдалы болу керек. Өнер, – дейді ұлы ойшыл, – жеке тұлғаның шығармашылық өзін-өзі тануында ғана емес, сонымен бірге шеберліктің, кәсіби дағдыларының жоғары деңгейімен де айқындалады, асқан шеберлікпен жасалған жұмыс еңбек қызметінен өнерге айналады. Алайда, өзінің кәсіби қызметінде осындай жоғары деңгейге көтерілу үшін білімді меңгеру, дағдылары мен ішкі, рухани әлемін жетілдіру қажет, оның құбылыстары осы жұмыс үшін шабыт көзі бола отырып, өз кезегінде, осы адам өнерінің нәтижелері пайдалы немесе пайдасыз екенін анықтайтын өмірлік бағдарды дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Адамның адамгершілік жағынан жетілуіне ықпалын тигізетін және қоғамға айтарлықтай пайда әкелетін өнер мен еңбекті, Абай сарқылмайтын байлық дейді, оған жетуге ұмтылу – рухани жетілген тұлғаның адамгершілік, терең саналы импульсі. Бұл құндылықтың сарқылмас табиғатын сипаттай отырып, ойшыл материалдық байлықтың тұрақсыздығы мен сенімсіздігін, мұндай қордың оңай таусылатынын, бірақ оны толықтыру оңай емес екенін басып айтады. Білім мен өнердің рухани игілігінің материалдық, мүлктік байлықтан айырмашылығы, адам өмірінің танымдық тәжірибесімен бірге дамып, соңына дейін сақталады.

Алайда, Абай айтқандай, мұндай рухани байлық тек бір ғана адамның игілігі, бөлінбейтін меншігі болмауы керек: әділеттілікті қалыптастыру және нығайту, гуманистік идеалдарды жүзеге асыру және ізгілік пен имандылықтың этикалық қағидаларын бекіту үшін білімді қолдану керек. Осылайша, өз игіліктерін өзіне немесе жалпы адамзаттың пайдасына жұмсай алмайтын, білім мен өнерді өз құндылығынан айырған дарынды адамды өте сараң адаммен салыстыруға болады. Сол игіліктерге иелік ететін адам оны әлемге паш ете алмаса, олардың ғажайып және бірегейлігінен ешқандай пайда жоқ.

Абайдың адамгершілік философиясында жеке басының пайдасына, өркөкірек ниеттерін қанағаттандыруға бағытталған байлық қайырымды адамның табиғатына қайшы келеді, оның тұлға ретінде қалыптасуына және ұлы философтың «Адам бол!» деген негізгі этикалық тұжырымын сақтауға жол бермейді. Бірақ, Абай адамның моральдық-адамгершілік түзелуіне деген үмітін, өзінің өмірлік жолын қайта ойластыру мүмкіндігіне деген сенімдерін ешқашан жоғалтпаған, өзінің материалдық жеткіліктілігін, білім мен кәсіби дағдыларының құндылығы сияқты игі іс жасауға және бейтарап немесе теріс құбылыстарды оң нәтижелерге ауыстырып, мұқтаж адамдарға көмек көрсету үшін пайдалануға болатынын айтады. Мұқтаж адамдарға көмек көрсетудің бұл тұжырымдамасы «Әлемдік этостар декларациясының» авторлары айтқандай, дамуға үміттендіретін филантропиялық қызметтің негізіне жатады.

Абай философиясындағы бұл қайырымдылық көмекке жүгінуден көп нәрсені аңғаруға болады, қайырымдылық жасаушы адам өзінің материалдық байлығының бір бөлігін белгісіз, мұқтаж адамдарға табыстай отырып, өзінің қайырымдылық қызметіне іштей, рухани тартылады және сол іске жеке қатысады. Ойшылдың айтуынша, адамның өзі жақсылық жасап, қайырымды болғанда басқаларға деген шынайы жанашырлық пен түсінікті дамытуға ұмтылыс болады, өйткені жақсылық еріксіздіктен, ал қайырымдылық немқұрайлылықтан туындамайды.

Материалдық теңсіздік мәселесін алға тарта отырып, «Әлемдік этос декларациясының» авторлары халықтың тәуелді топтарының болуынан, кедей және материалдық тұрғыдан мұқтаж адамдардың

ауыр жағдайынан басқа, осы құбылыстың тағы бір жағымсыз жағына назар аударады. Бұл зиянды әсер қызғаныш деген қасиетке ие. Барлық игіліктер мен артықшылықтарды сезінбеген, өзінің өмір сүру қажеттіліктерін қарапайым қанағаттандырудан артық бармаған адам, мұндай мәселелерге мұқтаж емес адамдарға өшпенділікпен және жеккөрушілікпен қарайды. Алайда, Ганс Кюнг және оның пікірлестері, қажеттіліктен туындаған қылмыстармен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы соншалықты талмай дамитын, әр адамның қазіргі өміріндегі материалдық құндылықтардың маңыздылығын үздіксіз насихаттайтын менмендіктен туындайтын өзге де нәрселер бар екенін атап көрсетеді.

Әбден танымал болған артықшылықтарға қол жеткізе алмаған адамда, өз өміріне, жеке басына деген көңілінің толмаушылығынан табысты және бай адамдарға деген қауіпті қызғаныш сезімі оянады. «Әлемдік этикалық декларация» жобасының авторлары, бұл жағдайды бір-біріне деген сенімсіздіктен адамзаттың ажырауы, байланыстардың үзілуі, қылмыстың көбеюі сияқты өте үрейлі және қауіпті салдарлармен байланыстырады. Бұл мәселенің шешімін адамның ойлау қабілетін жаңғыртудан, тұлғаның моральдық-адамгершілік қасиеттерін жетілдіруден көруге болады. Мұндай мүдделер бағытын өзгерту үшін әлемдегі әртүрлі халықтардың философиялық даналығы мен дүниетанымдық тәжірибесіне сүйене отырып, әлемдік этикалық бағдарламаның бір бөлігін қалыптастыру қажет.

«Әлемдік этостың декларациясымен» бекітілген материалдықтан жоғары тұратын рухани басымдық қағидатының жарқын бейнесі ретінде қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай әсер еткен, оның философиялық мұрасының сан қырлы мұрагері болған түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнның идеясын алуға болады. Материалдық байлықты жинауға деген ұмтылысты мақсат еткендерді айыптай отырып, Жүсіп Баласағұн олардың адам өміріндегі салыстырмалы құндылығы мен пайдасыздығын ерекше атап өтеді:

5290 Көп қазна жима, алтын-күміспен,
Не болса да беріп, көппен үлескін.

Өлім тұтса, қалар кейін өзіңнен,
Ұл-қыз шашар жамандыққа көрінген.

Мал-дүниеден тірлігіңде арыл да,
Сауабын ал, қисап қуып сарылма!

Жақсы айтыпты, халық бегі-данасы,
Халық бегі – кісілердің сарасы:

«Қазна жиған дүние бегі, талдың ба...
Кел, өзіңнен кейін қазна қалдырма! [2, 485 б.]

Осылайша, поэтикалық түрде айтылған материалдық байлықтың өткінші екені автордың жаһандық этиканың тұжырымдамасында берілген идеяларды растайды: мақсатсыз жиналған және қорғалмаған нәрсенің ешқандай құндылығы жоқ, ол пайдасыз. Осыған қарамастан, мұндай бейтарап байлықтың көмегі жаман, сондай-ақ, жақсы әрекеттерді жасауға мүмкіндік береді, олардың бір бағытын таңдау адамға, оның моральдық тұтастығына және рухани даму деңгейіне байланысты.

«Әлемдік этос декларациясының» үшінші негізгі ұстанымы – авторлар адалдық пен төзімділік идеалдарына мойынсұну деп атайды, әлемнің әр түрлі халықтарының этикалық принциптеріне сәйкес оның барлық мүшелерінің шынайы және достық қарым-қатынастарына негізделген өркендеген қоғамның қалыптасуын көздейді. Жаһандану үдерістері адамзат қоғамдастығын, оның мүшелері арасындағы қарым-қатынасты және өзара әрекеттесуді жаһандық ауқымда кеңейтті, бұл өз кезегінде ақпарат, байланыс арналары мен хабарламалармен алмасу және тарату жүйесін жетілдіруді қажет етті. Қазіргі кезеңдегі ғылыми-технологиялық қызметтің табысты өнімдері адамзатқа осы бір қиын міндетті сәтті шешуге мүмкіндік береді. Алайда, бұл құбылыстың оң әсерлерімен бірге айтарлықтай теріс әсері де бар.

Қазіргі заманғы постиндустриалды қоғамда адам күн сайын үлкен көлемде ақпарат алады, оның көлемі үнемі артып келеді. Жетілдірілетін цифрлық технологияларды пайдалану және тара-

ту, медиа арналар желісін кеңейту және ақпараттық ресурстарға қол жетімділікті жеңілдету – осының барлығы алынған мәліметтер массивін мұқият талдауды қиындатады, зейіндікті әлсіретеді және соның салдарынан әділетсіз БАҚ, саясаткерлер мен кәсіпкерлердің қоғамдық сананы басқаруы, қақтығыстарды тудырып, шынайы құндылықтар жүйесін бұрмалауды жеңілдетеді. Осындай ақпараттық тұзақтардың алдын алу үшін шындықты өтіріктен ажырата білетін, жат мүдделерді таңуға қарсы тұра алатын бала кезден қалыптасып, дамып отыратын этикалық негіз қажет. «Өлемдік этос декларациясының» авторлары біз ақиқатты құрметтеуге және тұлғааралық қатынастардың адал және ашық мәдениетін қалыптастыруға, басқа мәдениеттерді құрметтеуге және әр қоғамдағы келісім мен ынтымақты нығайтуға тиіспіз деген сенімде. Авторлар адалдық пен төзімділік саясатына ерекше жауапкершілік саясаткерлерге, ғалымдарға, өнер қайраткерлері мен журналистерге жүктеледі деп санайды. Саясаткерлер өз азаматтарының сенімін ақтауға, шындықты айтуға және өз уәделерінде тұруға тиіс, сөз олардың өз пайдасы мен мансаптық жетістікке жетудің құралы ретінде қарастырылмай, ол халықпен адал қарым-қатынастың құралы болуы керек.

Жаратқан Тәңірдің шексіз шеберлігінің бір белгісі ретінде көру. Бұл шарт мультикультурализм және әлеуметтік плюрализмді әлемдік дамуға серпін беретін феномен ретінде тануды да қамтиды. Осылар адамзат көркеюінің ажырағысыз бір бөлшегі саналады. Кез келген адамның таңдау еркі бар. Таңдау еркі олардың автономиясының өзегін құрайды» [5]. Б. Барбердің көзқарасы бойынша, «толеранттық – адамзат игілігіне негізделген жүйе» [6].

Сөздіктерде толеранттыққа былайша анықтама береді: Толеранттық – түрлі көзқарастарға, моральдық құндылықтар мен әдеттерге деген төзімділік. Толеранттық – әртүрлі ерекшелігі бар ұлттар мен діндердің қарым-қатынасына қажетті құбылыс. Ол өзіне деген сенімділік пен өз ұстанымдарының қолайлылығын, басқаларға жағымсыз әсері жоқтығын түйсіне білу, басқа көзқарастармен салыстырулардан қашпайтын және бәсекелестіктен қорықпайтын, сонымен қатар, әртүрлі идеялық бағыттарға ашықтық таныту дегенді білдіреді [7]. Яғни, бұл жерде басқа көзқарастарға кеңшілік таныту қасиеті, өз ұстанымына деген адалдық пен сенімділікті игеру барысында қалыптасатын қасиет ретінде бағаланып тұр. «Өзіне жаны ашымаған, өзгенің бетін шиесей қылады» деген мақалда айтылатын ұлағат, толеранттық ұғымының мәнін ашып тұр деп айтуға болады. Саяси, діни, идеялық, ұлттық, мәдени т.б. құндылықтарды тұтыну барысында өзіндік болмыстық сипатына сай ерекшеліктерді қадірлей білгендер бұл айырмашылықтардың басқада формаларының салыстырмалы құндылықтық өлшемін сыйлай білетін, олармен өркениеттік өреде бәсекелестікке түсе білетін төзімділікке дағдыланады.

Философия тарихының дамуы барысында төзімділік идеясына көптеген ойшылдар назар аударды. Кейінгі Антика кезеңінде Әулие Августин, Жаңа дәуірде Барух Спиноза, Ағартушылық дәуірінде Монтескье, Вольтер, Руссо, Дидро толеранттық мәселесінің кең көлемде зерделенуіне атсалысты. Қайта Өрлеу дәуірінде алғаш толеранттық принципін философиялық ұғым ретінде қалыптастырған Н. Кузанский (1401-1464) екендігі айтылады. Бұл дәуірдің көрнекті өкілдері Э. Роттердамский («Ақымақтыққа мадақ»), М. Монтень («Мәнді өмір сүру өнері туралы»), Ф. Бэкон («Жаңа Органон»), Г.В. Лейбниц («Адам санасы

туралы жаңа тәжірибелер») еңбектерінде толеранттық идеясына басымдылық берді. Бұл кезеңде аталмыш термин тек басқа дінге төзімді болу деген мағынада ғана емес, сонымен қатар адамға, оның пікіріне, бөгде діни жоралғыларға құрмет көрсету деген сипатта да қолданылды.

«XVI-XVII ғасырларда Батыс және Орталық Еуропаның қоғамдық ой-санасында латынша «tolerantia» сөзінен өрбіген толеранттық ұғымы барлық еуропалық тілдердің сөздік қорына еніп болды» [2]. Толеранттық идеясы XVII ғасырда өткен ағылшын азаматтық соғысы кезінде маңызды орынға ие болды. Ағылшын революциясының көсемі Кромвель (1599-1658) әскерінің құрамын көптеген пуритандық секта өкілдері құрады. Олардың бірінің көңілін табу үшін міндетті түрде келесі бір көзқарастағы адамды немесе сектаны құрбандыққа шалу керек болды. Сол кезде оларды «Әзірге біздің көңілімізді қараңғылық басып тұрғандықтан сендердің дәлелдерің бізге, біздің дәлелдеріміз сендерге қараңғы болып тұр. Құдай көзімізді ашпайынша біз меңіреу қалыптамыз. Сондықтан әрбір дін ұстанушы бір-бірімізге құрметпен қарайық. Ақырын Құдай білер», - деп алғаш рет діни секталар арасында келісім орнайды. Бірте-бірте конфессиялардың біржақты төзімділігі өзара діни толеранттыққа, діни салт-жораларды еркін атқаруға, сенім бостандығына негізделе бастады. Діни көзқарастарға еркіндік берілуімен қатар оны сыйлауға, адамның сенім бостандығына құқықтық кепілдік көрсетуге қадамдар жасалды.

XVII-XVIII ғасырда философтар Б.Спиноза (1632-1677), Ж.Локк (1632-1704), П.Бейль (1647-1706), Ф.М.Вольтер (1694-1778), Д.Дидро (1713-1784), Г.Э.Лессинг (1729-1781) толеранттық ұғымының аясын кеңейтіп, оны адамның сеніміне, нанымы үшін күш қолданудан, мәжбүрлеуден тыю және адамның бір сенімнен шығып екінші бір сенімге өз еркімен кіруіне төзімділікпен қарау мағынасында қолдана бастады. Мемлекет пен шіркеу билігі өзара сыйластық пен толеранттық сананы қалыптастыруға әкімшілік, авторитарлық жолмен қол жеткізуге болмайтындығына көз жеткізді. Сөйтіп, дінді уағыздаушылардың билігіне шек қойыла бастады [8].

Осы дәуірге тән философтар арасынан Ж. Локк, И. Кант және Ж. Ст. Милль сияқты ойшылдарды айрықша атап өтуге тұрарлық. Жон Локк өз еңбектерінде көбінесе дін саласына байланысты түйткілді, күрделі мәселелерді қозғады. Толеранттық идеясын да діни төзімділік ретінде алғаш дамытқан Жон Локк болды. Локк «Діни төзімділік туралы жолдау» («Послания о веротерпимости») атты кітабында әр адамның діни еркіндігін басты орынға қоя отырып, бұл құндылықты тұлғаның табиғи және ажырағысыз құқығы деп таниды. Локк толеранттық теориясы негізінде адамды діни идентификациясына қарай шетке қағуды, жатсынуды айыптайды. Ж. Локктың «Діни төзімділік туралы жолдауы» 4 еңбектен тұрады. Бұлар сәйкесінше 1689, 1690, 1692 және 1706 жылдары басылып шықты. Осы еңбекке енгізілген хаттар XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы дәуірінде діни төзімсіздік саясатын ұстанып, мемлекеттік ағылшын шіркеуі өздерінің сенім жүйесін қабылдамаған нонконформистерді қуғын-сүргінге ұшыратып жатқан кезде жазылды. Локк ағылшын шіркеуінен іргесін аулақ салған басқа христиандық ағымдарды жақтап, діни төзімсіздік пен фанатизмге, клерикализм мен теократияға қарсы шықты. Сондықтан барлық ел азаматтарына діни еркіндік берілуін, діни ағымдардың тең құқылы болуын талап етті. Осы тұрғыдан Локктың көзқарасы қоғам мен мемлекет дамуының консенсустық моделіне жатады. Ол қоғамдық келісім мен тұтастықтың бұзылмауы үшін діни төзімділікті маңызды қалып ретінде танытуға тырысты. Бірақ бұл қағидалардың да кемшін тұстары бар еді. Мәселен онда барлық азаматтар мен діни ұйымдардың теңдігі насихатталғанымен, тұлғалық және діни ерекшеліктер, идентификациялық сипаты назардан тыс еленбей қалды. Теңдік, бірдей болу, әділдік ұстанымдары мәжбүрлі түрде жүзеге асуға тиісті шаралар болып саналды. Ол бұл қағиданы сол кезеңде Еуропадағы өршіп тұрған діни алауыздықты тежеп, бейбітшілік орнату мақсатында пайдаланды.

Жон Локк идеялары француз ағартушысы Вольтер тарапынан жоғары бағаланды. Вольтер де өзінің еңбектерінде ұдайы толеранттық тақырыбын қозғап, оның концептуалдық-функционалдық платформасын дамытуға көңіл бөлді. Мәселен,

«Философиялық хаттар» (1734), «Энциклопедия мәселесі» (1772) және «Толеранттық туралы трактат» (1763) деген еңбектерінде ағартушы мемлекет пен дін қатынастарына назар аударып, оның негізгі ұстындарының бірі ретінде толеранттықты алға тартады. Оның өмір сүрген кезеңі Европадағы протестантизм мен католицизм арасындағы кикілжіңнің мейлінше артқан уақытына сәйкес келді. Сондықтан Вольтер еркіндік және теңдік ұстанымдарын ең басты құндылық ретінде жариялап, діндер арасындағы төзімділікті қоғам дамуының басты алғышарты ретінде алға тартты. Вольтер діни фанатизм мен фундаментализмнің адам және қоғам өміріне зияндыжақтарын айқындау үшін Европа мен Азиядағы діни дәстүрлер мен наным-сенімдерге жүгінді. Осы орайда оның «Өмірде бақыттың кепілі әділеттілік, ал кілті кішіпейілділік (Бұл сөзді Вольтер көбінесе төзімділікке балама ретінде қолданған)» деген қанатты сөзі кеңінен танылды.

Неміс ойшылы Иммануил Канттың толеранттық ұстанымының жаратылыстану-құқықтық концепциясы – нормативті рационализм сипатында жарыққа шықты. Бұған сәйкес адамның бәрі игілікке жетуге құқылы, ал тұлғаның дербес құқығын сақтаудың арқасында жүзеге асқан қоғамдық әділдік – бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің негізгі кепілі болып саналды. Канттың бұл саладағы көрнекті еңбектеріне «Мәңгілік әлемге қарай», «Практикалық зердеге сын» және «Көңіл-күй метафизикасы» жатады.

Толеранттықтың моральдық императиві оның бейғамдық және бірдейлік атты қасиеттерін алып тастайды, ол қарым-қатынастағы субъектілер арасындағы елеулі айырмашылықтарды (келісім, достық пен махаббат) назарға алмайды. Канттың толеранттық қағидасына сәйкес субъект басқа біреумен арадағы айырмашылыққа келіспесе де, өзінің моральдық парызын орындауы тиіс. Сонымен қатар толеранттық бұл субъект төзімділік объектісін басу үшін күшке ие болған жағдайда немесе оның қалыпты тіршілік етуіне кедергі келтіру мүмкіндігі қолға тиген кезде шығуы тиіс деген пікір шындыққа жанасады. Алайда «өзі үшін нормадан ауытқу болып көрінген құбылысқа келіспейтіндігіне қарамастан, толерантты субъект толеранттық императивін сақтай отырып, оның өмір сүруіне кедергі болмайды». Толеранттық «өзіне

қолайсыз және жат ұстанымға, құбылысқа қарсы келмеу» ретінде автономды субъектінің тәуелсіздігін мойындауға негізделеді. Осылайша жаратылыстану-құқықтық концепцияға сәйкес толеранттық бір адамның басқа біреудің құқығын тең дәрежеде қабылдағанда көрініс табады [9]. Алайда Канттың концепциясында бұл құқық толеранттық пен интолеранттық арасындағы айырым критеріі ретінде де қолданылады.

Ағылшын либерал философы Жон Стюарт Милльдің (1806 – 1873) «Бостандық туралы» эссесінің жарық көруімен толеранттық теориясында елеулі бетбұрыс басталды. Ол толеранттықтың утилитаристік моделін қалыптастырды. Милль бұл мәселеге индивидуализм тұрғысынан қарай отырып, адам әрқашан өз ойын еркін білдіруге құқылы деген идеяны алға тартады. Бұл тұжырым оның толеранттық теориясының негізін құрайды.

XIX ғасырда толеранттық ұғымы либералды философияның соқпағына түсіп, әрі қарай дами түсті. Мұнда толеранттық сөз бостандығы ретінде пайымдалды. Қоғамда оппозицияның пікірлері немесе көзқарастары, сындары барлығы төзімділіктің негізгі мазмұнына сәйкес келеді. Осылайша Еуропада XVI ғасырда бастау алған толеранттық ұғымы уақыт өткен сайын арнасын кеңейтіп, кейінгі азаматтық қоғам құндылығының басты адамгершілік принципі ретінде ағартушылар тарапынан барынша қолдауға ие болды. Еуропада зайырлылық ұстанымына негізделген мемлекеттік модельдердің құрылуы да осы категорияның қоғамдық ғылымдарда және саяси үдерістерде кең талқыға түсуімен байланысты көрініс тапты [5].

XX ғасырда бірте-бірте бұл ұғымның мағынасы кеңейіп, адамдардың ережеге сай келмейтін мінез-құлықтарына көз жұмып қарауды білдіру үшін де жұмсала бастады. 1995 жылғы 16 қарашада ЮНЕСКО-ның «толеранттық принциптеріне» арналған Бас конференциясында толеранттық ұғымына байланысты қаулы қабылданып, онда төзімділік (толеранттық) «біздің әлеміміздің аса бай көптүрлі мәдениетіне, өз-өзін таныту формаларына және адамның жеке даралығын көрсету әдістеріне құрметпен қарау, қабылдау және дұрыс түсіну» мағынасында көрсетілді. Декларацияға сәйкес, адамдар табиғатынан сыртқы келбеттерімен,

беделімен, сөйлеу мәдениетімен, тәртібімен, құндылықтарымен ерекшеленеді және бейбітшілікте өмір сүру, өзінің даралығын сақтап қалу құқығына ие [10]. ЮНЕСКО шешімімен 16-қараша толеранттыққа арналған Халықаралық күн ретінде белгіленді.

БҰҰ жарғысына сәйкес «толеранттық – азаматтардың төзімділік көрсету арқылы бірлікте өмір сүріп, тату көршілер ретінде бір-бірімен бейбітшілікте тіршілік етуі». Бұл жерде төзімділік түсінігі қоғамдық белсенділік сипатында ғана емес, әлеуметтенудің (социализация) маңызды шарты болып айқындалып тұр. Қоғамдық қатынастардың жағымды интеграциялануының басты құндылығы саналып, өзіңмен ғана емес қоршаған әлеммен, адамдар тобымен үйлесімділікте ғұмыр кешудің негізгі сипаты ретінде қарастырылған [11]. Ал, ЮНЕСКО декларациясында толеранттық – саяси, діни, ұлттық және басқа да қоғамдық топтардың үйлесімді тіршілігін қамтамасыз ететін азаматтық қоғамның негізгі әлеуметтік қағидасы мен құндылығы, әр тұлғаның бірегейлігінің құқықтық көрінісі, әлемдегі мәдениеттердің, ұлттардың ерекшеліктеріне құрмет көрсету ретінде түсіндіріледі. Демек толеранттықты мәдениеттерде, діндерде, ұлттық тұрпаттарда көрінетін дүниенің сан алуандылығына деген сүйіспеншілік деп қабылдасақ болады. Алайда мұнда бір шектеудің бар екенін естен шығармаған жөн: бұл сан алуандылық адамзаттық ортаның жалпы мойындалған нормаларының шегінен шықпауы тиіс. «Толеранттық қағидатсыздық дегенді емес, мәмілеге келуді көздейді. Мұнда Августиннің: «басты мәселеде – бірлік, даулы мәселеде – еркіндік, барлық мәселеде – сүйіспеншілік» деген сөздерін еске алу артық болмайды» [12]

Толеранттыққа қатысты алуан түрлі пікірлер мен көзқарастарды тұжырымдай келе байқайтынымыз, толеранттық адамдардың бір-бірлеріне қарсы жасаған кейбір жаман қылықтарына, ұсақ-түйек кемшіліктеріне, кейбір кереғар сияқты көрінген ұстанымы мен сөздеріне, әртүрлі сенім, пікір, дүниетаным және сезімдерге, әртүрлі мәдениет және дәстүрлерге түсінікпен, төзіммен қарау, шамасы келгенше, елемеу, оған қарсы шықпау, біреудің жаңсақ істерін бетіне басып ұялдырмай, түсіністік танытып, оның қатесін түзеуіне мүмкіндік беру, кінәліге қарсы қаталдық көрсетпей,

жұмсақтық көрсету, барлығына бірдей тәтті тілді, жайдары жүзді және кең жүректі болуды білдіреді.

Жаһандану дәуірінде поликонфессионалды һәм мәдени алуандылық негізде дамып бара жатқан Қазақстан қоғамында ұлтшылдық пен аса қатігез діни төзімсіздік құбылыстарының орын алмасы үшін толеранттық мәселесін батыстық қалыпта тек құқықтық тұрғыдан шешіп тастау мүмкін еместігін мойындауымыз керек. Себебі, қоғам өмірі сан алуан сипатта өрбиді. Сондықтан толеранттық табиғатының рухани қырына мән берген жөн.

Жоғарыда келтірілген мысалдарды сараптай отырып, толеранттық ұғымының мәнін екі қалыпқа салып қарастыруға болады. Ол батыстық және шығыстық. Батыстық қалыпта толеранттық ұғымы прагматикалық ұстанымдарға сәйкес қоғамдағы түрлі топтар мен ұлттық азшылықтар арасындағы келісім, компромисс, консенсус көрінісінде саясаттың әлеуметтік-мәдени мазмұнын айқындаушы қызметті атқарады. Яғни, қоғамдағы тұрақтылықты қалыптастырушы. Сондықтан, мұны саяси толеранттық формасы деп атаған жөн. Екіншіден, толеранттық қағидасының еуропа тарихындағы тәжірибесінен байқағанымыз бұл діни үдерістерден бастау алатын қоғамдық құбылыс.

Ал шығыстық қалып ол ежелден қалыптасқан адамгершілік-моральдық қағидаларға сүйенген. Ондағы негізгі принциптер – құрмет, ізгілік, сүйіспеншілік. Осы қасиеттермен жеке тұлғаны тәрбиелеу. Бұл – педогогикалық толеранттық формасына жақын келеді. Қорыта айтқанда батыстық діни-философиялық ойлау қалпы бойынша адам қоршаған әлемді өзгерту арқылы өзі де өзгеріп, тұрақтылық пен үйлесімділікке қол жеткізе алады. Ал, шығыстық дүниетаным өзегінде өзін рухани кемелдену арқылы ғана адам әлемді өзгертіп, қоғамның дамуына ықпал етеді алады деген дүниетанымдық ұстаным бар.

II. Қазақстандағы толеранттықтың ортақ құндылық ретіндегі маңызы

Посткеңестік жаңа мемлекеттер үшін азаматтардың діни, мәдени тұтастығын, толеранттылығын қалыптастыру – ішкі саясаттың аса маңызды міндеті. Қазіргі заманда геноцид, халықтарды күштеп көшіру, ассимиляция, аз ұлттардың өз

мәдениеттерін сақтау туралы талаптарын ескермеудің қауіпті һәм қолайсыз саясат екені дәлелденді. Ал, қоғамның мәдени тұтастық табуы азаматтардың санасында ортақ символдар, ортақ құндылықтар, бірдей білім мен бірегей тәрбиені нығайту арқылы ғана іске асады. Ш. Монтескье «Адамдар бір-біріне бауыр екенін сезіну үшін олар әлеуметтік-мәдени тұтастыққа келуі керек», - дейді [13]. Оның пікірінше республика азаматтары мемлекеттілікті нығайту үшін патриоттық сезімді, бұқаралық мейрамдарды, бүйректен сирақ шығаратындарға салынатын тыйымдарды, тіпті болмай бара жатса ортақ дінді уағыздау арқылы бір халыққа айналады.

Қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығы, ең алдымен, адамдардың көзқарастарыменнаным-сенімдерінің жақындығымен, идеалдар мен құндылықтардың ортақтығымен анықталады. Бұл бойынша негізгі құндылықтар кез-келген идеологиялық доктринаның өзегін құрайды. Сондықтан мәнді құндылықтар іргетас саналады. Сол себептен қысқа мерзімде қалыптаса салмайды. Олардың құндылыққа айналуына көп уақыт кетеді [14]. Адам тұлғасын құндылықтарға, мақсат пен міндетке баулу ерте жастан басталады. Сондықтан бала кезден ойындағы және шынайы өмірлік жағдаяттар арқылы ХХІ ғасырға тән «Жақыныңа өзіңнен де жақсы қара» деген үндеу мен қағидаға сәйкес келетін төзімділік императивтерін қалыптастыру өте маңызды сипатқа ие. Осы тұрғыда Қазақстандағы БАҚ-тарға артылар міндеттің де салмағы ауыр болмақ. Олар барынша ұласпалы мәдени-тәрбиелік саясатты жүзеге асыруға тиісті. Бұл жерде жоғарғы құндылықтарды қазақстандықтар санасына мәжбүрлеп ендіру емес, ақпараттық мазмұнды іс-шараларды тыңдаушыларға, оқушыларға, көрермендерге жоспарлы түрде, гуманитарлық бағытта жүргізу. Шынайы адами сезімдерді, қасиетті, құндылықтарды осы жолмен дамытып, жетілдіру өз жемісін береді.

Қазақстанда қазір мақсат-құндылықтар анықталып жатыр. ҚР ҰҒА-ның философия және саясаттану институтының 1996 жылғы мәліметтері бойынша қазақстандықтар қалайтын мақсат-құндылықтар төмендегідей. Бұл құндылықтарды сипаты жағынан ғалымдар үшке бөліпті:

1) әлеуметтік кепілдіктердің қамтамасыз етілуі, республикамыздағы бейбітшіліктің тұрақтылығы, отбасының тұрмыстан тарықпауы, денсаулықтың жақсы күтімі, жалақысы жарытымды жұмыс орындарының молаюы, ұлттық бірлік.

2) азаматтардың құқы мен бостандығының қорғалуы, экологиялық қауіпсіздік, жеке тұлғаның саяси-экономикалық тәуелсіздігі.

3) Қазақстанның тәуелсіздігі, қос азаматтық, кәсіпкерліктің өркендеуін мемлекеттің тұрақты қолдауы, әр азаматтың билікке араласуына толық жағдайдың тууы [15].

Қара халық қалайтын құндылықтар өз алдына бір төбе. Олар да демократия қағидасы бойынша қастерлі саналады. Осы ретте айтарымыз: Қазақстан халықтарының құндылықтарының қалыптасуына мемлекет шешуші ықпал жасауы керек. Халық көңіліндегі бұл мақсат-құндылықтардың бәрін болмаса да, көбін мемлекет те қолдайды. Қолдай отырып құрал-құндылықтарды белгілейді. Олар: индустриалды-нарықтық экономиканы қалыптастыру, осындағы барлық ұлттардың тілдерін, мәдениеттерін дамыту арқылы қоғамдық тұрақтылықты нығайту, ұлттардың рухани мұрасын, тарихи жадысын сақтау, жеке тұлғаның еркіндігін қамтамасыз ету, демократиялық реформаларды тереңдету. Аталмыш институт ғалымдарының пайымдауынша еліміздегі ұлттардың арасын ашатын зиянды факторлар: әсіре ұлтшылдық идеологиясы, бюрократиялық жүйенің нашар жұмысы, діни қағидаларды бұрмалап түсіндіру, қылмыстың, жұмыссыздық пен жемқорлықтың көбеюі. Осылармен күрес те құрал-құндылықтардың қатарына жатады.

Қоғамның ұлттық идентификациясын қалыптастыру ортақ мақсат-құндылықтар және құрал-құндылықтарды насихаттау арқылы жүреді. Философия ғылымдарының докторы, профессор Р.Қ. Қадыржановтың пікірінше қоғамның тұтастығы төмендегі мәселелерге көзқарастар бірлігімен бекиді:

1) Жұрт үшін саяси жүйенің беріктігі, яғни оның сыртқы жаулардан қорғану қабілетінің жоғарылығын төтенше қажет деп білуі. Бұл – елдегі бейбітшілікті, ел мен жерді қорғаудың жұрт санасында ортақ құндылық болып қалыптасуына ықпал етеді. 2) Саяси жүйенің ішкі тұрақтылықты сақтауға қабілетін

жоғарылату. Мұның ішіне а) қоғамның мәдени базисін нығайту, яғни тіл, дін, діл, ғылыми-техникалық ақпарат, білім, тарихи жады бірлігін қалыптастыру; ә) «а» пунктінде көрсетілген құндылықтардың ел екінші басқару жүйесіне ауысқан жағдайда да өзгермейтін беріктігін қалыптастыру; б) мемлекеттің тәуелсіздігі құндылығы, яғни адамдар саяси жүйені өз өмірінің кепілі санауы; в) билік легитимділігінің жоғары болуы. Саяси жүйедегі «ойын ережелерінің» әділдігіне халықтың сенуі [16].

Осы құндылықтарды ескерсек кез-келген қоғамның негізгі мақсат-құндылықтары мынадай болып шығады. Әуелі, мемлекеттілік, яғни, тәуелсіздік. Екінші, мемлекеттілің территориялық тұтастығы. Жердің, туған елдің мемлекетті мекендейтін барлық ұлттарға қасиетті топырақ болып саналуы. Осы киелі топырақтың қорғалуы. Үшінші, мәдениет тұтастығы, яғни тіл мен дін, тарих пен білім бірлігі. Төртінші құндылық – демократия. Яғни, елдің саяси-экономикалық дамуы. Қазақстанның мемлекеттік саясатында көрсетілген мақсатжәне құрал-құндылықтар осы аталған әмбебап құндылықтардан шығып жатыр.

Қазақстандықтардың бір ұлтқа айналуы примордиалистік менталитет өкілдері саналатын халықтардың әлеуметтік ортасында мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан, қазақстандық халықтың мемлекеттік мәдениеті қазақ мәдениетінің негізінде қалыптасуы керек. Сондықтан, біз әдебиетте, кинематографияда, телеарналардағы жарнамаларда т.б. насихат құралдарында қазақ халқының адамсүйгіш, қонақжай, әділ, бейбітшіл, бауырмал қасиеттерін, гуманистік салттарын, әдепті әдет-ғұрыптарын әрқашан әспеттеп, басқа халықтарға танытып отыруымыз керек. Бұл үшін мемлекет ірі һәм кәсіби продюссерлік агенттіктер құрып, арнайы танымдық хабарлар сериясын дайындап, түсірілетін фильмдердің сценарийлеріне конкурстарды тұрақты түрде өткізіп отырғаны жөн. Бұл идеологиялық жобаларды іске асыру коммерциялық жағынан тиімсіз, шығыны мол болғанымен, Қазақстан халқының бірлігін нығайтуда, болашақ ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойына қазақы құндылықтарды сіңіруде ықпалы орасан. Қазақтың жанын түсінсе, мұндағы өзге ұлттардың оған деген құрметі міндетті түрде

артады. Өйткені, дәл қазақтікіндей жүрек қозғайтын жомарттық, ақ пейіл көпшілдік басқа халықтарда сирек кездеседі.

Біздің шығармашыл тұлғалардың мойнына артылатын аса жауапты міндет – қазақ халқының ұлттық имиджін жалпықазақстандық бейнеге айналдыру. Бұл міндетті іске асыруда жалпыадамзаттық құндылықтардың қазақ салтындағы көріністерін насихаттау тиімді нәтиже береді. Қазақтардың ұлттық психологиясындағы адамзаттық құндылықтар: «бауырмалдық», «шаңырақ киесі», «ата-ананың қарызы», «кенже ұлдың парызы», «үлкен ұлдың жауапкершілігі», «жылу жинау», «асар», «қыз бен жігіттің берік уәдесі», «әділдік», «ер азаматтың халқына қайырымы», «қазақы, адал ғашықтық», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманды қадірлеу» т.б. мұраттар. Мұның үстіне қазақ халқы мен орыс ұлтының Қазан революциясына дейінгі өмір салттары: орыстардағы жерді қауымдасып пайдалану мен қазақ қоғамының елдік-рулық құрылысы бір-біріне ұқсас. Өмір сүрудің бұл тәсілдері екі халықтың ұқсас құндылықтарды қолдағанын білдіреді. Олар: ұжымдық өмір, адамдардың бір-біріне көмектесуі, көптің алдындағы жауапкершілік.

Мұны айтып отырған себебіміз, бізге ендігі заман ұлттық мінездердің ерекшелігін баса көрсетуден гөрі жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың табиғатының бір екенін дәлелдеу тиімді. Өйткені, жалпы адамзаттық құндылықтар Қазақстандағы түрлі ұлыстарды біріктіреді. «Ақиқат», «әсемдік», «әділдік», «еркіндік», «бейбітшілік», «махаббат», «теңдік», «егемендік», «адам құқы», «пікір алуандығы», «адамдардың саясатқа араласу құқы», «бөгде дінге төзіммен қарау», «ұлттардың өзіндік болмысын сақтау», «қару қолданбау» сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар Қазақстанның мемлекеттік идеологиясына айналуы тиіс. Дегенмен, еркіндік, бостандық идеяларының шегі мен шегін дәл анықтау керек. Еркіндік астамшылыққа, астамшылық есерсоқтыққа ұласса бұдан біз ешқандай пайда көрмейміз. Сондықтан, жас ұрпақтың бойында жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар ұлттық инабаттылық дәстүрлері болуы керек. Жеке бастың шектен тыс еркіндігі хаосқа ұласып, ел ішін ыдыраңқылық жайласа мемлекеттің гүлденуі

екіталай. Сондықтан, ұлттық құндылықтарды жалпы адамзаттық құндылықтармен үйлестіру – идеологиялық стратегиямыздың басты мақсаты болуға керек. Өйткені, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында ұлтына, нәсіліне, жынысына, дініне қарамастан жеке тұлғаның мүдделері қорғалады. Ал, мемлекет, ұлт мүддесі жеке адам мүдделеріне негізделуі тиіс. Жеке адамның құқы бұзылған жерде ұлт мүддесінің баянды болмайтыны белгілі. Сондықтан, әр түрлі ұлт мәдениеттерінің жақындасуы бұл мәдениет өкілдерінің жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруіне тәуелді. Мысалға, «ешқандай зорлық түрлерін қолданбау» деген құндылық мораль немесе дін қағидасы ретінде насихатталса, қоғамда «төзімділік», «ар-ождан», «өзара құрмет» сияқты ұлтаралық татулықтың аса маңызды ережелерін орнықтырады.

Жерси Смолич негізгі құндылықтар арқылы ғана әлеуметтік топтар белгілі бір мәдени қауым ретінде ерекшеленетіндігін, егер өздерінің осы негізгі құндылықтарын жоғалтса, мәдени қауым ретінде жойылатындығын атап көрсетеді [17]. Осы негізгі құндылықтар (тіл, мәдениет, ұлттық тарихнама және ұжымдық сана) бүлінсе, халықтың бірегейлігі қатерге ұшырайды. Сондықтан Қазақтан тәуелсіздігін алған уақыттан бастап елдегі басқа этностардың мүддесімен санаса отырып, өзінің ұлттық және мемлекеттік құрылысын қалыптастыруға көшті.

Қазақстандағы ұлттық идентификацияны қалыптастырудың шешуші факторлары – тіл бірлігі (индивидуалды билингвизм немесе қазақ тілінің де-факто мемлекет тіліне айналуы), діни келісім (дәстүрлі ислам мен православиенің өзара келісімі), толеранттық, миграция мен демографиялық процестермен (оралмандарды әкелу мен бала тууды қолдау). Осы құндылықтармен қатар бірегей индустриялық жоғары мәдениеттің қалыптасуы да шешуші факторлардың бірі. Ортақ нарықтық кеңістік пен бірдей кәсіптердің, ғылым-білім, техника стандарттарының, біртұтас заңдардың, бірдей тұтыну талғамының, индустриалды өндірістің ортақ ұғымдары мен ережелерінің, ортақ тілінің болуы Қазақстанның индустриалды мәдениетін өмірге әкеледі. Осы жоғары мәдениет ортақ азаматтық мәдениеттің негізі болуы керек. Өйткені, индустриалды қоғам мүшелерінің іскерлік, сауда-саттық т.б. қаржылық-

экономикалық қатынастары өте жиі болатындықтан, мұндай қоғам кедергісіз коммуникацияға (тіл мен білім бірлігіне) мұқтаж. Әзірге бізде жаппай меншік иелерінің (шағын зауыт, ресторан, фирма, фазенда т.б. иелерінің) қоғамы қалыптаса қойған жоқ. Сондықтан, азаматтардың шаруашылық пен экономикадағы, саясаттағы жауапкершілігі төмен. Жұрт әзірге нарықтық қатынастардың құндылығын түсіне бермейді. Егер Қазақстан азаматтарының әрқайсында жеке өндірісі мен дербес шаруашылығы болғанда өндірістік қарым-қатынас субъектілері көбейіп, қоғамның экономикалық интеграциясы тереңдейтін еді. Осы кезде өндірістік мамандықтарды жұрт жаппай игеріп, білім жүйесі азаматтық ортақ мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралына айналар еді. Ұлттың конструктивистік тұжырымдамасын жасаған Эрнест Геллнердің айтуынша осындай ортақ коммуникацияға мұқтаж болатын индустриалды қоғамда әсіреұлтшылық, ксенофобия біршама әлсірейді. Өйткені, меншік иелері қоғамында адамдардың стандартты білімі тереңдеп, саяси-экономикалық жауапкершілігі жоғарылайды. Білімді һәм әлеуметтік жауапкершілігі жоғары адамдар «біз» және «бөтендер» деп бөлініп алып, бет жыртысуды ерсі санайды. Әмбе индустриалды қоғамның өндірістегі, тауар тұтынуудағы, білім берудегі, ақпарат таратудағы жалпыұлттық стандарттары сол елдің азаматтарының ішкі мәдениетін бір-біріне жақындатады. Ұлттар мен ұлыстарды мәдени-азаматтық тұтастыққа мәжбүрлегеннен гөрі азаматтарды индустриалды қоғамның стандарттары арқылы жақындату ұлттық-азаматтық бірлікке әлдеқайда берік негіз жасайды. Өйткені, индустриалды қоғам құндылықтары, мысалға, адамдардың ортақ өмір сүру стилі, бірдей технологиялар мен тұтыну тауарлары, стандарт кәсіптер, ортақ өндіріс иерархиясы, біркелкі демалыс түрлері, бір техника мен өндіріске қажет стандарт машықтар сол мемлекетті мекендейтін ұлттардың басын біріктіретін біртұтас индустриалды мәдениетті құрайды.

Материалдық және материалдық емес мұраны және мәдени алуан түрлілікті сақтау – жаһандануға адамгершіл әрі демократиялық келбет үстемдінің ең тиімді құралдары. Мәдениет пен білім беру, әсіресе, жанжалдардан кейінгі жағдайда, бейбітшілікті

сақтаудың, төзімділікті нығайтудың, әрбір адамның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеудің ең тиімді құралдары саналады. Бұл тұрғыда Қазақстан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың арқасында үлкен серпіліс жасады.

Жакоб Ньюснер мен Брюс Чилтонның «Әлемдік діндердегі діни толеранттық» еңбегінде діннің күші іргелі дүниетанымнан туындайтын бір-бірімен өзара бәсекеде өмір сүріп, әр дінге тән ерекшеліктеріне қарамай иін тіресіп көрші тұру деп тұжырымдаған [18]. Демек әр дін жақсылық жасауда жарыса білсе – діни толеранттықтың кілті.

Ғалым Аяжан Сағиқызының пайымдауынша, жаңа ғасырда біз қоғамда болып жатқан өзгерістерді терең түсінуге зәруміз. Сұхбат, төзімділік және өзгешеліктерге құрметпен қарау өздігінен бағалануы тиіс құндылықтарға айналуы тиіс [19]. Демек Қазақстандағы толеранттықтың ортақ құндылық ретінде мығым тұғырға шығуы – рухани тұрақтылықтың азығы.

Бүгінгінің жаһандық ұстанымы: жаңа гуманизм, яғни білімге, төзімділікке, барша адамдардың білім алудағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, ақпаратты алудағы бірдей мүмкіндіктеріне негізделген әділ әрі гүлденген қоғамды құруды көздейтін еркіндік рухы. Ал басты міндет – дағдарысқа адамның қадір-қасиетін, адамның құқығын, білім мен мәдениетке бәрінің бірдей қол жеткізе алуын экономикалық және саяси ойлаудың негізіне алатын демократиялық әрі адамгершіл әлемді құруға мүмкіндік ретінде қарау. «Жаһандану үрдісінің ұлттық идентификацияға және құндылықтарға әсері» атты мақаламда: «Қазақстан халқының маргиналдануын экономикалық-әлеуметтік дағдарыс, бір жүйеден екінші жүйеге өту процесі және ауыл халқының қалаға жаппай көшуі күшейтіп отыр. Осының кесепатынан Қазақстан жастарының бойындағы этникалық құндылықтар жойылуда және олар бұқаралық мәдениетті де тез қабылдауда» [20] -деп тұжырымдадым. Себебі, рухани қайыршылыққа түскен адамның бойынан білімге, кәсіп игеруге, салауатты өмірге деген ықыластың жойылып кететіні белгілі. Бұл жағдай әлемдік көлемде де қарқынды жүріп жатыр. Болашақта маргиналдану процесі баяулағанымен, жалпы жалғаса бермек. Маргиналдар

қазір қай дамушы мемлекетте болмасын халықтың негізгі бөлігі. Өз өміріне риза емес, билік басындағыларға деген өшпенділігі асқынған азаматтарға көбінесе геосаяси мақсат көздеген радикалды саяси күштер мен экстремистік діни ұйымдар үйір болады. Сондықтан, жаһанданудың экономикалық, мәдени ықпалы ұлттық мемлекеттердің саяси егемендігін шектеп, ішкі саяси тұрақтылығын сақтауда дербестіктен айыруда деп бағалауымызға болады.

III. Жаһандық этика мен диалогтың қалыптасу үрдісі

Интеграциялық үдерістерге тартылған Орталық Азия халықтары ұлттық консолидацияға ұмтылып келеді. Осы аймақтағы халықтардың бірегей рухани бастауларға негізделген диалогы саяси тұрақтылыққа жол аша алады. Бұл диалогты қалыптастыру, әрине, өте қиын – бұл тіпті де өнер емес, гуманизм, демократия, толеранттық, әділдік, теңдік пен мейірім сияқты принциптерге негізделген тұтас бір ғылым. Тек осындай – терең және нақты еуразиялық диалог қойылған міндеттерді шешудің жолдарын ұсына алады. Әсіресе Қазақстан диалог стратегиялары бүгінгі таңда әлемдік қауымдастыққа танымал болып отыр. «Өркениеттер диалогы мен әріптестігі», «әлемдік және дәстүрлі діндердің диалогы», «заманауи еуразияшылдық моделі», «дінаралық келісім моделі» сияқты стратегиялар түркітілдес мәдени кеңістікте сәтті жүзеге асады. Өйткені мұнда толерантты сана-сезімнің қалыптасуы үшін қажетті сұхбат мәдениеті бар. Осының бәрі исламдық Шығыс пен Батысты біріктіретін бейбітшілік миссиясы үшін бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде танылған. Бірақ өзінің мәдени-рухани болмысын, салт-дәстүрі мен ұлттық ділін сақтай білгендіктен, басқа мәдениеттер әлемімен де коммуникация орнатуға қабілетті. Қазақстанның диалогтық саясатының мәні толеранттық философиясы мен толерантты адам типін қалыптастырумен түйінделеді. Адамның жеке бас құндылығы мен мәдени-діни егемендігін сақтауға кепілдік беретін бұл модель «Homo tolerantis» деп аталады [21].

Қазақстан ел тұрғындары мен қоғамдық өмірді ымырашылдық, татулық аясында біріктіріп, азаматтық және этномәдени мо-

дель дилеммаларын шешуге талпынып келеді. Бұл стратегия, бір жағынан, өзінің жемісін де беріп үлгерді. Қазақстан мемлекеттік идентификацияның этникалық және азаматтық векторларына қолдау көрсетіп отыр. Мемлекеттік саясаттың этникалық аймақтағы жүзеге асырған шаралары Қазақстандағы дербес ұлтаралық келісім моделі туралы нық сеніммен айтуға мүмкіндік береді [22].

Бірақ, екінші жағынан, ұлттық саясат қазақ ұлтшыл-патриоттары мен орыс ұлтшылдары тарапынан сынға ұшырап отырғаны жасырын емес. Этномәдени сәйкестік феноменінің саясиландырылуы процесі посткеңестік елдердегі ұлттық-мемлекеттік құрылымның ерекшелігін айқындайды. Тіл мәселесі түрінде көрініс тапқан этномәдени үдерістерді саясиландыру процесі көп жағдайда Қазақстанның ішкі саяси өмірінің палитрасын анықтаушы элемент ретінде танылады.

Қазақстандық бірлік пен келісім моделіне кедергі келтіруі мүмкін барлық тенденцияларды болдырмау үшін этносфераның деполитизациясы жүруі керек. Сонымен бірге ұлтаралық түйткілді мәселелердің шешімін табумен әлеуметтік-мәдени сала өкілдері айналысуы қажет [23].

Ал ғалым Амангелді Айталының пікірінше этносаралық татулықты реттеумен іс бітпейді. Конфессияаралық толеранттық қалыптау үшін мәдени диалог орнауы шарт. «Дін – күрделі құбылыс, оған жеңіл-желпі қарауға болмайды, ол зұлымдықтың да құралына айналуы мүмкін. (Алланың атымен жер бетінде адамдардың қаны әлі төгіліп жатыр.) Дегенмен сырт көзге дінге қолайлы жағдай туып, мешіт-медреселердің саны көбейіп, рухани өмір өркендеп келе жатқан сияқты көрінгенімен, Қазақстан азаматтарының көбі – діншіл де, атеист те емес, керісінше дүниетанымдық бағыт-бедерлері айқындалмаған, идеялық эклектика жағдайында өмір сүріп жатыр.

Бұл тұрғыда ұлт пен мемлекеттің басты қағидасын назарда ұстау керек: мемлекет құраушы ұлт пен этникалық топтар ортақ мүдделер мен ұлттық идеологияға бірікпесе, бұл жайт тәуелсіздіктің жоғалуына әкеліп соқтыратын қауіпті факторға айналуы мүмкін. Осы орайда Қазақстанның ғана емес, күннен-күнге

өзгеріп келе жатқан әлемнің келісім мен диалогта өмір сүруін қамтамасыз ету үшін «жаһандық этика» ұғымының маңызы артып келеді.

Жаһандық қоғамда тұрақтылық пен әріптестіктің жаһандық этикасы болуы керек – бұл тұжырымның айқын аксиомалы сипатын жаһандық этиканы (кейбір нұсқаларда – ғаламшар этикасын) қалыптастырудың бірқатар талпыныстары негіздеді. Оның принциптерінің жиынтығын барынша кең ауқымды сипаттауға болады, алайда қорытындысында ғаламшар этикасы түсінігінің астында «бүгінгі әлемде барлық жерде таратуға қажетті адамгершіліктің жалпыадамзаттық қарапайым нормалары» [24] немесе «императивті құндылықтар, мызғымас критерийлер мен тұлғаның маңызды үміттері бойынша фундаментальды консенсус» [25] деген деген анықтама жатады. Ал кейбір анықтамаларға қарағанда, «Жаһандық этика – адамзаттың жаһандық субъект ретінде технологиялық әрекеті барысында тудырған жаңа қауіп-қатерлер жағдайында әлемдік тәртіп орнатуға бағытталған қозғалысының негізінде жатқан идея, құндылықтар, ережелер мен ахлақи стандарттар, нормалар жүйесі» [26].

Жаһандану кезіндегі әлемнің жаңа моральдық дилеммалары пайда болды, бұлар – мәдени бірегейлік, патриотизм, толеранттық пен мультикультурализм дилеммасы. Академик Ә. Нысанбаевтың көзқарасына сүйенсек, «Әдетте мұндай өсіп келе жатқан қайшылықтардың екі бағытын, екі блогын бөліп алады: адамның табиғатқа деген қатынасы – экологиялық дағдарыс және адамдардың бір-біріне деген қатынасы – әлеуметтік конфликтілер» [27]. Адамзат мәдениеті мен табиғат әлемі тұтастығы идеясы Тейяр де Шарденнің концепциясын арқау етеді. Ол эволюцияның, бірінші кезекте, психикалық трансформацияны көрсететінін дәлелдейді, өйткені сана «өркендеу үстіндегі өмірдің қаны мен мәйегі». Геогенез бен биогенез мәні жағынан психогенезге жатады. Бұдан кейін дамудың белгілі бір сатысында ноогенез дәуірі басталады: Жер төңірегінде жаңа қабат, ноосфера түзіледі. Ойлаушы пласт биосферадан тыс және оның үстінде айналыста болады. Сондықтан адам эволюцияға бағынатын жай ғана қатардағы бір мүше емес. Рефлексияның пайда болуы – бүкіл Жер бетіндегі тіршілік үшін

маңызды жағдай; ол, Тейярдың сөзімен айтқанда, «теріні ауыстырады», «жанға қол жеткізеді» [28].

Біз жаһандық тартыстар мен қауіп-қатерді және жаһандық эгоизмді қалай тоқтата аламыз, адамдар мен табиғатқа қарсы террорды болдырмаудың жолы бар ма? Диалог, келісім, өзара түсіністік, толеранттық, сенім қасиеттерін қалай орнатуға болады? Саналы және, ең бастысы, рухани болмыс ретінде адам қайтсе ең ауыр қауіп-қатердің алдында тізе бүкпей тұра алады? Ол бүгінде жан жарасын жазатын үміт пен сенімді іздеп жүр және болашақта табады да. Жаһандық эгоизм мен террорға жаһандық этиканы және диалог пен өзара түсіністік философиясын, толеранттық пен әріптестік стратегиясын қарама-қарсы қоюға адамның қауқары жеткілікті.

Бірақ ой, сана мен рухтың күшін жете бағаламай қоймайық. Адамның қолынан шыққан ұлы және мәртебелі дүниелердің бәрін оның ішіндегі рухтың сарқылмас қуаты тудырды. Адамға билігін жүргізгісі келетіндер қару-жарақтан да, тікелей шабуылдан да емес, қорқынышсыз және қайратты ойдың тасқынынан қорыққан. Мәселен, Сократ қарусыз болса да, ойы мен идеясы үшін сотталған жоқ па? Жордано Бруно өзінің дүниетанымы үшін отқа жағылып, азап шеккен жоқ па? Ой, идея, сана, рух – тіпті оны отқа өртеп, у беріп өлтірсе де жеңілмейтін ұлы күш.

Жаһандық өзара түсіністік этикасы жайлы айтқан кезде біз, бірінші кезекте, Жер шары тұрғындарының санасының, психологиясының, олардың күрделі мәселелер мен конфликтілерді бейбіт түрде шешуге, өркениеттің күш көрсету мен терроризм сияқты сорақы әрекеттерді білмейтін әріптестігі мен серіктестігіне деген бейімін айтамыз.

Жаһандану үстіндегі әлем жаһандық принциптерге жауап беру тиіс. Егер бұл жауап жаһандық эгоизм болса, Жер шарындағы адамзатты күйреу күтіп тұр. Олай болса, жаһандық эгоизмге жалпыадамзаттық рухани қасиетті немесе жаңа жаһандық этиканы қарсы қою қажет. «Ғаламшар этикасы» деген ұғым да осы санатқа жатады. «Ғаламшар этикасы» дегенде адамның өз болмысына – оның рухани-адамгершілік бастауына тән ізгілік қағидалары мен әрекеттері ақылға келеді. Басқаша айтқанда, қалыптасу үстіндегі

ғаламшар этикасы – бұл қазіргі таңда бүкіл әлемге бірлесе таратуды қажет ететін адамгершіліктің қарапайым қағида-нормалары.

Мұндай жаңа ғаламшар этикасының философиялық негіздемесін біз И. Канттың өте танымал «Мәңгілік әлемге қарай» (1795 ж.) деген трактатынан табамыз. Философ, әрине, «терроризм» термині мен онымен байланысты қорқынышты білген жоқ, бірақ ақылға сала отырып, адамдар арасындағы соғысты үзілді-кесілді тоқтатудың мүмкіндігі жайлы идеялар айтқан. Сол трактатта ол: «Егер де соғыс үшін қарулану бұлайша жалғасатын болса, жұмыр басты пенде мына мәселемен бетпе-бет кезігеді. Не соғыс біткеннен бас тартып, бейбітшілікке қарай бет түзейді немесе өркениетті жалмайтын ортақ зиратта бастары тоғысады», – дейді. Сонымен қатар «Табиғи күйінде адамдағы агрессия күшінің сөнуі жайлы ойлаудың өзі қиын», – деп толғайды Кант. Мәңгілік әлем жағдайы адамгершілік пен халықаралық құқық принциптеріне сәйкес қалыптасуы тиіс. Канттың ойлары өте қарапайым және нанымды. Мемлекет халықтың ерік-қалауына сәйкес іс жүргізгенде, соғысқа деген мұқтаждық тоқтайды, тек халықаралық құқық актілерімен бейбітшілікті нығайтуға ғана қалады. Шын мәнінде, халыққа соғыстың не керегі бар? Азаматтар «мұндай жаман ойынды бастамай тұрып, жақсылап ойланады, өйткені оларға соғыстың барлық ауыртпалығын өздері көтеруге тура келеді; шайқасқа түсуі, соғыс шығындарын өз қалталарынан өтеуі, терге малшына жүріп, оқ пен өрт жалмаған нәрселердің бәрін қалпына келтіруі керек» [29]. Билеуші егер соғыстың басталуы үшін жауапты болса, бұған соншалықты қайғырмайды: «Оның қарамағында мыңдаған адамдар бар, өзі ешқандай қатерге ұшырамай, халықты өздеріне мүлдем қатысы жоқ қан қасапқа құрбан ете алады» [29].

Канттың мәңгілік әлем туралы идеясы әсіресе заманауи жаһандану жағдайында өзекті бола түседі. Өткен ғасырдың ортасында, дейді К.Ясперс, біртұтас дүниежүзілік тарихтың, Жер шарындағы адамдардың шынайы бірлігінің алғышарттары жасалды. Біздің ғаламшар бір кездегі Рим империясынан да «кішкентай» бола түсті. Ешқандай маңызды және тіпті болымсыз оқиғалар бір жерде ғана шектеліп, бір кеңістікте тіреліп қалмайды. Бірақ, дейді Ясперс, дәуірдің рухани ахуалы барынша қайшылықты сипатта

тұр. Ғылым мен техниканың көмегімен жаңа әлем бірлікке бет алып келеді, бірақ мәнін жоғалтып отыр.

Адамзат қиял болып келген ғылыми және техникалық табыстарға қол жеткізген кезде де «рухани өмір, адамзат, махаббат пен жасампаз қуат аясындағы арты апатқа соқтыратын жұтандықты» байқап келеді. Дүниежүзілік тарихтың біртұтастығы мән контекстінен тыс жүзеге асу үстінде. Жаһандану зұлымдық күштерін бірлестіріп, біріктіріп отыр. Терроризм ақпараттық технологиялар мен интернетті өзінің қантөгіс мақсаттарына қолдана отырып, халықаралық деңгейде өрістеп барады. Осы кезде Канттың ақыл мен адамгершілік принциптеріне сәйкес, соғыс пен күш көрсетусіз өмір сүру туралы идеялары маңызды және ділгер бола түсті.

Альберт Швейцер адамзаттың заманауи трагедиясын ашуды мақсат етіп, батыл қадамдарға барды. Ол Канттың мәңгілік әлем туралы идеясын өмірдегі адамгершілік постулаттарымен толықтырды. «Этика өмір сүріп отырған барлық жаратылыс алдындағы шексіз жауапкершілік» [30]. Бұл принцип тек әлеуметтік қана емес, экологиялық өлшемді де қамтиды: өмір, мейлі ол адамның, мейлі жануардың немесе өсімдіктің өмірі болсын, қасиетті саналады. «Көктемде өткен жылғы шалғын шөптер көк өсімдікке өз орнын берсе, бұл өсімдік тамырының миллиондаған жаңа өскіндер шығаруынан болады. Дәл осылай қазіргі уақытта идеялардың жанаруы үшін де бір ғана жол бар: барлық адамдар өз сенімдері мен идеалдарын жаңартуы тиіс...» [30].

Демек, адамзат пен табиғатқа қарсы бағытталған терроризмді соғыстың күшімен тоқтатамын деу бос әурешілік, лаңкестікті мұндай жолмен жеңу мүмкін емес. Қазақ ойшылы Шәкәрім де бұл жайлы «Айла, күш – айуандықтың ең жаманы. Бокты бөкпен жуғанмен ел түзелмес» дейді [31]. Бізге басқадай мызғымас күш – ерік-жігер, адамгершілік пен рухани қасиет керек. Сол кезде біз терроризмнен тайсалмаймыз, керісінше, ол күн сайын өзінің қуаты мен зұлматынан айрылып, тайсалып, ақырында жойылатын болады. Ахлақ пен рухани қасиеттің әлемдік зұлымдыққа қарсы тұратын шынайы қауқары бар.

Ұлттық идеологияның негізгі бағыты – күш пен қаталдық культінен диалог пен келісім келісім культіне қарай өрістейді.

Мұндай идеология Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігінің, азаматтық және мәдени бірегейлігінің нығаюына атсалысатын болады.

Заманауи экологиялық және антропологиялық проблематикада Жоржия штатынан шыққан профессор Уильям Блэкстоун (XX ғ. 70-жж. басы) мен оның пікірлестерінің «ғаламшар этикасы» концепциясын жақтайтын ойлар көбейе бастады. Блэкстоунның ғаламшар этикасы мен «жаһандық сезімге» негізделген жаңа экомәдениеттің, жаңа экологиялық дүниетанымның қалыптасу үрдісі жүріп жатыр.

Сонымен, қорытындылай келе айтқанда, жаңа жаһандық этика – бұл әрекет үстіндегі толық және қарқынды жүйеге келтіруді талап ететін өзара байланысты принциптердің, қондырмалардың, идеялардың тұтас кешені. Бұл идеалдар мен принциптер әр елдер мен халықтардың озық философиялық шығармаларында, діни сенімдер мен олардың махаббат, мейірім, адамгершілік тазалық, өз-өзімен және табиғатпен үйлесімде өмір сүруге деген талпынысында жатқан жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардан бастау алады. Түркі әлемінің дәстүрлі құндылықтары да осыған шақырады. Жаңа жаһандық этиканың нақты принциптеріне мыналарды жатқызуға болады:

- толеранттық;
- мәдениеттер, өркениеттер мен конфессиялардың бейбіт және конструктивті диалогы;
- баршаға арналған білім беру, оның ішінде тәрбиені қандай да бір кәсіби дағдылардан жоғары қоя отырып үйрету;
- адамзат мәдениетінің экологиялық императивтері;
- ұлтаралық, мәдениаралық және дінаралық келісім;
- либерал құндылықтар мен дәстүрлі мәдениет құндылықтарының үйлесімі;
- рухани құндылықтардың басымдығы;
- мемлекет тұрақтылығының кепілі ретінде орта таптың қалыптасуы.

Жаңа жаһандық этиканың принциптерін барлығы, оның ішінде мемлекет жетекшілері, халықаралық ұйымдар, азаматтық құрылымдар мен адамдар қабылдауы керек. Егер халықаралық ұйымдар деңгейі жайлы айтатын болсақ, онда дүние жүзінде бейбітшілік үшін көптеген істер атқарған БҰҰ бірден ойға ора-

лады. Айтылған жағдайға бағдарланған өзара түсіністіктің жаңа интегральды философиясы, жаңа құндылық стратегиясы қажет. Және мұнымен сәйкестікте осы ұйымның институциональды, құрылымдық трансформациясы керек. Бұл басқа халықаралық ұйымдарға да қатысты. Олардың концептуальды стратегиясы мен әрекет формалары заманауи кезеңнің маңызды міндеттерімен сәйкестікте өрбуі қажет, яғни терроризм идеологиясынан келісім мен толеранттықтың жаңа ғаламдық этикасына қарай бет алуы тиіс. Мұндай этиканың адамгершілік принциптері жақсы жетілдірілген және сенімді халықаралық құқықтық механизмнің көмегімен жүзеге асырылуы міндетті.

Қазақстанда жаһандық этиканың алғышарттары азаматтық ұлт ортақ стандарттары мол индустриалды мәдениеттің арқасында қалыптасты. Осы ретте Қазақстан халықтарының тұтастығы мен діни диалогын қалыптастыру және ортақ құндылықтарды анықтау мәселелерін қарастырудың маңызы өте зор. Сонымен бірге ұстанымды дәстүрді қоғамда және бұқаралық ақпарат көздерінде жүйелі насихаттау жолға қойылса, онда көпұлтты қоғамда этика мен келісімді қалыптастыруға барынша ықпал ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Почебут Л. Г. Взаимопонимание культур: Методология и методы этнической и кросс-культурной психологии. Психология межэтнической толерантности / Л. Г. Почебут. – СПб., 2007. – 281 с.
- 2 Лара У. Злоключения слов – изгоев / У. Лара // Личность и мир. – 2001. – № 10. – С. 55-57.
- 3 Бардиер Г. Л. Социальная психология толерантности / Г. Л. Бардиер – СПб., 2005. – 120 с.
- 4 Сирота Н. М. Глобализация: политические аспекты / Н. М. Сирота. – СПб.: изд-во ГУАП, 2007. – 325 с.
- 5 Уолцер М. О терпимости. – Москва, 2000. – 120 с.
- 6 Barber B. R. Superman and Common Men: Freedom, Anarchy and the Revolution. Harmondsworth, 1972. Ch.4. – p. 240.
- 7 Краткая философская энциклопедия. – М., Прогресс-Энциклопедия, – 1994. – 576 с.
- 8 Вульфийус А.Г. Очерки по истории идеи веротерпимости и религиозной свободы в XVIII в.: Вольтер, Монтескье, Руссо. – СПб., 1911. – 356 с.

9 Ильинская С. Г. Толерантность как принцип политического действия: история, теория, практика / С. Г. Ильинская. – Москва, 2007. – 288 с.

10 1995 жылғы 16 қарашадағы ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 5.61 қарары. Декларация принципов толерантности. http://www.un.org/tu/documents/decl_conv/declarations/toleranc.shtml

Бірегейлендіру анықтамаларының тағы бір мәселесі діни бірегейлендіру ауқымында жатыр. Қазақстан зайырлы мемлекет болғанына қарамастан, діни бірегейлендіру мәселесі геосаяси трендтер тұрғысынан өте өзекті болып табылады. Фундаменталистік діни ағымдардың жандану қаупі тек исламда ғана емес, өйткені Қазақстан дәстүрлі түрде оның ықпал ету аймағында орналасқан, сонымен қатар басқа діни бағыттардан да есеп беруді және тиісті шешім қабылдауды талап етеді. Қоғамдық сананы жаңғырту діни тәжірибеден тыс болуы мүмкін емес, өйткені қазір Қазақстанда көптеген адамдар белгілі бір діни конфессияны ұстануымен ерекшеленеді. Қазақстан қоғамында бір мезгілде екі қарама-қайшы үрдіс пайда болды: белгілі бір діни ренессанс, өздерінің діни тамырлары мен ерекшеліктеріне деген қызығушылықтың артуы және қазіргі заманғы шындыққа сай келмейтіндіктен діни дәстүрлі негіздерге деген сенімнің жоғалуы. Бұл үдерістер қоғамда идеологиялық үдерістерге әсер ететіндіктен, мұқият зерттеуді талап етеді. Көптеген (кейде бір-біріне қарама-қайшы) діни бағыттардың әсерінде болған қазақтардың дәстүрлі діни этикасы басқа сенімдердің өміршең ережелері мен нормаларын икемді интеграциялау қабілетіне ие. Бұл әрдайым қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің маңызды жағы болды және мұндай қабілеттің қазіргі уақытта өзекті екенін, жаңғырту үдерістерінде шешуші рөл атқара алатынын айтуға болады.

Түсінуді және шешімді талап ететін бірегейліктің тағы бір аспектісі – азаматтық бірегейлендіру. Қазақстан өзінің көпмәдениетті құрамдас бөлігінің арқасында әр түрлі халықтар арасындағы қарым-қатынаста қарама-қайшылыққа жол бермеу үшін осы саладағы ең қолайлы үрдісті табуы керек. Қазақстандық бірегейлік

ортақ мүдделерге, ортақ дамуға негізделген біртұтас азаматтық бірегейлікті құруды, Қазақстан халқын құрайтын барлық этникалық топтарға өзекті мәселелерді шешуге кепілдік беретін мақсаттар мен стратегияларды айқындауды қамтиды. Сонымен қатар, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үдерісі ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерістерімен сәйкес келіп және бәсекелес болмауы керек. Демек, қоғамдық сананы жаңғырту азаматтық және ұлттық бірегейліктің үйлесімдік үдерістерін іздестіруді көздейді. Бұл жерде осы үйлестірудің құралы бола алатын этикалық негіздер үлкен рөл атқарады. Кез-келген ұлттың, оның ішінде қазақтың да этикасы басқа мәдени құрылымдармен өзара әрекеттесу арқылы ғасырлар бойы жинақталған тәжірибені қамтиды және бұл құнды тәжірибе көп мәдениетті қоғамдағы бірегейлендіру үдерістерін форматтауға негіз бола алады. Қазақтардың этикасы әртүрлі өркениеттердің мәдени дәстүрлі форматтарының үлкен жиынтығын біріктіру негізінде қалыптасады. Бұл рухани мәдениеттің дүниетанымдық синкретизмінде көрініс тапты. Дәл осы қазақ мәдениетінің сапасы уақыт сұраныстарына бір мезгілде тез және жедел, әрі дәл жауап беруді талап ететін өркениетті үдерістерде күшке айналады. Өз кодтарын жоғалтпай, шетелдік мәдениетке бейімделу қабілеті қазіргі заманғы бірегейлендіру үдерістерінің қиын жағдайларында этностың шешуші артықшылығы бола алады.

Қазіргі әлемде үлкен қызығушылық тудыратын бірегейлендіру мәселесінің тағы бір қабаты – гендерлік бірегейлендіру үдерістері. Қазақстан қоғамы үшін бұл күрделі мәселе. Бір жағынан, бізде тіпті кеңестік тарихтан бастап жыныс теңдігі туралы зайырлы идея орныққан. Бірақ теңдік мәселесін шешу ерекше болды. Ресми түрде азаматтық құқықтарға бірдей ие бола отырып, кеңестік әйел де өмір сүрудің дәстүрлі мәдени түрлерінің ауыртпалығын өзіне алып келді. Әйел өзіне екі есе жүктемені алды: ол жан-жақты азаматтық міндеттерді (білім алу, жұмыс, мансап, азаматтық міндеттерді орындау) орындады және ошақ иесі, ананың дәстүрлі міндеттемелерін жүзеге асырды. Қазіргі заманғы гендерлік бағдарлама әйел өмірінің осы түрлерін таңдау және толық ажырату мүмкіндігін, тіпті оның отбасы мен балалардан бас тарту құқығына дейін көздейді. Мұндай дәстүр қазақтардың қоғамдағы әйелдердің

тұқым туралы түсінігіндегі дәстүрлі этикасына қайшы келеді. Бұл қоғамдық сананы форматтауға қойылатын талаптардың тағы бір қыры. Бұл мәселе неолибералдық идеология аясында ең маңызды болып алға тартылған, батыстық мәдениетке тән, жыныстық бірегейлендірілмеген гендерлік болмыстың бейнесін жасаудағы әлемдік үрдістерге байланысты күрделене түсуде.

Этникалық мәдениетті жүйе ретінде зерттеу осы мәдениеттің әртүрлі көріністерін, сипаттамаларын, байланыстары мен қатынастарын органикалық бірлікте қарастыруды көздейді. Кез-келген жүйе иерархиялық, онда әрдайым басты және қосалқы бөліктерді, элементтерді бөліп көрсетуге болады. Дәстүрлі мәдениеттің іргелі негіздері, оның дамуының имманентті логикасы нақты өзіндік дүниетанымда жинақталған. Сондықтан да түпнұсқа мәдениеттің өзегі – ненің дұрыс және ненің бұрыс екендігі туралы негізгі этикалық идеялар жүйесін қамтитын, рухани анықтаманың қатаң координаталық жүйесіне негізделген дүниетаным деп айтуға болады. Ізгілік пен зұлымдық, әділеттілік, парыз бен жауапкершілік туралы идеялар белгілі бір мәдениеттің ұрпақтары тәжірибесінде қалыптасады, этностың архетипін құрып, жолын анықтайды.

Дүниетаным жалпы әлемге көзқарастар жүйесін және адамның ондағы орнын анықтайды. Дүниетанымның орталық категориялары – «әлем» және «адам». Осы оппозиция аясында шындықты рухани-практикалық игеру жүйесі қалыптасады, оның ішінде адамдар мен әлеуметтік мінез-құлықты, әлемге деген психологиялық және эстетикалық қатынастарды реттейтін және білімдер мен сенімдер, адамгершілік мұраттар ұсынылады. Дүниетаным таза танымдық ракурстан басқа түсіну, қарым-қатынас, интерпретация, жалпы мәдени-тарихи контекст сияқты әлемді тәжірибелік игерудің түрлерін де қамтиды.

Дүниетанымның тарихи сипаты оның негізгі нысандары – мифология, дін және философияда көрсетілген. Адамзаттың рухани-интеллектуалдық эволюциясы белгілі бір тарихи халықтың ділдік ерекшелігіне және оның мәдениетіне ерекше әсер етті. Қазіргі Орталық Азия халықтары үшін әлемді игерудің арнайы стратегиясы болып көшпенді өмір салты негізінде қалыптасқан ортақ көшпенді мәдениет интеграциялаушы фактор қызметін атқарады.

Көшпенділердің өркениеттік айырмашылықтары мәдениеттің сипатында, оның қасиеттері мен негізгі функцияларында байқалады. Көшпенді мәдениеттің өмір сүруінің кеңістік-уақыттық шекаралары осы халықтар арасында басым дүниетанымдық түрлерімен де анықталды. Мифологиялық, діни көзқарастар үстемдігі көшпенді дүниетанымға өзіндік сапалы сипат берді. Көшпенділер діліне тән белгілер – синкретизм, табиғатпен бірлік, табиғи органы абсолютті, өзін-өзі қамтамасыз ететін шындық ретінде қабылдау, әлемді тұтастай қабылдау, инерция, стереотип. Бұл атрибуттардың қалыптасуы ұзақ тарихи уақыт аралығында өтті, бұл этносқа әлемдегі болмыстың ең бейімделген форматтарын дамытуға көмектесті, онда қоғамның тіршілігі мен дамуы табиғи компонент пен оның заңдылықтарын білуге байланысты болды. Стереотипті қабылдау көшпенді өмір салтын сақтауға ықпал ететін заттардың қалыптасқан тәртібін сақтауға және нығайтуға арналған тәрбиелеу үдерісінде шешуші рөл атқарды. Мұндай синкретизм мен стереотиптің жағымсыз жағы, егер олар өздерінің прагматизмі мен ұтымдылығында жақсы нәтиже берсе, этностар басқа мәдени салалардан алынған құндылықтарға тәуелді болады. Стереотипті, үлгіні қабылдау қоғамдық сананы қалыптастыру үдерістерін басқарудың негізі ретінде шетелдік мәдени ықпалдың қуатты құралына айналуы мүмкін. Бұл жағдайда этностардың рулық жадына енгізілген этикалық қағидалар да осал болуы мүмкін. Көшпенділер санасының тәртібі мен өсімін қамтамасыз ететін сананың инерциясы модификация мен өзгерістердің тежегішіне айналады, жаңадан үнемі бас тартуға себеп болады, өйткені ол заттардың ыңғайлы тәртібін өзгерте алатын ештеңе қабылдамайды. Ал өзгерістер ешқашан жайлылықты қамтамасыз етпейді, бұл жеке адам үшін кейбір құрбандықтарды талап етеді және ділді өзгерту қажеттілігін тудырады.

Діл мәселесі адамды, оның санасын түсінудегі жаңа көзқарастарды ашады. Ділдің мінез-құлыққа әсерімен ғана шектеліп қалмай, оның қаншалықты тиімді екендігі және оның қоршаған әлемге қатынасын білдіретін ұтымды ойлау түрлеріне енетіндігі туралы да айту керек. Діл белгілі бір қоғамда қолжетімді білім мен сенімдерге негізделген көзқарастар, бағалау, нормалар мен ақыл-ойлар жүйесі арқылы ашылатын және басым қажеттіліктер мен

архетиптермен бірге ұжымдық бейсаналық құндылықтардың иерархиясын белгілейтін адамдардың психологиялық өмірінің ерекшелігі, демек, осы қауымдастықтың өкілдеріне тән сенім, идеалдар, бейімділіктер, қызығушылықтар және басқа да әлеуметтік қатынастар. Философиялық деңгейде ділдік іс-әрекет, әсіресе, шығыс халықтарында философиялық емес «мәдениет рухы» түрінде көрінеді.

Көшпенді діл көптеген факторлардың нәтижесі. Синкретизм мен көпкомпоненттілік дүниетанымның негізгі атрибуттары ретінде географиялық орналасуына, ерекше өмір салтына және Қазақстан аумағында болған этномәдени бірлестіктердің алуан түрлілігіне байланысты болды. Көшпенді сананың мазмұнын, іргелі құндылықтары мен бағыттарын айқындайтын саналуан идеялық және мәдени субстраттардың ішінде, дәстүрлі түркі нанымдары мен идеялары көшпенді дүниетанымның мәні мен мағынасын неғұрлым анық және толық көрсетеді. Бұл Орталық Азия аумағындағы түркі тайпалары мен халықтарының ұзақ тарихымен, сондай-ақ түркі дүниетанымдық синкретизм шеңберіндегі көшпенділердің қазіргі дүниетанымдық әмбебаптығын ассимиляциялау қабілетіне де байланысты. Қазіргі қазақстандық ғылымда түркі дүниетанымы, демек, түркі моральдық-этикалық жүйесі туралы көзқарас қазіргі барлық түркітілдес этностардың генетикалық, ділдік туыстықтарына негізделген дербес тарихи құбылыс ретінде басым.

Түркі кезеңі қазақтардың рухани әлемін түсіну үшін маңызды және елеулі болып табылады. Осы уақытта көшпенді-номадтың әлемге қарым-қатынасының ерекшелігін сипаттайтын негізгі ұғымдар, дүниетанымдық әмбебаптар пайда болды. Түркі кезеңінде қалыптасқан дүниетанымдық өзек, кейінірек енгізілген тарихи және мәдени қабаттарға қарамастан, қазақтардың ділінің құрамында сақталды. Бұл қазақ мәдениетінде исламның түпнұсқалығы, бірегейлігі туралы мәселе төңірегінде пікірталасты түсіну үшін өте маңызды. Бұл пікірге әр түрлі философиялық ұстанымдар бар, олардың бірін С. Ақатай келтіреді, ол ежелгі қазақ өркениеті әртүрлі идеологиялық субстраттар негізінде қалыптасты, олардың арасында ислам кешірек келіп, ажырамас бөлігі болды деп мәлімдейді. Осыған қарамастан ислам қазақ дүниетанымының жалғыз және

әмбебап негізі бола алмады. С. Ақатайдың ойынша, қазақтардың синкретикалық дүниетанымының негізінде нақты философиялық немесе діни ілімі, доктринасы болмағанын байқатады. Ол негізінен «табиғи» пайда болатын, заттар мен шындық құбылыстарын бейнелеу және гилозоизациялау өнімі [5].

Қазақтардың Тәңірге деген құрметі, рух пен табиғаттың біртұтастығын бейнелейтін барлық жаратқан нәрсеге ұқыптылықпен қарау табиғи әлемге деген этикалық қатынастың негізінде жатыр. Қазақтарға мұра болған түркілердің этикалық дүниетанымының құрамдас бөлігі, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған экономикадан бастап тұлғааралық қарым-қатынасқа дейінгі барлық салаларда қоғамдық қатынастарды құру базасы болып табылатын экологиялық этиканы қалыптастыру қажеттілігі жаңа экологиялық сананың негізі бола алады.

Қазақ мәдениеті руханиятының негізіне айналған түркі мәдениеті, басқалар сияқты, рухани шығармашылық үдерісінде әлемде үйлесімді бағдарлаудың өзіндік ерекше дүниетанымдық жүйесінің дамуына әкелетін айтарлықтай эмпирикалық тәжірибе жинады, бұл табиғи шындыққа толық тәуелділік бастапқы болмыстың категориялары мен қағидаттарының қалыптасуына алып келді және ғаламға қатысты бірлік пен үйлесімділіктің қажеттілігін көрсетті. Түркі мәдениетінің серпінділігі мен әлемге ашықтығына негізделген ерекшелігін ескере отырып, олар жасаған әлем бейнесі алдағы уақытта тек табиғи әлемде ғана емес, сондай-ақ қоғамда бағдарлау жүйесінің қалыптасуына ықпал етіп, әлемге, кеңістік пен уақытқа көзқарастың күрделі жүйесін қамтыды. Бұл әр түрлі көзқарастардың өзара әрекеттесуіне және үнемі рухани жаңғыруға мүмкіндік берді» [6].

Түркітілдес дәстүрде «Құт» деген негізгі ұғым бар – ол ғаламның ең жоғарғы мақсаты ретінде ұсынылған игілік, оған барлығы, соның ішінде адам да ұмтылады. Игілік барлық болмыстағы қалыптасып жатқанның біртұтас құрылымын белгілейтін тамаша үйлесімділікті құрайды. Бұл болмысқа қатысты әдемі, рухандырылған, тірі құрылым және ғарыш – бұл физикалық, логикалық және онтологиялық тұрғыдан әркімнің өзіндік мәні, өз орны бар құрылым. Бұл орынға игілікпен анықталған әрбір адам ұмтылады.

Дәстүрлі көшпенді дүниетанымның құрамына табиғи түрде ұзақ уақыт бойы қалыптасқан мәдени этногенезге іргелі адамгершілік, моральдық құндылықтар кіреді. Дәстүрлі мінез-құлық пен қарым-қатынас нормалары әлеуметтік реттеуші функцияларын атқара отырып, көшпенді қоғамның өміршендігі мен тұрақты қызметін қамтамасыз етті. Бұл негізгі нормалар мен құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, бейсаналық стереотиптер, заңдылықтар, мінез-құлық бағдарлары деңгейінде игеріліп, ерекше діл мен психиканы – этностардың қайталанбас өзіндік ділін қалыптастырады. Бейсаналық құрылымдардың тұрақтылығы өте жоғары. Олар ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойы, әсіресе, дәстүрлі қоғамда сақталуы мүмкін. Көшпенділердің әлеуметтік қатынастарының өзегі және дүниетанымның негізгі құндылығы – бұл туыстық қағидат, ол жеке тұлғаның қауымдастықпен де, тіршілік ету ортасымен де, ең алдымен, табиғи болмысының жалғасы ретінде аумақпен де өзін-өзі бірегейлендірудің негізгі қағидаты болып табылады.

Көшпенді құндылықтар иерархиясында «Ата мекен», «Ата қоныс» (рулық аумақ) ұғымдары басты орынды иеленеді. Көшпенді адам өзін рулық ұжымнан, дәстүрлі қауымнан тыс ойлаған жоқ. Өзін сыртқы әлемнен ерекшелей отырып, көшпенділер өзін рудың ажырамас органикалық бөлігі ретінде қабылдап, руға тиесілі екендігін дәлелдеді. Көшпенділер үшін ең қорқынышты жаза рудан кету болды, бұл оның санасында өліммен бірдей еді.

Түріктер арасында ата-баба рухына тағзым ету дәстүрі, олардың шежірелерін жетінші ұрпаққа дейін білуді, аталар мен ата-бабалардың ерліктерін еске алып, кастерлеуден көрініс тапты. Олардың ғибадат етуге лайықты әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар отбасы өміріне әсер еткен әділетсіз істерін де ұмытпады. Әрбір адамның іс-әрекеттері ру тарихында көрініс табатынын және олардың маңыздылығына сәйкес басқа ұрпақтармен бағаланатынын есте сақтауы тиіс. Аруаққа сену және ұрпақтар жадысы түріктерді лайықты істерге бағыттап, адамгершілік тазалыққа міндеттеді. Бұл сөз мен міндеттердің бұзылуы, өтірік табиғи тәртіпті қорлау ретінде қабылданып, кейде өмірімен бағаланып, лайықты жазаға тартылды.

Әке, әкенің үйі, күйеу, үлкендердің бедел, рулық қоғамдағы ақсақалдар, ерлердің билігі сияқты ер адамдардың ерекше ба-

сым рөлін құрметтеу және қошеметтеу қоғамда үстемдік етуші этикалық құндылыққа айналды. Әке үйін (қара шаңырақ) құрметтеу көшпенділердің негізгі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында байқалады [7].

Қонақжайлылықтың дәстүрлі институты көшпенділердің ділін нақты сипаттайды. Халықтың наным бойынша, қонақжайлылық алғашқы ата-бабаның негізгі өсиеттерінің бірі ретінде қабылданған. Қонақжайлылық ең басты этикалық ізгілік ретінде түсіндіріледі. «Қазақ тілінде қонақжайлылық бөлінбеген енші», – деп Алаша ханмен өсиет етілген. Қонақтың шығындары қайтымды болып саналды. Қазақтар оны қонаққа қызмет көрсету арқылы табиғаттан тыс жолмен, сиқырлы әсермен көп мөлшерде қайтаруға болатындығына сенген.

Ғылыми әдебиетте көшпенділердің қонақжайлылық дәстүрін түсіндіретін түрлі көзқарастар бар. Мысалы, олардың бірі қонақжайлылық рәсімінен әлеуметтік-экономикалық себептерді көреді. Басқаша айтқанда, қонақжайлылықтың шынайы тамыры қарым-қатынас құбылысымен байланысты. Т. Сүлейменов жазғандай: «Қарым-қатынас қажеттілігі – бұл экзистенциалды қажеттілік, оны қанағаттандыру адамның психикалық денсаулығының маңызды шарты болып табылады» [8].

Көшпенділердің ойлау мазмұнын жинақтай отырып, оның бейнелік, мифологиялық, поэтикалық, синкретизм сияқты мәндік сипаттамаларын бөліп көрсету қажет. Өртүрлі мәдениетпен тығыз, қарқынды байланыс нәтижесінде қалыптасқан көшпенділердің көзқарастары мен ұғымдар жүйесі қоршаған әлемді ерекше бейнелер түрінде көрсетті. Сондықтан тәжірибелік игеру зиян келтірмеді және адам мен табиғаттың үйлесімді өмір сүруіне әкелді. Архаикалық ойлау әлемнің бастауына бағытталды. Ежелгі адамдар біртұтас әлем ретінде өмір сүрді.

Түркі мәдениетінде ішкі қарым-қатынас этикасы ізгілік пен зұлымдықты, тағдырды (бақыт пен бақытсыздық), рудың басқа мүшелерімен адамның өзара қарым-қатынасын, осы және басқа да адамгершілік эмбебаптарды ажырату мәселелері түркілік болып табылатын дәстүрлі қоғам адамының назарында болды. Байлықтың зияны, үлкендерге құрмет көрсету, ақиқатты игіліктің негізі

ретінде түсіну, ақиқат идеяларын, игіліктерді, сұлулықты біріктіру моральдық қағидаттар болды.

Түркі мәдениетінде түркі қоғамына тән дәстүрлі дүниетанымға негізделген идеалдың шоғырланған көрінісі ретіндегі кемел адам идеясының маңызы зор. Ол жеке және жалпыадамзаттық диалектикада жалпыға ортақ адамгершілік ақиқаттарға, ізгіліктерді іздеуге, өмірдің уақтылы мағынасына басымдық көрсетеді, өйткені моральдың объективті қасиеті оның талаптарының жалпыға бірдей екенін, ал оның өсиеттері әлемнің жалпыға ортақ заңдары болып табылады.

Дәстүрлі шығыс қоғамдары әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі тұлғааралық, адами қатынастардың басымдығымен көрінетін этикалық нақтылықпен сипатталады. Мұндай қоғамдарда оның барлық мүшелері үшін ортақ рухани құндылықтар, нормалар, символдар, идеалдар маңызды. Дәстүрлі қоғамдардың имманенттік рухани түрлерін мұралаған қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның тарихи дамуында өзінің маңыздылығы мен қоғамдағы ықпалын сақтайтын осы іргелі рухани факторлардың үстемдігін сезінеді.

Дәстүрлі ойлаудың мифологиясы, қазіргі заманғы мәдениеттану тұжырымдамаларына сәйкес, белгілі бір құндылыққа ие және әлемді сипаттаудың ерекше түрін бейнелейді. Мифтер түріндегі ұғыну микрокосма мен макрокосм тәртібін белгілеуге бағытталған, бұл архаикалық әлеуметтік ортада көптеген рәсімдерді сақтаумен қолдау табады. Миф – бұл ерекше тіл, өзіндік логикасы бар рәсімдік-сиқырлы білім.

Көшпенділік Еуразия халықтарының тарихи тағдырларында қарым-қатынастың өзіндік кодын, тілі мен қарым-қатынас тәсілін құрайтын идеологиялық және рухани құндылықтардың бірегей тұрақты жүйесін қалыптастыра отырып, аса маңызды рөл атқарды. Жоғарыда айтылғандардың бәрі руханият саласындағы жаңғырту үдерістерінің өзектілігін дәлелдейді. Әдеттегідей, қоғам таңдау мен өзгеру мәселесіне тап болған кезде, өткеннің рухани негіздеріне жүгінеді. Бұл жағдайда бұл негіз мәдениеттердің этикалық императивтері болып табылады. Қазақ мәдениеті өміршендігі айқын және ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, қоғамдық өмірдің адамгершілік рәсіміне тән өзіндік көзқарасты қалыптастырды. Ру-

хани мәдениеттің әртүрлі салаларында, әсіресе философиялық ізденістер алаңында кездесетін ақпарат көздеріне жүгіну бұл жағдайдың табиғи шешімі болып табылады. Қазақтардың дәстүрлі этикасы барлық рухани үдерістерді форматтауға негіз болып табылады. Онда орасан зор мүмкіндіктер бар, оны қирата отырып, біз өз мәдениетіміздің өрісін жоямыз, қолдауымызды жоғалтамыз және әлемдік мәдениеттің маңызды буыны болу мүмкіндігінен айырыламыз.

Ежелгі мәдениетте қалыптасқан салт-дәстүрлер қазақтың этикалық ой-санасында терең ұғынылды, олардың түпнұсқалығы, нәзіктігі мен жан дүниесі Ұлы дала философтарының философиялық ойларында көрініс тапты.

Қазақстанның тәуелсіз өмір сүруінің үшінші онжылдығы қазақстандықтардың экономикалық, саяси, әлеуметтік өмір сүру жағдайларының құрылымында ғана емес, рухани салада да бірқатар маңызды өзгерістер туғызды, атап айтқанда, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің құндылықтарына деген қызығушылықтың қайта жаңғыруына алып келді. Оның ішінде қазақ философиясының қалыптасуы мен даму тарихына қызығушылық артты.

Қазақ философиясының қайнар көздері, дүниетанымдық негіздері, мәдени және идеялық қағидаттары мәселесін шешу Қазақстан Республикасында дамып келе жатқан рухани ұлттық жаңғыру және мәдениетаралық интеграция үдерісі аясында өтеді. Мұндай зерттеу қазақтардың мәдени және этногенезінің тарихи үдерісінің тұтастығын қалпына келтіру қажеттілігіне байланысты өзекті.

Қазіргі тарихи-философиялық зерттеулерде қолданылатын мәдениеттанулық әдіс кең мәдени-тарихи контексте философияның ерекшелігін қарастыратын ұлттық ойлау тәсілдерінің ерекшеліктерін түсіну шекарасын кеңейтеді. Бұл жағдайда ұзақ уақыт бойы классикалық үлгі, философия стандарты болып саналатын еуропалық дәстүрден тыс философиялық, сондай-ақ философияның ұлттық түрлерінің әртүрлі мәселесі болып табылатын, философиялық тұжырымдаманың басқа түрлерін түсінуге мүмкіндік туды.

Ұлттық философиялық дәстүрлердің призмасы арқылы қарастырылған философия тарихы тарихи-философиялық зерттеу-

дің категориялық және әдіснамалық құралдарын айтарлықтай жаңартады, философиялық дискурстарды бірлік пен әртүрлілікте көрсетуге мүмкіндік береді. Соңғы онжылдықтағы отандық әдебиетте философияның ұлттық ерекшеліктерін талқылау, ең алдымен, қазақ философиялық мәдениетінің «жабық» идеологиялық тыйымдарымен байланысты өзекті болды. Қазақ философиясының өзіндік сипаты туралы көп жылғы пікірталас осы мәселені қарастыруда екі тәсілді қалыптастырды: қазақ философиясы, ең алдымен оның этикалық құрамдас бөлігі, әлемдік философияның қазақи көрінісі ретінде (әлі де өзінің қалыптасу сатысында) және қазақ философиясы философиядағы классикалық емес парадигманың айқын көрінісі.

Қазақ философиясы кең мағынада – қалыптасқан уақытынан бастап бүгінгі күнге дейін барлық ұлттық мәдениеттің контекстіндегі философиялық идеялардың, образдардың, түсініктердің жиынтығы. Қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениеті әлемді түсінудің және адам өмірін бағалаудың терең мағыналарына ие. Оның негізінде этикалық философия, этнос өмірінің негізін анықтайтын мораль философиясы жатыр. Оның өзіндік ерекшеліктерімен қатар жалпы философиялық үдерістің бір бөлігі болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, қазақ философиясы әлемдік философиялық ойдың бір тармағы, бірақ ол еуропалық және әлемдік философияға тәуелсіз дамығанын және Батыстың көптеген философиялық бағыттарының ықпалында болмағанын мойындайды. Қазақ философиясының өзіндік ерекшеліктері: философиялық ойды білдірудің ерекше түрі, мораль мен адамгершілік мәселелерінің үлкен рөлі, нақтылық, қарапайым халыққа түсініктілік. Оның негізгі мәселелері – адам, мораль мен адамгершілік, әлеуметтік әділеттілік, идеалды қоғам, қазақ халқының болашағы.

Зерттеушілер өздеріне дәстүрлі қазақ мәдениеті құбылысын «Адам-Әлем» онтологиялық байланысы контекстінде ашу міндетін қойды, қазақтың дүниетанымы мен дүниеге қатынасының ерекшелігін анықтауға, күнделікті өмірдегі қазақ ойлауының негізгі дүниетанымдық категорияларының көрінісінің өзіндік сипатын көрсетуге, кейбір іргелі дүниетанымдық категорияларын қазақша түсінудің семантикасын ашуға ұмтылды (күндер, болмыс, уақыт, жаратушы және т.б.), қазақтардың негізгі ұғымдарының

киелі-символдық сипатын, дәстүрлі қазақ қоғамының негізгі өмірлік кезеңдерінің ритуалдық-аксиологиялық сипатын негіздеуге ұмтылды. Қазақ философтарының еңбектеріне қазақтардың ұлттық сана-сезімінің рухани-адамгершілік құндылықтарын, нормалары мен мұраттарын қайта жаңғыртуға деген ыстық ықылас тән, олардың пікірінше, жекеленген қазақтың жеке санасының ғана емес, бүкіл қазақ қоғамының негізгі мағыналық-өмірлік мәселелерін неғұрлым дұрыс шешуге ықпал етеді.

Бұл дамудың ерекшеліктері бір кездері қазақ философиясының өзіндік ерекшеліктерін тудырды, оны Отанның зияткерлік тарихының маңызды беттерімен танысқанда үнемі есте ұстау керек. Қазақ философтарының ішінде бұл мәселені зерттеуді М.С. Орынбеков жүргізді. Дарынды философ ретінде диалектикалық логика және философия тарихы саласындағы маман М.С. Орынбеков қазақстандық философиялық мектептің қалыптасуында үлкен із қалдырды, қазақ философиялық ой-өрісін, дін философиясы мен мәдениет философиясын зерттеу саласындағы қазіргі заманғы іргелі туындылар болып табылатын бірқатар ғылыми еңбектерін жариялады. Ол өз еңбектерінде қазақтың көшпенді мәдениетінде әлемнің өзіндік рухани дамуы болатындығын дәлелдеді. «Қазақ қоғамы үшін, – дейді ол, – адам қызметін қалыптастыратын дүниетанымның әмбебаптығы деңгейіндегі философиялық емес философия тән. Сондықтан Шығыс философтары дәстүрлі, көркем және діни мәтіндерге енеді...» [9].

Мәдениеттің тарихилығы ұлттық сана-сезімде ерекше құндылыққа ие және оны әрбір адам қабылдайды, оның құндылықтары жоғары интеграциясы ретінде әрекет етеді. Өмірдің мәні туралы ұғым, ең алдымен, ұлттық ерекшеліктерді, өзіндік ерекшеліктерін бойына сіңіреді; екіншіден, адамның жалпыадамзаттық мәні басымы, ол жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесін негізгі қажеттілік ретінде көрсетеді. Өмірдің мәні туралы мәселе, негізінен көшпенді халықтың мінез-құлқына, олардың өмір салтына, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, сондай-ақ қазақтардың бүкіл тарихи өміріне ықпал еткен әлеуметтік-мәдени органдың әсеріне байланысты болды. Қазақтың ойлау табиғатында адам табиғаттан тыс бөлінбейді, демек ол оған қарсы келмейді, онымен үйлесімді өмір сүреді, өйткені адам

табиғаттың бір бөлігі. Бұл ереже қоршаған ортаны адам өмірімен қатар танымда мағынасы бар жоғары құндылық дәрежесіне көтеруді көздейді. Қазақ халқы кең даласы сияқты жаңа идеялардың ағымына ашық болды және діни адамгершілік идеяларды жатырқаған емес. Қазақ көшпенділерінің ділі басқа этностар мен мәдениеттерге деген төзімді қарым-қатынас арқылы айқындалды.

Қазақ философиясының этикалық қырын зерттеушілер қазақ философиялық ойының тарихы бір-бірінен ерекше сипаттармен ерекшеленетін бірнеше ірі тарихи кезеңдерден тұрады деген ұқсас пікірлер айтады. Түркі кезеңі қазақтардың мәдениетін түсіну үшін елеулі және маңызды болып табылады. Осы уақытта көшпенді адамның әлемге қарым-қатынасының ерекшелігін сипаттайтын негізгі ұғымдар, дүниетанымдық әмбебаптар қалыптасты. Түркі кезеңінде қалыптасқан дүниетанымның өзегі, кейінгі кездегі тарихи-мәдени қабаттарға қарамастан, қазақтардың ділінің бір бөлігі ретінде сақталды.

Қазақ философиясын зерттеушілер, қазақ философиялық ойы өзінің көпғасырлық дамуы барысында тұрақты және өзіне тән ерекшеліктерінің қалыптасқанын атап өтеді. Бұл ерекшеліктер: антропоцентризм, этикалық бояу және өзектілік (Қазақстан тарихы мен тағдырын анықтау үшін тұрақты қажеттілік) екенін атап өткен жөн. Ол мазмұнды (экзистенциалды) және адамгершілік мәселелерге, тарихи уақыттың өткір тәжірибесіне және елдің ішкі рухани даму аспектісіндегі тағдырына байланысты. Қазақ философиясының өзіндік ерекшелігі оның тәжірибелік бағыты болды, қазақ философиясы философияның құралдарын өмірдің нақты, тәжірибелік бағыттарына бейімдейтін және олар «ауруды», «негізсіз» немесе жетілмеген шындықты емдеу және қайта құру үшін «дәрі» немесе «тұтқа» ретінде қарастырылады. Бүкіл қазақ философиясы адамға деген терең қызығушылықпен, ізгілік пен зұлымдық, шындық пен әділеттілік мәселелері сияқты сипатта болды.

Қазақ философиясы тарихының тағы бір ерекшелігі оның даму тарихы. Қазақ философиясының дамуы әрқашан поэзиямен және фольклормен тығыз байланыста болған. Ұзақ уақыт бойы эпикалық жанр – толғау, қара сөздер, қанатты сөздер қазақтың дәстүрлі қоғамында философиялық ойдың негізгі тәсілі болып қала берді.

Философ – жырау өз дәуірінің маңызды әлеуметтік мәселелеріне тоқталып, айналасындағы әлемде және адамның өмірінде болып жатқан өзгерістерді түсіндіруге тырысады, сонымен қатар моральдық мәселелер мен тарихи үдерістің әртүрлі субъектілерінің өзара әрекеттесуіне өз көзқарасын білдіреді. Қазақстандағы философиялық мәтіндер классикалық батыс және шығыс философиясына қарағанда біршама кейінірек пайда болды. XIX ғасырдың ортасына дейін қазақтар арасында философия тиісті философиялық мәтіндер түрінде емес, басқа ерекше түрлерде көрініс тапты (модельдік-графикалық – жартастағы суреттер, символдық-тамғалар, рулық белгілер, халық ауыз әдебиетінде).

Қазақ этикалық ойы ғасырлар бойы қалыптасқан және өзінің ерекше тарихы бар. Ол ежелгі стихиялық ойлау түрлерінен бастап әбден жетілген заманауи философиялық тұжырымдамаларға дейін қалыптасудың күрделі жолынан өтті. Халықтың ғасырлар бойғы моральдық-адамгершілік нұсқаулары және тарихи үдерістегі белгілі бір рухани құндылықтардың бекітілуі этникалық дүниетанымдағы ізгілік пен зұлымдық, махаббат пен жеккөрушілік, тектілік пен өрескелдік және басқа да этикалық және метафизикалық категориялар сияқты іргелі философиялық және этикалық полярлық тұжырымдамалардың негізі болды. Бұл үдерістер қазақтың философиялық мұрасын зерттеу идеясын жақтаушы О.А. Сегізбаевтың шығармашылығында толық қарастырылды. Ол философиядағы дәстүрлер мәселелерін талдаудың абсолютті маңыздылығын растайды, өткеннің көрнекті ойшылдарының қоғамдық-саяси және философиялық ойларында мұндай дәстүрлердің бар екенін және қазақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға даусыз әсер еткенін дәлелдейді. Тіпті, қазақтың жеке басын этникалық бірегейлендірудің негізі де болды. Философиядағы дәстүр, ойшылдың пікірінше, белгілі бір тарихи жағдайларда пайда болғанына қарамастан, алдыңғы буын идеяларының бұл бөлігі адамдардың жаңа ұрпақтарына әлі де болса ықпал студі жалғастыруда, олар дамып, игеріліп, байытылып, қазіргі заманғы мәселелерді шешуге қолданылады. Дәстүрден ажыраған идеялардың өмірі көбінесе қабілетсіз. Сонымен қатар идеялар ғана емес, олардың даму бағыттары, үрдістері де дәстүрлі сипатта бола-

ды. Мұның бәрі қазақ мәдениетінің этикалық дәстүрлеріне толықтай сәйкес келеді [10].

Халық даналығын, қазақ даласы ойшылдарының рухани өсиеттерін белсенді теориялық игеру халықтың адамгершілік әлеуетін ашуға, мәдени және рухани мұралардың жағымды құндылықтық жақтарын анықтауға ықпал етеді. Қазақ философиясының экзистенциалдықұмтылыстарыныңквинтэссенциясы әрбірадамның алдында тұрған негізгі мағыналы мәселелерді қалыптастырған ұлы Абайдың шығармашылығы болып табылады. Бірінші қара сөзінде, адамды адам өмірінің күнделікті тіршілігінде маңызды өмірлік жолын іздеп табуға шақырады. Ойшылдың басынан өткерген азабы мен ауыртпашылығын өмірдің мағынасын іздеудегі адамның алдына қойылған міндеттердің күрделілігінен байланыстырмауға болмайды. Кейде оның шешімі жоқтай көрініп, жанын қайғы мен азапқа толтырады. Бірақ бұл жол бар, ол адамға адамгершілік жолында берілген. «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек

үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не армен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» [11]

Ұлы данышпанның сөзімен айтқанда, қазақтардың зор байлығы, адамгершілік заңдарын қалыптастырған ата-бабаларының даналығы бар. Біз оларды ештеңені өзгертпестен қабылдай аламыз, уақыттың ағымына жақындата отырып, жаңарта аламыз. Дәстүрлі форматтардың артықшылықтары мен кемшіліктерін объективті және сыни тұрғыдан түсініп, жаһандық этикалық парадигманың бір бөлігі болатын ең жақсыларын оқшаулау қажет. Ең бастысы, оны жоғалтпау, басқалардың әдет-ғұрыптары мен заңдарына тәуелді рухани кедей қайыршыға айналу, бұл біздің ақыл-ой қажеттіліктерімізге ешқашан сәйкес келмейді. Дәл қазіргі жаһандану жағдайында қазақ халқының этикалық мұрасының әлеуетін нақтылаудың маңызы зор.

Әдебиеттер

1 Нечипоренко О.В., Нысанбаев А.Н. Россия и Казахстан в XXI веке: опыт модернизационных реформ // В кн. Аршабеков Н. Р. Философия социальных изменений. Караганды: Болашақ-Баспа, 2006.

2 Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: Модернизация общественного сознания. [Электронный ресурс]. URL http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

3 Сартаева Р.С. Духовная модернизация казахстанского общества: некоторые философские и социально-политические аспекты. Адам әлемі. № 4, 2017. С. 63-74.

4 Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 33 б.

5 Акаатай С. Мировоззренческий синкретизм казахов. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора философских наук. Алматы. 1995. С. 11.

6 Тенгрианство в номадологии// <http://www.automan.kz/360871-tengrianstvo-v-nomadologii.html>

7 Акаатай Сабетказы. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Алматы, КазНИИКИ, 2001. – С. 67.

3 Жаңа ғаламдық этиканы қалыптастырудағы қазақтардың...

8 Сулейменов Т. Человек как параметр цивилизационного подхода к кочевому социуму // Евразийское сообщество. 1999. № 2. С. 15.

9 См.: Орынбеков М. Предфилософия протоказахов. – Алматы, изд-во «Өлке», 1994. С. 190.

10 Сегизбаев О.А. Казахская философия. XV-XX в. А., 1996.

11 Абай, Слова назидания. Электронный ресурс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқының этикалық мұрасы бізге мәдениетіміздің түп бастауына, әлемді түйсінуімізге қайта оралуға көмектеседі, сондықтан бүгінде аса қажетті, жанымыздағы және айналамыздағы әлемді байыптай білу қабілетімізді оятып қана қоймай, сонымен бірге танылмаған заңғар биіктіктер мен тұңғиық тереңдіктерді зерделеуге мүмкіндік береді. Ұлы даланың этикалық әлемі оның бағзылығымен және оны қалай түсіндіруге болатындығымен ғана қызықты емес, сонымен бірге елдің рухани қайта жаңғыруы үшін бұлжымас маңызы бар, зор адамгершілік-этикалық мәнімен қызықтырады.

Ежелгі дәуірлерден тамыр тартатын өздерінің философиялық бастауларына деген шынайы қызығушылықтың жандануы қазақ халқының ұлттық бірегейлігі қалыптасуының, сонымен бірге ұлттық мінез бен ділдің айнасы болған этникалық ой-толғамда айқын көрініс беретін ұлттық мәдени кодын сақтау мен нығайтудың факторы болып табылатындығы күмансыз.

Әр ұлттың ұлттық мәдениеті төлтума және өзіндік ерекшелікке ие, ол ұлттық мәдени код арқылы көрініс береді. Ұлттық мәдени код – бұл ерекше этностық құбылыс, ол: әлемнің ұлттық бейнесі, қоғам тарихына негізделген ұлттық дүниетаным, оның стереотиптері, дәстүрлері, моральдары, бағалау деңгейлері, мәдени құндылықтары. Ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшеліктерін жинақтайтын ұлттық код – бұл халық туралы білім жүйесінің жиынтығы, ол белгілі бір ұлттың мәдениетін түсінудің өзіндік кілті.

Өзіндік мәдени коды терең және айқын көрініс тапқан қазақтардың философиялық этикасы басқа мәдени әсерлер мен дәстүрлерге ашық, ол кез-келген пайдалы тәжірибені әрқашан еркін қабылдады. Қазақтың этикалық ой-өрісі әлемде болып жатқан құбылыстарға бей-жай қарамады, оларды этикалық және

эстетикалық қабылдау тұрғысынан айшықтады, бұл проблемаларға кеңірек қарауды және оқиғаларды дамыту мен қалыптасқан қайшылықтарды шешудің өзіндік жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік мәселелер мен алаңдаушылықтарды ескеріп, сақтық таныта отырып, қазақ этикасы әрқашан прагматикалық мүдделерден, таптық немесе тектік амбициялардан жоғары болады.

Қазақтың рухани мәдениетінің бір ерекшелігі – шығармашылықтың әралуан түрлерінің: философия, әдебиет, музыка, саяси және діни ойлардың өзара тығыз және өзара жемісті ықпалдастығынан сомдалған. Осылайша, қазақ әдебиеті көбінесе қазақ философиясының өмір сүру тәсілі ретінде әрекет етіп, ойшылдардың идеяларын қазақ билері, шешендері (шешен), әнші-импровизаторлары өзіне тән ерекшелікпен түсіндірді. Осылайша әр түрлі шығармашылық түрлерінің өзара бірін-бірі байыту үдерісі жүрді.

Қазақтың философиялық ойы әрқашан өркендеуде болды: әлеуметтік тарихи процесстің өзгеруіне, жаңа заманның талабы мен проблемаларына байланысты ой ағымы да өзгерді және үздіксіз дамып отырды. Қазақ тарихының барлық негізгі кезеңдері жаңа тағдырлы идеялардың қалыптасуымен байланысты болды, сол арқылы алдыға халықтың болашағын жақсарту мақсаттары қойылды.

Қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінің диалектикалық заңына сәйкес, ешқандай саяси қуғын-сүргін, отарлау философиялық этикалық ойды шектей алмайды, өйткені ойды тоқтатуға болмайды. Адамдарды ойланбауға мәжбүрлеу мүмкін емес. Адамдарды репрессияға, қуғындауға ұшырату, шығармаларды жариялауды тоқтату белгілі кезеңге дейін мүмкін болса да, бірақ өмір көрсетіп отырғандай, тіпті тыйым салынған ойлар да түбінде жарыққа шығады.

Рухани мәдениеттің, өмірдің, қайнар көзі адамзат барда, рухани құндылықтар да жойылмайды. Рухани мәдениетке қандай идеологиялық қысым көрсетілсе де, ол барлық бөгетке қарамастан дамиды. Өмірдің тоқтаусыз ағымындай адамның ойы да тоқтамайды.

Әлемді және гуманистік бағытты философиялық тұрғыда пайымдаудың жарқын мысалы болып табылатын қазақ этикалық

ойының ұмтылысы барлық қазақ ойшылдарын алаңдататын бір іргелі идеямен анықталды – бұл риясыз қызмет жасау идеясы, халықтың тағдыры, олардың адамгершілік ұмтылыстары мен мұраттары, олардың жалпыадамзаттық құндылықтар мен прогреске ену мүмкіндіктерін ілгері дамыту. Адамның рухани адамгершілік дамуынсыз, әлемдегі кез-келген іс-әрекет өзінің мағынасын жоғалтатындығы туралы жоғары моральға және терең сенімге сүйенген қазақ этикасының негізінде, адамгершілікті кез-келген мақсатқа жетудің құралы ретінде емес, әлеуметтік дамудың биік мақсаты ретінде тануға ұмтылыс бар. Мүмкін бұл бүгінгі сын қатерлер қарсаңында Ұлы Дала данышпандарынан алатын басты адамгершілік сабағымыз болар ...

Өздерінің еңбектерінде қазақтың этик-философтары адамның өз ішінде бұғып жатқан адамгершілік құлдырауға соқтыратын басты қауіппен күрестің маңызын өзекті ойға айналдырған. Сонымен бірге ойшылдар адам табиғатының тылсымдығы мен әлсіздігі туралы ғана емес, қазақ халқының көптеген қайғы-қасіреттерінің қайнар көзі болып табылатын шамадан тыс бейқамдығы туралы жазды. Жалғаншылдық пен жалқаулық адамның өмірге деген құштарлығын бұзады деп білді. Рухани дамуы тоқыраған адам бетбағдарын жоғалтады және тұлғаның адамгершілік дағдарысы басталады. Қазақ этикасының көзқарастары бойынша көптеген мәселелердің ішкі себептері бар және оған қоғамды айыптаудан немесе Алланың тағдырын кінәламастан бұрын, адам өзін-өзі өзгертуге, жауапсыз және енжар тіршілігін өзгертуге тиіс.

Орталық өзегі мен мәні әрқашан этика болып саналатын қазақтардың философиялық ой кешуі «бар болу немесе жоқ болу?» сауалы туындағанда әл-ауқат жайлы толғаныстан гөрі, заманының этикалық мұратына сай басты мәселелерге назар аударғанын атап өту керек. Жеке адамның адамгершілік деңгейін безбендеуге болатын, тайталас өршіген тағдырлы сәттерде майданға дала ойшылдары шығар еді, өйткені бұл сұрақтарға тек солар жауап бере алатын.

Әлемді құтқаратын жаңа ғаламдық сана үшін, рухани әмбебап тіршілік иесі адамды зерттейтін философия ең алдымен бүгінгі таңдағы ілім ретінде жауап береді. Оның күші жеткілікті деңгейде бағаланбайды, әйткенмен, ойлау формасы ретінде идеядан, философиядан (және этика, философиялық білім жүйесінде екенін

білесіз) әрқашан жағдайдың нақты өзгеруі басталады, көбінесе тіпті революциялыққа ұласуы да ықтимал.

Философия, демек, этика көп нәрсені өзгерте алады: таңдану, қозғау салу, күмәндану, терең ойға баулу, өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандыру, әлем мен адамзат тарихының мәнін ашу. Бүгінгі таңда адамзатқа қазіргі жаһанданушы әлемді құтқару міндетін алға қойған философия қажет.

Жаһанданушы әлем жаһандық қағидаттарға сәйкес келуі керек. Егер бұл жаһандық эгоизм болса, Жер планетасындағы адамзатты құлдырау мен дағдарысқа ұшыратады. Демек, жаһандық эгоизмге жалпы адамзаттық руханият, немесе жаңа жаһандық этика қарсы тұруы керек.

Адамзат терроризм мен зорлық-зомбылық идеологиясынан ғаламдық сенім мен өзара келісім этикасына дейінгі сан тарапты жолайырықта тұр. Бұл процесте ол әлемдік мәдениет қазынасынан, ең алдымен философиядан күш алып, адамгершілік ардың жолына бағдарын түзеуі қажет. Жаңа планеталық этиканың қалыптасуындағы қазақтардың дәстүрлі этикасының әлеуеті мен болашағы өте зор, өйткені қазақтың этикалық құндылықтары мейірімділік, толеранттылық, мәдениеттер үнқатысу идеяларымен, сондай-ақ өзімен және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге деген ұмтылыспен үйлеседі. Дәл осы моральдық көзқарастар мен қағидаттар әлемдік этикалық бағдарламаның өзегін құрайды, ол қарапайым әмбебап моральдық нормалармен сипатталады, оларды қазіргі әлемде барынша тарату керек.

Қазіргі уақытта бүкіл әлем өте қауырыт өзгеріс жағдайында. Қазір Қазақстанда ауқымды істерді атқара алатын әлеуеті зор қоғам құрылды, бірақ кейде қандай бағытта жүру керек екендігі туралы сауал туындайды. Дәл осы әлеуметтік сұранысқа қазақтардың философиялық этикасы жауап беруі керек. Қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілер кейбір ескірген тұжырымдамаларға тоқырамай, заман талабына сай жаңа мақсаттар қоюды үйренуі керек. Қазақ ойшылдарының ұлттың өзін-өзі қамтамасыз етудің, бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық қуаттың ішкі тетіктерін жұмылдыруы, топтастыруы және дамытуы керек деген идеялары қазіргі қазақстандық қоғамның құндылық парадигмасына – «Рухани Жаңғыру» бағдарламасына терең үйлеседі.

Ғылыми басылым

ЕЛІМІЗДІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ АЯСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ОЙЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Дизайн и верстка: Г. Нусипова

РГКП «Институт философии, политологии и религиоведения»
КН МОН РК

Подписано в печать 16.09.2020.
Формат 60x84 1/16
Печать офсетная. Бумага офсетная.
Усл.п.л. 17 п.л.